



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхаммадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Балалар фольклоры



УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:
Әлібеков Т. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.А.,
Қирабаев С.С., Қорабай С.С.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Әлібеков Т., Мүрсәлімова Н.М. (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Балалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.
Т. 72: Балалар фольклоры. — 440 бет.

ISBN 978-601-271-076-2

«Балалар сөзі» сериясының 72-томына балалар фольклорының
«Бөбектерге арналған өлеңдер», «Сөбилік салт жырлары», «Уату-
алдарқату жырлары», «Маусымдық жырлар», «Арнау-тілек өлеңдері»,
«Балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ», «Төрт түлік жырлары», «Өтірік
өлеңдер», «Мазақтама», «Ойын фольклоры», «Мақал-мәтелдер»,
«Жаңылтпаштар», «Жұмбақтар», «Балаларға арналған прозалық фольк-
лор» сияқты жанрлық түрлері енгізіліп отыр.

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-271-076-2 (т. 72)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған жетпіс бір томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер сияқты шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Жұмбақтар» мен «Шежірелік дастандардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың жиырма екі томын Қытай қазақтарының фольклорлық мұралары қамтыды.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті жетпіс екінші томына халық мұрасының аса құнды, көркем де көлемді саласы балалар фольклорының жанрлық түрлері жинақталды.

Балалар фольклоры — қазақ халық әдебиетінің жаңа туған жас сәбиден бастап кәмелетке толғанға дейінгі жас ұрпақтың жас ерекшеліктеріне байланысты тәлім-тәрбие беріп, олардың психологиясын, эстетикалық танымын, ой өрісін, еңбекке, отан сүйгіштікке деген сезімін, шығармашылық бағыт-бағдарын көтеруге зор ықпалын тигізетін дәстүрлі педагогикалық құндылық. Шығармалардың тақырыптық, көркемдік-мазмұндық сипаты мен тілдік-саздық құрылымы өзара үйлесім тауып, балалардың рухани әлемін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. XIX ғасырдың екінші жартысынан

В.В.Радлов, М.Ибрагимов, Ы.Алтынсарин, Е.Покровский, А.Е.Александров, А.Харузин, Ә.Диваев сияқты зерттеушілердің назарына ілініп, хатқа түсіп, жүйелене бастаған бұл әдеби жәдігерлерге XX ғасырда Н.А.Мелкова, А.Л.Троицкая, М.Ф.Гаврилов, І.Жансүгірұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Ш.Ахметов, Б.Г.Ерзакович, Б.Уахатов, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, Б.Ыбырайым т.б. ғалымдар ден қойып, құнды ой-пікірлер, бағалы тұжырымдар білдіргені белгілі. Солардың негізінде «Қазақ хрестоматиясы» (1879), «Қирағат» (1911), «Балаларға тарту» (1926, 1927), «Ел өтірігі» (1927), «Балалар әңгімесі» (1935), «Бөбек жыры» (1943), «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (1977), «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1980), «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (1980), «Өтірік өлеңдер» (1980), «Қуырмаш» (1983), «Түйе, түйе, түйелер» (1985), «Асыл сөз» (1986), «Ақ сандық, көк сандық» (1988) секілді арнайы жинақтарда, фольклорлық еңбектерде, мерзімді басылымдар мен түрлі оқулықтарда жарияланған балаларға арналған халық туындылары қазақ фольклорында елеулі орын алды.

Қалың оқырманға ұсынылып отырған томды баспаға дайындау барысында жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің еңбектері мен олардың ел арасынан жинап, жүйелеп, жарыққа шығарған мәтіндік материалдары жан-жақты сараланды. Бұл ретте, балалар фольклорын жеткізуші, жинаушы Т.Нұрматов, Ж.Бұғыбаев, Т.Ибрагимов, Т.Қыдырбаев т.б. ел азаматтары мен Ш.Ыбыраев, Қ.Саттаров, К.Матыжанов сияқты белгілі ғалымдардың халық арасынан жазып алған материалдарының айрықша рөл атқарғанын атап өткен орынды. Әр кезеңдерде, түрлі аймақтардан жинақталған бұл халық туындылары нұсқалық ерекшеліктеріне байланысты текстологиялық тұрғыда сарапталып, керек болған жағдайда бірнеше варианты қатар берілді. Сондай-ақ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қорларында сақталған қолжазбалар, сирек кітаптар, басылымдар, микро-, аудиотаспалар зерттеу нысанасына алынып, қадім, төте, латын жазуларында хатқа түскен мәтіндер бүгінгі қолданыстағы әліпбиге көшірілді және шығармалардың түпнұсқадағы сөз қолданысы толық сақталады.

Томға іріктеліп алған мәтіндер ішкі жанрлық ерекшеліктеріне байланысты алты бөлімге топтастырылып, олар өзінше тараулар мен тақырыптарға жіктелді. Себебі, балалар фольклорында ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғым-түсініктердің, тарихи оқиғалардың, ақыл-ой дамуының кезеңдік сатылары айқын аңғарылады. Онда жас ұрпақтың рухани өлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіретін, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін халықтық педагогиканың мол тәжірибесі сақталған. Сондықтан мәтіндердің жүйелі түрде орналасуына айрықша мән берілді.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті жетпіс екінші томы жалпы көптомдықтың негізгі ұстамдарына сәйкес, ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларды томда қамтылған мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар, діни есімдер мен ру атауларына арналған түсініктер, балалар фольклорын жеткізушілер, жинаушылар туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіні құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,5 б.т.

АЛҒЫ СӨЗ

«Адам ұрпағымен мың жасайды», — дейді қазақ мәтелі. Иә, ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жыл жасап келеді. Және ол дәстүрін үзбей, тамырласа жалғасып, мәуесін жая өркендей дамыған саналы тірлік. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол саналы тірлік дамуының бағбаншысы — тәрбие. Демек, ұрпақ тәрбиесі қай заманның қай қоғамның болмасын көкейкесті мәселесі болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Онсыз адамзат ғұмырының мәні мен сөні жоқ.

Адамзат қоғамы бүгінгі даму деңгейіне қаншама ықылым заманды басынан кешіп, әлденеше қоғамдық формацияларды баспалдақ ете көтерілсе, тәрбие процесінің де соншама бұралаң жолдан өткендігі, әр қоғамның саяси-экономикалық ерекшелігі мен мұрат-мақсатына орай тәрбиелік ұстанымы болғаны — тарихи заңдылық. Бірақ ежелгі тәрбие жөніндегі деректердің тым тапшылығына байланысты бағзы замандардағы балалар әлемінің сипатын бүгінде көзге толық елестету қиын. «Балалар әлемінің тарихы жөніндегі бұлдыр түсінікке ілессек, тым әрі тереңдеген сайын, соғұрлым адаса түсеміз», — деп жазады ол жөнінде Жан-Жак Руссо.

Сондықтан да алғашқы қауымдық құрылыстан басталатын тәрбие ісінің даму кезеңдерінің жалпы сипатын анықтауды мақсат еткен XIX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа ғалымдары дамудың сол ежелгі кезеңінде тұрған тайпалар өмірін зерттеуге ерекше ден қойды. Сол арқылы тәрбиенің жалпы адамзат қауымына тән алғашқы қауымдық құрылыстағы ортақ болмыс бітімін бағамдауға тырысты. Адамзат тіршілігінің құпиялары қызықтырған жанкешті жиһанкездерден құралған

сандаған ғылыми экспедициялар мен этнолог ғалымдардың тынымсыз зерттеулерінің нәтижесінде дамудың түрлі сатысында тұрған әлем халықтарының балалар әлемін салыстыра зерттеген тамаша еңбектері дүниеге келді.

Бұл — жалпы адамзатқа тән тәрбие тәжірибелерінің ортақ даму эволюциясын анықтауға кең мүмкіндік жасады. Солай дей тұрғанмен де, әр халық тарихында бүкіл адамзатқа тән ортақ заңдылықтармен қоса, өзіндік ұлттық ерекшеліктердің, қайталанбас ерек белгілердің, сол халық қана басынан өткізген алабөтен жағдайлардың нәтижесінде қалыптасқан салт-дәстүрлердің, тәлім-тәрбие үрдістерінің болатыны тағы даусыз. Міне, бұл қасиеттер тек сол халықтың тыныс-тіршілігі мен өмір салтында, мәдени мұрасында ізін жоғалтпай сақталып келеді. Белгілі бір ұлтқа ғана тән осындай біртума асыл қасиеттерді жинақтап, басқа халықтар материалдарымен салыстыра өзіндік сипаттарын даралап, жеке зерттеу объектісіне айналдыру — ұлттық ғылымның асыл мұраты. Бұл екі сала — бірін-бірі толықтыра қатар өркендеп отыруға тиісті тұтас құрылым. Әлем халықтарының даму сатылары, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері қаншалықты ала-құла болса, бала тәрбиелеу дәстүрлері де соншалықты сан алуан.

Мәселен, кезінде, эскимостардың (Арктикадағы көне тайпа) арасында алғаш болған еуропалықтар мен американдықтар олардың өз балаларын соншалықты еркін, бетінен қақпай өсіретіндіктеріне таң қалған. Балалардың мұхит жиегіндегі мұз қабаттар үстінде қатерлі ойындар ойнауы олар үшін үйреншікті жағдай болған.

Ал ацтектер (Мексикадағы көне тайпа) болса балаларын жан шошырлық тәсілдермен жазалайтын көрінеді. Мысалы, бастарын жанып жатқан оттың түтініне қақтаған. Оған керісінше, әлі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырай қоймаған Полинезия, Орталық Африка, Мадагаскар және Отты Жер тұрғындары балаларын мүлде жазаламайды екен. Сол сияқты Мануге деген үнді тайпасының сәбилерін әулие тұтатыны сондай — төрт жастағы баласының үйді алмастырып, жұрт жаңарт деген өтінішін ата-аналары бұлжытпай орындайтын көрінеді. Бір қызығы — сол балалар жетіге толысымен еңбек сүйгіш те, тәрбиелі қауым мүшесі болып кете беретінге ұқсайды.

Талай ғылыми еңбектердің көркі болған мұндай қызғылықты фактілер әлем халықтарының этнографиясында мол-ақ. Бәріне ортақ түйін — халықтық дәстүрлі тәрбиенің сол елдің ата жұртының табиғи ерекшеліктеріне, айналысқан кәсібі мен шаруашылығына, дүние танымы мен салт дәстүрлеріне қарай ғұмыр бойғы жинақтаған тәжірибесінің қорытындысы екендігі. Оның күрделі болмысында әр кезеңдегі ұғым-түсініктердің, қоғамдық сананың, дәстүрлі дүниетаным мен наным-сенімдердің айшықты ізінің жататындығы. Оның көп қабатты қыртысынан уақыт озып, қоғам дамыған сайын көне дәстүрдің қай-қайсысының болсын екшеліп, жаңарып, кәдімгі табиғи сұрыптауды еске түсіретін, ұзақ іріктеу жолынан өткендігі көрінеді.

Жалпы ғылымның тарихы сияқты тәрбие ілімі жөніндегі деректер жазудың пайда болуына орай ғана хатқа түсе бастаған. Оның үстіне дәстүрлі тәрбиені ежелгі қоғамда халық жіпке тізгендей хатқа түсіріп, бүгінде ғылым деп аталатын қалыпқа салып, тәптіштеп жүйелеген емес. Оның қажеттілігі де жоқ еді. Дәстүрлі тәрбие — жалпы халықтың дәстүрлі мәдениеті сияқты жазу-сызусыз, күнделікті тірліктің, тұрмыс-салт пен әдет-ғұрыптың, халықтық дүниетаным мен табиғи жағдайлардың, шаруашылықтың ерекшеліктеріне орай қалыптасып, өмір сүрудің, ұрпақ өсірудің машықтық әдіс-тәсілі ретінде пайда болып, өмір сүрді. Яғни қай халықтың өмірінде болмасын дәстүрлі тәрбие хатқа түскен ереже күйінде емес, практикалық негізде жұрттың этникалық жадында, тіршілік қамы мен өмір салтында қолданбалы түрде өмір сүреді. Оны ғылымда «халық педагогикасы», «этнопедагогика», «дәстүрлі тәрбие», «балалар этнографиясы», «балалар фольклоры», «балалар әлемі» деп түрлі-түрлі атап жүргенмен де ғылыми сараның сарқатын арнасы біреу. Ол — өмірлік жалпы заңдылықтар мен адамзат қол жеткізген дана пікірлерге, асыл ойларға, тәжірибелік тұжырымдарға негізделген әрбір этностың ғасырлар бойына қалыптастырған тәрбиелік ұстанымдары, оны жүзеге асырудағы амал-тәсілдері. Әрине, жоғарыдағы ғылыми терминдердің әрқайсысының өзіндік мазмұн аясы, тереңдей келгенде бір-бірінен ірге ажырататын ерек сипаттары жоқ емес. Тіпті ол жөнінде арнайы әңгіме қозғауға да болады. Біз бұл тұста ондай теориялық

толғамдардан саналы түрде тартынып отырмыз. Зерттеу жұмыстарының ғылыми мақсатына орай әртүрлі аталып жүргенмен солардың қай-қайсысының қарастыратын нысаны (объектісі) біреу. Ол — халықтың сандаған жылғы ғұмырында қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып ауысып келе жатқан дәстүрлі тәрбие ұстамдары. Халықтық дәстүрлі тәрбие ісі адамзат ойына әрқашан нәр беріп, байытып отыратын осы қуатымен бүгінгі педагогиканың да алтын желісі бола алады. Халық педагогикасы — тамашалауды ғана қажет ететін көне дәуір ескерткіші емес, ел тұрмысында, адамдар қарым-қатынасы мен отбасы тірлігінде әлі де болса белсенді қызмет етіп келе жатқан тірі, жанды құбылыс. Сондықтан да ол бүгінгі ғылымның негізгі объектісі болуға тиісті. Бірақ, өкінішке орай, кеңестік педагогика ғылымында халықтық тәрбие дәстүрінің жалпы даму заңдылықтары мен әр халыққа тән ерекшеліктерін ашып, оның озығы мен тозығын саралайтын сүбелі зерттеулер тым тапшы болды. Оның себебі барша халықты коммунистік идеологияға ұйыстырып, тәрбие бастауын қазан төңкерісінен бастап, ұлттар мен ұлыстарды сіңістіруге бағытталған саясатта екендігі әмбеге аян.

Мәселен, Э.Д.Днепров деген ғалымның есебі бойынша, кешегі КСРО кезінде орыс мектебі мен педагогикасының тарихына байланысты 1918-1977 жылдар аралығында 6774 еңбек жазылыпты. Бұлардың 3889-ы мектеп тарихына, 680-і педагогикалық ой тарихының кейбір проблемаларына, 56-сы педагогикалық журналдар тарихына бағышталыпты. (50, 11-б).

Көріп отырғанымыздай, дәстүрлі тәрбие мәселелеріне арналған еңбектер жоққа тән. Бұдан, әрине, КСРО заманында дәстүрлі тәрбие ісі біржола естен шығарылды деген ұғым тумайды. Ол мүмкін де емес еді. Өйткені халықтың тәрбие тәжірибесі жете зерттелмегенімен де, күнделікті халық тұрмысында, әсіресе отбасы тәрбиесінде оны айырбастайтын тәсіл жоқ болатын. Отбасы тәрбиесі дәстүрлі тәрбиемен тамырлы байланыста, сондықтан оны халық жадынан өшіріп тастау мүмкін емес. Ол стихиялы түрде болса да халықтың күнделікті тірлігінде өмір сүріп келеді. Ауылдық жерлерде баланы бесіксіз, бесік жырынсыз, мәпелеу, алдарқату жырларынсыз бағып қағуды елестету мүмкін болмаса, оған педагог-ғалымдардың, мамандардың назарларының түспеуі де соншалықты мүмкін емес еді.

Сондықтан педагогикалық зерттеулерде дәстүрлі тәрбие мүлде назардан тыс қалған емес. Дегенмен бұл объектіге деген ғалымдар ықыласы екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі уақытта жандана түскен еді. КСРО халықтарының дәстүрлі тәрбие ісі жөнінде мәліметтер жинақталып, бірен-саран іргелі еңбектер дүниеге келген-ді. Соның ішінде чуваш ғалымы Г.Н.Волковтың «Чуваш халық педагогикасы» деген еңбегін ерекше атаған жөн. Осы зерттеуін дамыта келіп, ол дәстүрлі тәрбие ісіне байланысты тәжірибелерді, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді, балалар ойындары мен ойыншықтарын т.б. арнайы зерттейтін этнопедагогика деген саланы кең дамытуды ұсынды (26). Бұл ізгі ниет өз кезінде кең қолдау таба алмағанымен, алғашқыда бірлі-жарым ғалымдар белсенді қолдаған бұл идея қазір үлкен арнаға айналып келеді. (10, 70, 82, 71).

Бір қызығы — педагогика ғылымы жеке-жеке салаларға жіктеліп, жүйелі құрылыммен тармақтала дамыған сайын, дәстүрлі тәрбиеден іргесін аулақтата түскен. Бүгінде гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар бойынша түрлі халықтар өмірінен жинақталған балалар әлемінің ерекшеліктерін бедерлейтін мәліметтер көл-көсір болғанымен, оларды ғылыми тұрғыдан қорыту жағы тым әлсіз. Оған көп жылғы сыңаржақ, тұрпайы көзқарастың зияны аз тимесе керек. Дегенмен тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта ұлттық тәрбиеге деген ықылас та, сұраныс та қатты өсіп отыр. Тіпті, бүгінгі қазақ педагогикасы бұл сұранысты қанағаттандыруға дайын болмағандығын да байқатқандай...

Бүкіләлемдік ғылым тұрғысынан қарағанда, дәстүрлі тәрбие мәселесіне алғаш назар аударып, оны зерттеудің методологиясы мен әдіс тәсілдерін қалыптастырған ең алдымен этнолог ғалымдар болды. Бұл заңды да, өйткені екінші сөзбен айтқанда «халықтану» деп атауға тұрарлық бұл ғылымның әр елдің тұрмыс-салтын, тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен күллі материалдық, рухани мәдениетін зерттеуде балалар өміріне назар аудармауға әддісі жоқ. Сол себепті де бүгінде «Балалар этнографиясы» деп аталатын арнайы ғылыми пән қалыптасып, қызғылықты еңбектер дүниеге келуде. Бұл орайда И.С.Конның осы салаға қатысты бағдарламалық еңбектері мен бірнеше жинақтары назар аударуға тұрарлық

(71, 92, 105). Тәуелсіздіктен кейінгі уақытта бұл мәселе Қазақстанда да кең етек алды. Сандаған диссертациялар қорғалып, ондаған зерттеулер жарияланды. Дегенмен бұл мәселе әлі де жүйелі арнаға түсті деуге ертерек. Ең бастысы, халық педагогикасының қайнары әлі күнге тәрбие орындарына етене енгізілмей отыр.

Балалар әлемі — кез келген халықтың, әрбір қоғамның, жалпы бүкіл адамзат өмірінің бөлінбес жанды бөлшегі. «Болашағыңды болжайын, ауылыңның жастарын көрсетші», — дейді екен халық даналығы. Сол сияқты бүгінгі бала — ертеңгі келешектің кепілі. Балалар әлемінің күрделі табиғатын тану, оның ғылыми үлгісін жасау қашан да адамзат алдындағы үлкен міндет болатыны да сондықтан.

Балалардың қоғамда алатын орны, олардың әлеуметтік мәртебесі, ересектермен қарым-қатынасы, тәрбие тәсілдері, балалардың көркемөнердегі образы, олардың жас ерекшеліктері жөніндегі халықтық ұғым, балиғатқа толу шарттары, әлеуметтік өмірге араласу жолдары, балалардың рухани әлемі, олардың өздеріне ғана тән көркем мәдениеті, қызығушылық, қабылдау, ойлау жүйесі т.б. толып жатқан қат-қабат мәселелер ғылымның сан-саласын тоғыстыратын аса күрделі дүние. Дәстүрлі халық педагогикасында осы күрделі жүйелер аса сәнді үйлесім тапқан. Яғни балалар әлемінің халықтық үлгісі ежелден бар, тек оны тереңдей зерттеу үшін физиология, антропология, этнография, фольклористика, музыкатану, өнертану, социология, психология педагогика болып бірін-бірі толықтырып, бір арнаға тоғысатын ғылымдар саласы бойынша іргелі-іргелі зерттеу жұмыстарын қолға алу шарт.

Қазақ халқының дәстүрлі ұғымындағы балалар әлемі жөніндегі түсінікке, соған орай орныққан әдет-ғұрып, тұрмыс-салтқа, тәрбиелік іс-әрекеттерге назар аударсақ, халық тәжірибесінде қалыптасқан небір ұлағатты өнегелерді көруге болады. Мәселен, балаға деген тәрбиелік қам қазақ халқында сәби дүниеге келмей-ақ жасала бастайды. Салиқалы ата-ана келіні жүкті болысымен құрсақ тойын жасап, оны қатты қайырым жұмыстан босатып, түрлі ауыру-сырқаудан, психикалық залалдардан қорғаштап, сәбидің құрсақта кінаратсыз өсуіне қамқорлық жасайды. Жас ананы ауыр жұмыстан босатып, тіл-

көзден ауашалап, дұрыс тамақтануына жағдайлар туғызады. Бұл орайда, түрлі тыйымдар (табу) мен ырымдардың, салт дәстүрлердің де өзіндік орны бар. Мәселен, екіқабат әйелге толғағың ащы болады деп тобық, толарсақ мүжітпейді, баланы он екі ай көтересің деп түйе етін жегізбейді т.б.

Ал сәби дүниеге келген сәтте қазақ жерден көтеріп алған адамға, кіндігін кесу салтына да ыждаһатпен көңіл бөлген. «Шілде күзет», «шілдехана» «бесікке салу», «ат қою», «қырқынан шығару», «тұсау кесу», «сүндет тойы», «тіл ашар», «тоқым қағар» сияқты толып жатқан ырым-салттар бұл мәселенің өзінше күрделі құрылым екендігін танытады.

Ал баланы бағып-қағу, түрлі ауыру-сырқаудан емдеудің халықтық әдіс-тәсілдері өзінше сала құрайды. Суық тиген, құлағынан бұлақ аққан, басына теңге қотыр шыққан, қолына күбіртке, көзі мен тіліне теріскен шыққан т.б. балаларды емдеудің дәстүрлі тәсілдері бар. Оған арбау, аластау, ұшықтаудан бастап, шөптен, басқа да нәрселерден жасалған түрлі дәрі-дәрмектер пайдаланылған. Өкінішке орай, олар туралы мағлұматтар халық арасынан арнайы мақсатты түрде жиналған емес, тек орыс зерттеушілерінің кезінде аракідік жазып қалдырған там-тұм деректері ғана сақталған.

Аяғы шығып, еңбегі қатып, тілі «р»-ға келген «ойын баласын» тәрбиелеудің ел ішіндегі дәстүрі де педагог-ғалымдар назарын аударуға тұрарлық қызықты да қызғылықты дүние. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Ұлым жақсы болсын десең, ұлы жақсымен, қызым жақсы болсын десең, қызы жақсымен ауылдас бол», – деп келетін мақал-мәтелдердің астарында сол тәрбиелік ұстамның қорытылған тұжырымдық мән-мазмұны жатыр.

Төрт түлік малды тіршілігіне тірек еткен көшпелі халықтың тәрбие әлемінің де сол негізді тұғыр еткендігі заңдылық десек, дәстүрлі бала тәрбиесіндегі еңбекке баулу тәсілдерінің өзінен-ақ талай сыр ұғуға болады. Мысалға, аяғы шыққан бала қозы-лақты ермек етсе, есейе келе құлын мен ботаны, бұзауды маңайлайды. Ал тай үйретіп міну — қазақ баласының әжетке жарағандығының белгісі. Бір қарағанда машықтық қана мәні бар сияқты көрінгенмен, осы әрекеттердің барлығында тәрбиенің үлкен мектебі жатыр. Бала еңбектің әліппесін көзін

ашқаннан үйреніп, оның не екендігін жан дүниесімен сезініп өспек, сондай-ақ бүкіл жан-жануарлар, табиғат әлеміне деген сүйіспеншілік те бала көкейіне осы кезден мысқалдап дариды. Табиғатпен етене, үйлесімді өмір сүру — көшпенді өмір мен төңір дінінің айнымас қағидасы. Бұлақ көрсе көзін ашудан басталып, көшкен сайын жұртына дейін таза-лап кететін табиғат анаға деген құрметтен тұратын көшпелі өмір салтының экологиялық ұстанымдарын бала жастай көріп, өзі араласа жүріп көңіліне тоқиды. Мейірімділік пен имандылықтың да алғашқы ұрығы бала жүрегіне осылайша біртіндеп сіңіріледі. «Қошақаныңа тиме, ол да өзіндей сәби ғой, обал болады», «көк шөпті жұлма, көктей соласың» немесе «күшігіңе тамақты өз қолыңмен бер, сауап болады» деп келетін ата-аналар сөзінде халық санасында жылдар бойы қалыптасқан философиялық ұстам жатыр.

Дәстүрлі тәрбие дағдысы бойынша баланың қабырғасы қатысымен шамасына қарай еңбекке араластырады. Ер бала әке қолғанатына айналып, қыз бала үйішілік тірлікке қол ұшын береді. Ұлағатты ата-ана «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің бізге жақсы» деп баланың еңбекке араласуына ыждаһатпен көңіл бөледі. Бұл орайда ойға Демокриттің «Егер баланы еңбекке жасынан баулымаса, олар білімге де, музыкаға да, гимнастикаға да үйреніп жарытпайды», — деген әйгілі сөзі оралады.

Балалардың қоғамдық пайдалы еңбегіне кезінде К.Маркс та баса назар аударған. Ол «Капиталдың» бүкіл бір тарауын осы мәселеге арнады. Әрине, балалар денсаулығына зиянды, ауыр еңбектің залалдығына ешкім дау айтпайды. Ал еңбекке баулу мәселесі дәл дәстүрлі педагогикадағыдай ерте жастан бастау алуы тиіс. Және оның басты мақсаты — баланы белгілі бір кәсіпке баулу емес, ең ұлы мұрат бала жүрегіне еңбекке деген сүйіспеншілік сезімін ұялату, еңбек ете білудің дағдысын қалыптастыру, атқарған шаруаның, біткен істің нәтижесінен ләззат ала білуге баулу. Еңбекке деген мұндай көзқарас — халық тәрбиесіндегі басты идеал.

Дәстүрлі тәрбие табиғатына тереңдей көз жіберсек, оның күрделі табиғатынан «адамгершілік тәрбие, еңбек тәрбиесі, әскери патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, интернационалдық тәрбие, жыныстық тәрбие» деген сияқты қазіргі

педагогикадағыдай іштей жіктелу байқалмайды. Халық үшін тәрбие — тұтас дүние. Оның мақсаты — баланы өмірге дайындау, қоғамның білікті мүшесін — азамат тәрбиелеу. Сондықтан тәрбие адамға тән асыл қасиеттер жиынтығын бөлшектемей бала бойына тұтас сіңіруі тиіс. Оның көзі, халық түсінігінше, еңбекте. Еңбек тәрбиесінің халық тәрбиесінде бойы озық тұратыны да сондықтан.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу еңбектерде осы уақытқа дейін орынды-орынсыз сыналып, көпшілік жағдайда ескіліктің қалдығы ретінде танылып, лайықты орнын иелене алмай келе жатқан дәстүрлі тәрбиенің ұлттық болмыс-бітімі арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі құрылым. Әрине, оның бүгінгі заман талабына лайық келмейтін, өткен қоғамның идеологиясының табы тереңірек түскен тұстары да жоқ емес. Бірақ ондай дәурені өткен көне түсініктер тәрбиенің халық тәжірибесіне негізделген асыл өзегіне көлеңке түсірмек емес. Ғылымның мақсаты — асылды жасықтан ажыратып, өшпейтін өміршең өнегелерді болашақ кәдесіне жарату болмақ.

Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мұрасы зиялы қауым назарын ертеде-ақ аударған. Оның жазба нышандарын Махмұт Қашқаридың «Диван лұғат-ит түрік» (73), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» «Кодекс-куманикус» сияқты кітаптарынан аңдасақ, қазақ даласын аралаған ертедегі саяхатшылар еңбектерінде де ол өз көрінісін тауып отырды. Мәселен, Э.С.Вульсон деген саяхатшы қазақ балалары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ балалары кең байтақ дала төсінде емін-еркін өседі. Атқа мінуге жас күнінен үйренеді. Емшектегі бала көш кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді. Қазақтарда жас бала құламайтындай етіп жасалған арнайы ертоқым (ыңыршақ) болады. Олар қалған өмірінің көбін ат үстінде өткізеді.

...Қазақтар балаларын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша — үй ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақ балаға: «Егер қарттарды сыйласаң, Құдай сені сыйлайды», — деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді», — деп жазады. Осы шағын үзіндінің өзінен қазақ дәстүрлі бала тәрбиесін бүкіл пәлсәпасын аңғаруға бола-

ды. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі хатқа түсе бастағанын көреміз. (4; 6; 29; 30; 49; 57).

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұл мәселе қауырт қолға алынып, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Жолдыбаев, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты қазақ оқығандарының ғылыми-педагогикалық еңбектерінде заңды жалғасын тапты. Одан кейінгі жылдары тұрпайы социологиялық саясаттың салқынынан баяулап, арнайы зерттеу арнасынан алынып, ресми басылымдар назарынан сырылып, көмескілене түскенмен, кеңес дәуірінің соңғы жылдарында бұл мәселе зерттеушілер еңбектерінде қайта жаңғырып, этнографиялық, фольклорлық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде шолу түрінде болса да, көрініс таба бастады. Бұл орайда, Х.Арғынбаев, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Н.Оршыбеков, Ә.Төлеубаев, Е.Сағындықов Ж.Ж.Наурызбаев С.Ұзақбаева мен Б.Мұқанова сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлерді атап көрсеткен жөн. (8, 58, 83, 93).

Осылайша, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие мектебі шолу тұрғысында әр қырынан аракідік зерттеліп келгенімен, бүгіннің өзінде оны іргелі ғылыми зерттеудің объектісіне толық айналды деп айта қою қиын. Сөз жоқ, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда бұл тақырыпқа ықылас өзгеше. Жазылған ғылыми мақалалар, қорғалған диссертациялар, оқтын-оқтын өткізіліп тұратын ғылыми жиындар да аз емес, бірақ олардың көпшілігі бұрынғы жинақталған материалдарды қайта саралау, ертеде жинақталған этнографиялық, фольклорлық материалдардың педагогикалық мәнін қаузаудан әріге бара қойған жоқ. Ең өкініштісі — зерттеудің басты негізі болып табылатын халық тәрбиесінің үлгілерін жинап толықтырумен айналысу, олардың ел арасындағы қолданылу аясын анықтап, даму өрісін бағамдау жағы қолға алынбай келеді. Сондай-ақ қазақ этнопедагогикасын жинау мен зерттеудің тұжырымдамалық бағдарламасы мен методологиялық бағыт-бағдары да жете айқындалған жоқ. Соның салдарынан мектептерде ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің мәнін жете түсінбеу, этнографиялық ұғымдарды шатастыру, оларды ұлттық тәрбиенің таптырмас бірден-бір құралы ретінде оңды-солды пайдаланып, асыра бағалауға ұрыну да жоқ емес.

Мәселен, мектептердегі түрлі мерекелерде бүлдіршін қыздардың басынан сәукелені жиі көретін болдық, ал ол болса ұзатылатын қыз ғана киетін ғұрыптық киім. Қазақ қыздарының қадірлі де, қасиетті, әсем киімі — үкілі тақия, көмшат бөрік емес пе! Сол сияқты, түрлі мерекелерде «бесікке салу», «тұсау кесу», «неке қию» сияқты ғұрыптарды жасанды өткізу етек алып барады. Бұл салттар ел ішінде әлі де өмір сүріп жатқан өзіндік қадірлі орны бар киелі ғұрыптар емес пе! Жас ұрпақ алдында оны сахналық көрініске айналдыру өзін-өзі қаншалықты ақтамақ?! Халықтың салт-дәстүрлерін өміршеңдендіріп, олардың қадір-қасиетін арттырып, ұлттық тәрбиенің ұлағатты ұйытқысына айналдырудың шешілмеген түйіндері жетерлік. Ғылыми сараның жәрдемі осы тұста ауадай қажет.

Балалар әлемінің сан салалы ішкі құрылымын зерттеу ісі әлденеше ғылымның басын қосатын күрделі әлем дедік. Халық арасында әлі күнге әдет-ғұрып, салт-дәстүр ретінде практикалық сипатта өмір сүріп келе жатқан балалар этнографиясының алуан түрлі әрекеттері жиналып қағаз бетіне түсіп үлгірген жоқ. Тіпті, мамандар мен ғалымдардың, педагогтардың арасында бұл іске әлі күнге «ұсақ-түйек, балалардың бөлдір-батпағы» деп қараушылық жоқ емес. Ал сол «ұсақ-түйек, бөлдір батпақты» кеше ғана өзінің де құныға үйреніп, құлшына ойнағаны, ол ғана емес, әлденеше ұрпақтың сол рухани уызбен ауызданып адам санатына қосылғаны естен шығып кете береді. Сондықтан халық педагогикасының көусар бұлағы болып табылатын балалар этнографиясы мен фольклорының материалдарын ыждаһатпен жинау, зерттеу, жариялау — бүгінгі ұрпақтың ардақты шаруасының бірі болуы тиіс.

Бұл орайда ел арасына үздіксіз шығып тұратын этнограф, музыкант, фольклоршы, педагогтардың басын қосатын, арнайы құрал жабдықтармен жасақталған кешенді экспедициялар ұйымдастыру аса қажет. Әсіресе қазақ дәстүрлі мәдениетінің қаймағы әлі де бұзыла қоймаған Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақтар арасына бару — парыз. Халық мұрасын жинап, зерттеу тек ат төбеліндей ғалымдардың ғана міндеті емес, оған бүкіл ел болып атсалысқан жөн. Дәстүрлі тәрбиенің бал қаймағын жинауға ауылдағы мұғалімдер, оқу

ағарту саласындағы мамандар да белсене араласса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені бар өмірін балалар арасында өткізетін ұстаздардан артық бала жанын түсінетін кім бар? Тек сол көрген-білгенін, аңдағаны мен аңғарғанын, қағазға түсіріп отыруға ұқыптылық көрсетсе болғаны. Қазір ел ішінде халық мұрасын көкірегіне тоқыған немесе оны ыждаһатпен қағаз бетіне түсіріп, келер ұрпаққа аманат етіп тапсырып жүретін қариялар азайып барады...

Бір сөзбен айтқанда, қазақ балаларының рухани мұрасын ыждаһатпен жинап, тереңдей зерттеп, озық үлгілерін ұрпақ кәдесіне жарату — бүгінгі педагогтар мен ғалымдардың мәртебелі міндеті.

Көне мәдениетіміздің қай саласының болмасын қайнар көзі деп біз әрқашанда фольклорды танимыз. Көз жазып адасып қалған, көп уақыт ұмыт қалдырып, естен шыққан асылымыздың көне түбірін әрқашан содан тауып аршып алып жатамыз. Дәстүрлі тәрбиенің де алтын тамырының сол фольклордан нәр алып жатқандығы даусыз.

Бүгінде «фольклор» термині халықаралық көлемде өзінің бір кездегі «халық ауыз әдебиеті» деген ұғым шеңберін ұлғайтып, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары сияқты салаларын құшағына сыйғызатын кең өріске ие болып отыр.

Оның тәрбиелік рөлін де осы кең мағынасында қарастырған жөн. Әлемдік ғылымда бұл салада жеке проблемаларды індете, қаузай саралаған талай қызықты зерттеулер туғанмен де, қазақ педагогика ғылымы ұлан-асыр қазақ фольклорының тәрбиелік мәнін бажайлау мәселесін енді ғана дендеп қолға ала бастағандай.

Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Және ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Қазақ фольклортану ғылымында бұл тіркес термин ретінде әлі толық қалыптасып кете қоймағанмен де, жалпы халық

әдебиетінде балаларға арналған өлең-жырдың бар екендігін ілкі зерттеушілердің барлығы аңдатып кеткен. Солай дей тұрғанмен де, қазақ фольклорының бұл арнасы әлі күнге арнайы зерттеу нысанасына айналып, өзіндік ішкі иірімдері бар тұтас құбылыс ретінде тұтас зерттеу нысанасы болған емес.

Балалар тірлігі — үлкендер тірлігімен бітісе қайнасып жататын ажырағысыз құрылымның жанды бөлшегі екені белгілі жай. Бірақ баланың жас ерекшелігіне орай дүниетанымы ересектер көзқарасымен қаншалықты сәйкес келмейтін болса, оның күнделікті тіршілігі, өзіндік өмірлік мұраты, қиял, арманы, ойынмен өрнектелген өмір күйі соншалық ерек. Міне, сол қарапайым да нәзік, күрделі де қызық балалар әлемінің көркем дүниесін — балалар фольклоры дейміз.

Айнала өмірлік құбылыстарды бүлдіршіндердің ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, балалар өмірі ересектер тұрмысына тәуелді бола тұра өзінше бір кіші әлем құрайтынын халық ертеден-ақ ескерген. Бұл әлемге ересектер ешқашан да емін-еркін еніп, етене араласып кете алмайды. Өйткені бала психикасына тән қасиеттер үлкендер үшін жат, олар тек сырттай бақылаушы, қызықтаушы ғана.

Ес біле бастаған сәбилер дүниетанымы екі түрлі негізге сүйенеді.

Оның алғашқысы — машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйрене қайталау. Балалардың кез келген нәрсеге ерекше әуес болатындығы, әрнені білуге, көруге, ұстауға, естуге, тіпті дәмін татып байқауға әуес болатындығы да сондықтан.

Екіншіден, бала жан дүниесі сезімге ерекше бай, әсерленгіш келеді. Бұл әсіресе жеткіншек жаста ерекше көрінеді. Олардың ертегіден бастап түрлі фантастикалық дүниелерге әуес болатындығы, өздерінің де ересек адам ойына келмейтін қисындар тауып, түрлі шытырман оқиғалар құрастырып, кейде сол ойларын өмірде жүзеге асыруға талпынып жүретіні де сондықтан. Баланың айналасын танып білудегі бұл ерекшелігін жетінші қара сөзінде ұлы Абай да тап басып көрсетеді (2, 2-том. 158-б).

Бала жан дүниесінің аталмыш сипаты поэтикалық образдар таңдаудағы бүкіл балалар фольклорының табиғатын айқындайды. Яғни балалар фольклоры — балалардың жан

дүниесін, дүниетаным табиғатын, рухани әлемін, көркемдік талғам-таразысын, шығармашылық қабілет-қарымын аңдататын халықтық тәрбиенің кәусар бұлағы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан нақты тәрбиелік мәнімен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы.

Қай халықтың болмасын рухани мәдениетінде өзінше орын алатын бұл жылы ағыс зерттеушілер назарын ертеден-ақ аударған. Тіпті, ел кезген жиһанкездер жазбаларын былай қойғанда, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропаға аттары мәлім Г.Спенсер, Э.Тэйлор, Д.Фрейд, М.Мид сияқты ғұлама ғалымдар өз еңбектерінде бұл мәселеге ыждаһатпен ықылас аударған (96; 103; 102; 78). Дегенмен балалар рухани әлемінің жеке сала ретінде отау тігіп, өзінше енші иемденіп, «балалар фольклоры» деген атқа ие болуы жиырмасыншы ғасырдың үлесіне тиеді. Дәстүрлі тәрбиенің кәусар бұлағы — балалар фольклорына алғаш назар аударған орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский болатын.

Бұл бағдарламалық ойды дамыта өрістетіп, өткен ғасырдың 20-30 жылдары ішінде балалар репертуарындағы шығармаларды тірнектеп жинап, орыс фольклортану ғылымында балалар фольклоры туралы ілімді қалыптастырып, қыруар еңбектер қалдырған Г.С.Виноградов, О.И.Капица сынды ғалымдар есімі атап айтуға тұрарлық (25; 67). Тіпті 1928 жылы О.И.Капица басшылығымен КСРО халықтары балалар фольклорының үлгілерін жинайтын арнайы комиссия да құрылған. Соның нәтижесінде славян халықтарының рухани мұрасының қыруар үлгілері хатқа түсіп үлгірген. Өкініштісі сол — бұл игілікті істің шарпуы қазақ даласын дендеп қамти қоймағандығы. Бірақ жақсы бастама жалғасын таппай қойған жоқ. Кейінгі жылдары бұл сала жүйелі жолға қойылып, белсенді дамытылып, бүгінде жеке мемлекет болған көрші елдер балалар фольклорының негізінде сала-сала болып өріс жайды. Олардың ішінде түркі тектес халықтар — татар, өзбек, қырғыз балалар фольклорына арналған еңбектер де бар. Міне, сондай үлкен арналы саланың бірі — қазақ балалар фольклоры.

Қазақ балалар рухани мұрасына зерттеушілер арнайы ден қойып, алабөтен зерттелмегенмен де, дәстүрлі мәдениеттің

ажырағысыз құрылымы ретінде қай кезеңде болса да назардан тыс қалған емес. Сондықтан да оның там-тұмдап жинала бастауы жалпы фольклорлық үлгілер тәрізді әріректен басталады.

Қазақ фольклорының бай қорының алғашқы үлгілері қолжазба бетіне көне дәуірде-ақ түсе бастағанмен (көне түркі жазба ескерткіштерінен басталатын жазба әдебиет нұсқалары мен жиһанкездер жазбаларын еске алыңыз) оның жүйелі түрде жиналып зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл процестің өзінше өріс алуы қазақ даласының Ресей құзырына бағындырылғаннан кейінгі мұратанушылар еңбегімен тікелей байланысты.

Қазақ фольклорын ден қоя жинаушылар ол кезеңде балалар фольклорын, әрине, жеке жанр ретінде саралаған жоқ, халық мұрасының бір қыры ретінде бесік жыры, жұмбақтар, өтірік өлеңдер сияқты танымал жанрларды қағазға түсірді. Мысалы, Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері...» деп аталатын атақты еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында өтірік өлең үлгісі кезігеді (86). Сол сияқты Ибрагимов М. еңбектерінде баланың тууына байланысты ырымдар мен қазақ жұмбақтарының хатқа түскен нұсқалары бар (63).

Қазақ балалар әдебиетінің атасы болып саналатын Ы.Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» алғашқы оқулық ретінде ғана емес, жалпы қазақ балаларының рухани дүниесіне назар аударудағы алғашқы бетбұрыс еңбек болғаны белгілі. Бұл еңбек жалпы қазақ әдебиетінің балаларға берер тәрбиелік ықпалының зор екендігін алғаш танытуымен де бағалы. Мұнда қазақ халық әдебиетінің озық үлгілерін балаларға лайықтаған тамаша үзінділер мол (5).

Жалпы балалар өміріне назар аударуда сол кезеңдегі ғылымда елеулі еңбек болған Е.Покровскийдің «Детская игра, преимущественно русские, в связи с историей, этнографией, педагогикой и гигиеной» (85) атты еңбегінде де біраз қазақ балалар ойындары қамтылады.

Бұл кезеңдегі қазақ балалар ойындарына көңіл бөлудің үлгісін А.Е.Алекторов, А. Харузин еңбектерінен де көреміз (4; 100). Бұл орайда, жинаушылардың жұмбақтар мен балалар

ойындарына молырақ назар аударғаны байқалады. Оған дәлел ретінде жоғарыда аталған еңбектермен қоса, Иванов Н., Ходырев П. сияқты авторлар мақалалары мен тағы басқа да мерзімді басылым материалдарын қосуға болады (65, 101).

XX ғасырдың алғашқы жартысында халық шығармашылығының дамуына да, оның жиналып зерттелуіне де жаңа серпіліс болғаны белгілі. Бұл уақытқа дейін түрлі мақсатпен там-тұмдап жиналып келген қазақ фольклоры енді жүйелі де қарқынды жинау объектісіне айналды. XIX ғасырдың соңында іргесі қалана бастаған қазақ фольклортану ғылымы да еңсесін көтеріп бой түзей бастады. Фольклортану ғылымындағы мұндай бетбұрыс кезең азамат соғысы бітіп, ел экономикасы мен мәдениетінде біраз өрлеу серпіліс кезеңі басталған жылдары айқын танылды. Кейінгі уақытта да фольклорлық үлгілерді жинау ісі баяу болса да, жалғасып отырды. Осы жылдары қазақ балалар ойындарына ыждаһатпен көңіл қойған адамдардың бірі — Н.А.Мелкова. Оның «Игры киргизов» деп аталатын мақаласында Торғай, Орал өңірінің балаларынан жиналған отызға жуық ойынға сипаттама беріледі (76). Жинаушы өзіне дейінгі бұл жөніндегі еңбектің тізбесін жасап, балаларға арналған қазақ және орыс тілдерінде анкета дайындап, бұл іске үлкен жауапкершілікпен қараған. Сол сияқты А.Л.Троицкая мақаласында да сәбилік ғұрып жырлары жөнінде көп мағлұматтар келтірілсе, М.Ф. Гаврилов қазақ балаларының репертуарындағы жаңылтпаштарға назар аударады (92; 25).

Қазақ балалары үшін көптеген жылдар оқулықтың қызметін атқарған М.Дулатовтың «Кирағат» (оқу құралы) кітабында да фольклорлық үлгілер аса мол қамтылған (53).

Бұл кезеңдегі қазақ фольклорына ықылас аударудың тамаша бір көрінісі ретінде 1926 жылы шыққан, іле-шала 1927 жылы қайта басылған «Балаларға тарту» (15) атты кітапты ерекше атаған жөн. Бұл жинақта — халық поэзиясының балаларға арналған үлгілері тұңғыш рет толығырақ топтастырылды. Мұнда бесік жырының, саусақ ойындарының, тақпақтар мен сұрамақтардың, арнау-тілек өлеңдерінің, қызықтамалардың, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың үлгілері жинақталған. Қазақ әдебиетінің классиктерінің бірі І.Жансүгіров құрастырған «Ел өтірігі» (82) кітабы да осы

жылдардағы бағалы жинақтардың бірі болды. Сондай-ақ 1928 жылы Семейде жарық көрген «Ауылдағы жастар, жас ұландар үшін ойын» кітапшасында да балалар жыры мен ойындары топтастырылған (9).

Бұл кезеңде қазақ балалар фольклорының үлгілері жиналып, жарық көріп қана қойған жоқ, зерттеушілер назарына іліне бастады. Оның ең көрнекті дәлелін біз ұлы тұлға Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінен табамыз. Еңбекте «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «тақпақ», «жарапазан», «бесік жыры» сияқты терминдер алғаш ғылыми айналысқа түсіп, мағыналық жағынан тиянақталады. Ғалым ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерін кеңінен саралай отырып, олардың балалар репертуарынан алатын орнына да назар аударып отырады. Ертегі туралы айта келіп, «Балалар әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухани қиялын тәрбиелеуге көп керегі бар нәрсе, баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді» (17. 1991; 412-б) деп жазуы соның дәлелі. Халық әдебиетінің ішкі табиғатын терең сезініп жете түсінген зерделі ғалымның, тіпті ұсақ-түйек жанрлық түрлердің өзіне аса мән бергендігі еріксіз таңқалдырады. Мәселен, «Бас қатырғыш,—деп жазады Ақаң,—жұмбақ сияқты ойландыратын нәрсе, бірақ жұмбақтай шешуі болмаған соң, босқа әурелейді. Шешуі жоқтығын білмей, жұмбағын табамын деп ойланып, адамның басы қатады. Сондықтан бас қатырғыш деп аталады. (17, 1991. 413-б). Өкінішке орай, мұндай шығармалар қазақ фольклорында әлі жиналмай келеді. Ал ол басқа елдердің балалар фольклорында жеке жанрлық түр ретінде сараланады. Қазақ фольклортану ғылымында бертінге дейін аталмай келген есімнің бірі—Х.Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегі ерекше назар аударады. Автордың «Халық балалар әдебиетін зерттеу бала табиғаты мен тілінің дамуы жөніндегі мәселені анықтауға мол сөуле түсіреді, бұған қазақ педагогтары баса назар аударуы керек.

Қазақ баласының шыр етіп жерге түскенінен ер жеткенге дейінгі ғұмыры өлеңге толы. Қазақ баласының алғашқы естигіні—ана әлдиімен айтылатын бесік жырының әуені. Балалардың ойындарының барлығы дерлік өлеңмен өрнектеліп

келсе, бозбалық шақ негізінен махаббат жырларына толы», — деп жазуының үлкен бағдарламалық мәні бар (52, 51-б).

Осындай астарында үлкен емеурін жатқан салмақты сілтеме ойларды М.Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1987, Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітаптарынан да кездестіреміз (12, 1927, 88, 1932). Әсіресе қазақ фольклорын арнайы зерттеген С.Сейфуллин еңбегінде құнды барлау, бағалы толғамдар мол. Зерттеуші мұнда балаларға арналған халық жырларын арнайы топтастырып, бөле-жара қарастырмайды, оны біртұтас халық мұрасының ішкі жанрлық түрлері ретінде таниды. Мәселен, бесік жырлары, балалар тақпақтары мен ойын өлеңдерін, арнау-тілек өлеңдерін, тұрмыс-салт жырларының арнасында сараласа, жұмбақ, жаңылтпаштарды жеке жанрлық түр ретінде тілге тиек етеді.

Бұдан кейінгі жылдары қазақ балалар фольклорының әртүрлі үлгілері «Балдырған», «Ақ желкен», «Ұлан» сияқты мерзімді басылымдарда жиі жарияланып, мектеп оқулықтарында кеңінен пайдаланылады. Сондай-ақ «Балалар әңгімесі», «Бөбек жыры», «Толқын» тәрізді бірнеше жинақ та жарық көрді. Бұлардың ішінде балалар жырының халықтық үлгілерін кең қамтыған толымдысы — белгілі ғалым Б.Кенжебаев құрастырған «Бөбек жыры» атты жинақ болды (18; 23; 90).

Осы кезеңде жарық көрген Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Х.Бекхожин сияқты белгілі зерттеушілер жазған еңбектерде де бұл мәселе белгілі дәрежеде сөз болды (62; 64, 1941; 81).

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары қазақ фольклорын жинақтай тереңдей зерттеуге бет бұрған сүбелі еңбектерде балалар шығармашылығына да елеулі орын берілді. Сондай атап айтарлық еңбек әлі күнге көпшілікке пайдалы қызмет етіп келе жатқан белгілі фольклорист М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқулығы. Ғалым: «Адамның тууынан бастап, қартайғанға дейінгі өмірі, тұрмысында кездескен, басынан өткен жайларының бәрі де ауыз әдебиетінде суреттелген. Жаңа туған жас балаға арнап «шілдехана», алғаш рет жолға шықса, «тоқым қағар» деген сияқты ырымдар жасалған (47, 1974, 62-б)», — дей отырып, бесік жыры, жаңылтпаш, өтірік өлең,

жұмбақтар сияқты жанрлық түрлерге сипаттама беріп, бағалы тұжырымдар қорытады.

Қазақ балалар әдебиетінің тарихын жасауға елеулі еңбек сіңірген ғалым Ш.Ахметов те бұл мәселеге ыждаһатпен көңіл бөлген. Ол өз еңбегінің «Ауыз әдебиеті — балалар әдебиетінің алтын қоры» атты тарауында «балалар фольклоры» терминін алғаш қолданып, түсініктеме береді, және оның ішкі жанрлық түрлерін өзінше саралайды (11, 1965, 132-б). Бүгінгі ғылыми тұрғыдан қарағанда көптеген олқылықтары бола тұра бұл пікірлерден біз қазақ балалар фольклоры туралы ілімнің кезеңдік белеңін көреміз.

Қазақ балалар фольклорының музыкалық қоры Б.Г.Ерзакович еңбегінде де көрініс тапқан. Ол алғашқы еңбегінде музыкалық балалар фольклорын «Сәбилерге арналған өлеңдер», «Балалардың өлең ойындары мен ермектері» деп екі жікке топтап қарастырады. Сондай-ақ оның «Қазақ музыка-тану ғылымының бастаулары» («У истоков казахского музыко-знания») атты екінші кітабындағы ойындар мен ермекте-лердегі балаларды еңбекке баулу («Трудовое воспитание детей в играх и забавах») тарауы да өзіндік тұжырымдарымен көңіл аудартады (56). Мәселен, алғашқы қазақ мектептерінде сабақ оқыту процесіндегі әндерді пайдалану тәсілдері назар аударуға тұрарлық қызғылықты мәселе. Жалпы қазақ балалар фольклорының музыкалық қоры арнайы зерттеуді күтіп тұрған тың проблема.

Балалар фольклорына соңғы кезде арнайы көңіл бөлген ғалым Б.Уахатов болды. Ол өзінің «Қазақтың халық әндері» атты монографиясында балалар өлеңдеріне жеке бөлім арна-са, «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты кітабында оның түркі тектес халықтар фольклорымен ортақ жерлеріне тоқталады (98).

Міне, осындай қазақ фольклорының түрлі проблемала-рына арналған еңбектерде де әр қырынан сөз арасында тілге тиек етілгенмен де, оның біртұтас құрылымы сараланған емес. Яғни қазақтың балаларға арналған фольклорлық мұра-сын бүгінгі ғылым жетістіктері тұрғысынан саралап арнайы сөз ету қазақ фольклортану ғылымындағы толғағы жеткен көкейкесті мәселенің бірі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап там-тұмдап жинала бастаған қазақ балалар фольклорының үлгілері зерттеу ісіне берік тұғыр боларлықтай көлемді мөлшерге жетті. Бұған әр жылдары жарық көрген «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (1977), «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1980), «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (1980), «Өтірік өлеңдер» (1980), «Қуырмаш» (1983), «Түйе, түйе, түйелер» (1985), «Асыл сөз» (1986) сияқты жинақтар мен Қазақстан Республикасы ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті, облыстық педагогикалық институттар студенттерінің экспедициясы арқылы жинақталған мәліметтер дәлел бола алады. 1987 жылы жарық көрген «Ақ сандық, көк сандық» жинағы осы мәліметтерді сұрыптап толығырақ топтастырған алғашқы көлемді еңбек болды. Кітаптың алғы сөзінде қазақ балалар фольклорының құрылымы мен жанрлық түрлеріне сипаттама берілген (3). Ел арасынан жинаған тың материалдарымызды қосып, ғылыми түсініктерін жазып, еңбектің сапалы шығуына біз де қол ұшымызды берген едік. Мәселен орыс балалар фольклорына қатысты ондаған еңбек жарық көріп, әлденеше ғылыми диссертациялар қорғалса, көршілес өзбек балалар фольклоры жөнінде төрт кандидаттық, бір докторлық диссертация қорғалған. Тек өзбек халық бесік жырының (алла) өзінен жеке зерттеу еңбек жазылуы өнеге тұтарлық жағдай болса керек.

Осыны ескере отырып, қазақ балалар фольклорына қатысты алғашқы барлау ойларымызды «Рухани уыз» деген атпен 1995 жылы оқырман назарына ұсынған едік. Оның өзі сирек кітапқа айналды. Қолдарыңыздағы еңбек соның сәл толықтырылған жаңа нұсқасы деп қабылдаңыздар.

Жоғарыда аталған еңбектермен қоса, қазақ балалар әдебиетін зерттеушілер еңбектерінде арқауы үзілмей сөз болып келе жатқан қазақ балалар фольклорының аса күрделі құрылымы атқаратын функциялары мен тақырыптық ауқымы, ішкі жанрлық түрлері, жалпы сипаты мен тәрбиелік мәнінің, бүгінгі балалар әдебиетіне де тұғыр-тірек боларлық сер-

пін-күші әлденеше еңбекке жүк болатын ауқымды ғылыми арна. Тұтастай алғанда, балалар фольклоры деген ұғымның өзі аса ауқымды. Өз құшағына ересектердің балаларға арнап шығарған, сондай-ақ балалардың өз шығармашылығы мен олардың репертуарындағы поэзиялық, прозалық шығармалар үлгілерін тегіс қамтумен қатар, іштей ойындық, ойыннан тыс және музыкалық фольклор деп те жіктеледі. Біз нәрлі де, көп қырлы осы мол мұраның негізінен шағын, бір ғана саласын, яғни фольклорлық балалар поэзиясын (өлең жанрларын) бөліп қарастыруды мақсат тұттық. Зерттеудің негізгі мақсаты — қазақтың дәстүрлі балалар жырының жанрлық құрамын, негізгі поэтикалық белгілерін саралау. Бұл орайда біз хал-қадырымызша мынандай мәселелердің басын ашып көрсетуді парызымыз деп білдік:

— жинақталған мәліметтерді саралай отырып, қазақтың фольклорлық балалар поэзиясының ішкі жанрлық құрамын анықтап, ғылыми классификациясын жасау. Осыған орай балалар фольклорына байланысты бұрын-соңды қолданылып келе жатқан терминдерді бір ізге түсіру;

— мәліметтердің мүмкіндігіне орай, жанрлық түрлердің түп төркінін (генезисін) даму жолдарын, бүгінгі хал-жағдайын таныту, көркемдеу құралдарының, тіл ерекшеліктерінің өзіндік сипатын ашу. Фольклорлық балалар поэзиясының халық педагогикасымен, этнографиясымен іштей байланысып жатқан тұстарына зер салу.

Фольклортану ғылымында біраз уақыттан бері сөз болып, арнайы сала құрап, көптеген елдердің оқу бағдарламалары мен оқулықтарына еніп, жеке зерттеулердің объектісіне айналып келе жатқанымен де, балалар фольклорын теориялық жағынан тиянақтауда әлі де болса талас пікірлер жоқ емес.

Әлем халықтарының балалар мұрасы жөнінде теориялық мәліметтер мен зерттеулерді салыстыра қарағанда барша балалар фольклорының мазмұн, мәнінің, атқаратын қызметі мен ішкі құрылымдарының түрлі тілде айтыла тұра бір мәреден шығатындығына ғалымдар көз жеткізіп жүр. Мәселен, бір ғана саусақ ойыны — «Қуыр, қуыр, қуырмаш...» әртүрлі формада әлемнің барлық халықтарына ортақ екен. Мұның себебі әлемдегі бала біткеннің табиғи ерекшеліктерінің біртектілігінде деп таниды ғылыми орта.

Ғалымдар арасында «балалар фольклоры» терминінің ауқымына қандай шығармаларды сыйғызуға болады деген сауал төңірегінде екіұдай пікір бар. Бірқатар ғалымдар балалар фольклорына тек балалар өздері айтып, өздері орындайтын, бүлдіршіндер арасында ғана өмір сүретін шығармаларды енгізейік десе (В.С.Виноградов), бірқатар зерттеушілер (соңғы кезде басым көпшілігі) балалар фольклорына тікелей бала тәрбиелеуге қатысты барша шығармаларды жатқызу шарт, сондықтан оған үлкендердің балаларға арнап айтатын туындылары да енеді деген пайымды көлденең тартады (О.И.Капица).

Фольклор жанрларының арасына үзілді-кесілді шек қоюға болмайтыны сияқты, өзара іштей байланысып жатқан бұл екі саланың арасына да «қытай қорғанын» тұрғызу мүмкін емес. Өйткені халық дәстүрінде сәби шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап-ақ тәрбие басталмақ, сондықтан бүлдіршінге арналған шығармалардың барлығы баланың әрбір жас кезіне лайықталған туындылар. Оларды үлкендердің орындайтындығына қарап тұтас процестен бөліп алуға әсте болмайды. Мәселен, бесік жыры, немесе тұсау кесу жырлары, қуырмаш ойындарын балалардың рухани әлемінен қалай бөле-жара қарауға болады.

Екінші үлкен мәселе, балалар аузында жатталып, олардың рухани кәдесіне жарап жүрген мол мұраның біразы — балалардың өз шығармашылығы, ал олардың басым көпшілігі ересектер шығармашылығынан балалар ортасына ауысқан, балалар талғамының тайқазанында қайта қайнап, пісіп «өңдеуден» өткен туындылар. Кейде екі ортада қабат өмір сүретін шығармалар да кезігеді. Жалпы дамыған елдер өміріне көз жіберсек, фольклорлық жанрлардың бірінен соң бірінің балалар репертуарына біртіндеп көшіп жатқандығын байқауға болады. Мәселен, кәдімгі ертегі. Шығу тегі жағына келсек, бұл ересектер фольклорының көнеден келе жатқан күрделі де негізгі жанрларының бірі. Бірақ ол бүгін таза балалардың сүйіктісіне айналып кетті емес пе?!

Мұның өзінде де белгілі табиғи заңдылық бар тәрізді. Иә, бүгінгі дамыған, жетілген, рухани өскен қоғамның ересек адамдарының бұл көне мұраға балалар әрекетін тамашалағандай сүйсіне, күле қарайтыны сөзсіз. Ал, балалар ше?

Жоқ, балалар күле қарамайды, олар бар ынтасымен сеніп, жан-тәнімен еліге, өздерін сол әлемге еніп кеткендей сезінеді. Олар сол көне дәуір мұрасынан өз жан дүниелеріне жақын бір сәйкестік табады. Міне, балалардың фольклорға ерекше жақын болатыны, ересектер репертуарындағы жанрлардың бірінен кейін бірін өздерінің еншісіне көшіріп алып жатуының бір себебі осында жатыр. Яғни бүгінгі сәбидің ойлау жүйесі бір кездегі адамзаттың балаң кезіндегі ойлау жүйесімен көп жағдайда сәйкес шығып жатады. Бұл ойдың ұшығын Д.Фрезер, Е.Мелетинский, В.Гусев, А.Выготский, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Н.Ғабдуллин, С.Қасқабасов еңбектерінен де табуға болады (103, 75, 31, 27).

Мәселен, бала табиғаты мен ертедегі адамдардың ойлау жүйесінің ұқсастығына А.Байтұрсынов былай назар аударады. «Адам анайы шағында жанды-жансыз нәрсені айырмаған. Жандысы да, жансызы да бірдей тіршілік ететін, бірдей өмір сүретін сияқты көрінген. Қуыршағын, басқа ойыншықтарын жанды нәрседей көретін балалар сияқты болған. Табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалғас, сабақтас, кезектес сияқты күйде өмір шеккен», – дей отырып, фольклорлық шығармалардың бала жанына етене жақын болуының себебін де аңдатады (17, 1991, 410-б). Міне, осы тұрғыдан келгенде балалар шығармашылығы мен ересектер мұрасының арасында қазіргі кезеңде шек қоюға тырысудың өзі шартты мәселе. Бұл шарттылық шынтуайтына келгенде кез келген ғылыми зерттеудің мүддесіне байланысты бой көтереді. Ал табиғи тұрғыдан алғанда ол іштей байланысқан тұтас әлем.

Үшінші тартысты үлкен мәселенің бірі — балалар фольклорының ішкі жанрлық сарасын (классификациясын) зерделеу.

Зерттеушілер балалар фольклорын саралау кезінде көп жағдайда шығармалардың авторы мен орындаушыларына мән беріп, оларды «балаларға арналған үлкендер шығармалары», «үлкендер репертуарынан балалар аузына көшкен шығармалар», «таза балалар шығармашылығы» деп үш топқа бөліп қарастырып келеді (67; 7, 1957). Бұл негізінен генетикалық (шығу тегі) принципті басшылыққа алудың нәтижесінде пайда болған саралау еді. Оның ол-

қылығы сонда–көптеген шығармалардың шығу тегін, кімдер орындайтындығын тап басып айту қиын. Оның үстіне тақырып, мазмұндық, функциялық, поэтикалық құрылым жағынан келгенде бұлайша жіліктеу ғылыми сараны қанағаттандыра алмайтын.

Кейінірек В.В.Василенко шығармаларды атқаратын міндетіне (функция) қарай жіктеп, «ойын әрекеттеріне байланысты шығармалар» «ойын әрекеттерінен тыс шығармалар» деген топтау үлгісін көрсетті (24, 349-367-б).

Соңғы уақытта ғалымдар аталмыш екі принципті бірлікте алып қарастырып жүр (20; 51; т.б.).

Орыс балалар фольклорын көптен зерттеп жүрген белгілі ғалым М.Н.Мельников өзінің «Орыс балалар фольклоры» атты кітабында аталмыш мәселені зерделей келіп, балалар мұрасын «Әлпештеу поэзиясы» (потешный), «тұрмыстық (бытовой) фольклор, «ермектік (пестования) фольклор», «ойындық фольклор» деп төрт топқа бөлуді ұсынады. Бұл жалпы балалар фольклорын тұтастай саралаудың алғашқы үлгісі (Бұрынғы еңбектерде прозалық жанрлар қарастырылмайтын, мұнда ол да қамтылған) (77, 1987).

Сол сияқты балалар фольклорын өзінше кіші әлем ретінде тұтастай бөліп алып, әдебиеттанудағы классикалық саралау үлгісімен «лирикалық, эпикалық, драмалық» деп жіктейік деушілер де бар (69). Олар өз зерттеулеріне әйгілі фольклорист, өнертанушы В.Гусевтің «Эстетика фольклора» атты еңбегіндегі ғылыми пайымдарды тұғыр етеді. Бірақ мұнда да толық айқындалмаған, пікірталасқа қарай жетелейтін тұстар жетерлік.

Тұтастай алғанда балалар фольклорын іштей топтап, жанрлық түрлерге саралауға біржола қалыптасқан, айнымас ұстам әзірге орынға қойылған жоқ. Бұл жалпы бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігінен болса керек.

Біздіңше, балалар фольклорын іштей саралауда назар аударып, есте ұстайтын шарттар мыналар болмақ.

Оның алғашқысы — шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығы және қалай орындайтындығы. Мәселен, бесік жырын ата-аналар шығарып, негізінен солар орындайды. Көптеген шығармалар балаға байланысты әдет-ғұрып, салт-

тар негізінде болып келеді. Ал мазақтамаларды балалар өздері шығарып, өздері орындайды. Осыған орай бұл шығармалар түрлі топтарға жіктелмек.

Екінші ескеретін сипат — шығармалардың атқаратын қызметі. Бұл шарт балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдарқату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі — баланы тыныштандырып, ұйықтатуды мақсат етсе, бірі алдандырып, көңілін сергітуді мұрат тұтады. Немесе, тақпақ пен драмалық ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әртүрлі.

Сондай-ақ шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшелігін де ескерген жөн. Мәселен, ата-аналар сәбилерге олардың табиғатына лайық шығармалар айтса, келе-келе бала әрбір жанрлық түрді жас ерекшелігіне қарай біртіндеп игереді.

Төртінші, ескеретін негізгі шарттың бірі — шығармалардың поэтикасы. Яғни шығарманың, тақырыптық, мазмұндық, сюжеттік, композициялық құрылымы, сөз саптасы, тіл кестесі т.т.

Қазақ балалар фольклорына осы шарттар төңірегінен көз жіберсек, оны мынандай топтарға жіктеп, ішкі жанрлық түрлерге бөлуге болатын тәрізді.

I. Әлпештеу фольклоры

Бесік жыры.

Сәбилік салт жырлары.

Мәпелеу жырлары.

Уату-алдарқату жырлары.

II. Жеткіншектер фольклоры

Маусымдық жырлар.

Арнау-тілек өлеңдері.

Балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ.

Қызықтама.

Өтірік өлең.

Мазақтама.

III. Ойындық фольклор

Ойынға байланысты өлеңдер:

Ойынға шақыру

Қаламақ

Санамақ

Ойын өлеңдері (драмалық ойындар)

Өлең ойындар:

Тәжікелесу

Жаңылтпаш

Жұмбақ

Балалар айтысы

Бұл — қазақ балалар фольклорын тұтас құбылыс ретінде іштей саралаудың тұңғыш тәжірибесі. Сондықтан оны төрт аяғынан тең тұрған, жан-жақты тиянақталған, өзгерместей бекіген тұжырым ретінде ұсынудан аулақпыз. Мұның ішіне балалар прозасы — балаларға лайық мифтер, балалар ертегілері, үрейлі, қызықты балалар әңгімелері сияқты жанрлар енгізілген жоқ. Өйткені бұл жерде негізгі әңгіме балалардың фольклорлық поэзиясы жөнінде болып отыр. Ең алдымен көзге ұратыны — еңбекте «бесік жыры», «өтірік өлең», «жаңылтпаш», «жұмбақ», «санамақ» сияқты ертеден ел құлағына сіңісті болған терминдермен қоса, «әлпештеу поэзиясы» «сәбилік ғұрып жырлары», «мәпелеу жырлары», «уату-алдарқату жырлары», «жеткіншектер фольклоры», «маусымдық жырлар», «арнау-тілек өлеңдері», «қызықтама», «мазақтама», «тәжікелесу», «ойынға шақыру», «қаламақ», «ойын өлеңдері (драмалық ойындар)», «үрейлі әңгімелер» сияқты құлаққа тосаң атаулардың көптігі. Бізге де қиыншылық туғызған жағдайдың бірі — осы терминдік жүйе мәселесі. Әрине, қазақ тілі бай да, құнарлы. Сондықтан ғылымның қай саласында болмасын тың құбылыстарға айдар тағуда оның ішкі мүмкіншілігі өз құдіретін танытып келеді. Біз де осы үдеден шығуды мақсат тұттық. Әлемдік фольклортануда, әсіресе, орыс фольклортану ғылымында балалар фольклорының терминдік жүйесі әлдеқашан қалыптасқан. Бірақ оны тікелей қазақ тіліне аударуға әсте болмайтыны белгілі, сондықтан біз жанрлық түрлерге айдар тағуда

оның ішкі табиғатына сәйкес келуіне шама-шарқымызша көңіл бөлдік. Бұл орайда, ана тілімізде бар, күнделікті процесінде жиі ұшырасатын сөздерге жүгініп, оларға жаңаша терминдік мағына үстеуге тырыстық.

Мәселен, «әлпештеу» қазақтың бала тәрбиелеу ісінде жиі қолданылатын, мағынасы аса кең, поэтикалық реңкі күшті, әсерлі сөздердің бірі. «Әлпештеп өсірдім» деген тіркестің астарында жай ғана бағып-қағу емес, ардақтап, аялап, бар жан шуағымды сіңіріп өсірдім деген ауқымды мағына жатады. Ал баланы бағып-қағудағы халықтың ең ардақты сүйікті тәрбие құралы — өлең-жыр. Сондықтан біз сәбилерге арналып айтылатын өлең-жырлар шоғырын «Әлпештеу фольклоры» деп топтадық. Сондай-ақ жанрлық түрлердің мазмұн-мәніне лайық атаулар іздестіруде тілімізде бұрыннан бар сөз жасау тәсілдерін де пайдалануға талпыныс жасадық. Мәселен, «қызықтама», «мазақтама» немесе «сұрамақ», «қаламақ» сияқты сөздер осындай ұмтылыстың нәтижесі.

Сол сияқты біздің саралауымызда «жыр» сөзінің (мәпелеу жырлары, сәбилік салт жырлары, уату-алдарқату жырлары, маусымдық жырлар т.б.) жиі қолданылатыны көзге ұрып тұр. Соңғы кезеңде бұл сөздің «батырлық жырлар», «ғашықтық жырлар» сияқты тіркесте жиі қолданылып, көлемді поэзиялық шығарма деген ұғым қалыптастырғаны да рас. Бірақ оның «бесік жыры», «тұрмыс-салт жырлары» деген тіркесте де қолданылып, жалпы поэзия деген ұғымды да білдіретінін ескеріп, тіл үйіретін тұста кең мағынасында қолданудан тартынбадық.

Солай дей тұрғанмен құлаққа тосаң, ұғымға ауыр терминдік атаулар жоқ деуден аулақпыз. Тұтастай алғанда қазақ балалар фольклорының мол қазынасына әлі күнге жеткілікті назар аударылмай келеді. Оның небір асыл үлгілері, сансыз көп нұсқалары, заман ауқымына қарай жаңадан туып жатқан түрлері ел ішінде аталар мен әжелердің, бүлдіршіндердің аузында қағазға түспеген қалпында өмір сүруде. Мәселен, бала кезінде жасырынбақ ойнамаған, санамақ айтпаған адам аз шығар. Кез келген ересек адамға да, балаға да өтінсеңіз бір санамақ үлгісін айтып берері сөзсіз. Бірақ бізде қағазға түскен санамақ үлгісі санаулы ғана. Немесе ауыл-ауылдағы балалар

жанынан шығарып, өз аулындағы жағдайларға қатыстырып небір әңгімелер қиыстырып айтады. Бірақ соның бірі хатқа түскен емес. Балалар анекдотының өзін жинақтаса, әлденеше жинақ балар еді. Оларды ыждаһатпен жинап, жариялауға бүкіл жұртшылық болып, ғалымдар мен ұстаздар, студенттер, балалардың өздері, мерзімді басылымдар болып жұмыла кірісу қажет-ақ.

Мұның тамаша үлгісін басқа халықтар тәжірибесінен айқын көруге болады. Балалар өмірін зерттеудің классикалық үлгісін американ мұғалімі, үлкен ғалым Маргарет Мид (1901-1978) көрсетті. Оның дамудың төменгі сатысында тұрған халықтардың балалар әлемі жөніндегі еңбектері әлемге кең тарап, өз жалғасын табуда. Мәселен, ерлі-зайыпты ағылшын фольклористері Айона мен Питер Опилер «Фольклор және оқушылар тілі» деген еңбектеріне Англия, Шотландия, Уэльс балаларының мыңдаған ойындары мен фольклорлық сюжеттерін топтастырған 1964 жылы олар тек ойындардың санын ғана 2500-ге жеткізген. Тағы бір ерлі-зайыпты ғалымдар — Герберт Кнапп АҚШ-та осындай жұмыс жүргізген. Ал фин фольклорисі Леа Виртонен өзінің «Балалар фольклоры» деген еңбегінде Финляндияның 30 мың оқушысының (10-18 жастағы) жазып алған ойындары мен балалардың «жұмбақ тілінің» сипаттамасын береді (71. 15, 62, 63-6).

Бұл мәселемен орыстың белгілі фольклорисі Виноградов та кезінде белсене айналысқан болатын. Мәселен, ол тек орыс балаларының санамақтарынан ғана бір кітап құрастырды. Түркі тектес халықтар ішінде бұл іске алғаш көңіл бөлген татардың белгілі фольклорисі жазушы — Исәнбет болды. Оның татар балалар фольклорына арналған кітабы 1946 жылы жарық көрді (60). Кейіннен бұл тақырып татар, өзбек, әзербайжан, қырғыз ғалымдары еңбектерінде жалғасын тауып келеді (19; 22; 60; 66; 69; 89; 104). Балалар фольклорының түркі тектес халықтар мұрасындағы жалпы сипатын тұтас саралау да күн тәртібінде тұрған үлкен мәселенің бірі.

Соңғы кезде бұл іске, әсіресе батыс фольклортану ғылымында ерекше көңіл бөлінуде. Тек поэзиялық шығармалар ғана емес, балалар ойындарынан бастап олардың «жұмбақ тілдері», салған суреттері, ойыншықтары, тіпті қабырғалар-

ға жазған жазуларына дейін мұқият зерттелуде. Бұл — бала жанын түсінуге апаратын төте жол. Бұл іске соңғы кездегі техника жаңалықтары (магнитофон, фотоаппарат, аудио-визуальды жазу тәсілдері видео жазба, киноға түсіру т.б.) кеңінен қолданылуда.

Ал қазақ балалар фольклоры өз қамқоршысы мен зерттеушісін күтіп тұрған тың құбылыс. Біздің еңбегіміз осы жолға бағдар сілтерліктей рөл атқарса, үмітіміздің ақталғаны демекпіз.

*Кенжехан Матыжанов,
филология ғылымдарының докторы*



МƏТИНДЕР



I БӨЛІМ

ӘЛПЕШТЕУ ФОЛЬКЛОРЫ

I. Бөбектерге арналған өлеңдер

Бесік жыры (I нұсқа)

Әлди, әлди, әлди бөпем,
Әлдилесем келеді-ау,
Неше түрлі өлеңім.
Алтыннан болсын шүмегің,
Күмістен болсын түбегің.
Сені туды дегенде,
Жарыла жаздады-ау жүрегім.
Соңыңнан ерсін көмегің,
Жалғыз да Құдай жар болып,
Қабыл болсын тілегің.

Бесік жыры (II нұсқа)

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып беремін.
Байқасқаның құйрығын
Жіпке тағып беремін.
Алалай да бұлалай,
Ат болады жорғатай.
Су ішінде қоғажай,
Сымсыз біткен жарағай.

Басына бұтақ байлаған,
Түбінде шай қайнаған.
Қос кедейдің баласы
Ақырда тұрып ойнаған.
Ойнағанын қоймаған,
Әсті пұлын жоймаған,
Әлди, бөпем, әлди-ай.
Түлкішек-ау, түлкішек,
Түнде қайда барасың,
Мамам үйіне барамын.
Мамам саған не берер?
Ешкі сауып сүт берер.
Ешкісінің сүті жоқ,
Лағының бұты жоқ.
Қойға барсаң, қошқар жоқ,
Қоңыр саулық онда жоқ.
Одан ары не көрдің?
Ұшар-ұшар құс көрдім,
Ұшып кетті аспанға,
Қайтып түсті дарияға.
Дарияның суы құрыды,
Балықтары шіріді.
Екі байдың жұртында
Екі тышқан ұрысты,
Кемпір менен шалдардың
Ауыздары бүрісті.

Бесік жыры *(III нұсқа)*

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ұйықтай қойшы, жан бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Көзің жасын бұлама.
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тізіп берейін.

Бөпем менің ай ма екен,
Шекер ма екен,
Бал ма екен?
Ойнақтап бір бөйгеден,
Озып келер тай ма екен?
— Бөпем менің қайда екен?
— Асқар Алатауда екен.
— Тауда неғып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен.
— Алмасынан қанеки?
— Жаңа теріп жүр екен.
— Терсе, терсе, терсе екен,
Үйге жылдам келсе екен.

Бесік жыры (IV нұсқа)

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.
Көтендегі сатпағын
Быламық қылып берейін.

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көкешім.
Жұрт сүймесе, сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім.

Әлди, әлди, әлди жар,
Аспаннан бұлт жауды қар,
Әлі мінген дүлдүлдің,
Саурысында барды қал.
Аспаннан түскен көк қошқар,
Шығаршық мүйіз жануар.

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Басқаға жаман болса да,
Өзіме жақсы аппағым.
Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім.
Әлди, әлди десем мен,
Аллаға құл болсам мен.
Жаратқанға жалынып,
Жанымды құрбан қалсам мен.

Балаға тәрбие өлең шумағы

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Қонақ келсе, қой бөпем,
Қой тоқтысын, сой бөпем,
Құйрығына той бөпем.

Әлди, әлди, аппағым,
Қой терісі шанашым.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген анашым.

Әлди, әлди, аппағым,
Көп жылама қалқатай.
Әлдилесем жыламас,
Ақылы көп қалқатай.

Ей, әлдижар, әлдижар,
Алла болғай бізге жар.
Әлі мінген дүлділдің
Аш бықында ағы бар,
Тобығында меңі бар,
Салақпандай мойны бар,

Аққан дария сиқы бар,
Өркімдердің теңі бар.
Үлкен үйде бақан бар,
Бәйбішеге тоқал бар.
Сом темірге балға бар,
Сүлкісінгенге Алла бар.

Әлди, әлди, ақ бөпем

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүнді кепешім.
Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім.
Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Қонақ келсе, қой, бөпем,
Қой тоқтысын сой, бөпем,
Құйрығына той бөпем!

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жалпыға жаман болса да,
Өзіме жақсы аппағым.

Әлди, әлди, анашым,
Қой терісі панашым.

Жұрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген анашым.

Әлди, әлди, апатай,
Көп жылама, қалқатай.
Әлдилесем, жыламас,
Ақылы көп қалқатай.

Айналайын, балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде,
Атаңның болар көңлі жай.

Әлди, балам, әлди-ай,
— Шырағым менің қайда екен?
— Асқар-асқар тауда екен?
— Тауда неғып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен!
— Алмасынан қанеки?
— Жаңа теріп жүр екен.
Қызыл алма қолында,
Қыздар оның соңында.

Әлди, әлди, бөпешім,
Жұмсақ қана көрпешім.
Айналайын айымыз!
Алты қарын майымыз,
Жеті қарын жентіміз,
Шаһар Бұхар кентіміз.

Әлди, әлди

Әлди, бөпем, әлди,
Шырын сөзім, әлди,
Екі көзім, әлди,
Әлди, бөпем, әлди.
Саятайым, әлди,
Құлынтайым, әлди,

Әлди, бөпем, әлди.
Ерке балам, әлди,
Серке балам, әлди,
Әлди, бөпем, әлди.
Әлди, құлыным, әлди,
Ұйықта, жаным, әлди,
Әлди, бөпем, әлди!

Әлди, балам, әлди-ай

Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Астыңа терлік салайын,
Үстіңе тоқым жабайын,
Ауылдан кеткен апаңды
Іздеп қайдан табайын.
Жылама, балам, жылама,
Ата-екеңді қинама!

Арша ма екен бесігі,
Ала ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі,
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі,
Жігіт пе екен әкесі?
Жылама, балам, жылама,
Ата-анаңды қинама!

Құрығыңды айырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің!
Қолымыздан іс алып,
Мойныңызға күш алып,
Бақытымызға, жан балам,
Бізді бағар ма екенсің!
Жылама, балам, жылама!
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің!
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Кең балағың түрісіп,
Ойға, тауға жүрісіп,
Балуан болар ма екенсің?
Қылған ісің оң болып,
Кигенің жақсы тон болып,
Момын болар ма екенсің?
Жылама, балам, жылама,
Әлди, бөпем, ақ бөпем!

Алтынмен шоқтап бөрікті,
Берсек пе екен осыған.
Біз садаға, біз зекет,
Кетсек пе екен осыдан.
Менің тәттім қайда екен?
Қыздарменен тойда екен,
Тойда болса, отырсын,
Қолына жүзік толтырсын.
Жылама, балам, жылама,
Ата-екеңді қинама!

Бал қайнатып, шай ішкен,
Қазы кертіп, жал жеген,
Асты болар ма екенсің?
Ұзақ жасап, көбірек
Басты болар ма екенсің?
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Қарағай найза қолға алып,
Жауға тиер ме екенсің?
Қашқан жаудың артынан
Тұра қуар ма екенсің?

Жылама, балам, жылама,
Әлди, бөпем, ақ бөпем!

Қайда екен балам, қайда екен?
Қыздарменен тойда екен.
Қызыл алма қолында,
Қыздар мұның жолында.
Алла, балам, Алла жар,
Армансыз дүние кімде бар?
Біреудің болып көңілі шат,
Армандылар аһ ұрар.
Әлди, балам, әлди-ай,
Жездей балам, әлди-ай!

Жездей-жездей қолыңнан
Жезделерің айналсын.
Аппақ-аппақ қолыңнан
Апаларың айналсын.
Әлди, балам, әлди-ай!

Әлди, балам, батыр балам,
Шауып келе жатыр балам.
Отыз қызды олжалап,
Алып келе жатыр балам.
Олжа-олжа дегенде
Әрбіріне бір қыздан
Беріп келе жатыр балам.
Әлди, балам, әлди-ай!

Әлди, балам, ақ балам,
Ақ бесікке жат, балам.
Айналайын көзіңнен,
Атасына нақ, балам.
Әлди, балам, әлди-ай!

Әуедегі жұлдыздай,
Суда жүзген құндыздай,
Өзім қалап сүйгендей,
Ұжмақтағы хор қыздай.

Әлди, балам, әлди-ай!

Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Дүние-қамды ойлатпас
Көңілімнің данасы.
Әлди, балам, әлди-ай!

Айналайын шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жағамдағы құндызым,
Өуедегі жұлдызым.
Әлди, балам, әлди-ай!

Айналайын, балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде
Атаңның болар көңілі жай.
Әлди, балам, әлди-ай!

Дуай, дуай

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Бұрыл тайға мін, бөпем!
Ақ қызы бар ауылдың
Балпаң, балпаң үйіне
Бұрала барып түс, бөпем!
Қымызынан іш, бөпем!
Қымызынан ішпесең,
Қызын ала қаш, бөпем!
Ашуланса ағасы,
Іштен шалып жық, бөпем!
Кекендесе жеңгесі,
Жынға басын тық, бөпем!
.....
Дуай, дуай, Кемелім,
Күнітайым қайда екен?

Саятайым сайда екен,
Асқар-асқар тауда екен.
Тауда неғып жүр екен?
Алма теріп жүр екен.
Алмасынан кәнеки?
Жаңа теріп жүр екен.
Жаңасынан канеки?
Жаңа барып жүр екен.

Бөбегім-ау

Әлди, әлди, бөбегім,
Жұбанбайтын не дедім.
Бөбегімді емізіп,
Бесігіне бөледім.
Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Түлкі жортпас түлейден
Жол салдырған қарсағым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Әлди, әлди, әлди қақ,
Ер жеткенде жылқы бақ,
Үлкен таудан түлкі қақ,
Тәңір берсін басыңа бақ.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Әлди, әлди тайлағым,
Өрістегі шаңдағым,
От басында ойнағым,
Сүт бетінде қаймағым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Әлди, әлди, оймағым,
Оймағыммен ойнадым.
Күнде әдилеп сүйсем де,
Қызығыңа тоймадым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Бөпешім

Әлди, әлди, бөпешім,
Әлпештейін көкешім.
Тербетейін жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.

* * *

Балам, балам, балдайын,
Қаймақ беріп алдайын.

* * *

Қарағым менің қандай-ды?
Мойнына садақ байлайды.
Шапқан жаудың жылқысын
Дүркіретіп айдайды.

* * *

Айналайын жайнағым,
Сүт бетіндегі қаймағым.
Жанға дауа наз үнің,
Ат байлайтын қазығым!

Жылама, әлди, жылама

Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Быламыққа май құйып,
Төңкерме қып берейін.

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.
Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама!

Шылдыр-шылдыр шылдырлақ,
Су ағады сылдырлап.

Былдыр-былдыр былдырлақ,
Не сөйлейді былдырлап.

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.
Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама!

Бөпешім менің ұға ма?

Қаз-қаз, балам, басарсың,
Сүтке суды қосарсың.
Тал шыбықтан ат мініп,
Балдырған мылтық асарсың.
Жылама, балам, жылама,
Апаңды сен қинама!

Жұмыстарың таусылмай,
Терлеп-тепшіп жүрерсің.
Қызығымен ойынның
Сақылдап сен де күлерсің,
Ес тоқтатып бір кезде,
Алды-артыңды білерсің.
Әлди, балам, әлди-ай,
Апаң айтқан ән-күй-ай.

Бесік жырын апаңның
Кішкенеңнен жаттай бер.
Қаз-қаз тұрып өмірге,
Басып табан аттай бер.
Өкең сенің қуансын,
Шешең сенің қуансын,
Өзіңе арнап бөпешім,
Тау суындай сарқырап,
Толқып аққан жыр алсын.

Жеңілтек болма, бөпешім,
Салмақты бол ерлердей.

Жүгіре берме далаңдап,
Құр бекерге ербеңдей.
Жылама, балам, жылама,
Атасы айтқан бұл сөзді
Бөпешім менің ұға ма?
Әлди, балам, әлди-ай!

Жетіге қашан келесің?
Суын әкеп шешеңнің
Ер жеткен соң берерсің.
Құрығын ұстап әкеңнің,
Соңынан сен де ерерсің.
Жылама, балам, жылама,
Апаңды сен қинама!

* * *

Менің бөпем ақ сары,
Бөпем шашы сап-сары,
Бөпем мінген бесіктің
Бекімейді жапсары.
Бекімесе, бел түрсін,
Шекер мен бал келтірсін,
Беліне шашы құйылсын,
Бикелері жиылсын.
Ақ теректің астынан
Қарт атасы да келсін.
Қалампырдың қасынан
Қарт әжесі де келсін,
Беліне қылыш байлаған
Бел ағасы да келсін...

* * *

Ей, Айданақ — айдан ақ,
Ақ білегі қардан ақ.
Сәурет үйде салқыншақ,
Салқында ойнар құлыншақ.
Құлыншағым ат болар.
Атасы маған жат болар.

Бұрынғыдай жайың бар ма?

Бұрынғыдай жайың бар ма?
Мінетұғын тайың бар ма?
Жылағанда дайын тұрған
Қарындағы майың бар ма?

Бұрынғыдай елің бар ма?
Үй артында желің бар ма?
Шұрқырасып маңыраған
Шулап жатқан төлің бар ма?

Өрелеген етің бар ма?
Кеселеген сүтің бар ма?
Ертелі-кеш сауып ішер
Аруанадай құтың бар ма?

Әй-әй, бөпем

Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ата-анамның хабарын алмағалы.
Әй-әй, бөпем,
Кейін қалған елімді
Көрер ме екем?!

Туған жердің сағынып топырағын,
Көз алдыма келеді сол тұрағым.
Ата-анамды аяулы аңсағанда,
Ақ бөпемді аялап отырамын.

Бөбек

Балдырған бөбек,
Бесікке бөлеп,
Аймалап анаң,

Адал жан адам
Өсірген ерек.

Ай, шын батыл жүрек,
Өсетін үдеп,
Болашақ, құрал,
Бөбегім сен — жас түлек.

Ақпейіл жарқын —
Іс пенен қарқын,
Жан-жақты білім
Алсын деп бүгін
Күтеді халқың.

Бөпем-ай

Пионерім, қалқашым, жаңа өспірім,
Бұл сөзімнің мәні бар бек көп сыры.
Кез келгендер бола алмас шын пионер,
Сен боласың бірақ та шынның бірі.
Бөпем-ай, бөпем-ай,
Сағат мойын шылдыр шоқ,
Дөңгелек көз еркем-ай.

Мына бесік, бұл бесік, жаңа бесік,
Бұл бесіктей бесік жоқ берер несіп,
Жаңа өмірдің бесігі құнды емес пе,
Тербетеді талайды жаңаша өсіп.

Ұлы отан соғысы жылдарындағы бесік жыры

I

Сұқсұр деген құс болар,
Тартсаң, жүні бос болар,
Көкешіңнен хат келсе,
Анаңның көңілі хош болар!
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Оң аяғың көтеріп,
Жұбатасың көңілді.
Аман келіп көкешің,
Ұзартар ма өмірді.
Әлди, бөпем, әлди-ай!

II

Көкең шалған беліне күміс қылыш,
Күміс қылыш қолында салып ұрыс,
Ұлы сүрен ішінде жүрген шығар,
Әлди, әлди, ақ бөпем, ұйықта тыныш.

Күміс қылыш беліне көкең шалған,
Күміс қылыш жүзінен сұсы тамған.
Саған қорған болып ол жүр ғой алыс,
Әлди, әлди, гүлшігім шешек жарған.

Күміс қылыш көкешің шалған белге,
Жүр ғой қылыш ойнатып шалғай жерде.
Сағынсаң сен көкеңді келер бір күн,
Әлди-әлди, жеңіспен туған жерге.

Түн ұйқысын төрт бөліп жүрген шығар,
Түнде жүріп етегін түрген шығар.
Қайда екен қазірде, боп отырмын
Әлди, әлди, білуге мен де құмар.

Қорғаны боп көкең жүр туған жердің,
Жау қашырса, ерлігі майданда ердің,
Жатырсың ба көкеңді көріп әлде,
Әлди, әлди, сен неге жылай бердің?

Көкешіңнің астында арғымағы,
Арғымаққа жетпейді қуса тағы.
Жүректегі сағыныш гүлі солар,
Әлди, әлди, бақыттың атар таңы.

Рауандап рахат таңы да атар,
Жаймашуақ жазира жер гүл пашар,

Қайтып келіп көкең де гүл ішінде,
Әлди, әлди, саған кеп құшақ ашар.

Көкең шалған беліне мүйіз қыны,
Мүйіз қыны даттанса, ердің сыны.
Ұйықтамай-ақ қой енді таң да атты,
Тағы да бір соғыстың өтті түні.

Сағыныш

Фашисті қызыл әскер жеңер ме екен,
Әскерден әкең аман келер ме екен,
Әскерден әкең аман келер болса,
Бөпешім езу тартып күлер ме екен?!
Әлди, бөпем, әлди-ай,
Көкең аман келсін-ай!

Ұйықтай қойшы бөпешім

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама!

Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Дүние қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы,
Әлди, балам, әлди!

Қызыл алма қолында,
Қыздар мұның соңында.
Әлди, әлди, әлди-ай,
Әлди бөпем қалғы жай!

Ғалым болар ма екенсің?!
Еңбек етіп бар елге,

Өнеріңмен әлемге,
Мәлім болар ма екенсің?!
Көп қиыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің,
Ұйықтай қойшы, бөпешім!

II. Сәбилік салт жырлары

Бала туғанда

Қуанып жан жүрегім қақ жарылып,
Қасірет басымдағы қалды арылып.
Ұл көріп, ұлы дүбір той жасаймын,
Атқан соң маңдайымнан таң жарылып.

Баланы майлап сылағанда

Тәу, тәу, тәу,
Сыламақ менен,
Қатып қалмақ сенен.
Менің қолым емес,
Бибі Фатима, Бибі Зухра қолы,
Ұмай ана, Қамбар ана қолы!
Тастай қыл,
Темірдей қыл.
Сүттей ақ қыл.
Дерт үйге кірмесін,
Балаға тимесін.

Бесікті аластау

Алас, алас, баладан алас,
Иесі келді, пәлесі көш!
Алас, алас, бөледен алас,

Көзі жаманның көзінен алас!
Тілі жаманның тілінен алас!
Қырық қабырғасынан алас,
Отыз омыртқасынан алас!

Алас, алас, аласы,
Келді, міне, баласы.
Көш, көш, пәлесі,
Келді, міне, егесі.

Аталарың ақырса, одан қорықпа,
Аналарың, ағаларың шақырса, одан қорықпа.
Ойнақтаған лақтан қорықпа,
Сылдыраған бұлақтан қорықпа.
Тулаған тайдан,
Қуалаған ботадан қорықпа!
Маң төбеттей ұйқылы бол,
Түлкінің баласындай күлкілі бол.

Алас, алас, аласы,
Келді, міне, баласы.
Ұйықтап дем алсын,
Қуанып оянсын!

Бесікке бөлеу

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным,
Бесігіңе жата ғой,
Төтті ұйқыға бата ғой!

Балам жатсын бесікке,
Пәлесі қалсын есікте.

Бесіктен шешіп аларда

Анасы шешіп алсын,
Ұйқысы бесікте қалсын.
Балам бесіктен шықсын,
Пәлесі есіктен шықсын.

Бала алғаш отырғанда

Отырсын, бөпем, отырсын,
Құшағын гүлге толтырсын.

Баланы шақыру

Кел, кел, келе ғой,
Насыбайыңнан бере ғой.
Мейірленсін атасы,
Саған тисін батасы.

Кел, кел, келе ғой,
Атасының баласы,
Аяқ басқанын қарашы.
Кел, кел, келе ғой,
Насыбайыңнан бере ғой!

Киім кигізгенде

Жағасы жайлы болсын,
Етегі майлы болсын.
Киімің тоза берсін,
Өмірің оза берсін.

Тұсау кесу жыры

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып, бөйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың,
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Тәй-тәй

Тәй-тәй, балам, тәй, балғын,
Жүре қойшы жай, балғын,
Қарыс сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым!

Өс-өс!

(балдырғанның қол-аяғын созу)

Өс-өс, балам, өсе бер,
Батыр бол — балуан білекті,
Батыл бол — таймас жүректі.
Аяғыңды созайық,
Саусағыңды жазайық,
Етті болсын балтырың,
Епті боп өс, жарқыным.
Өс-өс!

Ақ білек

Ал білек, ал білек,
Балбыраған бал, білек.
Ауылың толы мал, білек,
Атқа тоқым сал, білек.
Атаңның тілін ал, білек,
Мал ішіне бар, білек.

Ал білек, ал білек,
Атаң көрі шал, білек.
Отынға өзің бар, білек,
Отқа ағашты жар, білек,
Ерте тұрып ерінбей
Еңбек істе қар күреп.

Ал білек, ал білек,
Атқа тоқым сал, білек.
Жасыңнан малды баға біл,
Атқа да жақсы шаба біл.
Өнеге, өнер таба біл,
Аймағыңа жаға біл.

Бұрама темір, сом алтын
Суға салса, батпасын.
Тәңір берген несібең

Тепкіменен кетпесін.
Желінің о шеті мен бұ шетіне
Арқан тартса, жетпесін.
Сенен байлық өтпесін!

Тілек өлеңдер

Сары тісті болсын,
Ақ шашты болсын,
Өмірің ұзын болсын,
Уайымың аз болсын!

* * *

Баланың көңілі жай болсын,
Мың жылқылы бай болсын.
Айдағаны қой болсын,
Шайнағаны май болсын!

Азын-аулақ дәулеті
Күнде өзіне той болсын.
Жұртта қалған жұрыны
Домалап келіп қой болсын!
Жұртта қалған тулағы
Тулап келіп тай болсын,
Тай болсын да туласын.
Бір құрдасы сұрасын,
Сұраса да бермесін.

* * *

Атың, атың, ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Жаз кигенің құлпы бол,
Қыс кигенің түлкі бол,
Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол...
Бұрама темір, сом алтын
Суға салса, батпасын.
Төңір берген несібің

Тепкіменен кетпесін.
Желінің о шеті мен бұ шетіне
Арқан тартса, жетпесін.
Сенен байлық өтпесін!

* * *

Болшыл, болшыл, болшыл бол,
Бозторғайдай шөлшіл бол,
Адам таппас сөзді бол,
Ор қояндай көзді бол,
Саған қастық қылғанның
Арқасына алты қотыр,
Желкесіне жеті қотыр шықсын!
Қасимын десе, жаны шықсын,
Шаңырағы шартылдап,
Шандырына қадалсын.
Босағасы бортылдап,
Борбайына қадалсын!.

* * *

Ала биен құлындап,
Алатауға сыймасын!
Қара биен құлындап,
Қаратауға сыймасын!

Үйіңнің алды ой болсын,
Қораң толы қой болсын!
Ішкенің қатық болсын,
Несібең артық болсын!

Есігіңнің алды ой болсын,
Қораң толы қой болсын.
Қазаныңда қайнаған,
Кілкілдеген май болсын!

Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан.
Мал менен басың тең өсіп,
Кетпесін дәулет қасыңнан!..

* * *

Отырған жерің орда болсын,
Барған жерің базар болсын.
Жүзің жарқын болсын,
Тілің ұзын болсын.
Жортқанда жолың болсын,
Мәртебең үстем болсын!
От пен судан сақтасын,
Пәле-жаладан сақтасын.
Аман-есен бол,
Өсіп-өніп мұратыңа жет!

III. Уату=алдарқату жырлары

Уату

Ой-ой, жаным, ой, жаным,
Мойнымдағы маржаным.
Садақа саған мал-жаным.
Жас алыпсың көзіңе,
Не болды екен өзіңе?
Саған тиген кісінің
Қолы сынсын таң ата,
Көзі шықсын күн бата.

Ақ бөпем

— Алатаудың басынан не көрдің?
— Ақ бесікті мен көрдім.
Ақ бесіктің ішінен
Ақ баланы мен көрдім.
Ақ баланың қолынан
Ақ биялай мен көрдім.
Ақ биялай ішінен
Қызыл алма мен көрдім.
Қызыл алма тістедім,
Ақ бөпемді иіскедім.

Айналу

Ұлыма не болыпты —
Көзіне жас толыпты.
Көзің қызармасын,
Түрің бозармасын.
Мұнша жылап не етесің,
Бет-аузыңды көн етесің.

Құлақ кесу

Қарғам, қарғам деседі,
Қарғам қашан өседі?
Жақсы тілек жар болса,
Сонда қарғам өседі.
Қарғам соққан пышағы
Қызыл қырғыш деседі,
Ашуына тисеңдер,
Құлағыңды кеседі.

Айналайын баладан

(диалог түрінде жырланады)

— Айналайын баладан,
Тауып алдық даладан.

— Далада бала жата ма?
— Түсіп қапты шанадан.

— ...* бізің қайда екен?
— Қыздарменен тойда екен.

— Тойда неғып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен.

* Бұдан былайғы жерде де көп нүкте қойылып, жұлдызшамен берілген тұсқа баланың аты қосылып айтылады.

- Алмасынан көнеки?
- Жаңа теріп жүр екен.
- Жаңасынан көнеки?
- Қабы толмай жүр екен.

Балалар диалогы

Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып.
Тезек теріп жүргенде,
Кетіп қапты адасып.

Екінші бала:

Апасы оның келеді,
Жұмыртқа әкеп береді,
...* оны біледі,
Жыламайды, күледі.

Айналайын айдан

Айналайын айдан,
Су алайын сайдан,
...* бөпешім,
Тисін елге пайдаң!

Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Ұйықтай қойшы тезірек,
Толықсыған қырмызым!

Саусақ санау

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Тауықтарға тары шаш,

Әжең келсе, есік аш,
 Қасқыр келсе, мықтап бас,
 Мына жерде қой бар,
 Мына жерде ешкі бар,
 Мына жерде сиыр бар,
 Мына жерде түйе бар,
 Мына жерде жылқы бар,
 Мына жерде күлкі бар,
 Қытық! Қытық!

Бессаусақ:

Бір,
 Білән,
 Кәлен,
 Кәтіс,
 Отыс.

Саусақ ойыны

Баланың қолын алып, бас бармағын ұстап:
 — Ұрлық жасаймыз ба? — дейді.
 Сұқ қолын ұстап:
 — Жасасақ жасайық;
 Ортан қолын ұстап:
 — Құдайдан қорықпайсыңдар ма?
 Аты жоқ қолын ұстап:
 — Құдай не қылар дейсің;
 Шынашағын ұстап:
 — Алайық та, қашайық,
 Ұрлайық та сояйық, — дейді.

Одан әрі:

Берлан,
 Черлан,
 Отыз,
 Қатыз,
 Отыз, —

деп саусақтарды жұмып шығып, келесі қолға ауысады.

* * *

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,
Бесім — бесім,
Алтым — алтым,
Ауыр балтам.
Қырқылдауық,
Қырман тауық.
Түйін, түйін
Түй баласы.
Қаны менен
Су баласы.
— Әкең қайда?
— Базар кетті.
Жаз келер,
Жаз келмесе, күз келер.
Бақалшақ,
Тоқалшақ,
Қию-қию!

II БӨЛІМ

ЖЕТКІНШЕКТЕР ФОЛЬКЛОРЫ

I. Маусымдық жырлар

Наурыз тойы

Кел балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық.
Сәтті күнгі мереке,
Қуанышты ойнайық.

Бүгін той,
Наурыз той.
Жаңа жылдың басынан
Күнтізбекті іліп қой.

Ата-ана жүзіне
Нұр толыпты үзіле.
Кең даламда береке,
Құс та келді тізіле.

Көктем, көктем жаңбырын
Себелетіп тамдырдық.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
«Жау жаңбыр» деп жаудырдық.

Алтын астық—алтын күз

Көктемде егін егеді,
Күзде жиып береді.
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала.

Ел егінді жинайды,
Қырманға дән сыймайды.
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала.
Астық — Отан дәулеті,
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала.

Жыл құсын көргенде

Самалық, самалық!
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық, самалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық!

Тырналар қайтқанда

Тырналар-ау, тырналар!
Ұзын мойын мырзалар.
Есенбике жеңгелер,
Ескі тонын түймелер,
Арқан тарт, кілем арт,
Ақсақ қызға сәлем айт!

Тырна

Тырна келді, тұр,
Түндігіңді түр!
Кілем жап,
Арқан тарт,
Сандық аш!

Күн шыққанда

Май берейін, құрт берейін,
Күннің көзі шық, шық!

* * *

Алақай, алақай!
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты!

Күн қатты жауғанда

Мен — апамның тұңғышымын,
Қазан қырған қырғышымын.
Жаума, күнім, жаума!

Айға

Балалар, балалар,
Айдың көңілі жәй болсын.
Балалардың мінгені
Жорға-жорға тай болсын.
Қырдан берсін, ойдан берсін,
Қызыл шұнақ қойдан берсін,
Жұртта қалған тулағың
Тулай-тулай тай болсын.
Жұртта қалған жұрының
Жұмалай-жұмалай қой болсын!

Ай туады дөңгелек

Ай туады дөңгелек,
Айға жұлдыз не керек.
Айдай сұлу болмаса,
Қыз да болып не керек.

Атың-атың ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Бағаналы таудай бол.
Шағалалы көлдей бол!

Жаңбыр жауғанда

Жау, жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!
Арық суы мол болсын!
Өсімдіктер көп болсын!
Жауған жерің шөп болсын!

* * *

Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау,
Көк биенді сау, сау!

Желге

Желдет, желдет!
Жетіқара дауылдат!
Өресін құлат,
Баласын жылат,
Тәйтерісін қалтырат,
Науа-астауын жалтырат!

Қарақұрт

Белең, белең, белең құрт,
Белі жуан белең құрт,
Шандырыңды созармын,
Тас төбеңнен ұрармын,
Уытыңды жаймай шық!
Шық!

Жазда

Балақай-ау, балақай,
Жаз келеді-ау, алақай.
Жалаң аяқ жүреміз,
Балақты да түреміз.
Көлден балық сүземіз,
Жалтылдатып тіземіз.
Тау мен тасты кеземіз,
Сан қызықты көреміз,
Сайдан жидек тереміз.
Тайға мініп желеміз,
Алтыбақан тебеміз.

Күзде

Жапалақ, жапалақ қар жауар,
Жамбасыңа мұз тоңар.
Лақ, тоқты қашады,
Қойшы талқан асады.

Қыста

Бұтаға жабу кигізген,
Бұзауды үйге кіргізген,
Аяз сені қайтейін,
Қыздың бетін қызартып,
Мұздың мұрнын ұзартып,
Қызыл шұнақ сені қайтейін?

Тұманға

Қара тұман, қайт, қайт,
Әке-шешең өлді,
Желмен хабар келді!

II. Арнау=тілек өлеңдері

Балыққа

Ақ балық-ау, ақ балық!
Қармағымды қап балық!

* * *

Ақ тас, қара тас,
Құлағымның суын аш!

Қоян

Есек құлақтас,
Ит сирақтас,
Түйе еріндес,
Жапалақ көздес,
Бұта түбі кеуегі,
Кеуегінде көжегі.

Қасқыр

Қаңғырамын үйім жоқ,
Ауылдардың иті жоқ.
Ұрлық, зорлық кәсібім,
Тамақтанар несібім:
Жеті күн желден,
Жеті күн елден,
Жайылған қойдан,
Жаман қойшыдан.

Төбет

Сақ төбетім Жолдыаяқ,
Саңқылдайды қоймай-ақ.
Бөріге қой бермейді,
Ұрыға бой бермейді.

Көгершін

Көк көгершін, көгершін,
Көгершін келер жем үшін,
Балалар, жем себелік,
Жем жесін де семірсін,
Сөйтіп қолға үйренсін.
Бұл есті құс тіл алғыш
Үйренген соң көрерсің.

Торғай

Торғай-торғай тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап,
Бөтегесі томпайып,
Тойған қозыдай монтайып,
«Шіп-шіп» десіп отырар.
Торғай-торғай тоқтаған,
Торғайды торғай мақтаған.
Бір торғай ұшса боранда,
Бөрі жабылып жоқтаған.

Қарға

Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Боран соқса, қор болар,
Бұтаға келіп қорғалар.
Қысып кетсе сары аяз,

Көзден жасы сорғалар.
Қар үстінде жем көрсе,
Қапелімде қолға алар.
Екі шоқып, бір қарар,
Деп «жолымды оңғарар».

Сауысқан

Ала қанат сауысқан
Жауыр атқа жабысқан.
Ойда жауыр көрінсе,
Ойбайлатқан сауысқан.
Қырда жауыр көрінсе,
Қиқаңдатқан сауысқан.

Қырғи

Қырда қырғи қиялар,
Жарға келіп ұялар.
Қырғи қанаты қиық,
Балапаны кер миық.
Көктегі құстың баласы,
Сайларда болар ұясы,
Сайлар толып сел келсе,
Сарғайып жылар анасы.

Кекілік

Қақаң-қақаң кекілік едім,
Тастан-тасқа секіріп едім.
Залым қыздар тұтты мені,
Бұтымды жұлып ұйтті мені.

Қарлығаш

Қарлығаш, қарлығаш,
Қанаты қайқы қаңғыбас.

Көбелек

Ай, көбелек, көбелек,
Қанатың неге дөңгелек?

Мысық

Мысық отыр,
Ұйқысы әбден қысып отыр,
Май берейін,
Шайнап отыр,
Тышқан берейін,
Ойнап отыр!

Мысығым-ау, мысығым,
Көзі сығыр қысығым.
Мысығымнан айналдым,
Пырылдаған пұшығым,
Мысығым-ау, мысығым.

Секемен тары

Таудан Тоғас түскен жоқ,
Секемен тары піскен жоқ.
Тоғас түсті етекке,
Қой жүгірді жетекке.

III. Балалар өлеңдері: Тақпақ, сұрамақ

Жұлдыздар

Түнде қайта жаңарып,
Тұрасыңдар ағарып.
Қарайсыңдар неліктен,
Жұлдыздарым, қадалып?
Таң атса, тек сасасың,
Таудан әрі асасың.
Жақсысың ғой өзің де,
Күннен неге қашасың?

Кім бұл?

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Изенді көлдей шалқытқан,
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.

Асыл сөз

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқанын сезбесең,
Жарамазан не береді?

Шұбарым

Астымда менің шұбарым,
Жаңадан таққан тұмарым.
Ақ бөкендей дүрсілі,
Тау текедей гүрсілі.

Айгөлек

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек!
Айдай толған кезімде
Би билеймін дөңгелеп!

Асық ойнаған азар

Асық ойнаған, азар,
Доп ойнаған тозар.
Бөрінен қой бағып,
Көтен жеген озар.

Асық ойнаған, ақтық,
Доп ойнаған топтық,
Бөрінен қой бағып,
Көтен жеген тоқтық.

Шай қайнатып берейін

Апатайым Бәтима,
Басың ауырып жатыр ма?
Шай қайнатып берейін,
Таңдайыңа тати ма?!

«Тра-лө-лөм!»

Тра-лө-лөм! Тра-лө-лөм!
Майға піскен қара нан!
Қарным ашты дедің бе,
Қара нанды жедің бе?
Қара нан да тәтті екен,
Еңбегі оның қатты екен.

Ертек-ертек ерте екен

Бар екен де жоқ екен,
Аш екен де тоқ екен.
Бөрі бөкеуіл екен,
Түлкі жасауыл екен,
Ертек-ертек, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,
Құйрығы оның келте екен.
Қырғауыл жүні қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.
Мұзға тайған екен,
Бұты сынған екен.

Ойнар

Басыр, басыр бас ойнар,
Екі бақсы тас ойнар.
Көбік қарда түлкі ойнар,
Көктемеде жылқы ойнар,

Арық атқа қамшы ойнар,
Жыртық үйде тамшы ойнар,
Көже менен тұз ойнар,
Етік пенен біз ойнар...

Кедей баланың зары

Әй, қасқыр, жеп қойғаның біздің шабдар,
Әкеңді өлтірдім бе, менде нең бар?
Патшаның елді сорған байларындай,
Сен дағы болдың ба бұл бізді табар?

Баруға аяйсың ба бай дегенге,
Қайтеді құлын менен тай жегенде?
Тартқаның бозқырауда кәрі шандыр,
Жүрегің ауыра ма май жегенде?!

Сұрамақ

Апам үйіне барамын

- Апам үйіне барамын.
- Апаң үйі не берер?
- Ешкі сауып сүт берер,
Лақ сойып ет берер.
- Оны қайда қоямыз?
- Тал түбіне қоямыз.
- Ит жеп кетсе қайтеміз?
- Бақан ала қуамыз.
- Жеткізбесе, қайтеміз?
- Жылай-жылай қаламыз.

Бақа

- Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ,
Көзің неден тостақ,
Бұтың неге талтақ?
- Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.
Қырдан қарауыл көп қарап,
Көзім содан тостақ.
Көп көсіліп үйімде,
Бұтым содан талтақ.

Бұлтқа

— Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қайда қалқып барасың?
— Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп егін!
— Гүл-гүл жайнап өсер көк,
Нөсерлетсең, нөсерлет!

Ауылың қайда?

— Ауылың қайда?
— Асқар тауда.
— Қойың қайда?
— Қошқартауда.
— Қойың не жейді?
— Жусан жейді.

Кім айтар?

— Қарқ-қарқ қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
— Жорғалар деп кім айтар?
— Аң аулаған аңшы айтар.
— Аңшы айтар деп кім айтар?
— Мал қайырған малшы айтар.
— Малшы айтар деп кім айтар?
— Арқандаулы бие айтар,
Сортаңдағы түйе айтар.
— Түйе айтар деп кім айтар?
— Құдықтағы бақа айтар.
— Бақа айтар деп кім айтар?
— Бақылдаған теке айтар.
— Теке айтар деп кім айтар?
— Жартастағы ешкі айтар.
— Ешкі айтар деп кім айтар?
— Телі емген бесті айтар.

— Бесті айтар деп кім айтар?
— Сылдырап аққан су айтар.
— Су айтар деп кім айтар?
— Сыбдыраған көк айтар.
— Көк айтар деп кім айтар?
— Көк орай шалғын шөп айтар.
— Шөп айтар деп кім айтар?
— Қыдыра қырда жүгірген,
Қызыл киік баласы.
Жар жағалай жүгірген
Жасыл киік баласы.

Кім күшті?

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.
Қырғауылы қырқылдап,
Жалтыр мұзға сыртылдап,
Алшая келіп қоныпты.
Шаты айрылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл
Сонда мұздан сұрапты:
— Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбырға тестірімес едім.
— Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма едім.
— Жер, жер, сен неден күшті болдың?
Мен күшті болсам,
Көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
— Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
— Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,

Көк шұнаққа құйрығымды жұлқытпас едім.
— Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім,
— Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
— Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Құмырсқаға ен салдырмас едім.
— Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
— Алты батпан ауырды
Арқалаған күштімін.
Жеті батпан ауырды
Желкелеген күштімін.

Түйе, түйе, түйелер (I түрі)

Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді,
Қошақанды мен қонаққа сойдым,
Қонақ маған қамшысын берді.
Қамшысын мен қазға бердім,
Қаз маған жұмыртқасын берді.
Жұмыртқаны мен енекеме бердім,
Енекем маған бір алаша тай берді.
«Алаша тайға мін!» — деді,
«Олай-бұлай жүр!» — деді,
«Қымызынан іш!» — деді.

Қымызынан бермесе,
Тайыңа міне шап!» — деді,
«Қызын ала қаш!» — деді.

Түйе, түйе, түйелер (II түрі)

Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді.
Қошақанды мен қонаққа сойдым,
Қонақ маған қамшысын берді,
...Қамшысын қызға бердім,
Қыз түймесін берді.
Түймесін көлге бердім,
Көл көбігін берді,
Көбігін терекке бердім,
Терек қабығын берді,
Қабығын келіншекке бердім,
Келіншек орамалын берді.
Орамалын апама бердім,
Апам асық берді.
Асығын мұзға бердім,
Мұз суын берді.
Суын қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді.
Сүтін пісіріп отыр едім,
Көбелек келіп көлп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етіп,
Жармысын ішіп ол кетті.

Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп саңқ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Өтекем келіп еді,
Қаспағын қырып бердім...

* * *

— Тақыл-тұқыл ат келді,
Шығып қара, кім келді?
— Қызыл ала киінген
Көрші ауылдан қыз келді.

* * *

— Іңгө, іңгө,
Іңгөлөді бала.
— Аузына салдым емізік,
Қолына салдым білезік.

Менің атам

1-бала:

Менің атам сұрасаң, қалам алып хат жазады,
Сенің атаң сұрасаң, күрек алып боқ шашады.

2-бала:

Менің атам сұрасаң, құрық алып жылқы айдайды,
Сенің атаң сұрасаң, соқа жегіп жер айдайды.

1-бала:

Менің атам сұрасаң, патшайы көрпе жастанған,
Байдың ұлы бастанған.
Сенің атаң сұрасаң, ескі-құсқы жастанған,
Өлген өгіз бастанған.

2-бала:

Менің атам сұрасаң, патшайымен бел буған,
Паршаменен тең буған.

Сенің атаң сұрасаң, басқұрменен бел буған,
Құлдарменен тең туған.

1-бала:

Ұлытаудың басынан ұлар атқан менің атам,
Ұлы-қызын шулатып, үйде жатқан сенің атаң.

2-бала:

Кіші таудың басынан киік атқан менің атам,
Кіші қызын жылатып, үйде жатқан сенің атаң.

1-бала:

Менің атам сұрасаң, Өндіжан, Қашқар аралайды,
Сенің атаң сұрасаң, шөп лашық паналайды.

2-бала:

Менің атам сұрасаң, қазы-қарта тураған,
Сенің атаң сұрасаң, тиын сұрап құраған.

1-бала:

Менің атам сұрасаң, лашын салып жырғаған,
Сенің атаң сұрасаң, оқтау алып жырлаған...

2-бала:

Сен өзіңді жақтама,
Жаман атаңды өтірік айтып мақтама!

IV. Төрт түлік жырлары

Бөбектің тілегі

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап!
Құла бием, құлын тап,
Құлын тапсаң, құнан тап!
Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім,
Төртеуің де бөрте бол,
Өлмей-жітпей есен бол,
Қой алдында көсем бол.
Төртеуің де серке бол!
Әукем, алып бұзау тап,
Әукесі оның салпылдап,
Өгіз болсын атандай!
Бақайлары майысып,
Көрмесін бір қайысып,
Адам мінсе атамдай!

Төлді қалай шақырады?

Қой баласы — қоңырым,
Ұя бұзбас момыным,
Шопан ата түлігі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт,
Пұшайт!

Жүнін жұлса бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Өрісте өскен жануар —
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре,
Шөре!

Жолға шықсам көлігім,
Жапанда жүрсем серігім,
Қамбар ата өсірген
Құла атым менің, қайдасың?
Құрау,
Құрау!

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған.
Көкке мұрнын шүйіріп,
Зеңгі баба өсірген
Әукешім менің, қайдасың?
Аухау,
Аухау!

Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай,
Елпеңдеген ойнақтап,
Енесіне қарамай,
Ойсыл қара баласы —
Ботақаным, қайдасың?
Көс,
Көс!

Баласын сүю

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.

Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғыда баспаған қорқағым!» деп.

Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,
«Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.

Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан-тасқа секірген шұнағым!» деп.

Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.

Қабан сүйеді баласын «торайым» деп,
«Қорсылдатар өзеннің тоғайын» деп.

Қасқыр сүйеді баласын «бөлтірігім» деп,
«Қой үркіткен жата қап тентегім!» деп.

Ит сүйеді баласын «күшігім» деп,
Шәуілдесе қуанар «күлші, күл!» деп.

Мысық сүйеді баласын «соқырым» деп,
«Тышқан ұстап беруге отырмын» деп.

* * *

Торғай сүйер баласын «тоңғағым» деп,
«Тобылғының басына қонғаным» деп.
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп,
«Күздігүнгі қуайдан солғаным» деп.

Қарға сүйер баласын «аппағым» деп,
«Қарағайдың бұтағын қаққаным» деп.
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп,
«Өз елімнен теңімді таппадым» деп.

Қой сүйеді баласын «қозым-ау» деп,
«Ештеңені сезбейтін, бозым-ау» деп,
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп,
«Енді кімге өтеді назым-ау?» деп.

Мал баққанда

Ешкі бақтым — еңіреп бақтым,
Қой бақтым — қоңырау тақтым,
Сиыр бақтым — сидаң қақтым,
Жылқы бақтым — жорғалаттым,
Түйе бақтым — түйме тақтым,
Лақ бақтым — жылап бақтым!

Мал атасы

Жылқы атасы — Қамбар ата,
Сиыр атасы — Зеңгі баба,
Түйе атасы — Ойсыл қара,
Қой атасы — Шопан ата,
Ешкінің иесі — Сексек ата.

Түлік иесінің үлесі

«Ойсыл қара» келенің бурасы екен,
Буралығын білдірген шудасы екен.
«Шопан ата» саулықтың қошқары екен,
Егіздетіп жылда төл қосқан екен.

«Зеңгі баба» сиырдың бұқасы екен,
Ет пен майға өнбойы тұтас екен.
«Жылқышы ата» үйірдің айғыры екен,
Құлын-тайы көбейген байлығы екен.

Шопан атаға

Ай мүйізді шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойды бер!
Ұлды берсең, бойлы бер,

Жұртқа ақыл салғандай,
Ақылы артық ойлы бер!
Ақсағаннан ақсаған,
Қозысы өлсе, қақсаған.
Қозысымен жамыраған,
Қозысынан айрылса,
Қара тұтып маңыраған,
Аппақ қана сүті бар,
Шағаладай құрты бар,
Шопан ата баласы,

Қойлар бассын үйінді¹.
Қойлар басса үйінді,
Қоймай бассын үйінді!

Сексек атаға

Шібегелер шігесі,
Қатпа келер шекесі,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса сүті бұлақтай,
Екі қонақ келгенде
Ептеулісін қайтерсің,
Жалғыз қонақ келгенде
Жараулысын қайтерсің,
Ауыл көшіп-қонғанда,
Өрегенін қайтерсің,
Бөрі пақыр келгенде
Көрегенін қайтерсің,
О бөріні көргенде
Ышқынғанын қайтерсің,
Құйыршығын артына
Қыстырғанын қайтерсің,
Бөрі ала қашқанда
Бақырғанын қайтерсің,
«Ойбай, ием, кеттім!» — деп,
Шақырғанын қайтерсің,

¹ Қойлар бассын үйінді — қойың көп болсын деген мағынада.

Қойды көсем бастайтын,
Өткелден үркіп саспайтын,
Қарағай мүйіз серкелі,
Шүйде жалды, желкелі,
Сексек ата баласы
Ешкі бассын үйінді!
Ешкі басса үйінді,
Сыймай бассын үйінді!

Зеңгі бабаға

Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама,
Кең өріске шұбыртып өзің бағып,
Кешке жақын қотанға әкеп қама.
Тағы бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін,
Қос жегуге жарамды
Ылғи бойшаң, өгіз бер,
Жұп-жұбымен егіз бер.
Бұқалары өукелі —
Шүйделері білеудей,
Аяқтары тіреудей,
Әр түстен ыңғай сегіз бер...
Сәйгел тисе мөңкіген,
Оқыра тисе жөңкіген,
Ала бас жіп естірген,
Мұрын тура тестірген,
Құйрығында шоғы бар,
Жапалап тастары тағы бар,
Саздау жерге тоқтаған,
Сиыр деген мал екен...
Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай,
Мүйізі бар жылтылдақ,
Буыны бар сыртылдақ,
Зеңгі баба баласы
Сиыр бассын үйінді!

Сиыр басса үйінді,
Сыймай бассын үйінді!

Қамбар атаға

Тағы бір тілек тілейін,
Шын бергенің білейін.
Өңкей ала шұбардан,
Жал-құйрығы шұбалған,
Айғырды бер байсалды,
Үйірі толған байталды,
Өңкей мама биемен
Сауған сайын иіген,
Желіні сүтін тыймасын,
Көнекке саусақ сыймасын,
Ұзара берсін желісі,
Кеңі берсін өрісі.
Қоғалы көлді жайлаған,
Қоғаның басын шайнаған,
Шыңғыртып асау құлынды
Қыл арқанмен байлаған,
Қиқу салып айдаған,
Ел көшкенде балалар,
Кең өртеңді жайлаған,
Қуғандарға жеткізбей,
Қашқандарды қоймаған,
Жылқышы ата баласы,
Жылқы бассын үйінді!
Жылқы басса үйінді,
Жимай бассын үйінді!

Ойсыл қараға

Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,
Топ-топ қылып боталат, аруана!
Және бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін.

Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер!
Жатқан жері даладай,
Азу тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Қаршылдаған бурасы,
Жалбыраған шудасы,
Жібектен болсын бұйдасы.
Ойдан ойға бошалап,
Сансыз інген боталап,
Боталарын өсіртіп,
Салтанатпен көшіртіп,
Қоныстан қоныс таңдатып,
Көшкенде жонды шаңдатып,
Жақсы жайға қондырсын,
Шаруаны толтырсын!
Көзі жарық жұлдыздай,
Мойны иір қобыздай,
Құйрығы ұзын қамшыдай,
Шудасы бар жамшыдай.
Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Тілін тікен теспеген,
Алабота, теріскен,
Мұрындығы келіскен,
«Шөк!» дегенде, «бық!» деген,
Шешіп үйін жүктеген.
Ойсыл қара баласы
Түйе бассын үйінді!
Түйе басса үйінді,
Кие бассын үйінді!

Жылқы

Қоғалы көлді жайлаған,
Қоғаның басын шайнаған,

Құраулап оны жылқышы
Қыл арқанмен байлаған.
Қуғандарға жеткізбей,
Қашқанға жетпей қоймаған!
«Ер қанаты — өзің» деп,
Ел қуанып айдаған
Жылқы деген жануар!

Торы құлын

Жағы қалақтай,
Мойны садақтай,
Төбелі жұлдыздай,
Жүні құндыздай,
Жалы жібектей,
Саны білектей,
Көзі моншақтай,
Құйрығы шапақтай.

Өзі жұп-жұмыр,
Ерні жып-жыбыр,
Даусы шіп-шіңгір,
Басы құп-құлдыр,
Жұтынып жүгіруші еді,
Бұлтиып тұрушы еді,
Ноқтаны, желіні,
Киімді, теріні,
Көзіне түскенді
Ернімен емуші еді,
Езгілеп беруші еді,
Соңынан еруші еді,
Далаға шығып ап,
Құйрығын тігіп ап,
Асырды салар еді,
Айнала шабар еді,
Енесін емер еді.
Еркелеп тебер еді.

Торпақ

Жұмбағым да жұмбағым,
Жорға қара торпағым.
Бетегені төскейден
Теріп жүрген торпағым.
Дүлей қалың, сары қамыс,
Аралаған торпағым.
Атқа сабан салғанда,
Сығалаған торпағым.
Асқа-тойға мінгенде,
Жорғалаған торпағым.
Оқыра қуып кеткенде,
Қорғалаған торпағым.
Кешегі күн кешінде,
Бүгінгі күн бесінде,
Қара қасқа торпағым
Жоғалғанда, қорқамын.
Енді әңгіме не керек,
Тауып алдым торпақты,
Қарап жүріп қопақты.
Ұстап алдым жатақтан
Бадырақ қоян қорқақты.
Қояны да құрысын,
Етегімдегі талқанды
Қоян тулап төккені,
Ашуым келіп сол жерде,
Торпағымды сөккенім,
Күнде мініп, торпағым,
Ойбайыңа қоймадым.
Қырға шығып қыраңдап,
Дөңге шығып тыраңдап,
Кеткенінді қоймадың.
Аш бөрідей жылмаңдап,
Асыр салып ойнадың.
Бұл жүрісті қоймасаң,
Ұстап сені соямын...

Қой

Ауылдардың қойы бар,
Қойы бардың тоны бар.
Сауса тәтті сүті бар,
Сойса тәтті еті бар.
Жамылыш пен төсеніш,
Қойдан емей немене,
Шекпен, шалбар, қап, арқан
Содан емей немене.

Ешкі

Ешкі қойды бастаған,
Қойды артына тастаған.
Ешкі деген жануар,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай.
«Баста!» десең, бастаған,
Қайырып мүйізін тастаған.
Жанына лақ келгенде,
Сүзіп-сүзіп тастаған...
Жалғыз қонақ келгенде,
Жараулысын қайтерсің,
Екі қонақ келгенде,
Ептеулісін қайтерсің.
Үш-төрт қонақ келгенде,
Артылғанын қоймаған,
Жеті қонақ келгенде,
Жетпегенін қоймаған,
Тоғыз қонақ келгенде,
Тоймағанын қоймаған.
Тастан тасқа секіріп,
Ойнағанын қайтерсің.
Тентектігін текесі
Қоймағанын қайтерсің.
Қойға қасқыр шапқанда,
Көрегенін қайтерсің.

Орма құлақ өр ешкі,
Салпаң құлақ сары ешкі!

Шопан ата сөзі

Ала қойдың келласы,
Қара қойдың кеудесі,
Айранымды ұрттайын,
Ақ тоқтымды құрттайын.

Түлікті құрметтеу

Кендірмен байлама,
Жыңғылмен айдама,
Кендірмен байласаң,
Жыңғылмен айдасаң,
Мал бітер деп ойлама.

Түліктің пайдасы

Түйе — байлық,
Қой — мырзалық,
Ешкі — жеңілдік,
Жылқы — сәндік,
Сиыр — ақтық.

Айтақтау

Айт, айт, айтақ!
Қойдың жүні байпақ!
Қасқыр жалтақ,
Қой қорқақ.

Түйе ойнақтаса

Бота ойнақтаса —
Молшылыққа.
Тайлақ ойнақтаса —
Тоқшылыққа.
Кәрі түйе ойнақтаса —
Жоқшылыққа.

Жығылғанда

Түйеден жығылсаң,
Түйе шудасын төсейді.
Аттан жығылсаң,
Ат жалын төсейді.
Сиырдан жығылсаң,
Сиыр мүйізін төсейді.
Қойдан жығылсаң,
Қой жабағысын төсейді.
Ешкіден жығылсаң,
Ешкі мүйізін төсейді.
Есектен жығылсаң,
Есек тұяғын төсейді.

Тайға міндім

Тайға міндім,
Бұзау бақтым,
Олай шаптым,
Бұлай шаптым.
Бұзау бақтым,
Қызық таптым.

Жолаушы

Есекті жолаушы —
Есепті жолаушы.
Атты жолаушы —
Бапты жолаушы.
Түйелі жолаушы —
Киелі жолаушы.
Жаяу жолаушы —
Көңілі қаяу жолаушы.

Қасқырдың қойшыларға айтқаны

Бала қойшы,
Алыста ойнап қала қойшы!
Төрт қойшы,
Төбе қойшы,
Бір тоқтыңды бере қойшы!
Үш қойшы,
Өле қойшы,
Ең кішіңді көме қойшы!
Екі қойшы,
Ермек қойшы,
Бір тоқтыңды бере-ақ қойшы!
Атты қойшы —
Ашуы қатты қойшы.
Түйелі қойшы,
Тұрған қойшы,
Төбесінен ұрған қойшы!
Өгізді қойшы —
Өлген қойшы,
Жеп болғанда көрген қойшы.

Иесі мен сиырдың айтысы

Иесі:

— Неғып жүрсің, қу жалғыз, шолақ сиыр,
Сиырымен Айтақтың болдың үйір.

Үй маңында көдені жұлып жатпай,
Сен шолаққа бір сойқан болды биыл.

Сиыр:

— Мейірімсіз адамсың тастан қатты,
Сүмеңдетіп арыттың кер жорға атты.
Үй қасында көденің түк дәмі жоқ,
Қараөлеңнің, қамыстың түбі тәтті.

Иесі:

— Шолақ сиыр, көзіңді ояйын ба,
Биылғы жыл соғымға сояйын ба?
Биылғы жыл соғымды сойып алып,
Танабайға жаяңды қояйын ба?

Сиыр:

— Шиыршықтап қыл арқан ескеніңді,
Қу шолақты соялық дескеніңді,
Қу шолақты соғымға сойып алып,
Бүржекейден көрермін көшкеніңді.

Ешкі мен қойдың айтысы

Ешкі:

— Менің жегенім жантақ,
Сенің жегенің жантақ,
Сенің құйрығың неден болды жалпақ?

Қой:

— Менің жегенім ошаған,
Сенің жегенің ошаған,
Сенің құйрығың неден болды шошайған?

Ешкі:

— Менің жегенім опалаң,
Сенің жегенің опалаң.
Саған келсін топалаң!

Қой:

— Менің жегенім ебелек,
Сенің жегенің ебелек,
Саған келсін кебенек!

Ешкі:

— Менің жегенім күйреуік,
Сенің жегенің күйреуік,
Саған келсін түйнеуік!

Төрт түліктің кеңесі

Қой, сиыр, жылқы, түйе — төртеуі бір күні жиылып отырып кеңеседі. «Қайсымыз қандай жерге, қандай кісіге бітсек, жақсы болар еді?» — деген сөзді айтысады-мыс.

Сиыр:

— Қалың қорық нуға бітем,
Қоры үзілген қуға бітем.

Қой:

— Күнгейлі қара тасқа бітем,
Шаруа қуған басқа бітем.

Жылқы:

— Бетегелі белге бітем,
Найза ұстаған ерге бітем.

Түйе:

— Жалмаң құлақты сорға бітем,
Ел ішіндегі зорға бітем.

V. Өтірік өлеңдер

Өтірік өлең

Өтірікті айтып-айтып шындай қылдым,
Ерітіп қара тасты ұндай қылдым.
Кеуректен төс, киізден балға қылып,
Бір ұрғаннан темірді ұндай қылдым.

* * *

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір тобын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылдым ат шаптырып төңірекке.

* * *

Терісін сары масаның жыртпай сойып,
Кететін он бес қарын саба қылдым.
Сабаны сегіз жігіт көтере алмай,
Қылмасқа енді саба тоба қылдым.

* * *

Міндім де осырақ қоңыз аяңдадым,
Қатырып аяңымен қоян алдым.
Қоянның үлкендігін сонда білдім,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым.
Қоңызым төмен қарай тоңқайса да,
Сонда да қамшым сабын таянбадым.

* * *

Шыбын мініп шіркейді жетеледім,
Қырғы қылып көбелекті бөпеледім.
Асау қара бүргені ұстап мініп,
Көбелектің ауылын төтеледім.

Өтірік өлең айтып елге жақтым,
Құмырсқаны қайырып қойдай бақтым.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Ауылын көбелектің зорға таптым.

Керегенің басында үрген бүйен,
Көтергенде босайды жүйе-жүйем.
Айт десеңде айтпаймын өтірікті,
Көтере алмай жығылды атан түйем.

* * *

Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім,
Соңымнан көбелекке кел деп кеттім.
Асауын бөгелектің ұстап мініп,
Артыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.
Өзгесі өтірік болса да, осыным шын,
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай жерге түстім.
Алты күндей-ақ боран соғып еді,
Жалғыз құрай түбіне ас қып іштім.

Жүн артып инелікке, ерте көштім,
Жүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым, әрең жеттім.

Намысты жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.

Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Той қылып мың масаны сонда сойдым.
Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Тазшаның өтірік өлеңдері

Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,
Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Адыр-адыр қойтастан түлкі қақтым.

Мен өзім жас күнімде тырна бақтым,
Тырнамды семірсін деп қырға бақтым,
Байлықтың бас-аяғын түгендеуге
Іледе итке мініп үш жыл ақтым.

Мен өзім жас күнімде қарға бақтым,
Қарғаны семірсін деп жарға бақтым.
Мешін жылы ақ сүйек үлкен жұт боп
Арығына қарғаның жабу жаптым.

Қарға жеріп ішпеді суын қақтың,
Қашықтық қылды суы Белбұлақтың.
Ақөзектен инемен құдық қазып,
Күнде үш уақ қарғамды суға жаптым.

Шымшықтың шылым қылдым қу басынан,
Шылбыр естім бозторғай шудасынан.
Көбелектің қанатын көпір қылып,
Теңіздің өте шықтым турасынан.

Көбелек тумай жатып ойын көрдім,
Балықтың соймай жатып миын көрдім.

Өзгем өтірік болса да, осыным шын,
Астыма тышқан мініп, түйе өңгердім.

Келемін өзен бойлап, масаны айдап,
Үркіттім инелікті андағайлап,
Болғанда құрман айты қыз қуамын,
Асауын көбелектің жемге байлап.

Айттым да өтірік өлең желдей естім,
Ұстап ап қос құланның мұрнын тестім.
Болса да өзгем өтірік, осыным шын:
Жүк артып бес қоңызға түнде көштім.

Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім.
Соңымнан көбелекке кел деп кеттім.
Асауын бөгелектің ұстап мініп,
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Бөгелек ертең ерте пысқырып жүр,
Тақымға тамам тауды қыстырып жүр.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын:
Мойнында бөгелектің бес құрық жүр.

Үлкені бұл дүниенің маса батыр,
Маса батыр бір тауды қашап жатыр.
Бір масаның семізін сонда көрдік,
Алпыс екі табаққа жасап жатыр.

Ауыры бұл дүниенің үрген қарын,
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.
Терлеп-тепшіп көтеріп қойғанымда,
Көтере алмай жығылды атандарым.

Жыланды жолда жатқан таяқ қылдым,
Сүйегін тасбақаның аяқ қылдым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Қоспастан үйіріне саяқ қылдым.

Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,
Қайырып көбелекті көлде бақтым.
Инелік пен масаны құда қылып,
Үстіне инеліктің шекпен жаптым.

Айыл қылдым жыланның жонын илеп,
Көбелекке жүр екен сона күйлеп.
Сол сонаның айғырын іздеп жүрсем,
Бір тоғайда жүр екен түйе сүйреп.

Инелікке міндім де сона құдым,
Үш күн түнеп сонаны қона құдым.
Енді жеттік дегенде белі үзіліп,
Енді инелік мінбеске тоба қылдым.

Төскі тартпам жыланның үйегінен,
Тіс шұқуышым шіркейдің сүйегінен.
Аламандай араны алты ай қуыш,
Жаңа қайтіп келемін түнеугіден.

Өр тышқанның тісінен балта еткенмін,
Бас терісін басқаша қалта еткенмін.
Көбелектің қанатын көпір қылып,
Адам өтпес дариядан алты өткенмін.

Келеді мына жақтан топты маса,
Біреуінің тұмсығы темір аса.
Жегенге ештеп-септеп тамақ жұқпас,
Ет шықты елу табақ бір томаша.

Жібердім бес сауысқан Ұржарға,
Жануар бірі жүйрік, бірі жорға,
Өзгем өтірік болса да, осыным шын:
Жүк қылдым кекілікті бес жүз нарға.

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,
Басына қарағайдың көл тұныпты.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын:
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

Жоғарыдан келемін құлан атып,
Шолақ құлақ тышқанды бұлаңдатып,
Үйірімен әкелген құланыма
Ауыл-аймақ барлығы қалды батып.

Арамен Алатауды алты ай шаптым.
Көр тышқанның жонына айыл тақтым.
Күзгі қарда тышқанды жемдеп мініп,
Жеті өзеннің бойынан түлкі қақтым.

Айттым да өтірік өлең қызық қылдым,
Алты құлаш жыланнан шұжық қылдым
Шаңыраққа қақита іліп тастап,
Қыздың көзін шұжыққа қызықтырдым.

Маса қызын беріпті көбелекке,
Күйеу жолдас болыпты бөгелек те.
Шаранадан қарық қып жыртыс жыртып,
Той қылып ат шаптырды төңірекке.

Маса қызын беріпті көбелекке,
Қара шыбын жүріпті жеңгелікке.
Сол тойға тоғыз торғай алып сойып,
Ақ киізін артыпты инелікке.

Төмен жақтан келемін жоғары өрлей,
Төрт қап өлең теңдедім аузын түйрей.
Төрт қабының бірінің аузын ашсам,
Анау-мынау қашады тонын сүйрей.

Шымшықтың шылым қылдым қу басынан,
Торғайдың шідер естім шудасынан.
Бір өзіме қарайтын мың торғай бар,
Ешкім менің бай емес бір басымнан.

Алтыннан ақ қоянға қақтым таға,
Бір тышқаннан үш тонға піштім жаға,

Суықта киіп алсам, күйдіреді,
Кешке оранып жатады бала-шаға.

Айттым да өтірік өлең, айла қылдым,
Кесіп ап бетегені найза қылдым.
Торғайды үш қонаққа сойып беріп,
Жарты етін алып қалып, пайда қылдым.

Дүниеде болады екен тышқан мықты,
Жабылып он бес жігіт зорға жықты.
Соғымға сойған едім, семізін-ай,
Бүйрек майдан басқасы бес қап шықты.

Артқаным бір қоянға бес қап тұз-ды,
Басады қатар-қатар жалтыр мұзды.
Екі күн жүрсем дағы ішін тартпай,
Қампиып қардың бетін қарны сызды.

Масаның кішкенесі батыр екен,
Сона деген қан сорғыш бақыр екен.
Үйіне сол сонаның жетіп барсам,
Ас беріп әкесіне жатыр екен.

Көнектей көбелектің жұмыртқасы,
Ерімнің жауқияқтан шап тартпасы.
Бір қызын инеліктің алып қашып,
Бітпей жүр баяғыдан барымтасы.

Міндім да қара тышқан Меке кеттім,
Жеткізбей қуған елге жеке **кеттім**.
Тышқаным сөйтіп жүріп жауыр болып,
Екі үзік, бір туырлық желқом еттім.

Айдадым бес сауысқан Петерборға,
Жануар өзі жүйрік, өзі жорға.
Өзгем өтірік болса да, осыным шын:
Келемін кекілік артып бес жүз нарға...

Суайттың өтірік өлеңдері

Есімде ессіз тауда қонақ болдым,
Бал тамған бармағымнан олақ болдым.
Шілдеде үш саусағым үсіп түсіп,
Өмірге келмей жатып шолақ болдым.

Жетпіске келгенімше доп ойнадым,
Есімнен кетер емес сол ойнағым.
Қандырдым мың жылқыны «ө» дегенше,
Шелек қып жеңешемнің қол оймағын.

Жасымнан жалғыз жүріп, жапанда өстім,
Жаз күні жалаңаяқ ақ қар кештім.
Байқаусыз бөркім бауы шиіе байланып,
Ойланып, алты жылда азар шештім.

Сайран сап бес ай жүрдім көк аспанда,
Ақ бұлтты белгі қылдым адасқанда.
Тура айттым қисық сөзбен төрелігін,
Ай менен Шолпан жұлдыз таласқанда.

Жайлауда шыбын баққан тайлақ сойдым,
Ұйқымды бір күн емес, айлап қойдым.
Алты айда ала мішім үйге сыймай,
Тұсына тереземнің байлап қойдым.

Өмірге немереммен бір келіппін.
Жүйрігін қуып жеттім ту еліктің,
Кірпінің бір талшығын таяқ етіп,
Қаңтарда қарбыз егіп күн көріппін.

Ұстадым киттің өзін қармақпенен,
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.
Кебісін тұңғышымның қайық етіп,
Мұхитты жиһанкездей шарлап келем.

Бір жазда шылқы майдан арықтадым,
Есімде тоқтығымнан тарыққаным.

Қырқымда сары масаны көлік етіп,
Қыс бойы көкті кезіп шарықтадым.

Мысықты торғай бүріп өлтіріпті,
Әкепті қозы сүйреп бөлтірікті.
Теректің бұтағына алма өсіпті,
Басына қарағайдың кел тұрыпты.

Айға жеттім зымырап

Ақ тауыққа мініп ап,
Айға жеттім зымырап.
Құйынынан тауықтың
Кетті бұлттар ыдырап.

Сүтін сауып торғайдың,
Жетім тайды өсірдім.
Аққу жегіп арбаға,
Бүкіл елді көшірдім.

Инеменен жер қазып,
Су шығардым шөл жерге.
Елекпенен құм тасып
Бөгет салдым көлдерге.

* * *

Құмырсқаға қой бақтырдым,
Жапалаққа жайдақ міндім.
Тумай жатып тілім шығып,
Өлең айтып, сайрап тұрдым.

* * *

Мысықты торғай бүріп өлтіріпті,
Әкепті қозы сүйреп бөлтірікті.
Теректің бұтағына алма өсіпті,
Басына қарағайдың көл тұрыпты.

Айды әкелдім

Мініп алып құртқа,
Өрмеледім бұлтқа.
Алып келіп Айды,
Көрсеттім көп жұртқа.

Мұз тамақ

Жасадым жұмыртқадан алтын табақ,
Сүңгі мұзды боршалап, еттім тамақ,
Шегірткенің сирағын қасық жасап,
Ертеден кешке дейін іштім шалап.

Шыбын

Отырмын бір мал айтып көңілім тасып,
Сол малды айтып сойып,
көңіл басып.

Малдың етін таратып жеп жатқанда
Балалар түйе баққан келді сасып.

Торы тай тұлпар туған құлын екен,
Терісі бір серкенің жырымы екен.
Түйеші балалардың қорқатыны:
Кеп қалған асқан үлкен шыбын екен.

Өзім көрген шыбынның асқаны екен,
Тұмсығын тұмсыққа кеп басқан екен.
Тауды, тасты қопарып қонған кезде,
Қой үркіп,
қойшылар да қашқан екен.

Алдырдым бір баладан мылтығымды,
Шыбынға таяйын деп бір тықырды.
Алыстан қарақұстай көрінеді,
Құлдилаы қонған екен бір тұғырды.

Мылтықты алдым дағы, тайға міндім,
Қапталдай үлкен сайды солай жүрдім.
Он қырқа,

отыз өзен өткеннен соң,
Нысан жерің осы деп түсіп тұрдым.

Жерге енді атайын деп түсіп алдым,
Тайыма тар мықыртып шідер салдым.
Бұтағын шідерімнің ұстап тұрып,
Шыбынның үлкеніне қайран қалдым.

Кигенім аяғыма мықшима етік,
Басқаны білінбейді тырс-тырс етіп.
Мылтығымды қолыма ап бір тізерлеп,
Бүкектеп қызыл тасқа бардым жетіп.

Мекең де соған барған батыр екен,
Жатқаны бозша күнгеі татыр екен.
Жалтылдап шаңырақтай екі көзі,
Бағжиып бақырың да жатыр екен.

Атқан оқ дәл бүйректен барып ұрды,
Қуанып Мекең сонда санын ұрды.
Шыбынның шыдамдысын сонда көрдім,
Жығылмай бір оғыма қарап тұрды.

Оқ салдым мылтығыма маймен сылап,
Құдайға мінәжат қып таза жылап.
Тақыр қолтық осы-ау деп тартқанымда,
Жыраға салдыр-гүлдір кетті құлап.

Селкілдеп серпінімен сексен қайың,
Тоңқайды тоқсан тобыр қарағайың.
Шыңдағы құлап өлді қашқан аю,
Қай сөзімде өтірік бар, ағайын?

Кісем бар он салпыншақ,
сегіз сала,
Жүгірдім қожантымды қолыма ала.

Қарағай қаптай қирап тас-талқан боп,
Шыбынның түскен жері дала-дала.

Қожантым құрбан пышақ,
өткір ұшты,
Бар ма екен дүниеде менен күшті.
Сайланып күресінен тартып қап ем,
Шыбынның опырылып басы түсті.

Жылқышы жылқысынан шыға шауып,
Мылтықтың жеткен екен даусын танып.
Ой, тоба,

мынау неткен аң еді деп,
Аузынан суы ағып тұр аң-таң қалып.

Жылқышы ел шетіне келді барып,
Мекең шыбын атты деп хабар салып.
Қуат-күшім бойымда бар кезінде
Өзім-ақ даярладым бұзып-жарып.

Жылқышы ел шетіне барып кепті,
Хабарын рулы елге салып кепті.
Шыбынның етін артып жеткізуге
Он өгіз,

тоғыз түйе алып кепті.

Қоңырбай қомдап келді қара нарын,
Қасына ертіп келді алған жарын.
Бақайшықтың ішіне кіріп кетіп,
Түйреп шықты
аппақ май тоғыз қарын.

Шыбын да мұндай үлкен туады екен,
Шыбынның нақ семірген уағы екен.
Тобығы тоғыз қарыс, қазандай бар,
Жілігі бір өгізден жуан екен.

Бөктердім төрт өгізге бүйрек майын,
Шарбысын, тағы да алдым шажырқайын.

Қарынның қатпаршағын атанға артып,
Бүйенді тастай салдым, не қылайын.

Ет тізген он бір арқан, жеті желі,
Сонда да қайыспайды тайдың белі.
Кіреді, жерді басса, тізесінен,
Кіреді, тасты басса, жуан елі.

Терісін тоғыз күндей суға салдық,
Қайратып тоқсан пышақ жонын алдық.
Қырық бой айыл-тұрман,
тоқсан торсық,
Аулымыз қырық сабаға болды қарық.

Сонда да шет пұшпағы босқа қалды,
Құдай бізге берді ғой мұндай малды.
Керегенің кеткенін көктейміз деп,
Әжекеңнің ауылы жинап алды.

Ауылым Түрген көктеп, Асы жайлап,
Жүр екен, енді ойласам, нәсіп айдап.
Шыбынның жілігінен науа салып,
Егінге қарық болды ауыл-аймақ.

Мекең сөйтіп шыбынды атады енді,
Атып келіп аулына жатады енді.
Мекең бізді бір жаудан құтқарды деп,
Қырғыз бен қазақ келіп бата берді.

Қырғыз бенен қазаққа даңқы болды,
Ет аңдитын қонақтың салты болды.
Әлімнің ақ қызының дауыменен
Он үш дулат үйіме баса қонды.

Желкілдеп қатын-бала суға барды,
Қазанға бір жілігін бұзып салды.
Алдына ұсақ турап қойып едім,
Тауыса алмай табақтағы ет артық қалды.

Аң қудым ертеңіне Текесті өрлей,
Екпіні торы тайдың соққан желдей.
Отыз бұғы, он марал қуып тастап,
Аяндап үйге қайттым аяп желмей.

Отыз бұғы, он шақты марал атып,
Бәрін байлап, жаныма салаңдатып,
Тайымды таңасырып байлап қойсам,
Қалыпты тайым өліп жамандатып.

Торы тай арыстай боп жатыр сұлық,
Өгіздей боп өкірдім тайға жылап.
Ағайын албан-суан көңіл айтып,
Бата оқып келіп жатыр құда-жекжат.

Торы тай арыстай боп жатыр сұлап,
Өкіріп уанбадым үш күн жылап.
Мекеңді шалған қырсық қырық шалып,
Өліпті бием тағы таудан құлап.

Осының жалған емес бірде-бірі,
Бәрі бастан кешкен іс доңыз жылы.
Сенбесең, көзбен көрген куәгерім —
Сондағы Шалықбай ит әлі тірі.

Бір өлеңім бар еді ойға кетті,
Ойдағы он жыл болған тойға кетті.
Бір өлеңім үйіне Домбай қонып,
Лақ іздеп өріске, қойға кетті.

Бір өлеңім бар еді жатқа кетті,
Бір өлеңім жүген ап атқа кетті.
Бір өлеңім жейдесі тозып қалып,
Жейде алам деп сәудегер қартқа кетті.

Бір өлеңім, дариға, кетті қолдан,
Келуші еді пұл тауып оң мен солдан.
Бозды мініп, қараны жетелеп ап,
Аман келді біреуі әрең зордан.

Бүркіт

Жағалай құр өзекті аулым қонды,
Үй тігіп, жүк жиғанша ымырт болды.
Білте қара асынып, аң іздедім,
Айнала сайрап жатқан кесіп жолды.

Жағалай құр өзекті жыға салдым,
Таңға жақын бір елік атып алдым.
Бүйрек майын шыжғыртып ішіп алып,
Таң қылаңда ұйқыға жата қалдым.

Нанбаңыз айтқаным болса жалған,
Саудалы сөзім емес сатуға алған.
Күн шығарда оянып дөңге шықсам,
Қияда бір бүркіт тұр ұя салған.

Тоғайға, қуандым да, түсе қалдым,
Ұзынша бір құрықша кесіп алдым.
Желмей, жортпай қиядан құсты алуға,
Басына балапанның тұзақ салдым.

Жануар құс-ақ екен өсетұғын,
Мейіrmанның қыраны десетұғын.
Аяғы алпыс, топшысы тоқсан құлаш,
Албан, Дулат жүк артып көметұғын.

Асылын балапанның өзім білдім,
Етегіме құндақтап үйге жүрдім.
«Тіл-аузым тасқа болсын, садақа» деп,
Ішімнен бір мал айтып үйге кірдім.

Қоңыр ақсақ қойымды сойып тойдым,
Ши қоршап балапанды қойып қойдым.
Шығармай шып-шырғасын түгел асып,
Бүркітше арқа, мойнын жемге қойдым.

Санаттым Байтоғашқа келген күні,
Бар екен әр жерінде белгі жүні.

Бұл менің шұбарыма ұқсайды деп,
Жабысты маған бер деп күні-түні.

Ертеңіне ап шығып аңға салдым,
Салған күні бес қасқыр, бес түлкі алдым.
Келесі күні он қасқыр, он қарсақ ап,
Шаршаған соң таң асып жатып қалдым.

Өркім-ақ бұл бүркітке қолқа салды,
Он екі ай ұдай салдым жануарды.
Бір саятта шіркінге көзім түсіп,
Қылшасынан қиғандай қатып қалды.

Кірпікшешен

Бір күні жол жүруді ойыма алдым,
Ұзындығы жүз төрт кез сойыл алдым.
Қырық пұты кем қырық қадақ қойдың етін
Қыра турап біржола тойып алдым.

Керала кірпікшешен мініп алдым,
Қамшымды бүлдіргелі іліп алдым.
Қырық бес тақта қағаздан киім жасап,
Қырық түйме тақтырып киіп алдым.

«А, құдайлап» мал айтып шықтым жолға,
Өтірік жоқ, жамағат, таза тыңда,
Мінгенім кірпікшешен болғаннан соң,
Ер жігітке қырық күндік жол қиын ба?

Құбыланы бетке алдым қисақтатып,
Кірпекең жорғалайды қипақтатып.
Етегімнен омбы қар сауылдатып,
Шауып кетіп барамыз бұрқақтатып.

Шауып келем дауылдай дәуірлетіп,
Әр ауылдың иттерін шәуілдетіп.

Қырық бес күндік ұдайы ұзақ жолға
Қырық бес сағат ішінде бардым жетіп.

Ол жерде ұлы жиын той бар екен,
Жарыста озсаң, жеті мың қой бар екен.
Бәйгеге бір қосуға кераланы
Жәкеңде де аз ғана ой бар екен.

Шабандоз қып қойыпты қарттың бәрін,
Жүйріктердің бірін де жақтырмадым.
Екі қадақ бір мысқал бала тауып,
Ұстатып қоя бердім аттың жалын.

Алты сағат дегенде айғай шықты,
Келе жатыр кералам жалғыз тіпті.
Топты жарып атымды атағанда
Шыдап шыққан шыбын жан қандай мықты.

Сүйінгеннен Жәкеңнің терлегені-ай!
«Сауға, батыр, сауға!» деп ел келгені-ай.
Екі-екіден үлесіп бәйге қойды,
Өз малымды өзіме бермегені-ай.

Сонда да төрт мың қоймен қалдым кетіп,
Тойдан шығып, үйіме келдім жетіп.
Үйге келсем, оң жақта бір бесік тұр,
Сұрамадым ешкімнен, сабыр етіп.

Кешегі күн әйелім жерік еді,
Бүгін бесік көремін еніп енді.
Шөпілдетіп баламды сүйіп тұрмын,
Бұл да болса Құдайдың беруі еді.

Мал болып кетті төрт мың соныменен,
Кераламның бәйге алған жолыменен.
Кірпікшешен жайына және кетті,
Келем әлі сол қойдың қорыменен.

VI. Мазақтама

Тоңғақ

«Іш-шай!»
Күннің суығы-ай!
Боз биенің қуығы-ай!
Алты қойдың асығы-ай!
Алтынбектің жасығы-ай!

— «Ақтұш!»
— Ақ сиырдың сүтін іш!
Ақ сүт берер саған күш.
Шым-шым мөлдір суға түс!
Тұмау тисе, қуа түс!

Кетік

Кетік-кетік кекшебай,
Талқаныңды екше бай,
Тауға барып тары же,
Тауыспасаң, тағы же!

Кетік балаға

Кетік, кетік, кетігім,
Маңдай тісі сетігім.
Судан шортан асып же,
Тұзды суға салып же,
Кетігіңді жалама,
Кем тісіңді санама.

Таз балаға

Тазым, тазым тайырма,
Таздың шашы жиырма,
Онын алып, онын қой.
Таз басына шайын қой.
Таз басыңды жасырып,
Шашыңды сонша өсіріп,
Емдетпеген сорың ғой.

Асық-ай

Асық, асық, асық-ай,
Анам берген қасық-ай!
Мен атамның баласы,
Байғараның жасығы-ай!

Алыссам, оны жығамын,
Басын құмға тығамын,
Өжем берген көжесін
Желкесінен сығамын!

Асан, жақсы баласың

Асан, жақсы баласың,
Айтқан тілді аласың.
Айтқан тілді алмасаң,
Арам қатып қаласың.

«Р»-ды айта алмайтын балаға

Сақау, сақау, Сағындық,
Сен сақауға не қылдық?
Қарағайдың бұтағы,
Қай тісіңді бұтады?
«Бар» дегенді «бай» дейсің,

«Нар» дегенді «най» дейсің,
«Р»-ды кімдер жұтады?

Сүйімжан

Менің атым — Сүйімжан,
Тентекпін-ау құйыннан!
Жаман тоным жалп етіп,
Құлап қалдым сиырдан!

Жылауық

Ой, жылауық, Құрама,
Ойбай салып жылама!
Талқан шылап берейін
Тарынғаның бола ма?!

Ойнамасаң, ойын бақ

Ойнамасаң, ойын бақ,
Қойшыбайдың қойын бақ!
Қара бие сояйын,
Қағын саған қояйын,
Кетік пышақ берейін,
Кертіп жесең, көрейін!

* * *

Еріншексің, Тұрсын,
Құдай төбеңнен ұрсын!

* * *

... келеді сайменен,
Құла қасқа тайменен.
Тайы жүрмей қамшылайд,
Көзінен жасы тамшылайд!

* * *

Өтірікші, өрмекші,
Ішің кеуіп дөңбекші!

* * *

...*батыр,
Жолда жатыр.
Түйе теуіп,
Іші кеуіп,
Жылап жатыр!

* * *

...*жаман,
Түйе табан.
Айран ішкен,
Іші кепкен,
Батпақты кешкен.

Күлдірген

Күлдірген-ау, Күлдірген!
Жуамын деп еденді
Үйдің ішін бүлдірген,
Әй, Күлдірген, Күлдірген!

Тентек бала

Қатпа қара,
Тентек бала,
Жүрісі жаман,
Ісі шала.
Киімі алба-жұлба,
Бет аузы жара-жара.
Қарның ашты ма,
Жоқ, сайтан басты ма?!
Түсіп қалсаң, қайтесің,
Аттың астына!

* * *

Бүгінгі астан түстегі
Екі-ақ қасық ішкені.

Біздің арық Алғадай
Көтерем боп қалмағай.

* * *

Берекесіз Жаңабай
Бес ешкісін баға алмай,
Кердең қағып үйіне
Кетіп қалды қарамай!

Алдаушы

...*жақсы деймін,
Нанын алдап жеймін!
Алдағанға көнбесе,
«Жаман бала» деймін!

Бауырсақ

Нәйім-нәйім бауырсақ,
Ағын суға шомылсақ.
Жаман бала — ойынсақ,
Жақсы бала — малсақ.

* * *

Шұбыртпалы шұбырған,
Тышқан етін қуырған.
«Пісті, пісті» дегенде
Пышақ ала жүгірген.
«Түсті, түсті» дегенде
Шөміш ала жүгірген.

Самовар

Самовар, самовар,
Шүмегінде сама бар.

Байдың қызының басында
Жазылмайтын жара бар.

Ол кім?

Түрі, түсі
Адамзатқа ұқсайды,
Істеп жүрген істері
Айуанға ұқсайды,
— Ол кім?
— Фашист!

Кісі өлтірмей тұрмайды,
Адам жанын ұрлайды.
Өзі мақұлық бір надан,
Оны тапқан милы адам.
— Ол кім?
— Фашист!

Әдепсіз балаға

Ерніңді шығарсаң елік бол,
Ендігі айда желік бол,
Ерініңді кесіп ал,
Бармағыңды отқа сал,
Басыңды да қалай ғой,
Майы шықса, жалай ғой.

Тәжікелесу

— Немене!
— Бөдене!
— Ішіңе тисін тегене!
— Төмен қарай дөңгеле!

Сан өлең

Абшадияр бір болар,
Аузын ашқан дүр болар.
Ақсақалдан бата алған
Ақ шалмалы пір болар.

Абшадияр екі-ді,
Қолға найза бекіді.
Оралма көйлек, он түйме
Қыз баланың көркі-ді.

Абшадияр үш болар,
Ұшып жүрген құс болар.
Алғаның жаман жолықса,
Еңбегің жаман, еш болар.

Абшадияр төрт болар,
Жанып тұрған өрт болар.
Алғаның жаман жолықса,
Ішің толған дерт болар.

Абшадияр бес болар,
Ерге садақ ес болар.
Алғаның жаман жолықса,
Өле-өлгенше жүк болар.

Абшадияр алты-ды,
Қолда найза қалқыды.
Оралма көйлек, он түйме
Қыз баланың салты-ды.

Қыздар

Бесікке бір жасыңда жатсынасың,
Еңбектеп екі жаста қаз тұрасың.
Үш жасқа екі жастан шыққаныңда
Жүгіріп үйден-үйге шарқ ұрасың.

Қойғыздың төрт жасында тұлымшақты,
Тақтырдың тұлымшаққа қызыл шоқты.
Бес жастан алты жасқа шыққаныңда
Ойнадың қыздарменен қуыршақты.

Қолыңа жеті жаста ұршық алдың,
Жібекке сегіз жаста пұл шығардың.
Ауылыңа тоғыз жаста бақал келсе,
Шешеңнің жібек ал деп тынышын алдың.

Қолыңа он жасыңда оймақ алдың,
Қыздармен он бір жаста тойға бардың.
Қыздармен он бір жаста тойға барып,
Сол жерде бір қулықты ойлап алдың.

Орайсың он екіңде орамалды,
Дәуренің он бірдегі о да қалды.
Он үшке он екіңнен шыққаныңда
Сыпырдың тұрымтайдай томағанды.

Аппақжан

Самарканда бір құс бар,
Қанатында күмісі бар.
Ойнап тұрған үкімнің
Сылдыраған күлкісі бар.

Камзолының жеңі бар,
Жең ұшында хаты бар.
Хатын алып оқысам,
Аппақжан деген аты бар.

* * *

Домбырам басы долана,
Мен сөйлеймін қонаға,
Күнде жиын, күнде той,
Күнде думан бола ма?

Домбырам басы ырғай-ды,
Қыздар қолын бұлғайды,
Бұлғаса да, бармаймын,
Әлдене деп қарғайды.

Домбырам менің екі ішек,
Қыздар киер түлкі ішік.
Он бармағым сау болса,
Ойнатармын келіншек.

Домбырам менің қарағай,
Не сөз кірді араға-ай?
Жылы қарап жауап қат,
Құрбым, теріс қарамай!

Домбырам басы бал құрай,
Басына қонар боз торғай,
Қалампырлы насыбай,
Насыбайым болмаса,
Ауырады басым-ай!..

* * *

Домбырам басы ырғай-ды,
Қыздар қолын бұлғайды.
Сол қыздардың ішінде
Бір қызы бар шырайлы.

Барып түстім үйіне,
Өзінің айтқан сөзіне.
Иті шықты абалап,
Қаптырмадым сабалап.

Атасы шықты барқырап,
Анасы шықты шырқырап,
Жабыла соқты тоқпақтап,
Ұра берді басыма,
Ой-ой менің басым-ай,
Он бестегі жасым-ай!

III БӨЛІМ

ОЙЫНДЫҚ ФОЛЬКЛОР

I. Ойын және поэзия

Малақай тастамақ

Ойынға жиналған балалар дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушы уәзір сайлайды. Уәзір ойыншылардың арасынан бір балаға тақия береді. Тақияны алған бала ойыншыларды айнала жүгіреді де, өзіне ұнаған баланың артына тақияны тастап жүгіре жөнеледі. Артына тақия тасталған бала тақияны алып, тақия тастаған баланы қуа жөнеледі. Тақияны алған бала тақияны тастаған баланы қуып жетсе, қыз шартын айтады. Шарттары мынадай болып келеді: өлең айту, би билеу, домбыра тартып, айыбын өтеу керек. Шарттардың орындалуын уәзір бақылайды. Тақия тастау әрі қарай жүре береді. Бұл ойын тез ойлануға, дене қимылына арналған.

Ақ сүйек

«Ақсүйек» — қазақтың ертеден келе жатқан және кең тараған ұлттық ойыны. Жастар да, балалар да ойнай береді. Жайнаған жаздың айлы түнінде кешкі уақыттарда ойналады. Ойнаушылар тең бөлісіп, екі топ болып ойнайды. Ойынның негізгі құралы — ақсүйек.

Ол малдың құраған қу жілігінен не қабығы аршылған жұмыс ағаштан жасалады. Екі топтан бастаушы сайланады. Олар өзара келісіп, арнаулы бір орын белгілейді. Ойынды қай топ бастайтынын білу үшін шек салынады. Шек шыққан топтың бастаушысы ақсүйекті алысқа лақтыратын бір ойыншыға ұстатады. Ақсүйек лақтырылғаннан кейін, екі топтың ойыншылары іздеуге кіріседі. Тауып алушы «мен таптым, мен таптым» деп

айқайлап, мәреге қарай жүгіреді. Оны қуушылар қарсы алдынан шығып, не бүйірден көлденең келіп ұстауына болмайды. Тек соңынан жүгіріп, қуып жетуі шарт. Қуып жеткен адамға қашушы ақсүйекті ұстата салуы керек. Осылай сүйекті қолдан-қолға өткізіп, мәреге жеткізеді. Қай топтың адамы ақсүйекті мәреге жеткізе, сол топ өздеріне қарсыластарына бір ойыншыны қосып алады, ал жеткізе алмаса, олардың бір ойыншысы екінші топ қалап алады. Ойын осылай жалғаса береді.

Мырыш ойыны

Дөңгелене отырған балалардан өздері ойын басқарушы сайлайды, ол адам «хан» деп аталады. Хан өзіне екі уәзір сайлап алады. Уәзірлер хан бұйрығын сөзсіз орындауға тиіс. Хан ортада отыр, уәзір жанында, олардың қолында жазалайтын қаруы бар. Он не он бес тиындық жаза ақ күміс тиынды бір уәзір алып, дөңгелене отырған адамдардың біреуінің аузына білдірмей сала қояды. Енді ортадан бір адам шығып тиынды іздейді. Өр адамның жанына барып «мыршым» дейді. Сұраған адам «мыршымың құрысын», — деп жауап береді. Бір ойыншы әдейі тілінің астында тиын тұрғандай «мишиямың құйсын» — деуі мүмкін, енді тілінің астында тиын тұрған адам шеберлікпен дым болмағандай «мыршымың құрысын» деуі де мүмкін. Іздеуші тиын тілінің астындағы адамды дәл тапса, тиын табылған адам әрі қарай тиынды алып, дөңгелене отырған адамдарға қайта үлестіреді. Тиын біреу, үй адамға толы. Дұрыс таба алмаса, іздеушіге хан жаза кеседі. Бірінші, екінші, үшінші ретте таба алмаса, ең жаманы «есек болып ақыр», «көкек болып шақыр» тағы басқа өлең айту, күй тарту, би билеу — бұл бірінші, екінші рет таба алмағандар үшін жаза, кейде дүре де соғады. Бұл адамды сезімталдыққа, тапқырлыққа тәрбиелейтін ойын.

Жеребе қалай тасталады

Ойынға қатысушылардың санына қарай шыбық, жаңқа, құрай тағы басқа заттар алынады да, оның біреуіне белгі салынады. Шыбықтарды араластырып, ойынға қатысушылар бір-

бірден алады. Белгі қойылған жеребені алған бала басқарушы болады.

Бір бала теріс қарап тұрып, бір қолына жеребе жасырады. Онан соң басқарушы болам деген бала екі баланың біреуіне келіп, жеребе қай қолында екенін сұрайды. Жеребені дұрыс тапса, онда ол бала басқарушы болады. Таппаса екінші бала басқарушы болады.

Екі кішкене құрайдың біреуін қысқа, біреуін ұзын етіп алып, «ұзынын» не «қысқасын» алған бала басқарушы болады деп алдын ала келісім жасалады да, бір қолына қысқа құрайды, екінші алақанында ұзын құрайды жасырады. Бұдан соң екі бала екі қолындағы құрайды бір-біреуден ұстайды. Жаңағы балалардың өздерінің келісімі бойынша қысқасын не ұзынын алған бала басқарушы болады.

Ойын басқарушыны қалай сайлайды?

Балалар ойыны басқарушыны таңдап сайлап алудан басталады. Өйткені әр баланың ойында жетекші болғысы келеді. Ойын басқарушы не тағайындалады, не санамақ арқылы таңдап алынады.

Ойынға қатысушы барлық бала шеңбер құрып, ортаға қарап тұрады. Бір бала өзінен не көршісінен бастап санай бастайды. Санамақтың ең соңғы сөзі кімге келсе, сол ойын бастаушы болады.

Кейде санамақтың аяғында екі бала қалады. Мұндай жағдайда қайта санау керек.

Екі топқа бөлініп ойнаса, екі жетекші тағайындалады да, екі жетекшіден басқа ойыншылар екі-екіден қосылып, өздеріне жасырын ат қояды. Мәселен, біреуі «қоян» болса, екіншісі «бүркіт» болады. Осыдан соң олар басқарушыларға келеді де:

«Бүркіт» керек пе, «қоян» керек пе? — деп сұрайды.

Басқарушының біреуі «қоян» керек десе, «қоян» болған бала соған барады да, «бүркіт» екінші басқарушының тобына қосылады. Міне, өстіп басқа ойыншылар да екі топқа бөлінеді.

Басқарушылар арасында кімнің бірінші сұрайтыны жөнінде де талас болуы мүмкін. Онда алдымен бір басқарушы сұрап, келесіде екінші басқарушы алдымен сұрауы керек. Осылай кезектесіп сұраған жөн.

Кейде бір ойыншыға серік болмай қалады. Ол ойыншы бір қолына шөп, қауырсын, сабан, тас сияқты заттардан бірін екі қолының бірінде жасырады. Жасырылған заттың қай қолында екенін сұрауға кезегі келген басқарушы тапса, онда соның тобына қосылады, таба алмаса, екінші топқа барып қосылады.

Қасқырқақпан

Қасқыр түссе қораға,
Ұстамасқа бола ма?
Қол ұстасып тұрайық,
«Қасқырқақпан» құрайық.

Біздің қақпан болаттай,
Қасқырды тұр жолатпай.
Қасқыр, қасқыр, келіп көр,
Қақпан, қақпан, берік бол!

Ойын тәртібі: Балалар екі топқа бөлінеді. Үлкен тобы — «Қақпан», кіші тобы — «Қасқырлар». Ойнаушылардың бірі жоғарыдағы өлеңді бастайды, қалғандары оған қосылады. Қол ұстасып, дөңгеленіп тұрған балалар өлең аяқталғанша:

Қане, қане, тұрайық,
«Қасқырқақпан» құрайық, —

деген жолдарды қайталап айта береді. Содан соң өлеңнің соңғы шумағы:

Қане, қақпан, берік бол,
Қасқыр, қасқыр, келіп көр! —

деген өлең тармақтарын айтып болысымен, «қақпан» болып тұрғандар бір-бірінің қолын ұстап жоғары көтереді. Ал «Қасқырлар» арғы беттегі қораға өтуге көтерілген қолдардың астына қарай жүгіріседі. «Қасқырлар» осылай өтпек болып жатқан кезде ойын бастаушының «а-а!» белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Балалар жүресінен отыра қалады. Сөйтіп, «қақпан» жабылады. Іште қалғандар «қақпан» тобына қосыла береді. «Қасқырлар» азаяды.

Ойынды кезектесіп жалғастыра береді.

«Соқыр теке»*(I түрі)*

Ойнаушылардың ортасынан бір баланы шығарып, таза орамалмен оның көзін көрместей етіп байлайды да, бірнеше рет айналдырып жібереді. Ойнаушылардың әрқайсысы оны жақындап келіп жан-жақтан түрткілейді. Көзі байлаулы бала ойыншылардың бірін ұстауға тырысады. Егер ұстап алса, сол бала «соқыр теке» болады.

Егер көзі жабулы бала белгілі уақытта ойыншылардың бірін ұстай алмаса, сол «соқыр теке» болып қала береді. Ұстаса, ойынды қайта бастап, бұрынғы тәртіппен қайта жүргізе беру керек.

«Соқыр теке»*(II түрі)*

«Соқыр теке» ойнағанда бүкіл балалар отырады, аяқтарын көсіліп, сонда бір бала бүкіл баланың аяғын санайды. Санағанда былай дейді:

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,
Бесім — бесім,
Алтым — алтым,
Ауыр балтам,
Кім ұшты,
Кәріп ұшты.
Қара жерді,
Жарып ұшты, — дейді.

Сөйтіп бәрі жүресінен отырған барлық балалар «а» деп түрегеледі. Сонда қайсы бірі кешігіп тұра алмай қалған баланы «Соқыр теке» қылады. Көзіне бір бөрікті кигізеді. Сөйтіп, бір бала жетектеп барып:

— Мынау әкеңе, мынау шешеңе бар. Бізден сәлем айт, — деп қоя береді. Сонда әр бала бір түртіп кете береді. «Соқыр теке» болып ортада жүрген бала біреуін ұстаса, сол ұсталған бала «соқыр теке» болады. Ұстай алмаса, тағы да өзі «соқыр теке»

болып жүре береді. Сөйтіп, ойнап-ойнап болған соң балалар тарқап кетеді.

«Соқыр теке»
(III түрі)

Бұзау,
Бота,
Құлыншақ,
Тоқты,
Серке,
Топақ,
Тана,
Тай,
Тайлақ,
Құнан, дөнен, бесті бар,
Малдың жасын айыра біл,
Естіп ал!
Бұқа,
Айғыр,
Қошқар,
Теке бар.
Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал.
Көзін байла, теке-теке, бақ-бақ,
Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Ойын тәртібі: Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың жоғарыда көрсетілген мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Оны жаңа жыл, наурызда, тойлар мен мерекелерде маска киіп те ойнауға болады. «Соқыр теке» ойыны далада ойналғанда дөңгелек сызық сызылады. Балалар осы сызықтан шықпауы керек. Ойын басқарушы ортаға көзі таңылған «Тентек текені» шығарады. Содан кейін балалар:

«Соқыр теке бақ-бақ,
Бізді қайдан таппақ!», — деген өлеңдерді бірден
бәрі қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің
ортасында қалған «соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады.

Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады.

«Соқыр теке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын осылай қайталана береді.

«Соқыр теке»

(IV түрі)

Бұзау,
Бота,
Құлыншақ,
Тоқты,
Серке,
Тай,
Торпақ,
Тана,
Тайлақ,
Құнан, дөнен, бесті бар,
Малдың жасын айыра біл, естіп ал.
Бұқа,
Бура,
Айғыр,
Қошқар,
Теке бар.
Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал.
Көзін байла, теке-теке «бақ-бақ»,
Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Ойын тәртібі: ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей, мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар осы шеңберден шықпауы керек. Ойынды жүргізуші «Тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда «Тентек теке» былай дейді:

Әй, қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсем, сөзім жоқ.
Маған жақын келіңдер,
Бір қыз ұстап беріңдер!

Мұнан кейін «соқыр текені» айнала қоршағандар:

Соқыр, соқыр, соқырақ,
Оң көзіңе топырақ.
Топырағын алайын,
Тотияйын салайын.
Ал ұстап көр, батырым,
Міне, келе жатырмын!

деген өлеңдерді бәрі бірге қосылып айтады. Өлең айтылып болысымен, «соқыр теке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады.

«Соқыр теке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады.

Соқыр теке

Соқыр теке — тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа, ептілікке тәрбиелейтін халық ойыны. Ойынды көбінесе жаздыгүні кешқұрым ашық аспан аясында ойнайды. Ойынға жиналған балалар ойын бастаушыны анықтау үшін өзара жеребе салады. Жеребе шыққан ойыншы «соқыр теке» атанып, оның көзі таңылады. Басқа ойыншылар дөңгелене қоршап тұрады да, ойын басталғанда «соқыр текені» түртіп, қаша жөнеледі. «Соқыр теке» өзін түртушілердің біреуін қоршап қалудың амалын жасайды, ал қалған ойыншылар қолға түспеуге тырысады. Егер «соқыр теке» өзін түрткен ойыншыны ұстап қалса, көзін ашпай тұрып оның атын айтуы керек. Кім екенін тани алмаса, ұсталған ойыншыны босатады да, ойынды әрі қарай жалғастырады. Осылай үш рет қайталанып, төртіншісінде тани алмаса, «соқыр теке» міндетінен айып өтеу арқылы босатылады. Бұдан кейін жеребе қайта салынады. Жеребе түскен

ойыншының көзі таңылып, ойын жоғарыда айтылған шарт бойынша әрі жалғасады. Кімде-кім қолға түсіп, аты дұрыс аталса, сол ән салып, би билейді. Сонан соң көзі таңылады да, «соқыр теке» сол болады.

Бурақотан

«Бурақотан» ойнағанда балалар жиылып бәрі бірінің қолынан бірі ұстап, дөңгелек құрады. Сөйтіп, бір бала бура болады, бір бала іңген болады. Сөйтіп, бура болған баланы қуады. Іңген болған бала қашып, қолдарынан ұстасып тұрған балаларға келіп тығылады.

Ай керек

«Ай керек» ойнағанда балалар жиылып екі қатар болып тұрады. Сонда бір қатардағы балалар анау қатардағы баланың біреуін шақырады. Шақырғанда былай дейді:

— Ай керек-ау, ай керек,
Айдан соңғы не керек?
Қанжығадан қан керек,
Бір адамның ұлы едік,
Бір құданың құлы едік,
Анау тұрған пәленше керек, — дейді.

Сөйтіп, сол шақырған баласы жүгіріп келіп соғып кетеді. Қолынан ұстатқан балалардың қолын айырса, бір баланы алып кетеді. Айыра алмаса, өзі сонда қалады. Сөйтіп, бірін-бірі шақырып ойнайды.

Ақбұзау

«Ақбұзау» ойнағанда көп балалар жиылып келіп ойнайды. Бүкіл балалар етпетінен жерге жатады. Бір бала жатқан балалардың үстіне шығып тұрады. Сонда астындағы бала айтады: — Бұл кім-ау! — дейді. Анау бала айтады: «Мен-ау», —

дейді. «Мен деген кім?», — дейді. «Сеңгірбай пұшықпын!», — дейді. «Нең жоқ?», — дейді. «Ақбұзауым жоқ», — дейді. Ол: «Ақбұзауымды көрдің бе?», — дейді. «Жоқ. Көрмесем де, азан шақырсаң, тауып берейін», — дейді. Сонда азан шақырады:

Аллаху әкбар, Аллаху әкбар,

Аяқ сала, аяқ пәле, — дейді.

Сонда, анау балалардың бірі «ақбұзауыңды мен жедім», — деп қашады. Әлгі балалардың бірі амал қылып, бұзауын жоғалтқан Сеңгірбай пұшыққа «мынау бұзауыңның басы» деп, немесе аяғы деп, шөп пе, тас па бір нәрсе әкеп береді. Ол алып кетіп қалады. Осылай ойын жалғаса береді.

«Біз де»

(I түрі)

Ойынға қатысатын балалар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы бала жұрт алдына шығып, әңгіме айта бастайды.

Егер бастаушы, балалар қосылатын сөз айтса, басқалар «біз де» деп, қосылып айтады да, балалардың қосылмайтын сөзі болса, «біз де» деуге болмайды. Байқамай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойынға қатысушылардың тілегін орындап, айып тартады. Айыптан өн салып, не тақпақ айтып, не билеп құтыла алады:

Ойын жүргізуші:

— Мен көлге барам,

Балалар:

— Біз де!

Ойын жүргізуші:

— Онан үйрек ұстап алам.

Балалар:

— Біз де!

Ойын жүргізуші:

— Үйректің жарымын күшігіме берем.

Балалар:

— Біз де!

Ойын жүргізуші:

— Күшігім жейді.

Осы кезде біреу: «Біз де» — деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала айып тартады. Бұдан соң, ойын қайта басталады. Ойын жүргізуші сөздерді ары қарай өзі құрай береді.

Біз де (II түрі)

Ойынға қатысатын балалар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы бала жұрт алдына шығып, әңгіме айта бастайды.

Егер бастаушы балалар қосылатын сөз айтса, басқалар «Біз де!» деп қосылып айтады да, балалардың қосылмайтын сөз болса, «Біз де!» деуге болмайды. Байқамай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойынға қатысушылардың тілегін орындап, «айып» таратады. «Айыптан» ән салып, не тақпақ айтып, не билеп құтыла алады.

Ал, ойнап көріңдер:

Ойын бастаушы: — Мен көлге барам.

Балалар: — Біз де.

Ойын бастаушы: — Онан үйрек ұстап алам.

Балалар: — Біз де.

Ойын бастаушы: — Үйректің жарымын күшігіме берем.

Балалар: — Біз де.

Ойын бастаушы: — Күшігім жейді.

Осы кезде біреу: — «Біз де!», — деп қалса, ойын тоқтайды. Әлгі қателескен бала «айып» тартады. Бұдан соң ойын қайта басталады.

Міне, ойын осылай жалғаса береді.

Әріп таңдау

Ойнаушы балалар дөңгелене отырады. Бұлардың ішіндегі ересектеуі ойын басқарушы болады. Өзгелерге сауал қоятын да сол.

Ойын шарты: әркім өзіне бір әріпті «А»-ны немесе «Б»-ны таңдап алады.

— Сен қандай әріпті алдың?

— А.

— Ойыншы бала басқарушының одан әрі берген сұрақтарына тек «А» әрпінен басталатын сөздермен ғана жауап беруі керек. Сөздерді көп ойланып тұрмай, тез айтуы шарт.

— Сенің атың кім?

Асан.

Фамилияң кім?

— Ахметов.

— Қайдан келдің?

— Ауылдан.

— Қайда барасың?

— Алматыға.

— Немен барасың?

— Автобустпен.

— Онда не өседі?

— Алма.

— Тағы не өседі?

— Алмұрт, алша, асқабақ.

— Сені Алматыда кім қарсы алады?

— Айдар.

— Оған сыйлыққа не әкелдің?

— Альбом, атлас, аквариум т.б. осындай «А» әрпімен басталатын сөздерді айтуы тиіс. Содан соң ойын бастаушы келесі балаға сұрақтар қояды.

— Сенің таңдағаның қандай әріп?

— «Б».

— Атың кім?

— Бикен.

— Фамилияң кім?

— Болатова.

— Нені жақсы көресің?

- Бақша баптауды.
- Қай сыныпта оқисың?
- Бірінші.
- Бүгін қандай баға алдың?
- Бес.

Ойын бастаушы басқаларға да осыған ұқсас сұрақтар қояды. Ойыншылардың ішінде жаңылатындары да болады. Сұраққа байланысты қала атын, не ағаш атын, құс атауларын шатастыруы мүмкін.

Онда барлық ойнаушылар үш рет қол соғады. Дұрыс жауап бергенде бір рет қол шапалақтайды.

Ал егер ойнаушы бала екінші рет қателескенде, не істеу керек? Онда ол дөңгелене отырғандарды сыртынан жалғыз аяғымен секендеп айналып шығады, не қораз болып үш рет шақырады.

Барлық әріпке дұрыс жауап берілгенше ойнаған жөн.

Қалай айтуды білемін

Бұл — үй жануарларының, аңдар мен құстардың жүріс-тұрысын, даусын дұрыс сипаттап, тілімізде дұрыс айтуға дағдыландыратын аса қызықты ойын. Шаруашылықта, күнделікті тұрмыс-тіршілікте маңызы зор мәліметтер кең қамтылады. Ойын тәртібі төмендегіше жүргізіледі.

Ойынды ересек адам, я болмаса балалардың үлкені басқарады. Ол алдымен ойынға қатысатын балаларды кең бөлмеге (аулаға, жазық алаңға) жинап алып, айнала отырғызады да, ойынды былай бастайды:

Ұқыпты — ұтар,
Іздеген — табар,
Оқыған — озар,
Еріншек — тозар.

Осылай деп мұқият тыңдап отыруды тапсырған соң, ойын жүргізуші енді:

— Кім қалай дауыстай біледі? — деп сұрақ қояды да, оған өзі былай жауап береді:

Өтеш — шақырады,
Есек — бақырады.
Күзен — шақылдайды,
Бақа — бақылдайды.
Шыбын — ызыңдайды,
Шіркей — ызылдайды.
Торғай — шырылдайды,
Бөдене — бытпылдайды.
Қаз — қаңқылдайды,
Бүркіт — шаңқылдайды.
Қарға — қарқылдайды,
Сұңқар — саңқылдайды.
Қой — маңырайды,
Қозы — жамырайды.
Қасқыр — ырылдайды,
Борсық — қырылдайды.
Жылқы — кісінейді,
Сиыр — мөңірейді.
Тырна — тыраулайды,
Мысық — мияулайды.
Жылан — ысылдайды,
Кейбір аң пысылдайды.
Ит — арсылдайды,
Торай — қорсылдайды.
Аққу — сұңқылдайды,
Тышқан — шиқылдайды.
Түйе — боздайды,
Сандуғаш — сайрайды.

Тақпақты айтып болған соң ойынды жүргізуші сол жағында отырған баладан бастап:

— Өтеш қалай дауыстайды? — деп сұрайды.

— Өтеш «ку-ка-ре-ку...у...» деп шақырады, — деп жауап береді ойыншы.

Мұнан кейін келесі отырған ойыншыдан:

— Есек ше? — деп сұрайды.

— Есек «ба...а...аһ» деп ақырады, — дейді кезегі келген ойыншы.

Ойын осылай жалғаса береді. Дұрыс айта алмаған ойыншы өлең, не тақпақ айтып айыбынан құтылады.

Сұрақ біткеннен кейін басқарушы ойынның келесі бөлімдеріне ауысады;

— Кәнеки, балалар, малды қалай шақыруды салайық! — дейді. Сөйтіп өзі:

Биені — құраулап,
Түйені — көс-көстеп,
Сиырды — аухаулап,
Ешкіні — шөрелеп
Шақыра аламыз,
Сауамыз, бағамыз, —

дейді.

Өлең аяқталған соң бұрынғы тәртіппен ойын жүргізуші балалардан біртіндеп:

— Биені қалай шақырамыз? — деп сұрайды.

— Биені «құрау-құрау» деп шақырамыз.

— Түйені қалай шақырамыз?

— Түйені «көс-көс» деп шақырамыз.

— Сиырды ше?

— Сиырды «аухау-аухау» деп.

— Ешкіні ше?

— Ешкіні «шөре-шөре» деп шақырамыз.

Жауап аяқталған соң жүргізуші:

— Ал енді малды суға кім шақыра алады? — деп сұрайды. Егер балалар әлі кішкентай болса, өзі былай деп айтып шығады:

Жылқыны — «моһ-моһ»;

Қойды — «пұшайт-пұшайт»;

Ешкіні — «шөре-шөре»;

Түйені — «сорап-сорап»;

Сиырды — «шәугім-шәугім»;

Итті — «кә-кә»;

Тауықты — «шеп-шеп»;

Мысықты — «піш-піш», — деп шақырады.

Ары қарай ойын жүргізуші ойыншыларға кезек келген жерден бастап, бір-бірлеп малды суға қалай шақыруды сұрап шығады. Жауабын толық алып болған соң:

— Малдың төлдеуін қалай айтады? — деп сұрайды.

Ойынның сөздері балаларға бұрын таныс болмаса, әрі олардың жасы тым кіші болса, жүргізушінің өзі алдымен айтып береді:

Бие — құлындайды,
Қой — қоздайды,
Ешкі — лақтайды,
Түйе — боталайды,
Сиыр — бұзаулайды,
Ит — күшіктейді,
Тауық — жұмыртқалайды,
Мысық — балалайды.

Енді жүргізуші бұрынғы тәртіппен ойыншылардан өлеңде айтылған жануарлардың түрлерін жеке-жеке сұрап шығады.

Сөзді дұрыс айтып, жауабын анық бере алмаған ойыншылар айыпты болады да, дұрыс жауап бергендер жеңіп шығады.

Жеңілгендер көпшіліктің қалауы бойынша ән салып, болмаса тақпақ айтып, не билеп береді.

Ұшты-ұшты

Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнай беруге болады. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыруы шарт. Ұшатын зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса, тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып, тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса, айып шарты ұлғая түседі.

Бастаушы ойынды былайша жүргізеді.

- Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, тұлпар ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, арба ұшты! (Қол көтерілмейді).

- Ұшты-ұшты, тарғақ ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, жарғақ ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты, дауыл ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, қауын ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты, үйрек ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, бүйрек ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты, қыран ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты, жылан ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты, қызғыш ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты сызғыш ұшты! (Қол көтерілмейді).
- Ұшты-ұшты ұзақ ұшты! (Қол көтеріледі).
- Ұшты-ұшты тұзақ ұшты! (Қол көтерілмейді).

Осылайша, жүргізілген ойында жаңылыспаған ойыншы жеңеді.

Шымбике

Ойнаушылардың саны он адамнан кем болмауы керек. Ойын басталмас бұрын арасы бес метрдей екі көмбе белгіленеді. Бірінші көмбеде ойнаушылар топ басқарушының артына қатарға тұрады, ал екінші көмбеде қаламақ айтып белгіленген «Жалмауыз кемпір» (ақсақ) қарап тұрады. Қатардағы ең бірінші ойыншы немесе топ басқарушы «жалмауыз кемпірге» қарап:

— Шым-шым шымбике,
Шымылдығыңды құр, бике,
Ақсақ кемпір тоңқылдақ,
Бұрама темір солқылдақ,
Мына судан қайтіп өтейін? —

дейді.

«Жалмауыз кемпір»:

— Ақсақ кемпір тоңқылдайды,
Бұрама темір солқылдайды,
Көйлегіңді салып өт!

Мұны естіген ойыншы алға бір секіреді де, тағы да:

— Мына судан қайтіп өтемін? — дейді.

— Тоныңды салып өт!

Ойыншы тағы секіреді. Осылайша төртінші рет секіргенде «жалмауыз кемпір» қолынан ұстап өткізеді де:

— Неше аяқ көже ішесің? — деп сұрайды да отырғызып қояды.

Келесі ойыншы да осылай өтеді. Бәрі өтіп болған соң, «кемпір» нөкерінің бірін шақырып алып:

— Адам баласы жалмауыздың қолына түсті, жазалайсың, — деп бұйрық береді. Нөкер бұйрық бойынша неше аяқ көже ішемін деген болса, сонша рет маңдайынан шертеді. Бәрін жазалап болған соң «жалмауыз кемпір» рөлін ауыстырады да, ойын жалғаса береді.

«Сен тұр, сен шық!»

Бұл ойынды 3-4 бала ойнайды. Ойнаушы балалар барлық саусақтарын столдың үстіне салып отырады. Ойынды алғаш бастайтын бала тек сол жақ қолын ғана салады. Оң жақ сұқ саусағымен столдағы саусақтарды санап шығады: бір, екі, үш, төрт... Бұдан соң өзі қалаған бір саусақтан бастап ойынның сан сөздерін айта береді:

1. Бірім-бірім,
2. Екім-екім,
3. Үшім-үшім,
4. Төртім-төртім,
5. Бесім-бесім,
6. Алтым-алтым,
7. Ауыр балтам,
8. Қалың қалтам.
9. Алтай-сәлтай,
10. Балақай-олақай.
11. Олпық,
12. Солпық,
13. Сен бүк (бұл саусақ ішке қарай бүгіледі).

14. Сен тұр (бұл саусақ басын көтереді).

15. Сен шық (бұл саусақ алақанға қарай бүгіліп, саптан шығады).

Кезекті тұрған саусақтан бастап, тағы да әрі қарай жоғарғы сан сөздер қайталанады да, 15-ші сөз: «Сен шық» дегенде, 15-ші саусақ тағы да саптан шығады. Ойынның мақсаты — әркім өз саусақтарын бұрын шығарып әкету. Ең соңында қалған саусақ иесі айып тартады.

Осы 15 ауыз сан сөз неше рет айтылғанда, «Сен шық» деген сөздің кімнің саусағына дәл келетінін есептеп, болжап отыруға болады. Үшінші, кейде екінші саусақ ойынның ең артында қалады. Онда сол бұрынғы кезек тәртібімен әлгі 15 ауыз сөзді айнала қайталай береді.

«Бүк» дегенде бүгіліп қалған саусақтар (яғни 13-ші сөз келгенде) «қасқырдан бұғып қалған түліктің бірі» деп есептелінеді де, сол баланың құлағына былай айқайлайды. Мысалы:

— Бұғып қалған «лақ», — десе:

— «Шөре-шөре» — деп жауап қайтарады.

— «Құлын» десе,

— «Құрау-құрау»;

— «Бұзау» десе,

— «Әукім-әукім»;

— «Қозы» десе,

— «Пұшайт-пұшайт», — дейді.

Ең соңындағы бала үшін ұпай шартын ойнаушылар өздері келісіп белгілейді.

Тауқырайдан

Ойнаушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей мөлшерде дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқасы жалаң бас болуы керек. Ойын бастаушы:

— Тауқырайдан-тауқырайдан, — деп қайталап айта түседі де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көрші де сол сөзді қайталап, оң жақ көршісіне кигізеді. Осылай жалғасып кете береді. Бір мезетте, ойын бастаушы көзін жұмып отырады да:

— Тау-тау, — деп, басын өзі қолымен баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, соған айып салады.

Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүркемелеп, саусақтардың басын ғана көрсетіп, қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

— Ортан қолымды тапшы, — дейді. Екінші бала қарап отырады да:

— Міне, — деп, бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер саусақты дәл тапса, жасырған бала айып тартады, таба алмаса, іздеген бала тартады. Бірақ ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелерді жақсы білуі керек:

I. Бас бармақтан бастап, шынашаққа дейін саусақтардың бір рет түгел атын айтып береді: бас бармақ, сұқ қол, ортан қол, аты жоқ қол, шынашақ.

II. Бұдан кейін саусақтарға: бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек, — деп түгел ат қойып шығады. Бес саусақ түгел жұмылады.

Енді қайтадан бас бармақтан бастап мына сөздерді айтып саусақтарды жазады:

— Сен тұр — қойыңа бар;

— Сен тұр — түйеңе бар;

— Сен тұр — жылқыңа бар;

— Сен тұр — сиырыңа бар;

— Ал сен кішкентай бөбек, әлі жас екенсің, қазанның қаспағын қырып же, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақанның шұңқырына бүгіп, тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр қуырмаш,

Балаларға бидай шаш,

Әкең келсе, есік аш,

Қасқыр келсе мықтап бас, — деп шынашақты шыр айландырып, баланың алақанын қытықтайды. Оларды істеп бола беріп:

— Мына жерде қой бар, — деп баланың білезігін түртеді.

— Мына жерде түйе бар, — деп, білегін түртеді.

— Мына жерде жылқы бар, — деп, білектің жоғарғы жағын түртеді.

— Мына жерде түлкі бар, — деп, қолтығына таман барады да тездете түседі.

— Мына жерде күлкі бар, — деп қытықтай бастайды.

— Қытық, қытық!

Асау мәстек

Ойынға балалар «Асау мәстек» құрады. Ол үшін арасын 4-5 қадам қашықтықта екі мықты қада қағады. Кейде бұған өсіп тұрған екі ағашты да пайдалануға болады. Жерден 50-70 елі биіктікте екі қаданың арасына арқан байлайды да, оның үстіне ескі көрпеше (шапан, тон) салады. Ойын жүргізуші балаларды ойынға тақпақ айтып шақырады:

Әй, ер екенің білейін,
Ешкі сойып берейін.
Тақия алсаң еңкейіп,
Құламасаң теңкейіп,
Ерлігіңе сенейін!

Өзінің ептілігін сынағысы келген ойыншы:

Асау мәстек бұл болса,
Үйретейін көріңіз,
Маған таяқ беріңіз! —

деп, ортаға шығады. Ойын жүргізуші таяқты беріп тұрып, санай бастайды:

Міне, саған таяқ,
Үшке дейін санақ,
Бір...
Екі...
Үш...

Ойынға шыққан бала санақ біткенше таяқтың көмегімен арқанның үстіне атша мініп алуы тиіс те, жерден еңкейіп тақия алады. Жеңіп шықса, ойын ізуші айыпты болады да, жығылса өзі айып тартады.

Айып өлең айту, ән салу, немесе қораз болып шақыру, түйедей боздау, ешкі сияқты маңырау түрінде болады.

«Көги гөк»

Тақпақ (қаламақ) айтып, бір қызды «кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. «Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:

Гөк, гөк, көги гөк,
Гөк, гөк, көги гөк,
Гөк, гөк, көги гөк, —

деп, қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып «кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға «кемпір» ине (шөп, кішкене таяқша, шидің сынығы) беріп: «Жоғалтпаңдар!» дел тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп «кемпірге» келеді. «Кемпір»:

Әлгім қайда?
Әлгім қайда? —

деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей:

Әлгің қайда? —
Қалды сайда! —

деп жауап береді.

— Олай болса, сендердің біріңді алып қаламын, — деп «кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін «кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.

«Үй артында қол ағаш»

Бұл ойынды 10-15 бала, кейде одан да көп бала, бір топ болып ойнайды.

Ойын тәртібі: Қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы не белбеу, не орамал алады да, дөңгеленіп тұрған топтың сыртын айнала жүгіріп былай дейді:

Үй артында қол ағаш,
Желбау тартам, есік аш.

Бұл сөзді бірнеше рет қайталай береді. Дөңгелене тұрған балалар:

Үй артында қол ағаш,
Жел кірмесін, есік бас, —

деген сөзді қайталай береді. Тұрған балалар ұстасқан қолын ажыратпайды. Ол — есік ашпағанның белгісі. Енді:

Үй артында қол ағаш,
Желбау тартам, есік аш, —

деп жүгіріп жүрген бала өзі таңдаған бір баланың артына орамалмен бір соғып қалады да, орамалды сол балаға тастай сала:

Үй артында қол ағаш,
Озам десең, ала қаш, —

деп өзі сол бетімен жүгіре береді.

Осының боларын біліп, әзір тұрған бала да «Қол ағашты» ала сала, әлгі балаға қарай қарама-қарсы жүгіреді. Бұл кезде дөңгелене тұрған балалар:

Үй артында қол ағаш,
Қол ағаштан ала қаш.
Бұрын келген балаға
Тездеп бар да есік аш, —

деп хормен айтып тұрады.

Қол ағаш, қол ағаш!
Жел кірмесін, есік бас! —

деген сөзді барлық бала хормен тағы да айтады. «Есік жабылады». Енді осы қалып қойған бала бәрін қайталап орындайды. Ойын осылай созыла береді.

Ақ сүйек

Кешке, айлы түндерде ойналады. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де, межелі жерде (ағаштың, үлкен тастың, кішке-не төбешіктің қасында) қатарласып тұрады. Осыдан кейін алғашқы топтың бастаушысы ақ сүйекті әлінің жеткенінше алысқа лақтырады. Екінші топ сүйекті іздеуге кетеді, ал бірінші топтың ойыншылары ақырындап сүйек лақтырған тұсқа барып, іздеушілерді сырттай бақылап тұрады.

Сүйекті тапқан ойыншы межеге дейін жүгіріп келуі тиіс, ал қарсыластары сүйекті тартып алуға әрекет жасайды.

Іздеушілер сүйекті қолдан-қолға өткізіп, межеге жеткізеді. Жеткізе алса, қарсы жақтың бір ойыншысын өздеріне қосып алады, жеткізе алмаса олардың бір ойыншысын екінші топ қалап алады. Ол үшін өлең айтылады:

Айгөлек, айгөлек,
Айдың басы дөңгелек.
Тебінгіде тең керек,
Қанжығада қан керек,
Сен шақырсаң, мен керек,
Мен шақырсам, сен керек.
Ақан деген ер керек!

Марламқаш

Марламқаш — жаздың күні ойналатын балалардың көп ойындарының бірі. Бұл былай ойналады: қараңғы түндерде балалар жиналып екі бөлінеді, бір бөлегі киімдерін тастап алысырақ жерге барып, жасырынып жатады. Қалған бөлегінен

жасырынғандар қанша болса, бұлардан да сонша болып, іздеп ұстауға шығады. Сонда бұлар іздеп шығысымен айқайлап жүгіріп жүріп айтатыны:

Марламқаш,
Мені көрсең,
Тұра қаш!

Жасырынған балалар іздеушілер үстіне жақындап келіп қалғанша жата береді. Үстіне өтіп келіп қалса, табанда ұстатпайды, онда тұра қашады. Олардың ойынға жарамайтын жасырақ балаларды киімдерінің қасына қалдырып кеткен белгі-ордалары болады, соған қарай қашуға тырысады. Егер жеткендері болса, ұстап ордаға дейін арқасына мініп келеді. Бұл міну жеткендеріне үлкен бақ деп санайды. Жеткізбей құтылып кету де қашушы балаларға да сондай бір дәреже. Мінгізгеннің қабақтары түсіп, мінгендерінің көңілдері шат болып, жеткізбегендері қуанып, жете алмағандары ұялып, барлығы да ортаға жиылады. Екінші басталғанда әлгі қуған жағы енді жасырынып, қашқан жағы енді қууға шығады, алдыңғы ретше болып кете береді.

Бұл ойында қашса, құтылып, қуса, жететін балаларды таңдасып алып қуады. Мұндай жүйрік балаларды сырын білмейтін бөтен ауылдың балаларының ойындарына қосуға болмаса, өз ауылдарының ойынына араластырмай, өздерінше «бұл жүйрігіміз» деп оны құрметтейді. Бөтен ауылдың жүйрік деген балаларына бәйге атындай ертіп барып, әлпештеп қосады. Бұл баланың жүйріктігіне арналған мойынында тұмары да болады. Сондықтан жүйрік болып, осындай атақ алу үшін жаздыгүні балалардың сүйіп ойнайтын ойындарының біреуі осы «марламқаш» болады.

Ақ серек, көк серек

Бұл ойынға қатысушылар аттасу, ат жасыру арқылы екі топқа бөлінеді. Ашық алаңда ұл-қыз аралас ойнай береді. Аралары 50-60 метр қашықтыққа екі топ қарама-қарсы қарап тұрады. Екі жақ «қолға түсетіндер» үшін арнайы шеңбер сы-

зып қояды. Ойын жеребе бойынша басталады. Ойын бастайтын жақтың басшысы:

Ақ серек, көк серек,
Бізден сізге кім керек? —

деп сұрайды. Ал оған қарсы жақ:

Ай керек-ау, ай керек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Ақ серек пен көк серек,
Шауып алдым бөйтерек,
Сонау тұрған Айнабектің өзі керек, —

деп қарсы жақтың бір ойыншысының атын айтады. Сонымен, аты аталған бала келгенде, қарсы жақтың ойыншылары түгел қолдарын созып, алақандарын жайып тұруға тиіс. Келген ойыншы қатардың алдынан кесіп өтіп, өзі ұратын адам таңдайды. Топтың алдын үштен артық кесіп өтуге болмайды, егер үш рет өткенде де ешкімнің алақанына ұрмаса, ол ойыншының өзі қолға түседі. Ойыншы өзін қуып жете алмайды-ау деген біреуді ұра сап, қашады. Жеткізбей өз қатарына қосылса, қуған ойыншы «Қолға түскендер» шеңберіне барып қосылады. Егер қуған бала қуып жетсе, қашқан ойыншы ұсталады. Сөйтіп, қай жақ көп қолға түсірсе, сол жақ жеңеді.

Айқұлақ

Айқұлақ — көктемнен бастап жаздың ішінде балалардың ойнайтын бір ойыны. Айқұлақты ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң көп балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады: бірі — «қасқыр», бірі — «қойшы», бірі — «ит».

Қасқыр болатын баланың екі шекесіне екі тақияны тікейтіп, орамалмен маңдайын байлап, арқасына киім-кешекті тығып томпайтып, белін астынан буып, қасқыр қылып болған соң, балаларға жуытпай анадай бір бұтаның тасасына жатқызады.

Қойшы болатын баланың үстіне жыртық шапан, басына жаман бөрік кигізіп, қолына бір таяқ беріп, ит болған баланы

қасына ертіп, қойдың қасына жатқызады. Қалған көп балаларды қой қылып, көгендеп қояды. Біраздан соң «қойлар» дүр етіп үркеді, сол уақытта «ит» те абалап, «қасқырменен» арсылдасып қалған кезде, «қойшы» да айтақтап, «лақ-қозыны» айырып қалады.

Сөйтіп «қасқыр» бірде құр кетіп, бірде алып кетіп жүріп ақырында сол «қойлардың» бәрін де тауысады. Міне, бұл ойын осылай бітіп, екінші басталғанда тағы да бұрынғы жолмен басталады.

Арқан тарту

Бұл ойынды ойнау үшін, бес-алты бала тартқанда үзілмейтін арқан және үлкен адамның алақаны көлеміндей екі тақтай дайындап алу қажет. Ол тақтайлардың ортасын арқан өтетіндей етіп теседі. Енді қарды жентектеп, аққалаға ұқсатып үйеді де, оның орта шенінен таяқпен тесіп, әлгі арқанды өткізеді. Содан кейін тақтайшаның екеуін арқанның екі ұшына кигізеді де, тақтайшаларды аққалаға екі-үш қарыстай тақап қалғанда тақтайшалар аққалаға тірелгенде, кейін сырғып кетпес үшін арқанды түйеді. Бәрі дайын болған соң, балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Аққала қалай құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ аққаланы қайта жасайды. Ойын қайта басталады.

Ептілік

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Он-он бес метрдей жерге меже белгіленеді. Әр топтан қолдарында бір кездей түзу таяғы бар екі-екіден ойыншы ортаға шығады да, қатарласа тұрып, таяқты алға созады. Бастаушы қос таяқтың үш жағына бір қарыстай тақтай қояды да, оның үстіне сүйемдей жұмыр таяқшаны немесе қуыршақты тіктеп орналастырады. Сонан соң ойынды бастауға белгі береді. Әр топтың ойынды жүргізуге қатысқан ойыншылары таяқтарын тең ұстап, оның үстіне қойылған заттарды құлатпай, межеленген жерге дейін ба-

рып, қайта оралуға тиіс. Таяқ үстіндегі заттар құласа, ұпайдан құр қалады. Әр кезектің озып келген ойыншысы өз тобына ұпай әпереді.

Осы әдіспен ойынды жеке-жеке жалғастыруға да болады. Жеке ойыншы екі қолына екі қарыстай түзу шыбық алады. Ұшына сіріңке қорабы қойылып, оның үстіне адам бейнелі кішкене қуыршақ орнатады. Сөйтіп, әлгі межеге дейін барып, қайта оралады. Қай топ көп ұпай жинаса, сол жеңіске жетеді.

Алақан соқпақ

Ойынға қатысушылар үйге, не бір оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бір бастаушы белгілейді. Оған сүлгі беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айналыш жүріп, біреуіне: «Алақаныңды тос!» — дейді. Ол тосады. Сол кезде, бастаушы оның алақанына ширатылған сүлгіні тигізеді де, тез тартып **алып**: «Сүлгі қайда?» — деп сұрайды. Сонда **әлгі** ойыншы: «Анада», — деп, біреудің атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрады да, алақанын тосады. Бастаушы оның да алақанына сүлгіні тигізіп: «Сүлгі қайда?» — деп сұрайды. Әлгі ойыншы бір ауыз өлең айтады. Сонан соң: «Сүлгі анада» — деп, екінші біреуді көрсетеді. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып, ән салғандарға ұпай жазылады. Кім көп ұпай жинаса, сол жеңімпаз аталады.

Қазан доп

Жазық алаңға үлкен дөңгелек шеңбер сызылады да, дәл ортасынан тереңдігі 10 елідей шұңқыр қазылады. Бұл — қазан шұңқыр. Шеңбер сызық пен шұңқырдың аралығы жарты метрдей болуға тиіс. Ойынды бес-алты ойыншы ойнай береді. Әр ойыншы өзіне ұзындығы бір жарым метрге жуық, ұшы қайқылау таяқ әзірлейді. Үлкендігі орташа доп пайдаланылады. Ойынды жүргізушілер қазан шұңқырдың сыртындағы шеңбердің бойымен аралығы 2-2,5 метрдей қашықтықта өздеріне кішкене ұя қазады да, таяқтарының ұшын соған тіреп тұрады. Жеребе бойынша бір ойыншы доп айдаушы болады. Ол

допты қазан шұңқырға түсіруге айла іздейді. Басқалар қазанды қорғайды және өзінің ұясын доп айдаушыға алдырмауға тырысады.

Егер айдаушы допты қазанға түсіретін болса, басқа ойыншылар орындарын жылдам ауыстыруы керек. Осы қарбаласта доп айдаушы біреуінің ұясын иеленіп алуға тиіс. Ұясыз қалған ойыншы доп айдаушы болады. Ойынға қатысушылардың саны көп болса, бірнеше доп айдаушы белгіленеді.

«Қыз доп» ойыны

Ерте кезде қазақ ауылының жас балалары ойнайтын ойынның бірі — «Қыз доп». Жас балалар жиналып, топталып бір жерден кішірек шұқанақ қазып алады. Ол шұңқырдың айналасында жиналған көпшілік жастардың әрқайсысының қолында таяғы (шоқпар, ұшы қайқы) болған. Олар топай буынды қолындағы қайқы таяқтарымен домалатып әкеліп, ортадағы шұқанаққа кім бірінші түсіруге әрекет жасайды. Ортада қазылған шұқанаққа қарауыл боп қыз тұрады. Сондықтан ойын «қыз доп» деп аталады. Кімде-кім бірінші болып қыз қорғап тұрған шұқанаққа топай сүйекті түсірсе, ол бала қақпашы қызға айтқан айыбын өтетеді. Мысалы, ән айту, би билеу деген сияқты.

«Жүгірме доп»

Бұл «Жүгірме доп» ойының құрылысы «қыз доп» ойынына қарағанда өзіндік өзгешелігі бар. Көшіп-қонып жүрген қазақтың балалары да жол жүріп бара жатып та ойын-күлкісін тастамаған. Бұл «жүгірме доп» ойынын ойнау үшін допты топай сүйек немесе малдың асығынан емес, бір-біріне лақтырып ойнағанда қатты тимеу үшін сиырдың түлеп тұрған қылшық жүнінен су бүркіп, дөңгелетіп илеу арқылы дайындалған. Оны «жүн доп» деп те атаған. «Жүгірме доп» ойыны жиналған балалар арасында екіге бөлініп ойналған. Бірінші бөлімдегі балалар бір допты бір-біріне асыра лақтырып іліп алып, екінші бөлігіндегі балаларды қуып жетіп, жақындап барып доппен ұрып дәл тигізуге әрекет еткен. Қолындағы добын бір-біріне

асырып, лақтырып жүрген балалар допты абайсызда бөлімдегі балалардың қолына түсіріп алса, оларды өз добымен өздерін ұрып, қуа жөнеледі. Қолынан добын алдырып қойған бөлімінің балалары белгіленген мәреге тез жетіп алуға, доп соқтырмауға әрекет етеді. Бірінші бөлімнің балалары ұрған доп тисе, екінші бөлімдегі сол бала ойыннан шығып қалады. Осылай бірінен соң бірі доппен дәл тигізіп ойыннан біртінде шығарып бітсе, сол бөлім жеңіске жетеді. Ойын қайта басталады.

«Бәлләй!»

Ойынға қатынасушылар екі топқа бөлінеді («А» және «Б»). Ойын үшін ұзындығы бір кездей таяқ пен жұдырықтай доп керек. Екі топтан екі адам белгіленеді. Сонан соң алаң шетіне көлденең сызық сызылады. Қай топтың ойынды бастайтынын анықтау үшін жеребе тасталады. Жеребе шыққан топтың ойыншысы таяққа, оның қарсыласы допқа ие болады. Екі ойыншы көлденең сызық бойында біріне-бірі қарама-қарсы қарап тұрады. Аралықтары сілтеген таяқ жетпейтіндей болуы керек. Басқа ойыншылар алаңға шашырай орналасады.

Таяқ ұстаған ойыншыға қарсыласы («Б») қолындағы допты әуелете тастап беріп тұрады. Таяқты ұстаған («А») ойыншы сол кезде әлгі допты жерге түсірмей, алаңға қарай соғады. Басқа ойыншылар допты қағып алуға тырысады. Ешкім ұстай алмай, доп жерге түссе, доп тастап тұрған топтың бір баласы допты қолына алып, сөреге дейін:

«Бәллі, бәллі, бәлләй! Бәллі, бәллі, бәлләй!» — деп, дем алмай, жүгіріп баруға тиіс. Сөреге жетпей тыныс алып қойса, қарсы топқа ұпай жазылады.

Ал әуелеп келе жатқан допты бұл топтың ойыншысы ұстап алса да ұпай жазылады. Сол сияқты «бәллі, бәллі, бәлләй!» деп жүгірген бала тыныс алмай сөреге жетсе, допты соғу кезегі сол топқа өтеді. Таяқ ұстаған ойыншы допты соға алмай қалса да, кезек ана топқа ауысады. Допты тастап беріп тұрған топтың ойыншысы әуелей ұшқан допты қағып алса да, таяқ соғу кезегіне ие болады. Осылайша, қай топ өз ұпайын көбейтсе, жеңіске жетеді.

Ойынды үш-төрт бала ойнай береді. Мұнда әр бала допты қағып ап, немесе доп түскен жерден доп соққан бала тұрған жерге дейін: «Бәллі, бәллі, бәлләй!» — деп, жүгіріп кеп, доп соғу кезегіне ие болады. Сол кезде бұған дейін доп соғып тұрған бала енді допты тастап берушінің міндетін атқарады. Сөйтіп, доп соғу және тастап беру кезегі жеңіс арқылы ауысып отырады.

«Теңге ілу»

Ойынға қатынасушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбық мінеді.

Ойынды бастаушы жүргізеді.

Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады да, сызыққа келіп, қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп, қол сұғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі өтіп кетеді. Шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.

Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Ортаға түспек

Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Ойын үлкен алаңда өтуі тиіс. Жерге көп бала сиятындай үлкен төрт бұрыш сызылады. Бірінші топ сол төрт бұрыштың ішіне енеді де, екінші топ сырттан орын алады. Ойын басталған соң сырттағы ойыншылар тік төрт бұрыштың ішіндегі ойыншыларды бір доппен дәлдеп ұра бастайды. Доп тиген бала сызықтың сыртына шығарылады. Егер ол денесіне дарытпай, әрі жерге түсірмей, допты қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін кіргізіп алады. Тік төрт бұрыштың ішінде жалғыз ойыншы қалғанда, ұтып жатқан топ оған 10 не 20 рет айналуға айып бұйырады. Ол бұл сыннан құламай өтсе, сырттағы өз тобын түгел ішке кіргізіп алады.

Егер айнала алмай құлап қалса, өзі де сыртқа шығып, ішке ұтқан топ кіреді.

Қара құлақ

Ойынға бес-он бала қатысады. Оңаша жерге топтасады. Өз араларынан қаламақ айтып бір баланы қазық етіп, арнайы белгілейді. Қазық жатқан жерінен қозғалмай қала береді. Басқалары ары таман кетіп қалады. Содан кейін ойынға қатынасушылар қазық — ойыншыны алыстан қоршап, бірте-бірте жақындай түседі. Таяп кеп:

— Мына жатқан кім? — деп шошынғандай бірінен-бірі сұрасады. Біреуі:

— Ойбай-ау, бұл «Қара құлақ» қой! — деп, тұра қашады. Басқа ойыншылар да:

— Қара құлақ! Қара құлақ! — деп, жан-жаққа қаша жөнеледі. «Қара құлақ» тұра қуады. Қолға түскен бала «қара құлақ» болады. Ойын қайта басталып, сол ретпен жүре береді.

«Етек-етек»

Мұнда бір бала «жалмауыз кемпір» болады. Қалғандары — түйе, оның ботақандары. Ең алдында түйе, одан соң бір-бірінің артқы етектерінен ұстап ботақандар тұрады, бойға қарап, ең кішкентайы артқа барады.

«Жалмауыз кемпір» мен түйе бетпе-бет тұрады. Түйені әрі-бері алдап тұрып «жалмауыз кемпір» ең артқы ботақанды ұстап алуы керек, түйе оған мүмкіндік бермеуге тиіс. Барлық ботақанды «жалмауыз кемпір» ұстап біткенше ойын созыла береді.

Мысық пен тышқан

Бір топ балалар жиналып қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады. Ортасына екі баланы шығарады, бұл екеуінің бірі — мысық, бірі — тышқан болады. Мысық тышқанды қуып ұстайды.

«Ұстатпаймын» деп «тышқан» қашады. Неғұрлым «тышқан» ұстатпаса, ойын соғұрлым қызық болып шығады.

Дәл басу

Бұл ойын көп, аз демей, жиналған балалардың қатысуымен ойнала береді. Балалар жиналып болған соң, бір бала тас (итаяқ, кішкене орындық) сықылды затты тікесінен қойып, осыны дәл басу үшін балалардың көзін кезекпен байлап, 15-20 қадамдай жерге апарып тұрады. Көзін байлаған бала қадамдап келіп, тігулі тұрған нәрсені дәл төбесінен басуы керек. Баса алмаса, айып тартады. Кім дәл басса, сол бала жеңіп шығады.

Ойын көгалда, жазық алаңда, тегіс аулада өткізіледі.

Даусынан біл

Бұл ойынды екі топтың балалары екі жақ болып ойнайды. Бір баланы (қаламақ арқылы бөліп) көзін байлайды да топтан шығарып, қалғандары қол ұстасып шеңбер жасап, айнала жүріп, өлең айтады. Екінші топтан бір бала шығып, көзін байлаған баланың қарсы алдына барып айтылған өлеңнің бір сөйлемін, не бір сөзін айтады. Көзін байлаған бала қасындағы баланы таныса, оның көзін байлап, өз орнына тастап кетеді. Кім екенін білмесе, ойын сол күйінде ойнала береді.

Осы ойынды басқаша ойнауға да болады. Көзін байлаған баланың қолына бір таяқ беріп, қалғандары айнала жүгіреді. Көзі байлаулы бала айнала жүгіргендерге «Тоқта!» — дегенде өзгелері тоқтай қалады. Сөйтіп, ол айнала тұрғандардың бірін таяқпен ақырын түртеді... Түрткен қалпында «ду-ду» деп дыбыс береді. Таяқ тиіп тұрған бала «ми, ми» деп жауап қайтарады. Жауап қайтарған кім екенін тани алмаса, көзін байлаған бала сол қалпында қалып қояды. Қашан тапқанда барып орын алмастырады. Таба алмаса, қарсы топқа бір ұпай, тапса, өз тобына бір ұпай қосылып отырады. Қай жақ көп ұпай жинаса, сол жақ ұтады.

Күшің жетсе, үзіп кет

Екі топ балалардың қатысумен ойналады. Екі топ екі жақта тұрады. Араларының қашықтығы 15-20 қадамдай болады. Бір жағында тұрған балалар былай деп шақырады:

Қанжығадан қан керек,
Тебінгіден тең керек.
Сонау топтың ішінен
Әл-күші кем сен керек! —

деп, қарсы топтың біреуін нұсқап көрсетеді. Шақырылған бала ұстасып тұрған топтың бір жерінен бар пәрменімен үзіп өтуге тырысады. Үзіп шықса, сол жерден екі ойыншыны өз тобына алып кетеді. Үзе алмаса, қарсы топта қалып қояды. Белгіленген уақытқа дейін қай жағының тұтқыны көп болса, сол жағы ұтқан болып есептеледі.

Жаңылма

Бір топ балалар қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын далада, үйде, аулада өткізіледі.

Байқап қал!

Бұл ойынға екі топтың балалары қатысады, топ басшылары стол үстіне 15-20 ұсақ нәрселерді (қалам, түрлі ойыншық, кішкене сурет т.б.) қойып, бетін шүберекпен жабады, екі жағының да топ басқарушылары өзгелерге көрсетпей стол үстіндегі нәрселердің тізімін жазып алады. Балаларға бір минут қаратқаннан кейін шығарып жіберіп, оларға көрген нәрсенің

тізімін жазып келуді тапсырады. Қай топтың балалары стол үстіндегі көрген нәрселердің түрін көп жазып келсе, сол топ ұтқан болып саналады.

«Батыр»

Бірінші бала:

— Көлге барасың ба?

Екінші бала:

— Барамын.

Бірінші бала:

— Шөлге барасың ба?

Екінші бала:

— Барамын.

Бірінші бала:

— Қорықпайсың ба?

Екінші бала:

— Жоқ.

Бірінші бала оның көзіне таяп келіп «суф» деп үрлеп қалады. Кірпік қақса, жеңіледі.

II. Ойын өлеңдер

Қаламақ (I түрі)

Қағаз, қалам
Қолға алам,
Елге барам,
Малшы болам.
Сиыр бағам,
Ешкі сауам,
Отын шабам,
Оны жарам,
Отын жағам.
Он атта
Оң жаққа.

Қаламақ (II түрі)

— Қоян қашқын,
Қайда қаштың?
— Тоғайға қаштым.
— Неге қаштың?
— Сенен састым.
— Неге састың?
— Ізімді бастың.
— Ендеше қашпа.
— Мылтығыңды таста.

— Аузыңды аш та,
Он сөз — зыт тез!

Қаламақ
(III түрі)

Жылқы-мылқы,
Ойын-күлкі,
Сиыр-миыр,
Ешкі-мешкі,
Түйе-мүйе,
Қой-мой,
Қозы-мозы,
Торғай-морғай,
Қос сөздер осылай.
Он атта
Сол жаққа.

Қаламақ
(IV түрі)

Өгіз семіз,
Жылқы қонды,
Түйе қомды,
Ешкі майлы,
Шажырқайлы.
Сиырым сүтті,
Саулығым құтты.

Қаламақ
(V түрі)

Қарға, қарға, қарғалар,
Қанатымен жорғалар,
Есенбике жеңгелер,
Күміс тонын түймелер,

Атой салдым қабақта,
Мейіз салдым табаққа.

Қаламақ

Ойын алдында балалар екі жетекші сайлайды, содан соң екі-екіден жұптасып, өздеріне жасырын ат қояды. Сол жасырын ат бойынша екі жетекшіден кезек-кезек қалауын сұрайды. Мысалы: «Аспандағы жұлдыз керек пе, судағы құндыз керек пе?» Жетекшінің бірі: «Судағы құндыз» дейді. «Құндызбала» сол жаққа шығады. Осылайша олар екі топқа бөлінеді.

Аспандағы жұлдыз керек пе,
Судағы құндыз керек пе?

* * *

Ақ сандық па,
Көк сандық па?

* * *

Түйенің ботасы керек пе,
Жердің жотасы керек пе?

* * *

Алтын асық керек пе,
Күміс қасық керек пе?

* * *

Тебеген бие керек пе,
Қашаған түйе керек пе?

* * *

Көлшіктегі көлбақаны аласың ба,
Тастақтағы тасбақаны аласың ба?

* * *

Кімге ат,
Кімге арба?

Қаламақ

Бір, екі,
Жердің беті.
Сары шымшық,
Тез ұшып шық!

* * *

Шал мен кемпір келе жатып,
Арбасының доңғалағы сынып қапты.
Оны жөндеу үшін неше шеге керек?
Бір,
Екі,
Үш,
Төрт,
Бес,
Алты,
Жеті —
шығып кетті!

* * *

Ақ тас, қара тас,
Сен қаш, сен бас.

* * *

Тапқан — тапқандыкі,
Ешкі — баққандыкі.

Ірімшік, ірімшік

Ірімшік, ірімшік,
Сен тұр, сен шық!

Тоқтышақ ойыны*(қаламақ)*

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,
Бесім — бесім,
Алтым — алтым,
Алты малтам,
Алтын балтам,
Сары ала қаз
Саңқылдауық,
Қырман тауық
Қырқылдауық.
Сен кір, сен шық.

Кім керек?*(қаламақ)*

— Ақ серек,
Көк серек,
Бізден сізге кім керек?
— Ақ шанап,
Көк шанап,
Ішінде бар көп шанап.
— Ақбай;
— Көкбай;
— Боранбай;
— Ботабай;
Ай, зу-у-у...
(жарыса жөнеледі)

Ақ серек, көк серек

Тем-тем, тем еткен,
Тебінгіден тер өткен,

Қанжығадан қан өткен,
Қарағай басын қайырған,
Жаудан жылқы айырған.
Ай керек-ау, ай керек,
Айдың басы дөңгелек.
Ақ серек пен көк серек,
Шауып алдым бәйтерек,
Сонау тұрған баланың
Өз басы керек.

Ақ сандық, көк сандық

Ертең аулым көшеді,
Уық бауын шешеді.
Ала тайым ойнайды,
Қара тоқтым қашады,
Құмалағын шашады.
Ақ сандық,
Көк сандық,
Арқан тарт,
Кілем арт!

Жасырынбақ

Бірім,
Екім,
Тығыл!
Бекін!
Мен санайын:
Сен бол дайын.
Сары шымшық,
Сыртылдауық.
Сен тұр,
Сен шық!

Көз қарасу ойыны

Көзім, көзім, көз айна,
Көзімде бар шоңайна,
Шоңайнасы кіреді,
Жұм көзіңді, абайла.

Ойыннан шығу

Аттым, баттым,
Тұрдым, жаттым,
Куф, суф,
Шаршадым, ух!

Соғыс ойыны кезінде

Құп болады, генерал!
Үш дұшпаның жарадар.
Қашып кетті бесеуі,
Қалғандарын санап ал.

* * *

Аттым, баттым,
Батпаққа баттым.
Батпақтан шығып,
Сені аттым.

«Серік-серік» ойынына айтылатын өлең

Дегенде қалың қамыс, қалың қамыс,
Ішінде қалың қамыс атпен жарыс.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, замандас,
Бергенім серігімді болар намыс.

Ендеше мия аламын, мия аламын,
Мияны төкпей-шашпай жия аламын.

Беруге сіздің жаққа, беу, қарағым,
Қалайша серігімді қия аламын.

Дегенде қарағай ма, қарағай ма,
Қара аттың жал-құйрығын тарамай ма?
Серігімді сұрайсың, беу, замандас
Серігің серіктікке жарамай ма?

Ендеше үрсін-дүрсін, үрсін-дүрсін,
Көзіңнің алды күлмей, арты күлсін.
Серігімді қалайсың, беу, замандас,
Серігім, барам десе, өзі білсін.

Дегенде әлі уақта, әлі уақта,
Сары самаурын қайнайды сәрі уақта.
Кішкенедең бірге өскен құрбыларым,
Бермеймін серігімді сіздің жаққа.

Ендеше дөнен кер ме, дөнен кер ме,
Зулап ұшқан құстаймын өлең десе.
Серігімді сұрайсың, беу, замандас,
Бермеймін серігімді жөні келсе.

Дегенде аппарат-наппар, аппарат-наппар,
Біздерде, өлең десең, бірер қап бар.
Сұраймын серігіңді, беу, құдаша,
Бермесең, өлеңменен ұстап ап қал.

Дегенде адыр-қырат, адыр-қырат,
Жасайық тамашаны басты құрап.
Бермеймін қасымдағы серігімді,
Болма әуре бізден бұл жол серік сұрап.

Ендеше мия аламын, мия аламын,
Мияны төкпей-шашпай жия аламын.
Бірге өскен кішкентайдан, ой, замандас,
Беруге серігімді ұяламын.

САНАМАҚ*(I түрі)*

Бас бармақ,
Балан үйрек.
Ортан терек,
Шылдыр шүмек.
Кішкене бөбек.

Сен қозыңа бар,
Сен лағыңа бар,
Сен тайыңа бар,
Сен бұзауыңа бар.

Мына жерде май бар, қазы-қарта бар, көмпит бар, жаңғақ бар, ет бар, қант бар, құрт бар, мына жерде кішкене ғана күлкісі бар, күлкісі бар.

Санамақ*(II түрі)*

Бір дегенім — бөрік,
Кисең бойға көрік.
Екі дегенім — етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім — ішік,
Теріден тігер пішіп.
Төрт дегенім — тымақ,
Қыста кисең, жылы-ақ.
Бес дегенім — байпақ,
Іші жылы тайпақ.
Алты дегенім — алқа,
Мойныңа тақ ал да.
Жеті дегенім — жейде,
Кір болмасын кейде.
Сегіз дегенім — сеңсең,
Жылысы тонның кисең.
Тоғыз дегенім — телпек,
Болма, бала, төнтек.

Он дегенім — оймақ,
Жүрме босқа ойнап.

Санамақ
(III түрі)

Бірім — бір,
Екім — екі,
Үшім — үш,
Төртім — төрт,
Бесім — бес,
Алтым — алты,
Жетім — жеті,
Сегізім — сегіз,
Тоғызым — тоғыз,
Оным — он.
Он бірім —
Оны тапшы ай-күнім?
Бір дегенің — білеу,
Екі дегенің — егеу.
Үш дегенің — үскі,
Төрт дегенің — төсек,
Бес дегенің — бесік,
Алты дегенің — асық,
Жеті дегенің — желке,
Сегіз дегенің — серке,
Тоғыз дегенің — торқа,
Он дегенің — оймақ,
Он бір — қара жұмбақ.

Саусақ санау ойыны

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш!
Тауықтарға тары шаш!
Бас бармақ,
Балалы үйрек,

Ортан терек,
Шүлдір шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр, — қойыңа бар!
Сен тұр — қозыңа бар!
Сен тұр — жылқыңа бар!
Сен тұр — сиырыңа бар!
Сен тұр — түйеңе бар!
...Ал сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап,
Үйде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар...
Мына жерде қатық бар...
Қытық, қытық!

Сан ішінде кім ұтты?

— Біреу дедік,
Екеу дедік,
Үшеу дедік,
Төртеу дедік,
Бесеу дедік,
Алтау дедік,
Жетеу дедік,
— Сан ішінде кім ұтты?
— Біреуден бастап,
Жетеу ұтты.
— Онды қайда тастадың,
Оңға қарай бас адым.
— Неше рет «еу» дедік?
— Алты рет «еу» дедік.
— Неше рет «ау» дедік?
— Бір рет «ау» дедік.
— Алтыны «ау» дедік,
«Ау» десіп түгел жөнелдік.

Ойлап тап

Түйе, бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос-қос лақты қос ешкі.
Төрт қозылы екі қой,
Берін бірге ойлап қой.

Түлкішек...

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Апам үйіне барамын.
Апаң үйі не берер?
Ешкі сауып сүт беред,
Лақ сойып пұт беред.
Оны қайда қоясың?
Жалпақ тасқа қоямын.
Қатып қалса, қайтесің?
Қатыр-құтыр шайнаймын.
Жағың сынса, қайтесің?
Тал жібекпен байлаймын.
Қан болып қалса, қайтесің?
Су түбіне байлаймын.
Ағып кетсе, қайтесің?
Үңгір-үңгір қуамын.
Жеткізбесе, қайтесің?
Жылай-жылай қаламын.

Тұрмыстық білімдерге қызығу құмарлану, ләззаттану жөніндегі жырлар

Қас қарайғаннан кейін қазандағы тамақ пісіп ошақтың отын тартып тастайды (көбінесе, сүт пісіріп, ірімшік қайнатқанда) осы кезде қазанның түбінде жұлдызша жымындаған қалың от ұшқындары пайда болады. Сонда балалар откиізге екпеттеп жатып алып, жаңағы от ұшқындарына қарап:

Ешкім, ешкім егіз тап,
Егіз тапсаң, сегіз тап,
Сегіз тапсаң, семіз тап, — деп айтады.

Бұрын бұл да балалардың ермегі, бір түрлі ойын түрі есептеледі.

* * *

Бұрын балалар бір нәрсесін жоғалтып алып таба алмай іздегенде, сол қолының алақанына түкіріп алып, оң алақанның қырымен түкірікті кесе ұрады. Жоғалтқан нәрсесі кесе ұрғанда ұзағырақ шашырап түскен түкірік жағында деп есептейді. Әрі:

Саған табыл,
Маған табыл,
Табылмасаң, тасқа шабыл, — деп айтып іздейді.

* * *

Балалар от тамызғанда, шырпыны тұтатып жібергеннен кейін:

Қоян шабан от жүйрік,
Қоян шабан от жүйрік, — деп от маздағанша қайталай береді.

* * *

Балалар торғайдың ұясын бұзып, жұмыртқасын шақса, торғай былай деп қарғайды деп айтады:

Торғай, торғай атым бар,
Бір жапырақ етім бар.
Әкең жауға кеткенде
Шешең өліп, жетім қал.

III. Айтыс ойыны

Балалар айтысы

Бала:

Домбырам басы ырғайды,
Қыздар қолын бұлғайды.
Бұлғаса да бармаймын,
Өлдене деп қарғайды.

Қыз:

Домбырам басы ырғай-ды,
Қыздар қолын бұлғайды.
Шақырғанда бармасаң,
«Көк шешек» деп қарғайды.

Бала:

Ол қарғысың өзіңе,
Екі қара көзіңе.
Қыз қарғысы өтпейді,
Маған тіпті жетпейді.

Қыз:

Кәмпітімнен бермеймін,
Енді саған ермеймін,
Маңайыңа келмеймін.

Қыз бала мен ұл баланың айтыс ойыны

Ұл:

Қыздар, қыздар құртыңнан,
Қуып келдім жұртыңнан,
Сол құртыңнан бермесең,
Тесіп шықсын ұртыңнан.

Қыз:

Бала, бала, қырт бала,
Аузымдағы құрт, бала,
Сілекейлеп берейін,
Сусын болсын жұт, бала.

Ұл:

Қасқыр, қасқыр қара ала,
Бауыр жүні сары ала,
Біздің қойды арала,
Қыздардың қойын жарала.

Қыз:

Қасқыр, қасқыр қарасың,
Қасқыр қайда барасың,
Мына баланы жей ғой,
Қойды қайдан табасың.

Ұл:

Қасқыр, қасқыр қара ала,
Өтірікке қарама,
Қой болмаса далада,
Осы қызды жарала.

Қыз:

Маң төбетім барады,
Қасқырларды алады.
Содан кейін сен, бөлем,
Тап өзіңді қабады.

Сан айтысы

- Бір!
- Бізің кір!
- Екі!
- Маңдайынан шекі.
- Үш!
- Мені жеңбек күш.
- Төрт!
- Тас төбеге өрт.
- Бес!
- Майлы құлақ кес!
- Алты!
- Ата-ананың салты.
- Жеті!
- Жемтік қойдың еті.
- Сегіз!
- Қойың тапсын егіз!
- Тоғыз!
- Есі жоқ хайуан доңыз.
- Он!
- Кигенің тон.
- Он бір!
- Мені үйіңе қондыр!
- Он екі!
- Орал тауға жол екі.

Бала мен шілдің айтысы

Азырақ өлеңімді ал бастайын,
Балалық албырттықты мен тастайын.
Жолығып қозы бағып жүргенімде,
Болған соң айта салдым сөзім дайын.

Айтқанда осы өлеңді аз ойландым,
Өмірдің көп сырына қайран қалдым.
Бәйшешек, көк шалғында маужыраған,
Ермегі өлең деген жайған малдың.

Дөңестің қозы бақтым бауырына,
Отырдық жердің таңдап сауырына.
Ұстап ап байғұс шілді еріккен соң,
Өлең ғып айтып келдім ауылыма.

Қиысы кейде нашар осы өлеңнің,
Бір шілге қолға түскен аз бөгелдім.
Жел сөздің желдей ескен арқасында
Өлең ғып әлгі шілді ал жөнелдім.

Айтыстым әлгі шілмен сол арада,
Көрсеттім өктемдікті бейшараға.
Сүйретіп жалбыратып ұстап алып,
Бастадым осы өлеңді ен далада.

Жоқ еді көкте бұлт, жерде қылау,
Білмейтін албырт кезім елді сыйлау,
Оралған қыл тұзаққа байқұс шілмен
Айтысып айтқан сөзім сонда мынау.

Бала:

Шілмісің, кекілікпісін, неменесің?
Беткейге, тұзақ құрсам, кез келесің.
Қаңғырып қайдан келдің сорлы байғұс,
Шілім-ау, шыныңды айтшы, енді өлесің.

Жаудырап шіл байқұстың екі көзі,
Кездейсоқ тұзағыма келген кезі,
Жалынып қоя бер деп өлең айтып,
Сондағы байғұс шілдің айтқан сөзі.

Шіл:

Екеуі: шіл, кекілік ағайынды,
Жаныңа өлең айтып жағайын-ды.
Аға-екеш, мені өлтірмей қоя берші,
Жақсылық етіп баян бағайын-ды.

Бала:

Атымның соған бола қылын жұлдым,
Беткейге қылын жұлып тұзақ құрдым.
Бидайды тұзағыма шашып қойып,
Затыңды бөлем сенің сөйтіп ұрдым.

Шіл:

Обалы жұлған қылдың менде болсын,
Жақсылық пайдасымен сенде болсын,
Аға-екеш, мені өлтірмей қоя берші,
Және де мал мен басың тең боп өссін.

Бала:

Әй, шілім, кішкенеңнен жорғалайсың,
Тау-тастан қырғи көрсең қорғалайсың.
Шілім-ау, арықпысың, семізбісің,
Ұстатшы төс етіңнен, сен қалайсың?

Шіл:

Сен ұстап төс етімді не қыласың,
Бір шапан екеу ара жамыласың.
Ағатай, мені өлтірмей қоя берші,
Бір қасық қанды жүктеп не қыласың?!

Бала:

Түсімде бөрте атыма мініп жүрмін,
Тау-тастан қырғи қоймай жиып жүрмін,
Шілім-ау, осы түсті жорып берші,
Жүніңді тап-тақыр ғып жұлып жүрмін.

Шіл:

Шіліңіз, жаман айтса, назар болар,
Адамға тағдыр жетсе, қаза болар.
Түсіңіз түске ұқсасын мен жориын,
Бақ қонып сарайыңыз таза болар.

Бала:

Ой, шілім, бара қойшы жаның сақтап,
Жібердің осы құрша мені мақтап.

Қолына қырғи, сұңқар қалма түсіп,
Жүргейсің қысы-жазы мені жақтап.

Шіл:

Ағатай, мол-ақ екен амалдарың,
Басына талай сеңгір самалдармын.
Егерде жайылымға ұзап кетсек,
Болмасын ағайымның көңілі жарым.

Бала:

Келемін қозы айдап ылди-ойдан,
Шыға алмас қозы қарғып терең жардан.
Шырағым, тау-тас кезіп ұзап кетпей,
Жесеңші біздің үйде көп бидайдан.

Шіл:

Жемеймін бидайыңды көп те болса,
Болады өзіме ас шөп те болса,
Бір күні жардай қылып сойып тастар,
Бидай жеп, мен семіріп етті болсам.

Бала:

Қонады біздің ауыл қиыр шетке,
Сені мен өлтірмеймін биттей етке
(Қолымнан бара қой деп ұшырып ем,
Әлгі шіл ұшып барып қонды бетке).

Шіл:

Мен өзім қорқа-қорқа қор болдым ғой,
Сен дағы құдайдан да зор болдың ғой.
Әй, бала, теңдік алдым, қолым жетті,
Терезем терезеңмен тең болды ғой.

Бала:

Қарашы мына шілдің ұшуына,
Ізің жоқ жерде менің түсуіме.
Қайтадан, шілім, қолға түсе қалсаң,
Қамшымен мен даярмын күсуіме.

Шілменен аз сөйлестім мәслихат құрып,
Жамағат тыңдадыңыз мойын бұрып.
Өлгі шіл бір қарамай кетті ұшып,
Қамшымды отыра кеттім лақтырып.

Өлеңі жас баланың саусылдайды,
Сарқылып тау суындай таусылмайды.
Ерігіп қозы жайып жүрген шақта
Өлең ғып жүруші едім осындайды.

Қатесін кешірерсің үлкен аға,
Көңілің жас кезіңде пара-пара.
Азырақ қара сөзді тізбектедім,
Балалар, қате жерін түзеп қара!

IV. Мақал-мәтелдер

Өнер-білім туралы

* * *

Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.

* * *

Оқу — білім бұлағы,
Білім — өмір шырағы.

* * *

Оқу — білім азығы,
Білім — ырыс қазығы.

* * *

Білім — ер азығы,
Ер — ел азығы.

* * *

Оқу түбі — тоқу.

* * *

Ойна да күл,
Оқы да біл.

* * *

Білім қымбат, білу қиын.

* * *

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

* * *

Өнерлі өрге жүзеді.

* * *

Шебердің қолы көпке ортақ.

* * *

Өнерліге өлім жоқ,
Өнерлінің өрісі ұзақ.

* * *

Өнер — ердің қанаты.

* * *

Өнерлі бала сүйкімді.

* * *

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

* * *

Ілім — бұлақ,
Білім — шырақ.

* * *

Өнер көпке де жеткізеді,
Көкке де жеткізеді.

* * *

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

* * *

Оқу — инемен құдық қазғандай.

* * *

Ақыл — дария, алсаң да, таусылмайды,
Жер — қазына, саусаң да, таусылмайды.

* * *

Өнер — ағып жатқан бұлақ,
Ілім — жанып тұрған шырақ.

* * *

Бой жетпеген жерге — ой жетеді,
Қыран жетпеген жерге қиял жетеді.

* * *

Өнер — таусылмас азық,
Жұтамас байлық.

* * *

Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні көріп.

* * *

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

* * *

Күш — білімде.

* * *

Көп біл, аз сөйле.

* * *

Дарын — жанып тұрған жалын.

* * *

Ақылды ауыл аймақты келістірер,
Ақылсыз керістірер.

* * *

Оқу — білім бұлағы,
Білім — өмір шырағы.

* * *

Оқу — білім азығы,
Білім — ырыс қазығы.

* * *

Білім — ер азығы,
Ер — ел азығы.

Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.

* * *

Ойна да күл,
Оқы да біл.

* * *

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

* * *

Өнер — ердің қанаты.

* * *

Оқу түбі — тоқу.

* * *

Өнерлі өрге жүзеді.

* * *

Шебердің қолы көпке ортақ.

* * *

Өнерліге өлім жоқ,
Өнерлінің өрісі ұзақ.

* * *

Ақыл көпке жеткізеді,
Өнер көкке жеткізеді.

* * *

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

* * *

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

* * *

Ақыл — дария, алсаң да, таусылмайды,
Жер — қазына, саусаң да, таусылмайды.

* * *

Өнерлі бала сүйкімді.

* * *

Білім — қымбат, білу — қиын.

Тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге туралы

Ақыл жастан,
Асыл тастан.

* * *

Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен жоқ болса, кісіден сұра.

* * *

Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.

* * *

Біліп тұрсаң да, сұрап ал.

* * *

Білген кісі тауып айтады,
Білмеген кісі қауып айтады.

* * *

Ойын түбі — от,
Ой түбі — алтын.

* * *

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.

* * *

Сабағы жаман жемістің дәні де жаман.

* * *

Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай,
Темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай.

* * *

Ақылдассаң, шешерсің,
Ақылдаспасаң, кем кесерсің.

* * *

Ойлап сөйлесең де, ойлап сөйле.

* * *

Ақыл жас ұланнан,
Жүйрік тай құланнан.

* * *

Әдептілік белгісі — иіліп сәлем бергені.

* * *

Сыйласаң, сыйымды боларсың.

* * *

Әзіл айтсаң да, әділ айт.

* * *

Ұқыптының тоны тозбас,
Ұқыпсыздың ісі оңбас.

* * *

Ат жаманы жолда қалдырар,
Жолдас жаманы жолда қалдырар.

* * *

Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны іледі.

* * *

Ұлық болсаң, кішік бол.

* * *

Әдет — әдет емес, жөн — әдет.

* * *

Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.

* * *

Өлімнен ұят күшті.

* * *

Ашу — дұшпан, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос.

* * *

Талап — талмас қанат.

* * *

Бір елі ауызға,
Екі елі қақпақ.

* * *

Жақсы адамның жасын сұрама,
Жақсы аттың тісін сұрама.

* * *

Бала тәрбиесі бесіктен.

* * *

Өзек жуа ағады,
Өзен судың саласы.
Алыстан сәлем береді,
Әдепті елдің баласы.

* * *

Қайтып кірер есікті
Қатты жаппа.

* * *

Су ішкен құдығыңа түкірме.

* * *

Ұлың өссе,
Ұяттымен ауылдас бол.
Қызың өссе,
Қылықтымен ауылдас бол.

* * *

Балаға байқап сөйлесең,
Ақылыңа көнер.
Байқамай шайқап сөйлесең,
Көрсетер бір «өнер».

* * *

«Сіз» деген — әдеп,
«Біз» деген — көмек.

* * *

Сумен ойнама, батарсың,
Отпен ойнама, жанарсың.

* * *

Ойнақтаған бота от басады.

* * *

Ойыннан от шығар.

* * *

Есіктен орын тапсаң,
Төрге озба.

* * *

Ұялмаған бұйырмағанды ішер.

* * *

Мыңның түсін танығанша,
Бірдің атын біл.

* * *

Жасында қалжың болсаң,
Өскенде мылжың боларсың.

* * *

Жолдас болсаң қуға,
Басыңды салар дуға.

* * *

Ізденген мұратқа жетеді.

* * *

Ақымақтың ала-құласы болмайды.

* * *

Жарылғанды жау алады,
Бөлінгенді бөрі алады.

* * *

Үміттің оты сөнбейді.

* * *

Ақыл — ауыздан,
Мейір — көзден.

* * *

Қолы ұста адамның
Қойнында алтыны бар.

* * *

Тігілмеген етігіңді мақтама,
Орылмаған тарыңды ақтама.

* * *

Жоқ болсаң — жасыма,
Тоқ болсаң — тасыма.

* * *

Ақымақтан арқан бойы алыс жүр.

* * *

Тәуекелдің түбі — игі.

* * *

Өнерлі баланың он саусағы тең,
Өнерсіз баланың бір саусағы кем.

* * *

Тең-құрбыңнан кем болсаң,
Көрінгенге жем боларсың.

* * *

Бейбас балаға күле қарасаң,
Бас киіміңді ала қашады.

* * *

Жаста берген тәрбие —
Жас қайыңды игендей.

* * *

Жер басқанға мәз болма,
Жерде ізің қалмаса.

* * *

Озған — мұрат,
Қалған — ұят.

* * *

Сараңдықтың соңы — арамдық.

* * *

Өзінің қисықтығын білмеген,
Өзгенің түзулігін білмейді.

* * *

Жас жемісті жұлма,
Жас баланы ұрма.

* * *

Ашу дұшпан ақыл дос,
Ақылыңа ақыл қос.

* * *

Шындық жоқ жерде,
Сұмдық көп.

* * *

Ымға түсінбеген дымға түсінбейді.

* * *

Өтірік — қаңбақ, шын — салмақ.

* * *

Құтырғаннан құтылғанның өзі олжа.

* * *

Алтын тастан шығады,
Асыл жастан шығады.

Ынтымақ—бірлік туралы

Ырыс алды — ынтымақ.

* * *

Бірлік болмай — тірлік болмас.

* * *

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді.

* * *

Ұрыс ырысты қашырар,
Ынтымақ халықты асырар.

* * *

Татулық — табылмас бақыт.

* * *

Бірлігі ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.

* * *

Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ,
Ұйым жоқ болса, күйің жоқ.

* * *

Игілік басы — ынтымақ.

* * *

Кекшіл болма, көпшіл бол.

* * *

Өнер алды — бірлік,
Ырыс алды — тірлік.

* * *

Бірлік болмай,
Тірлік болмас.

* * *

Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

* * *

Татулық — табылмас бақыт.

* * *

Ырыс алды — ынтымақ.

* * *

Бірлігі жоқ ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.

* * *

Ұрыс ырысты қашыар,
Ынтымақ халықты асыар.

* * *

Игілік басы — ынтымақ.

* * *

Тірлік, тірлік түбі — бірлік.

Үй-іші, отбасы туралы

Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер.
Байқамай көп сөйлеген, көп ішінде өлер.

* * *

Талабы жоқ жас ұлың,
Жалыны жоқ шоқпен тең.
Жаманға айтқан ақылың,
Далаға атқан оқпен тең.

* * *

Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы.

* * *

Ақылды қария — ағып жатқан дария.

* * *

Бала — көңілдің гүлі, көздің нұры.

* * *

Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.

* * *

Ата — балаға сыншы.

* * *

Есер баладан ерке бала жаман.

* * *

Анасын сүйгеннің баласын сүй.

* * *

Ата баласы азарында — асық ойнайды.

* * *

Бала — ананың бауыр еті.

* * *

Жалғыз бала атта шапса,
Атасы үйінде тұрып
Тақымын қысады.

* * *

Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің.

* * *

Бала — ананың бауыр еті, көз нұры.

* * *

Мылқаудың тілін анасы түсінеді.

* * *

Ата — асқар тау,
Ана — бауырындағы бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.

* * *

Күтсең ата-ананды,
Кешірер атаң қатанды.

* * *

Алты ұл туған ананы —
Ханым десе болады.

* * *

Жаманға айтқан ақылың
Далаға атқан оқпен тең.

* * *

Баласыз ана — гүлсіз алма.

* * *

Балапанды торғайлар
Өрт болмасын тілейді.
Балаларға аналар
Дерт қонбасын тілейді.

* * *

Атаның өспес ұлы
Өнбес дауды даулайды.

* * *

Анасы тұрып қызы сөйлегеннен без,
Атасы тұрып ұлы сөйлегеннен без.

* * *

Әкеден безген ұл болмас,
Анадан безген қыз болмас.

* * *

Әкесі бардың ырысы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

* * *

Әке тұрып бала сөйлесе — ер жеткені,
Ана тұрып, қыз сөйлесе — бой жеткені.

* * *

Әкеден — ақыл,
Анадан — мейір.

* * *

Тісі шыққан балаға
Шайнап берген ас болмас.

* * *

Бала күлкіге тоймас,
Болбыр ұйқыға тоймас.

* * *

Ұл туғанға — күн туған.

* * *

Ананың сүті — бал,
Баланың тілі — бал.

* * *

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

* * *

Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

* * *

Қыз «қуыршақ» дейді,
Бала «құлыншақ» дейді.

* * *

Өз балаң өзекке тепсең де, кетпейді,
Кісі баласы кісендесең де, тұрмайды.

* * *

Бір бала атаға жете туады,
Бір бала атадан өте туады,
Бір бала кейін қарай кете туады.

* * *

Жалғыз баласы бардың
Шығар шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың
Бұқарада пұлы бар.

* * *

Үй баласымен базарлы,
Қонағымен ажарлы.

* * *

Болар бала бесігінде бұлқынар,
Болар құлын желісінде жұлқынар.

* * *

Ұлың үйленсе — ырысың,
Қызың орнын тапса — өрісің.

* * *

Бесік баласы бес түлейді.

* * *

Бала жетіге келгенше
Жерден таяқ жейді.

* * *

Өкпелегіш балақай
Өз сыбағасынан құр қалар.

* * *

Бір жақсы қыз
Екі жаман ұлға татиды.

* * *

Үйінде ұлы-қызы бардың
Көгінде сөнбес жұлдызы бар.

* * *

Ұқыптының тоны тозбас,
Ұқыпсыздың ісі оңбас.

* * *

Өзін-өзі мақтаған
Өліммен тең.

* * *

Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны алады.

* * *

Жақсы қыз — жағадағы құндыз.
Жақсы жігіт — көктегі құндыз.

* * *

Көргенді кісі көргенін айтар,
Көргенсіз кісі бергенін айтар.

* * *

Ақылдассаң, шешерсің,
Ақылдаспасаң, кем кесесің.

* * *

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

* * *

Біліп тұрсаң да, сұрап ал.

* * *

Өлімнен ұят күшті.

* * *

Жаман ешнәрсе біле алмайды,
Жұмсасаң, тіл алмайды,
Өзі біліп пайдасын қыла алмайды.

* * *

Әдептілік белгісі — иіліп сәлем бергені.

* * *

Көп біл, аз сөйле.

Жақсылық, жамандық, достық, қастық туралы

Жаман аттан аяғым артық,
Жаман жолдастан таяғым артық.

* * *

Жақсы — ай мен күндей,
Әлемге бірдей.

* * *

Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

* * *

Жақсы туса, ел ырысы,
Жаңбыр жауса, жер ырысы.

* * *

Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады,
Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады.

* * *

Жақсы болсаң — жақын көп.

* * *

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

* * *

Досыңның көзінде болғанша, көңілінде бол.

* * *

Жолдасы көптің қолдасы көп,
Жақсы дос үшін жан пида.

* * *

Жақсы — ай мен күндей,
Өлемге бірдей.

* * *

Жақсы туса — ел ырысы,
Жаңбыр жауса — жер ырысы.

* * *

Досыңның көзінде болғанша,
көңілінде бол.

* * *

Биік төбеге шықсаң,
Көзің ашылады.
Жақсымен сөйлессең,
Көңілің ашылады.

* * *

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

* * *

Жаман аттан аяғым артық,
Жаман жолдастан таяғым артық.

* * *

Жақсының жүрген жері базар,
Жаманның жүрген жері азар.

* * *

Жақсы адамда жаттық жоқ.

* * *

Жақсы дос үшін жан пидә.

Тіл өнері туралы

Сөз асылы — мақал.

* * *

Өнер алды — қызыл тіл.

* * *

Сүйреңдеген жаман тіл —
Сүйегіңнен айыраp.

* * *

Тіл тас жарар, тас жармаса, бас жарар.

* * *

Шешеннің тілі ортақ.

* * *

Көп сөз — көмір, аз сөз — алтын.

* * *

Бас кеспек болса да,
Тіл кеспек жоқ.

* * *

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

* * *

Шешеннің сөзі — мерген,
Шебердің көзі — мерген.

* * *

Қаһарлы сөз қамал бұзар.

* * *

Жақсы сөз — жарым ырыс.

* * *

Көз жетпеген жерге сөз жетеді.

* * *

Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.

* * *

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

* * *

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

* * *

Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.

* * *

Ойнап сөйлесең де,
Ойлап сөйле.

* * *

Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.

* * *

Тіліңмен жүгірме,
Біліммен жүгір.

* * *

Өтірік сөз өрге баспас.

* * *

Тіл — тиексіз.

Батырлық, ерлік туралы

Ел үмітін ер ақтар.

* * *

Айласыз батыр алдырар.

* * *

Ер жігіт ел үшін туады,
Ел үшін өледі.

* * *

Ерлік білекте емес, жүректе.

* * *

Шын ер жеңсе — тасымас,
Жеңілсе — жасымас.

* * *

Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.

* * *

Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.

* * *

Ердің сыншысы — ел.

* * *

Жауға жаныңды берсең де,
Сырыңды берме.

* * *

Батырға оқ дарымайды,
Батылға жау жоламайды.

* * *

Ердің ісі — келіс,
Ездің ісі — керіс.

* * *

Өжет адам өлімді жеңеді.

* * *

Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

* * *

Ердің көркі — елімен,
Отан көркі — жерімен.

* * *

Жолдас қадірін жорықта білесің,
Дос қадірін соғыста білесің.

* * *

Тізерлеп жүріп күнелткеннен,
Қайрат көрсетіп өлген артық.

* * *

Ер жігіт ел үшін туады,
Ел үшін өледі.

* * *

Ердің көркі елімен,
Отан көркі жерімен.

* * *

Отан үшін отқа түс, күймейсің
Арың үшін алыссаң өлмейсің.

* * *

Жауға жаныңды берсең де,
Сырыңды берме.

* * *

Ердің сыншысы — ел.

* * *

Айлалы батыр алдырмас.

Адам және оның қасиеттері туралы

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.

* * *

Адам болатын бала алысқа қарайды.

* * *

Жақсы адам — елдің ырысы,
Жақсы жер — жанның тынысы.

* * *

Білген адам тауып айтады,
Білмеген адам қауып айтады.

* * *

Кісі болар баланың
Кісіменен ісі бар.
Кісі болмас баланың
Кісіменен не ісі бар.

* * *

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.
Өдептілік ар-ұят — адамдықтың белгісі,
Тұрпайы мінез тағы жат — надандықтың белгісі.

* * *

Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

* * *

Саналы адам сағыңды сындырмас,
Санасыз адам жағыңды тындырмас.

* * *

Арман адамға қанат.

* * *

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.

* * *

Білген адам тауып айтады,
Білмеген адам қауып айтады.

* * *

Арман — адамға қанат.

* * *

Адам болатын бала
Алысқа қарайды.

* * *

Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.

* * *

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

Еңбек пен кәсіп туралы

Еңбек етсең — емерсің.

* * *

Еңбек ет те, міндет ет.

* * *

Ер дәулеті — еңбек.

* * *

Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

* * *

Бейнетің қатты болса,
Татқаның төтті болады.

* * *

Еңбек ет те мақтан,
Ойнап күл де шаттан.

* * *

Еңбексіз өмір — сөнген көмір.

* * *

Еңбегің қатты болса,
Татқаның төтті болады.

* * *

Еңбек ер атандырады.

* * *

Еңбекте қорлық жоқ,
Шындықта зорлық жоқ.

* * *

Еңбек — өмірді ұзартады,
Ұят бетті қызартады.

* * *

Өрекет болмай — берекет болмайды,
Еңбексіз — рақат жоқ.

* * *

Еңбек пен бақыт егіз.

* * *

Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай мұратқа жетпес.

* * *

Еңбек түбі — береке,
Көптің түбі — мереке.

* * *

Ер қадірін ер біледі,
Жер қадірін зергер біледі.

* * *

Еңбек етсең, емерсің.

* * *

Еңбегі аздың өнбегі аз.

* * *

Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады,
Еріншек ұйқыдан қирап тұрады.

* * *

Еңбек ет те егін ек,
Жарымасаң, маған кел.
Белді буда бейнет ет,
Байымасаң, маған кел.

* * *

Еңбек істегеннің еті ауырады,
Жаны сауығады.

* * *

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.

* * *

Еріншекке есік пен төр —
Екі күндік жер.

* * *

Ерінбей еңбек етсең,
Ерінің асқа тиеді.
Ерініп, ілбіп кетсең,
Ерінің тасқа тиеді.

* * *

Берекесіз бейбақтар
Терлеп еңбек етпейді.
Терлеп еңбек етпеген,
Тілегіне жетпейді.

* * *

Еріншектің ертеңі бітпес,
Жеңілтектің селтеңі бітпес.

* * *

Сөзге көп — іске жоқ.

* * *

Еңбекке ебі жоқтың —
Елдікке себі жоқ.

* * *

Күшің барда істе,
Тісің барда тісте.

* * *

Ер дәулеті — еңбек.

* * *

Еңбексіз өмір — сөнген көмір.

* * *

Еңбек түбі — береке,
Көптің түбі — мереке.

* * *

Ер қадірін ел біледі,
Зер қадірін зергер біледі.

* * *

Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.

* * *

Ердің атын еңбек шығарады.

* * *

Бейнетсіз рахат жоқ.

* * *

Өзімдікі деген де,
Өгіз қара күшім бар.
Кісінікі дегенде,
Анау-мынау ісім бар.

* * *

Жан қиналмай,
Жұмыс бітпес.
Талап қылмай,
Мұратқа жетпес.

V. Жаңылтпаштар

* * *

Сүт бетінде май бал қаймақ,
Ол қай бал май қаймақ?
Балдан төтті бал май қаймақ.

* * *

Мына сайда отырған бай Бағланбай,
Бұл қай Бағланбай?
Бұл қай бай Бағланбай?

* * *

Тебіншек ат — шегіншек,
Шегіншек ат — тебіншек.

* * *

Төбесі төбел төрт бөрік,
Төртеуі де көк бөрік.

* * *

— Анау арал қай арал?
— Қайыңды арал, талды арал.
Ішінде бұзаулы ала марал.

* * *

Құдағиға сақтаған сүр бал қаймақ,
Ол бал қаймақты мен жаламай,
Кім жалайды?

* * *

— Тайқарбай, Тайқарбай,
Қойыңды Майқараға жай Тайқарбай!
— Әй, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай?

* * *

Қамаштан көріп қалашты,
Қалашқа жарас таласты.
Бөлінсін десең, қалаш тең,
Таласпа, Жарас Қалашпен.

* * *

Әсем әсем билеймін деп әлек,
Қасен шешен сөйлеймін деп әлек.
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?
Қашан Әсем әсем билеп еді?
Әсем билегендерін де көргеніміз жоқ,
Шешен сөйлегендерін де көргеніміз жоқ.

* * *

Жақсы атты өп-сөтте,
Асхаттар ақсатты.
Жаза алмай бас қатты,
Ақсатса жақсы атты,
Кім болар жақсы атты?!

* * *

Көк бұйра бір бұлақ,
Тіл қатар былдырап.
Тастарды ұрғылап,
Ағады құлдырап.

* * *

Қарамайын қарағайдың,
Қаламайын, жаламайын.
Қарағайдың қарамайын,
Қасына енді жоламайын.

* * *

Топ бала, топ бала,
Ойнап жүр топтала.
Зымырап допты ала,
Қуады көп бала.

* * *

— Бұл қайсы арал?
— Қарғалы арал.
Қамыс басын қайырып,
Қарға ұялар.

* * *

Қырық құрықтық,
Сырық қырықтық.

* * *

Шүрегей сүңгігіш пе,
Сүңгуір сүңгігіш пе?

* * *

Бес түп алма бестік алғандікі,
Төрт түп алма төрттік алғандікі.

* * *

Ескен ескі ән салып еді,
Жақан жаңа ән салды.

* * *

Тыраулаған тырналар,
Тыраулап тек,
Көп тұр ма?!

* * *

Пеш үстінде бес мысық,
Пеш ішінде бес мысық,
Бес күзетші — бес пысық.

* * *

Торы ала атыңды
Толағайға тағалатып ал!

* * *

Шымшық шымшықты шымши ма,
Шымшымай ма?

* * *

Қара ара, сары ара демейді,
Бәрі араны бар аралар дейді.

* * *

Балығыңды ысқа ұста,
Ысқа ұстасаң, тысқа ұста.

* * *

Байсал май саған шай ішеді,
Қайсар май салған шай ішпейді.

* * *

Түсінетін кісі, құс үнін де түсінеді.

* * *

Қылыш құнды қынсыз да,
Қын қылышсыз құнсыз ба?

* * *

Омар томар алар,
Орал орақ алар.

* * *

Қырда қырау,
Қызыл ала бұзау.
Тауда тарғақ,
Тарғыл ала торпақ.

* * *

Қабат-қабат үй сандық,
Үйлер толы күй сандық.
Күй сандықтан үй салдық,
Күй сандыққа күй салдық.

VI. Жұмбақтар

Білім, техника, тұрмыстық заттар

Ұсынған қойнынан,
Білімін білерсің.
Шықпаса ойыңнан,
Досым деп жүрерсің.

(Кітап)

Өр нәрседен хабарлас,
Радио десем, үндемес,
Адам десем, жанды емес,
Адаммен бір-ақ ол тілдес.

(Газет)

Бір құс бар өте әдемі тұмсығы ұзын,
Сүңгиді дарияға жұтып суын,
Сырғанап салған ізі жатыр мұзда,
Кетеді жүйіткіп сөйлеп елден бұрын.

(Ручка, сия, қағаз, жазу)

Бір адамды қинайды,
Он адамды сыйлайды.

(Самовар)

Есіксіз үй кішкене,
Өңгіме айтар кей шақта.
Жан адам жоқ ішінде,
Өн де салады кей уақта.

(Радио)

Жиырма төрт терек өскен, алпыс бұтақ,
Өр бұтақта бар екен алпыс жапырақ.
Өзі жансыз, жандыдай қызметі бар,
Үлкендігі түйенің көзіндей-ақ.

(Сағат)

Жіппен келеді,
Үзсең сөнеді.

(Электр, ток шам)

Қолыңда бір айна бар дөп-дөңгелек,
Адасқан айға жөн сілтеп, берер дерек.
Екі тілді болса да төрт бағытты,
Керек десең болғаны тауып беред.

(Компас)

Қатар-қатар қара нар сыр қозғайды,
Анда-санда аяғын бір боздайды.
Сонда да қара нардан бір озбайды.

(Поезд)

Қардай аппақ түсі бар,
Бір ыдыста екі түрлі сүті бар.

(Жұмыртқа)

Қар сияқты аппақ,
Өзі сондай тәтті-ақ.

(Қант)

Өзі арық, басы жарық,
Жүрген ізі көп әріп.

(Перо)

Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,
Кісі мінсе, жарыстан қалыспайды.
Аяғы екеу болғанымен, өзі біреу,
Сағатта талай жерді қарыштайды.

(Велосипед)

Сыртылдайды күнімен,
Шырт-шырт етіп түнімен.
Білгің келсе мезгілді,
Көрсетеді тілімен.

(Сағат)

Ұзын-ұзын қос таяқ,
Өрмелейсің ұстап ап.
Келте-келте көп таяқ,
Тұрады сонда екі аяқ.

(Саты)

Шыр-шыр етеді, құлағыңнан өтеді,
Тоса қойсаң құлағыңа, әбден сөйлеп кетеді.

(Телефон)

Төбесі сымға тимесе,
Ол ешқашан жүре алмас.
Өз иесі басқармаса,
Оны ешкім бұра алмас.

(Трамвай)

Болса да тілсіз,
Бұлбұлдай сайраған.
Көңіліңді ашады,
Жарқырай айналаң,
Сенімен сырласады,
Мүдденді ойлаған.
Ойынды тасынады,
Бұлақтай қайнаған.
Көрсетеді қазына,
«Ал» дейді «пайдалан!»

(Кіман)

Шақ-шық етіп жүрегi,
Бір мөлшермен жүреді.

(Сағат)

Ары отырсам күлдірді,
Бері отырсам күлдірді,

Көлеңкемнен бір сырды,
Дәл өзіме білдірді.

(Айна)

Алды-артын айпар,
Тартып қалсаң, жайпар.

(Шалғы орақ)

Білмеймін аяқтары неше мыңнан,
Бірнәрсе арқасында жалғыз қылдан.
Өзінің иелері өмір қылса,
Жер жүзін бір сағатта сайран қылған.

(Телеграф)

Бір бұлбұл отырады салып әнді,
Жүруге аяғы жоқ емес жанды.
Өнері қандай асқан деп ойладым,
Бір демде жер түбінен хабар алды.

(Радио)

Айдалада ақ сандық,
Аузы-мұрны жоқ сандық.

(Жұмыртқа)

Адам ұқсас тілі бар,
Әрбір үйден табылар.
Үйде қандай сөйлесе,
Көшеде де сол сөзі бар.

(Радио)

Әрі сусын, әрі дәрі,
Емге ішеді жас пен көрі.
«Малдың сүті, елдің құты»,
Деп бағалар жұрттың бөрі.

(Қымыз)

Азанымен тұрдым,
Құлағынан тартып ұрдым.

(Мәсі, етік)

Асты тас, үсті тас,
Ортасында піскен ас.
(Таба нан)

Аяғы жоқ жүрмейді,
Үй бағады, үрмейді.
(Құлып)

Аяғы жоқ жүреді,
Аузы жоқ сөйлейді.
(Хат)

Ана таудың басында,
Қантай деген құс отыр,
Қанатына мұз тоңып,
Қайырыла алмай ол отыр.
(Тұңлік)

Айқұшақ, айқұшақ,
Жиып келсем бір құшақ.
(Кереге)

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жалғыз ғана көзі бар.
Сусып өткен жерінде,
Болар-болмас ізі бар.
(Ине, жіп)

Ақ күшігім шәу-шәу етеді,
Астынан шаң сау-сау етеді.
(Елгезер мен ұн)

Аппақ қана домалақ,
Жейді сыртын тазалап.
(Жұмыртқа)

Шиге жайып кептірген,
Өзі қышқыл, түсі ақ.

Сорсаң, дәмді әрі тұзды,
Жаңғақтай-ақ домалақ.

(Құрт)

Жаңылмайды есептен,
Аяғы жоқ жүреді,
Сөйлейтұғын тілі жоқ,
Уақытыңды дәл біледі.
Күндіз-түні жүргенмен,
Қазымайды жүрегі.
Су ішіп, жем жемейді,
Сықырлайды жүрегі.
Бір тілім ет, не қан жоқ,
Азғана май қорегі.
Шапшаң ойлап, тез шешіп,
Жауабын кім береді?

(Сағат)

Дәмсізді дәмді етеді,
Өзінің дәмі кетеді.

(Тұз)

Сүйенбесе, тұра алмайды,
Сен мінбесең, жүре алмайды.

(Велосипед)

Табиғат туралы

Ана ауылдың будасы,
Мына ауылдың будасы,
Желкілдейді шудасы.

(Түтін)

Ақ сандығым ашылды,
Ішінен моншақ шашылды.

(Жұлдыз)

Ақ сандығым ашылды,
Қызарып жалын шашылды.

(Қун)

Ақ жылан, аяғы жоқ, көзі де жоқ,
Сөйлейтұғын бір ауыз сөзі де жоқ.
Тоқтамай қысы-жазы кезе берер,
Үстінде бір жапырақ бөзі де жоқ.
(*Өзен*)

Атасы мен анасы,
Миллионнан көп баласы.
(*Күн, ай, жұлдыз*)

Өсімдіктер жайында

Аласа ғана бойы бар,
Қабат-қабат тоны бар.
(*Капуста*)

Асты тас, үсті тас,
Жарып жесең, піскен ас.
(*Жаңғақ*)

Атасы бүкір қожа,
Анасы жайма шелпек,
Баласы шірін-шекер,
Бір сабақта ғұж-ғұж жентек.
(*Жүзім, сабағы, жапырағы*)

Әрі қызыл, әрі тәтті,
Татқан жанды таңырқатты.
(*Алма*)

Ара-арасы ақпа тіл,
Арасынан тастап тіл.
(*Ала қарбыз*)

Қатпарланған жұмыр тас,
Мойнынан қиып аламыз.
Сыртқы тонын шешкен соң,
Қазанға турап саламыз.
(*Капуста*)

Жерге қаққан алтын қазық,
Ол баршаға болады азық.
(Сәбіз)

Инедей еді басында,
Бойжетеді топырақ астында.
Шашынан ұстап суырдым
Қара жердің астынан.
(Сәбіз)

Екі жағы теңдей тас,
Ортасында піскен ас.
(Өрік дәнегі)

Ұзын мұртты сарылар,
Қойнында наны бар.
(Бидай)

Көк лағым көгенде жатып семіреді.
(Қарбыз)

Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті.
(Қарбыз)

Жерде жатып желіндейді,
Күз түскенше желінбейді.
(Қауын)

Аспай піскен,
Қайнамай түскен.
(Жеміс)

Тәтті,
Тәттінің іші қатты,
Қаттының іші тәтті.
(Өрік)

Сырты тас, іші қуыс бөлек-бөлек,
Базардан оны сатып алса керек.
Алған жанға тағамдық пайдасы бар,
Шешіп бер жұмбағымды, болсаң зерек.
(*Жаңғақ*)

«Айт!» десе, жүгірмес,
Су тисе, сілкінбес.
(*Шөп*)

Бұл не деген көп киім,
Жетпіс қабат көк киім.
Жаңбыр одан өтпейді,
Қабат-қабат тоны бар,
Түймелеуге жетпейді.
(*Капуста*)

Бір ел бар су ішетін, тамақ жемес,
Сөйлесіп бір-бірімен қылмас кеңес.
Үстіне жазғы күні киім киеді,
Қысты күн жалаңашы ештеңе етпес.
(*Бақша*)

Аласа ғана бойы бар,
Тоғыз қабат тоны бар.
(*Пияз*)

Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең, жылатады.
(*Пияз*)

Басына үлпілдетіп таққан шашақ,
Бұралып тал шыбықтай тұрған жасап.
(*Қамыс*)

Әуелінде шөп едім,
Жерге өскен көк едім,
Қолға түстім ойылдым,
Он жерімнен буылдым.
(*Шу*)

Жазда жатсаң — көлеңкесіне алады,
Қыста жақсаң — жаның рақат табады.
(Ағаш)

Өсіп тұрған бұл не?
Жаз болса жайнап,
Саясында өн салып,
Құстар жүрген сайрап.
(Ағаш)

Дөңгеленіп өседі,
Желге еріп көшеді.
(Қаңбақ)

Бір-ақ жерде жасында
Тұрды оранып жасылға.
Қартайғанда сарғайды,
Кезіп кетті сай-сайды.
(Қаңбақ)

Қырға кілем жайдым.
(Қызғалдақ)

Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызғылт дәу жатыр.
(Қызылша)

Аласа тауда алуан алма,
Алқызыл болмай, аузыңа салма.
(Помидор)

Алма дерсің түсіне қарап,
Жүгері дерсің ішіне қарап,
Татсаң, тәтті,
Бал шәрбатты.
(Анар)

Жер астында жез қазық,
Жеуге болар ас қазық.
(Сәбіз)

Сырты бүтін,
Іші түтін.
(Саңырауқұлақ)

Хайуанаттар, құстар, жәндіктер

Алыстан қылаңдап,
Құйрығы бұлаңдап,
Аңдардың барлығын
Бір өзі жүр алдап.
(Түлкі)

Аласа ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.
(Қой)

Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.
(Түйе)

Апан-апан,
Ескі шапан.
Иір қобыз,
Жарық жұлдыз.
(Түйе)

Екі айнасы бар,
Екі найзасы бар,
Төрт жылтырмағы бар,
Бір шыбыртқысы бар.
(Сиыр)

Төсек астында төрт бауырсақ.
(Сиырдың емшегі)

Екі ошаққа бір көсеу.
(Сиырдың танауы мен тілі)

Ел жатса да, енекем жатпайды.
(*Сиырдың мүйізі*)

Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.
(*Қой*)

Екеуі елеңдеп келеді,
Төртеуі төбелесіп келеді.
(*Аттың екі құлағы мен төрт аяғы*)

Жанды «сағат»,
Айғай салад.
(*Есек*)

Шықпайды үйден,
Тоны жібектен.
Күндіз ұйқтайды,
Түнде дамыл таппайды.
Аңға барады,
Сол аңды үйден табады.
(*Мысық*)

Өзі жап-жас, мұрты бар,
Ет пен сүтке ұмтылар.
Тастамайды жылы үйде
Түкті тонын шұп-шұбар.
(*Мысық*)

Белестен шыққан бесті ат,
Бүкір келген желісті ат,
Бейғам елді іздейді,
Малдан күдер үзбейді.
(*Қасқыр*)

Бар екен бір айуан көпке таныс,
Мекені жүрер оның тау мен қамыс.
Бұл өзі айласы көп, шапшаң, епті,
Жүректі бір айуанға қойса бетті.

Қайтпайды, жара алмаса не өледі,
Өлмесе тынбайды ол, алмай кекті.

(Жолбарыс)

Жол үстінде қу қазық,
Мергеншіге жол азық.

(Қоян)

Аузы бар, тілі жоқ,
Терісі бар, жүні жоқ.
Жүрегі бар, ізі жоқ,
Қанаты бар ұшпайды,
Су астында қыстайды.

(Балық)

Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадап инесін.

(Кірпі)

Тарпаң-тарпаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.

(Бақа)

Асты тас,
Үсті тас,
Ортасында шандыр бас.

(Тасбақа)

Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар.

(Тасбақа)

Жер астында
Жездем қамшысы жатыр.

(Жылан)

Ерте тұрады,
Жар шақырады.

(Қораз)

Дүниеде бір молда,
Уағында азан оқиды.
Мезгілінде айқайлап,
Қайтып кеп жер шоқиды.

(Қораз)

Жүреді бой тастап, ойқастап,
Басында айдары, иекте сақалы бар.

(Қораз)

Садақша мойнын иілтп,
Көрген жанды сүйсінтіп,
Жүзгенде көлдің сәні өзі,
Судағы құстың нәні өзі.
Жердегі құстың серкесі,
Көктегі құстың еркесі.

(Аққу)

Бір құс бар, үлпілдеген жүні жұмсақ,
Тұяғы бейне болат алмас пышақ.
Тұмсығы имек, көрмейді күндіз көзі,
Шарықтап көкті кезіп, түнде ұшад.

(Үкі)

Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды.
Көзі шамға ұқсайды.

(Жапалақ)

Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын.
Кез келген ұяға
Жұмыртқа табамын.

(Көкек)

Аққу емес, мойны ұзын,
Тырна да емес, сирақты.
Аулайды балық күнұзын,
Түсіреді еске жирафты.

(Балықшы құс)

Күндіз жоқ,
Түнде бар.
(*Жарқанат*)

Тал басында
Түндіксіз отау.
(*Құстың қысы*)

Екі басы жұдырықтай,
Ортасы қылдырықтай.
(*Құмырсқа*)

Бір балуан өзі күшті, қайраты мол,
Өзінен үлкен затты көтерер ол.
Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе,
Қайқандап аса берер бәрінен де ол.
(*Құмырсқа*)

Ши түбінде
Шұбар кездік.
(*Кесіртке*)

Ат басты,
Арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі,
Бөкен санды.
Қос қанатты,
Құмырсқа ізді,
Бота тірсекті.
(*Шегіртке*)

Шидиген ұзын сирағы,
Тастай керең құлағы.
Сөйтіп жүріп көп жерге
Аспалы торлар құрады.
(*Өрмекші*)

Ұшқанда өлең айтады,
Қонғанда жер қазады.

Мұны да ойлап көрейік,
Шешуін кім табады?

(Қоңыз)

Бар екен бір мақұлық ұннан майда,
Өз басын айдайды екен қиын жайға.
Ұстасаң, үгітіліп жоғалады,
Дамылдап отырмайды ешбір жайға.

(Көбелек)

Біреуге найза түйрейді,
Өзі де содан күйрейді.

(Ара)

Шидім, шидім шидім құс,
Ши басына қонған құс.
Қарқаралы қара құс,
Хан басына қонған құс.

(Шыбын)

Бар жұмысы, ермегі:
Талмай қанат қағады.
Еңбекті қош көрмейді,
Жат ыдысты бағады.

(Шыбын)

Адам туралы

Көреді бәрін өзгенің,
Көре алмайды өздерін.

(Көз)

Кіп-кішкене қараша,
Тұрған жері тамаша.
Бір-ақ сәтте жер-көкті
Алады шарлап қараса.

(Көз)

Күндіз шайқасады,
Түнде айқасады.
(*Kirnik*)

Жағалай-жағалай тас қойдым,
Жирен атты бос қойдым.
(*Tic, til*)

Бір қуысты мекен еткен отыз бөрі,
Он кісі отызының жұмыскері.
Сол қуыстың ортасында бағлан қозы,
Масайрап секіреді әрі-бері.
(*Отыз тіс, он саусақ және тіл*)

Күмбір-күмбір қарағым,
Қартайғанша жарадың.
(*Құлақ*)

Асқар тауда қара орман.
(*Шаш*)

Жас кезінде қара орман,
Жыл озған сайын ағарған.
(*Шаш*)

Бірі үлкен, бірі кіші,
Туысқан бірге бес кісі.
(*Бес саусақ*)

Балдан төтті.
(*Ұйқы*)

Ти десем, тимейді,
Тиме десем, тиеді.
(*Ерін*)

Мен жүгірсем, ол да жүгіреді,
Мен мүдірсем, ол да мүдіреді.
(*Көлеңке*)

Еңкейсем, еңкейеді,
Шалқайсам, шалқаяды.
(Көлеңке)

Таңертең төрт аяқпен,
Түсте екі аяқпен,
Кешке үш аяқпен жүреді.
(Адамның өмірі)

IV БӨЛІМ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ПРОЗАЛЫҚ ФОЛЬКЛОР

Ертегілер

Шыңғыс ханның жұмбағы

Шыңғыс хан үш жыл бойы ойлап жүрген жұмбағын тапты. Тапқан жұмбағын өзі үш рет жорып шешті де, осы шешкенім дұрыс болар деп, өзіне-өзі байлау жасады.

Осы жұмбағымды жорып, орынды дәлелмен шешкен адамға бағалы сыйлық берейін деген ойға келді. Хан жұмбағын шешуге көп жұрт жиналды. Жиналған көпке хан:

— Менде көптен бері шешілмей жүрген бір жұмбақ бар еді, соны тапқан адамға үлкен сыйлық — бір қоржын алтын беремін, — дейді.

— Жұмбағыңызды айтыңыз, — дейді жиналғандар.

— Көктің биіктігі қанша, дүниенің үлкендігі қандай, жердің тереңдігі қандай? — дейді хан.

Жұмбақты кім шешсе, ол шешсін, маған бәрібір. Тек шешсе болды дегенді де хан ескертеді. Бірақ жиналғандардың бәрі де бай, мырза, бектер, қожа-молда, айлакер қу, саудагерлер еді. Хан сыйлығына дәмеленіп келгендердің бірде-бірі жұмбақты шеше алмайды. Жұрттың әуре-сарсаңға түскеніне жеті күн өтті, шешкен ешкім жоқ.

Сегізінші күні хан сарайына тағы да бес жүздей адам жиналды. Осы кезде хан сарайының жанынан өз жайымен өтіп бара жатқан Байдікен деген кедейді хан көріп, шақыртып алады.

— Жұмбақты осындай кедейден шыққан адамдар тапқыш келеді, — дейді хан. Бұған жиналғандар күледі. Байдікен ханға келіп сәлем береді. Хан сәлемін алып, хал-жайын сұрап танысқан соң, хан оған:

— Мына жиналған көптің шеше алмай отырған бір жұмбағын шешіп бер, сені шақырғанға келеке етіп жұрт отыр, қоржын толы алтын сенікі деп мен отырмын, — дейді.

— Тақсыр, алдын ала менікі деп айта алмаймын, басқаны менен әулие деп тағы айта алмаймын. Неге десеңіз жұмбағыңызды естігенім жоқ қой.

Хан жұмбағын айтады:

— Осы әуенің биіктігі қанша?

— Тақсыр, әуе онша биік емес, жер бетіндегі алыс дүбір адамның құлағына естілмейді. Ал ондағы дүбір біздің құлағымызға анық естіледі. Сондықтан оны онша биік емес деп білемін.

— Дұрыс айтасың. Ал, енді дүниенің үлкендігі қандай? Соны айтшы, — дейді.

— Тақсыр, жер көп үлкен емес, үлкен болса, жиырма төрт сағатта айналып келе ме? Сондықтан оны онша үлкен емес деп білемін, — дейді.

— Сенікі дұрыс. Енді жердің тереңдігі қандай, соны бізге айтып бер.

— Жер көп терең болса керек, — дейді кедей.

— Мұны неден біліп отырсың? — дейді хан.

— Жиырма жыл болды әкемді көрге көмгелі. Содан күні бүгінге дейін хабар-ошар жоқ. Жердің терең екендігін сонан біліп тұрмын, — дейді. Сонда хан күліп:

— Жарайды Байдеке жігіт екенсің. Осында бес жүз адам жиналып, жұмбақты таппай тұрғанда мына Байдекен деген кедей байғұс бір қоржын алтынға ие болды. Жиналған хан, төре, уәзірлердің, бай, мырза, саудагерлердің ешқайсысы таппады. Байдекен саған бір қоржын алтынның үстіне ерттеулі шабдар ат беремін, соған мінесің, қоржынды алдыңа аласын, үйге шабдар атпен шауып жөнелесің. Егер алтынды жаяу көтеріп кетсең, үйге жетпей өлесің. Осы көп адамдардың біреуі сені жолда қуып жетіп, алтыныңды алып қояды дегенде, тыңдап тұрған халық бек ұялып, ризашылықпен үйді үйіне тарқайды. Бұл ханның алғыр ой, тапқырлығымен, ақыл-парасатымен жеңіп, алтын алған адамға еңбексіз ешкім жаманшылыққа кіріптар болмасын деген ескертпесі еді.

Байдікен шабдар атқа мініп, бір қоржын алтынды алып жолға шықты. Ешбір тоқтаусыз шауып отырып үйіне келді. Алдынан

әке-шешесі, аға-інілері шығып қарсы алды. Байдікен әкесіне болған оқиғаны айтады. Алтынды әкесіне берді. Байдікен отау тігіп, түтін түтетті. Шаруа түзеп, мұратына жетті.

Қырық өтірік

Ертеде бір хан халқына жар шақыртты: «Кімде-кім алдыма келіп кідірмей-мүдірмей бір өтірік әңгіме құрастырып айтып өтсе және артынан қырық ауыз өтірікті өлең қылып айтса, сол адамға қызымды беріп, күйеу қыламын, тіпті уәзір де етемін. Бірақ бір сертім бар: әңгімесінің, я өлеңінің ішіне бір ауыз рас сөз қосылса, дарға тартқызамын!» — депті.

Бұл хабар жұрттың құлағына тегіс тиген соң, ханның қызын алып, күйеу болуға қызықпайтын адам болмайды. Өркімдер-ақ дәмелі болып: «Ой, айтпай несі бар!» — деп, ханның алдына барады, бірақ өтірігін келістіріп айта алмай, дарға тартылып जाताды.

Жұрттың ең соңынан бір тазша бала кіріп келіп, иіліп төжім етіп, сөйлеуге ханнан рұқсатын сұрайды.

Сонда хан тұрып:

— Ие, не арызың бар? — дейді.

— Тақсыр, жарлығыңызды естіп, өтірік әңгіме мен өтірік өлең айтқалы келіп тұрмын! — дейді тазша.

— Жаным-ай, жас бала көрінесің! Сенен естияр талай адамдар да айтамын деп келіп, айта алмай кеткен. Жарқыным, өлуге асығып жүрген не қылған баласың? Тілімді ал да, қайта ғой! — дейді хан.

— Тақсыр-ау, солардан жаным артық па? Айта алмасам, обалым өзіме ғой, рұқсат етіңіз, — дейді тазша.

— Ал, ендеше, сөйлей ғой! — дейді хан.

Тазша:

— Тақсыр, әкемнің белінде, анамның көңілінде жатып, әкемнің әкесінің жылқыларын он бес жыл баққан екенмін. Тапқан ақыма өзіме қалың беріп, әйел алып, бес-алты бала сүйген екенмін. Сол әйелімнен туған балаларымның қолымдағы ең кенжесі осы уақытта жиырманың бесеуінде, өзімнен он жас үлкен.

Жаздың қайнап тұрған ыстық күні жылқымды суарайын деп, құрық үстіне құрық салып, жау тигендей қуалап, айдын шалқар бір көлге келсем — тақсыр-ай, күннің ыстығын содан білерсіз: көлдің суы кісі бойы, қол ұсыным мұз болып қатып қалыпты: балтамен олай шапқылады, ойылмады, бұлай шапқылады, ойылмады, балтаның жүзі жапырылып қалды. Балтамды қойныма салып қойып, сүйменімді қолыма алып, олай түйдім, болмайды, бұлай түйдім, болмайды, сүйменім майысып қалды. «Енді не қылдым!» — деп дағдарып тұр едім, құдай дес беріп, бір амал ойыма түсе қалды. Дерееу кеңірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, ақырын ғана шекеммен бір шық еткізіп қалғанымда, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды. Қатқан мұздың астында қалған алпыс ала үйрек, жетпіс шіл үйрек пыр-пыр етіп ұшып кетті. Және менің бағыма суы зәрдей ащы шығып, сонда да жылқым ішіп-ішіп, іші-сырты бірдей болып, қарындары қампайды да қалды! Содан соң жылқыларымды көк мұзды жарып шыққан сары балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей түгендегенімде, құдай берерінде сүйтіп береді ғой, алты құлаш ала биеден туған жеті құлаш жирен құлыным жылқының ішінде де жоқ, сыртында да жоқ, ұры алғанын білмедім, қасқыр жегенін білмедім...

Жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып, төңірекке көз жіберіп едім, көрінбеді. «Құрығым аласа болған шығар», — деп, құрықтың басына қамшымды жалғадым, көрінбеді, оған пышағымды шаншып шығып қарап едім, тағы да көрінбеді; пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім, мұнда да көрінбеді; көңілім әлі биіктетуде болып, оған тебен шаныштым. Және көре алмадым. Әбден дағдарған соң, құрығымнан ақыл сұрадым: «Апыр-ай, енді не қылайын?! Ақылың болса айтшы?» — дедім. Ол ант соққан жатып тұрып өзімді сөккені. «Ит болмасаң, айналып-айналып жерге қарай бергеніңше, көзіңді жұмып, аспан жаққа да бір қарасаң болмас па еді!» — дегені ғой. «Ойбай-ау, аспанды бұлт басып тұрғанын көрмейсің бе?» — деп едім, онан жаман балағаттап, «Ант ұрған-ау, қолың жоқ па? — дейді. — Бұлтыныңәрі, берісін бері сермеп жіберсең болмас па еді!» —

дейді. Ойлап тұрсам, оның сөзі де жөн екен. Дереу қолымды созып жіберіп, бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай сыпырып жібергенімде, күнің көзі жарқырап, шайдай ашылды да кетті. Әбден тұралап болып, көзімді шарт жұмып аспанға қарағанымда, мұнан артық не тамаша болсын, Темірқазақ-тың ар жағында, Шолпан жұлдызының бер жағында Шолпан жұлдызының бері қарап таба алмай жүрген жирен құлыным жайылып жүр екен. Әйелім ұл тапқандай қуанып, құрығымның басында тұрып секіре беріппін! Жалмажан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек теңізге түсе қалып едім, шым батып барамын. Дереу пышағымды қайық қалып, құрығымды ескек қылып түсе қалғанымда, кірпік қаққанша сыр етіп теңізден өте шықтым. Жирен құлынға міне салып, қайтадан теңізге түсе қалғанымда, шым батып барамын. Дереу инемді қайық етіп, құлынды өңгеріп түсе қалғанымда, көзді ашып-жұмғанша теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес, сыр етіп өте шықтым. Жылқыға келген соң: «Жүріс алған құрғыр тағы көзден ғайып болып, әуре қылып жүре ме?» — деп, енесін құлынына, құлынды айғырдың құйрығына байлап, жылқыға қоспай, далаға айдап қоя бердім. Бір уақытта айдын мұздың үстіне қарап тұрсам, бітпеген қу тобылғының түбінде бір тумаған ту қоян жатыр екен, жалма-жан садағымды алып, оғымның масақ жағымен атып едім, өтпеді, масақ жағын кіріске қойып, көз жағымен тартқанымда, жұлдыздай ағып өтті де кетті. Асығып-үсігіп, атымды бір қу қазыққа байлай салып, етегіме тезек тере бердім. Бір уақытта қарасам, атым тулап жүр екен; етегімдегі тезекті төге салып, атыма қарай жүгірейін десем, сұмдық-ай, манадан бері тезек деп тергенімнің бәрі бөдене екен, пыр-пыр етіп, бет-бетіне ұшты да кетті. Манағы қу қазық деп атымды байлағаным, аққудың мойны болып шықты, соның қанатынан үркіп, атымның тулап жүргені де сол екен. Атымды ұстап алып, манағы тебен инемді қазық қылып, басымды тоқпақ қылып жерге қағып жіберіп, соған байлап қойып, «уһ» деп, демімді алдым.

Атып алған қоянымды сояйын десем, қынымда пышағым жоқ. «Апыр-ау, қайда қалды?» — деп ойланып тұрғанымда, үш күн, үш түнде барып есіме түсе қалды: баяғы құрығымның басына шанышқан бойымен қарауыл қараған жерде ұмытылып

қалған екен. Соған қайта баруға еріндім де, күрек тісімнің біреуін суырып алып, қоянды сонымен соя бердім. Қашаннан өзімнің мал сойғыштығыммен жедеғабылдап, қоянды үш күнде сойып болып, қақтап, тұздап: «Енді майын ерітіп алайын» деп, бір бүтін қазанға еріткенімде, менің сорыма май ағып, тұрмады. Дереву бүтін қазанды тастай салып, бір тесік қазанға салып ерітіп едім, тақсыр-ай, мұндай қызықты көріп пе едіңіз, бір тамшысы жерге тамбай, тұра қалды?! Еріген майды ыдысқа қотарғанымда, бір түйе қарнына, бір өгіз қарнына, бір борсық қарнына әрең-әрең сыйды. «Бұл титтей май менің қай керегіме жарайды? Одан да етігімді майлап алғаным олжа шығар!» — деп, бас салып майлағанымда, бір етігімнің жұлығына зорға жетті; қонышыма жетпеді, анау етігім ауыз тиместен қалды. «Ер еңбегіне бір тойсын!» — деген сөз бар еді-ау деп, қоянның бір кесек етін қолыммен күнге әрі-бері қақтап пісіріп, аузыма салайын деп ойлағанымда, сұмдық-ай, аузым орнында жоқ екен, жүрегім мұздай болып: «апырмай, аузым қайда?!» — деп, қайта-қайта бетімді сипаласам, аузым жоқ дегенім ойыншық екен, солайымен кеудемде басым да жоқ екен! Тақсыр-ай, сондағы қорыққаным әлі есімнен кетпейді-ау! «Япыр-ай, бассыз қалай күн көремін?» — деп алақанымды маңдайыма қойып, ойға батып тұрғанымда, біреу иығымнан тартып: «Әке, мына басты танысың ба?» — дейді. Байқап қарасам: өзімнің басым, тауып әкеліп тұрған өзімнің балам! «Шырағым, мұны қайдан таптың?» — деп сұрағанымда: «Суат ойып, инені қазық қып қаққан жерінде жатыр екен, сенің басың екенін танып, алып келдім», — дейді. Тақсыр-ай, сондағы қуанғаным әлі есімнен кеткен жоқ!.. «Көп жаса, бақытты бол, үбірлі-шүбірлі бол!» — деп балама бата бергенім-ай сонда. Көптен ұйқы көрмей сергелдең болып жүрген байғұс басым сол мезгілде ұйқы қыстап, қалғымайын ба! Мұздан төсек, қардан жамылғы қылып, жата қалсам, төсектің жылылығына бұйығып, өлген адамдай ұйықтап, қатыппын да қалыппын. Түн ортасы болған кезде, бір нәрсенің сартта-сұрт естілген дыбысымен шошып оянып қарасам, екі етігім жұдырықтасып, қызыл ала қан болып, төбелесіп жатыр екен. «Бұларың қалай?» — деп сұрасам, май жағылмаған етігім жыламсырап: «Қайтейін! Май біткеннің бәрін анау жалмауызың ішіп қойды, маған ауыз тигізген

де жоқ», — деді. Онда екіншісі: «Өзіңнің кем несібелігіңнен көрмей, майдың жетпегенін менен көргенің, сасқаның ба?» — дейді. Ашуымның әбден келгені емес пе? Маңдайларына бір-бір шертіп, екеуін екі жағыма қойып жата бердім. Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашыпты да кетіпті. «Алда жүгірмек-ай» — деп, екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсіп, қуа бердім. Айдан айлар жүрдім, астымдағы атым зорығып өлді. Жылдан жылдар жүрдім. Бір кездерде жаялықтай жауырынына қауын егіп пісіріп отырған егіншілікке келдім. Егінші бейшара бір піскен қауынды алдыма қойып: «Жарқыным, пышағың бар екен, өзің жарып жей ғой!» — деді. Кездігімді суырып алып қауынға сала бергенімде, шіркіннің жетесі босап жүр екен, теміртегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті. «Қап, жолым қырсығып жүрген бейбақ едім, бұ да соның салдары ғой!» — дедім де, «Бала күннен бірге өсіп біте қайнаған замандасым еді, қалай көзім қиып, тастап кетейін!» деп, қауынның ішіне сүнгіп өзім де кіріп кеттім. Ал ізде: тау да қалмады, тас та қалмады, тоғай да қалмады. Апта болды-ау дегенде маған ұқсап, жоқ қарап, сандалып жүрген бір жолаушыға кез болдым. Жоғымның түсін, түгін, ен-таңбасын айтып сұрап едім, құдай соққан неме: «тфу!» — деп, бетіме түкіріп жібергені ғой! «Ау, жының бар немемісің? Жоқ сұрасам, бетіме түкіресің?» — дегенімде, о да бір ісік неме екен, әкіреңдеп: «Жынды демей, не дейін. Мен бір айдан бері атымды зорықтырып, бір айғыр үйірлі қысырағымды таба алмай жүргенімде, сен төрт еліге толмайтын теміртекті іздейсің!» — деді. Өлгінің сөзіне шыдай алмай, сол жерде жаттым да төбелестім, жараланбаған жеріміз де қалмады, қып-қызыл ала қанға боялды, ақырында, мен де, ол да, сілеміз құрып шаршап, екеуміз де төбелесті қойып, бір-бірімізден насыбай атысып, жөн-жөнімізге кете бердік.

Бір күндерде ұлы жиын, ас беріп жатқан қалың елдің үстінен шықтым. «Жақсы болды ғой! Осы жиыннан етігіме де сұрау салайыншы», — деп, ошақты жағалап келе жатқанымда, аста табақ тартып жүрген бозбалалардың арасында табақ көтеріп жүрген баяғы қашқан етігім анадайдан көзіме оттай ұшырады. Қатыным бала тапқандай қуанып,

секіре беріппін! Етігімнің де көзі мені шалып, ұялғаннан екі беті қып-қызыл болып, қолында көтерген әйдік табақ қазы, қарта, жал, жаяны әкеліп: «Кешегі маған жағуға қимаған майың осы ма еді?» — деп, алдыма сарт еткізіп қоя салды. Пай-пай, тақсыр-ай, сондағы ұялғаны өмірімде есімнен кетер емес! Мінеки, тақсыр, туғаннан бергі жерде басымнан өткен істер осы, — деп, тазша әңгімесін бітірді.

Қиыстырып, бір ауыз шын сөз араластырмай айтқанына ханның көңілі толып:

— Кәне, балам, енді өтірік өлең айтшы! — депті.

Сонда тазшаның айтқаны:

Қайныма қарға мініп ұрын бардым,
Күйеуден өзім қатар бұрын бардым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Алдынан қайын атам қырындадым!

Жүк артып инелікке ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде «өлдім-талдым!» өрең шештім.

Міндім де қара қоңыз, аяңдадым,
Салдыртып аяңына қоян алдым.
Япырым-ай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым!

Міндім де жасыл қоңыз, сона құдым,
Басынан мұнар төбе сағым будым.
Дәулеттің құдай берген арқасында
Қанменен көйлегімнің кірін жудым.

Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым.

Балықтың қабыршағын отқа жақтым.
Өтірік бір сөз айтпай жұртқа жақтым.

Бір сонам асыранды қашып кетіп,
Дүниеден он жыл іздеп өзер таптым.

Ақылдан ер жеткен соң болдым жарым.
Бір суыр — мал дегенде қолда барым.
Әйелім тел қоянды жаздай сауып,
Түйреді сары майды екі қарын.

Бергенде бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке,
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырды төңірекке.

Міндім де қара қоңыз, сона құдым,
Үш жұма, үш ай жүріп, қона құдым.
Қумасқа белді байлап тұрып едім,
Дегенде жеңгем жерік бола құдым.

Бай болдым төрт түлікке тумай жатып,
Балама қалың бердім бәрін сатып.
Ретін мал жаюдың білмеген соң,
Сондықтан кедейлікке қалдым батып!

Байлықтан ыза шектім ақырында,
Бір түйір мал болмады жақынымда.
Малымның бәрін жинап отқа жағып,
Отырмын кедейліктің тақырында.

Қамыстан жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.
Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.

Жиынға, салтанатқа кидім құрым,
Қытықтап, зорға айтқыздым ханның сырын.
Келгенде қалыңдығым жиырма жасқа,
Қайныма жиырма бес жас бардым бұрын.

Жүз салған қорғасыннан қара балтам,
Шықпады он матадан сыңар қалтам.
Дәулеттің маған келген арқасында
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.

Айдадым, жылқы қылып тоқсан түлкі;
Борсықты ұстап мінсең, аттың мүлкі.
Ішінде топ адамның тулап жығып,
Қылдың-ау, ойбай, қарсақ, жұртқа күлкі!

Арасын жырып қостым шөл қуаңның,
Молықтым, елін билеп бес дуанның.
Екі жүз құнан қойым егіз туып,
Осыған, нанар болсаң, көп қуандым!

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
Қан түсіп аяғына өле жазды-ай.

Тамырға шын сөзімді қап-қап бердім.
Найзасын нар қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге тастан қашқан тап-тап бердім!

Басынан Қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым.
Топан су тау басына дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,
Апырым-ай, бәрін тулап өлтіріпті!

Мен өзім кішкенедең қарға бақтым,
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым.
Біреуі жануардың үздік шығып,
Мойнына ақ киізден белгі тақтым.

Басында керегенің үрген қарын,
Көтердім балуандықпен соның бәрін.
Түйеге теңдеп соны қойғанымда,
Мертікті көтере алмай, қара нарым!

Масаның сілекейін желі қылдым,
Шымшықтың жұмыртқасын келі қылдым.
Қамыстан сегіз қабат үй істетіп,
Жонынан шегірткенің көген тілдім.

Шымшықтың шылым шектім бақайынан,
Қоянның атым үрікті топайынан,
Тазшаның ақылы артық, ойы жетік,
Көр тышқан етік қылдым шоқайынан.

Басына бәйтеректің тіктім орда,
Көкорай шалғын екен қорда-қорда.
Қос атпен күні-түні бірдей қуып,
Қашаған бір битімді тұттым зорға.

Мен өзім өтіріктен пайда еткенмін,
Бит терісін биялай, қалта еткенмін,
Етіне бір шіркейдің қазан толмай,
Соймасқа қайтып шіркей ант еткенмін.

Мыс егіп, көбік қарда алтын ордым,
Ізіне ақ жыланның қақпан құрдым.
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,
Жалғыз тал қыл қамшыммен өлгенше ұрдым.

Түгестім сары аяқпен Сырдың суын,
Он нарға артып жүрмін қыздың буын.
Еншіге әкем берген мың қоянның
Сол қыста қырып алдым барлық туын.

Тілімнің келмейді ебі өтірікке,
Тақсыр-ау, осыным да өтірік пе?
Қырық байтал қалың малға санап алып,
Қыз бердім, отау тігіп кекілікке!

Биені қымыз іштім, мұзға байлап,
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл айдап.
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап.

Отыным жазда жаққан мұздан болды.
Салымым жүз жасаған қыздан болды.
Былтырғы жерошаққа жаққан отым
Тұтанып, зорға биыл қызған болды.

Сауысқан алып ұшты бөлтірікті.
Айтпаймын қыз берсең де өтірікті!
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,
Бір қызды шыбын теуіп өлтіріпті!

Қоянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнектей көлбақаның жұмыртқасы,
Болғандай енді өтірік несі қалды,
Түбінен шау қияқтың ердің қасы.

Жонынан атжалманның айыл алдым,
Үш жөргем ішін жарып майын алдым.
Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,
Қырық құлаш қармақ салып, жайын алдым.

Шымшықтың шылым шектім қу басынан,
Атжалман арқан естім шудасынан.
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,
Инелік киіт киді құдасынан.

Серік боп құрқылтаймен қылдым сауда,
Айналды серіктіктің аты дауға.
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,
Ұрандап, бір бүйірден тидім жауға.

Дарияға тоған бастым ебелектен.
Жаратып, қасқыр қудым көбелекпен.
Жығылып тас кенеден мойны үзіліп,
Бір кемпір «ә» дегенше өле кеткен.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Борышыма жел жемісін бере қойдым.
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым!

Сауысқан елден асты аққуды іліп,
Елімді қызғыш шауып, салды бүлік.
Қақалып кеше кешке жеген етке,
Қолқамда бес жыл тұрды көрі жілік.

Күмістен ақ тышқанға таға қылдым,
Құйрығын көр тышқанның жаға қылдым.
Терісін он бес маса теспей сойып,
Жиынға он бес қарыс саба қылдым.
Жабылып тоғыз жігіт көтере алмай,
Қылмасқа ондай саба тоба қылдым.

Өтірік айтпағаннан жұртқа жақтым,
Құмырсқаны қайырып, қойдай бақтым.
Ел қыдырған кешегі есер кезде
Бөгелектің басына тана тақтым.

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай, жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз құрай ығында ас қып іштім.

Дүниенің ауыры үрген қуық,
Жалғыз өзім көтердім аузын буып.
Үлкеніне шіркейдің арба жектім,
Ондай мықты көрмедім өзім туып.

Бес қарсақты міндім де баса жектім,
Жүргізе алмай шіркінді азап шектім.
Екі теңді үстіне теңдеп алып,
Шапқылап шабандоздай дүрілдеттім.

Үлкеніне шіркейдің арба салдым,
Басқа, көзге төпелеп, зорға салдым.

Мені мықты дегенге жұрт нанбайды,
Қойдай битті көтеріп отқа салдым!

Өтірікті айтпаймын ең басынан.
Арқан естім бозторғай шудасынан.
Алты инелік, бес торғай той қылыпты,
Киіт кидік солардың құдасынан.

Өтірік өлең айтпаймын ең басынан,
Шымшықпен бірге шықтық тер басына.
Қара шіркей етіне қазан толды,
Астау-астау ет жедік ер басына.

Маса деген бірталай бақыр екен,
Сона деген қан сорғыш пақыр екен.
Екеуінің қылығы асқынған соң,
Құмырсқалар жабылып жатыр екен.

Бүгелектің терісі — ер-тұрманым,
Қоян мініп мен өзім жау қуғанмын.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Тұра қашқан түлкіні бір бұрмаймын.

Көлбақаның көнектей күйегі бар,
Көртышқанның қырық құлаш үйегі бар.
Өзім барып, жерінен алып келдім,
Бір түлкінің қырық арба сүйегі бар! —

деп аяқтады өлеңін тазша.

Тазшаның әңгімесі де, өлеңі де бастан-аяқ ханның өзі айтқандай, рас сөзден бір ауыз қосылмай айтылғанына ханның мейірі қанып: «Адам қай іске бет түзеп ұмтылса, сол істің үдесіне шығарына көңілім сенеді. Түбінде мұның қолынан үлкен-үлкен жұмыс келер», — деп, айтқан уәдесімен қызын да береді, уәзір де қылады. Тазша сөйтіп мұратына жетеді.

Ұр, тоқпақ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей екен: тұзақ құрып күнін көріпті. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, оған бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға:

— Сен мені босат! Менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, — дейді.

Шал бұл ұсынысты мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, болған жайды айтса, кемпір шалға ұрсады...

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре, бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Түйешіге келіп:

— Бұл кімнің түйесі? — десе:

— Бұл Қазбайдың түйесі, — дейді.

«Бұл Қазбай — баяғы қаз екен», — деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

— Бұл кімнің қойы? — деп, қойшыдан сұрайды.

— Бұл Қазбайдың — қойы, — дейді қойшы бала.

— Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? — дейді шал. Бала:

— Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!» — десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім, құс» — десе, алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!» — десе, адамдарды ұра береді, — дейді бала.

— Ғажап екен, — деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

— Ата, асқа түс! — дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

— Шырақтарым «піс, қазаным, піс!» демендер, — дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, балалар тыңдасын ба. «Піс, қазаным, піс!» — деп шулап қоя береді.

Сол сәтте әр түрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды басқа бір қазанға алмастырып, тығып қояды.

Шал қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!» — десе, еш нәрсе піспейді.

Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:

— Бұдан еш нәрсе шықпады, — дейді.

«Піс, қазаным, піс!» — десе де ештеңе байқалмайды. Қазан бос күйінше тұра береді.

Қазбай қазанды алып қалып, шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті мініп, үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

— Ата, асқа түсіңіз! — дейді.

Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі, үйге кіріп бара жатып, балаларға:

— Шырақтарым! «Құс, есегім, құс!» демендер, — дейді.

Балалар:

— Мақұл! — дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ балалар: «Құс, есегім, құс» десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпірі:

— Қаздан барып алып келгенің осы ма? — дейді. Шал есекке: «Құс, есегім, құс» десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

— Есектен еш нәрсе шықпады, — дейді.

Қазбай есекті алып: «Құс, есегім, алтын құс», — десе, еш нәрсе құспайды.

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

— Ата, асқа түс! — дейді балалар оған. Шал үйге кіріп бара жатып:

— Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер, — дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң, дөндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр», — дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын, ал кеп ұрсын! Ұрып жүр, ұрып жүр. Балалар тоқпаққа жалынады: «Ойбай», «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді» берейік!» — дейді. Шал шығып келе жатып, естіп қояды. Шал келіп:

— «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме? — дейді.

Балалар:

— Мақұл! Әкеліп береміз! — дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызады. Балалардан «Піс қазанды», «Құс есекті» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.

Алтын балта

Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.

Біраз отын шауып бола берген кезде, кедейдің балтасының басы ұшып кетіп, қасындағы диірмен тасын айналдырып жатқан суға барып түсіпті.

Кедей диірменші шалға келіп, балтамды алып бер деп жалынады. Шал диірменін тоқтатып, суға қолын тығып жібереді де, бір алтын басты балтаны алып шығады.

— Мынау ма балтаң? — дейді диірменші.

— Жоқ, бұл емес, — дейді кедей.

Шал суға екінші рет қолын малып жіберіп, күміс басты балтаны алып шығады да:

— Мынау ма балтаң? — дейді тағы да кедейге.

— Бұл да емес.

Диірменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді.

Сол кезде қана кедей:

— Е, міне, мынау менің балтам! — деп, оған қолын соза бергенде, диірменші шал оны тоқтатып:

— Шырағым, дүниеқоңыз емес, ақ пейіл адал жан екенсің. Сол үшін менен мына балтаны сыйға ал. Оның сен сияқты кедейге тигізер пайдасы көп. Осы балта қолыңда тұрғанда, күнкөрісің түзелер, тез арада-ақ ел қатарына қосыларсың, — деп, оған алтын балтаны береді.

Кедей бұл балтаны үйге әкелген күннен бастап, құлшына еңбек етеді. Алтын балта сиқырлы балта екен, кедей отынды да өндірте жарады. Сөйтіп, ісі оңға басады. Үйге береке кіреді.

Мұны көрші бай да байқап қалады. Бір күні ол кедейден мұның сырын сұрайды. Кедей жасырмай барлық болған оқиғаны айтып береді.

Енді баяғы кедейге бере тұрған қара балтасын ала салып, бай да отынға келеді. Ол отынды шабар-шаппастан-ақ шыдамай, балтасын диірмен суына лақтырып жібереді де, алып бер деп, диірменші шалға келеді.

Шал судан алтын басты балтаны алып шығады. Сол сол-ақ екен бай:

— Менің балтам, мынау менің балтам! — деп, тұра ұмтылады.

Бірақ диірменші шал оны кеудесінен итеріп, тоқтатады да:

— Қоя тұр, құлқыны тоймаған қу неме! Міне, сенің балтаң, — деп, байға өзінің темір басты балтасын алып береді.

Бай амалы құрып үйіне қайтады.

Еңбегімен күнелткен кедейді күндеп, көре алмай, ішқұса болған бай шаруасына да жөндеп қарай алмапты. Тұрмысының да берекесі кетіпті. Сары ауру боп. ақырында бай өліп тыныпты.

Құлақ

Ерте заманда бір аңшы болған екен. Күндердің бір күні аңшының әйелі арыстанның құлағын тауып әкелуді өтініпті.

Аңшы аң аулауға орманға барыпты. Орманда бірнеше күн жүріп, атқан арыстандардың құлақтарын кесіп ала беріпті. Солай етіп, ол үйіне бір дорба құлақ алып қайтыпты. Әйелі әкелген құлақтарды жерігі қанғанша пісіріп жеп жүріпті.

Күндердің бір күні аңшының әйелі босанып, қырық құлақ туыпты. Мұны көріп, аңшы мен әйелі екеуі қатты қайғырып жылапты. Бір күні екеуі ақылдасып, жұртқа көрсетпей құлақтардың көзін құрту керек деген ойға келеді. Осылай десіп, аңшы қырық құлақты жиып-теріп, итке апарып тастапты, сонда бір құлақ жабықта жасырынып қалыпты. Бір күні аңшы мен әйелі от басында әңгімелесіп отырады.

— Бала-шағамыз болса, қандай жақсы болар еді, отын-суға, онда-мұнда соларды жұмсар едік, — дейді аңшының әйелі.

Сонда жабықта отырған құлақ:

— Апа, мен бармын ғой, отын-суға, оны-мұны жұмысқа мені жұмса, — дейді.

Аңшы мен әйелі аң-таң болады.

— Кім бар, бұл кім? — деп жан-жақтарына қарасады, ешкім көздеріне түспейді. Содан кейін аңшының әйелі:

— Сен кімсің? — деп сұрайды.

— Мен сенің балаңмын. Құлақпын, — дейді.

— Сен қайдасың?

— Мен жабықтамын.

Олар құлақты түсіріп алады. Сөйтеді де, оны шөпшек теруге жібереді.

Құлақ шөпшек теріп, үйге қайтып келе жатқанда, нөсер жаңбыр жауып кетеді. Құлақ бір үлкен жапыраққа ықтайды. Ол жапырақты жайылып жүрген бір түйе жеп қояды. Жапырақпен бірге Құлақты да жұтып жібереді. Ол түйенің түп бүйеніне жабысып отырып алып, айт-шулеп айдап, үйіне алып келеді. Аңшы мен әйелі түйені сойып, оның барлық ішек-қарнын ақтарып қарайды, бірақ Құлақты таба алмайды. Мұнда қайдан болсын деп, түйенің түп бүйенін кесіп, далаға лақтырып тастай салады.

Түйенің түп бүйенін түнде келіп қасқыр жейді. Ол қойға шабайын десе, ішіндегі Құлақ айқай салады.

— Қойшы, қойшы! Қойыңа қасқыр шабайын деп тұр, — дейді.

Қойшы ит қосып, қасқырды өлімші қылады. Осылай қасқыр әлденеше күн бойы қойға шаба алмай жүреді. Әбден ашығады, жүдейді, өлуге таянады. Содан кейін қасқар түлкіге барып:

— Менің ішімде бірдеңе бар, қойға шабайын десем, сол пәле айқай салады, аштан өлетін болдым, осыдан қалай құтыламын? — дейді.

Түлкі оған:

— Жүгіріп-жүгіріп, әбден терлеп келіп, мұзға құйрығыңды төсей қой, сонда ішіндегі пәледен құтыласың, — дейді.

Қасқыр түлкінің айтқанын істейді. Жүгіре-жүгіре, буы аспанға шығып әбден терлеген ол мұзға келіп отырады. Қасқырдың жүні мұзға қатты жабысып, сол жерде қатып өледі.

Қасқырдың өліп жатқанын аңшы көреді. Ол дереу қасқырды сойып, терісін сыпырып алуға кіріседі. Аңшы қасқырды сойып жатқанда, оның қасынан екі атты жолаушы өтеді. Құлақ барып, солардың біреуінің ат дорбасына түсіп, отыра қояды. Жолаушылар кешке бір ауылға келіп жетеді. Қонақ болуға бір үйге келіп, үй иесімен сөйлесіп:

— Қонақпыз, — дейді.

— Нешеусіздер? — дейді үйдің иесі.

— Екеуміз, — дейді жолаушылар.

— Жоқ, менімен үшеуміз, — дейді Құлақ.

— Үшеу болсаңдар, жолдарың болсын, үй тар еді, — дейді үй иесі.

Жолаушылар аң-таң болады.

— Бұл үшінші кім, қайда? — деп жан-жақтарына қарасады. Ешкім көрінбейді. «Өттең, ендігіде есте болсын», — дейді олар. Сөйтіп, тағы бір үйге келіп сөйлеседі;

— Қонақпыз!

— Нешеусіздер?

— Үшеуміз.

— Жарайды, түсіңдер, — дейді үй иесі. Қонақтар түседі. Олармен бірге Құлақ та түседі. Бірақ оны ешкім көрмейді.

«Үшінші қонақ қайда?» — деп үй иесі де, «Менімен үшеуміз деген жолдасымыз қайда?» деп, жолаушылар да аң-таң болып отырады. Бай сараң екен, қонақтарта мал соймай, тек быламық пісіріп береді. Бұған Құлақтың ашуы келеді. Түнде байдың қойына қасқыр шабады. Құлақ қорадағы есік-тесіктің бәрін тас қылып бекітіп тастайды. Қасқыр байдың қойының бәрін тамақтап кетеді. Ертеңіне қонақтар ауыл-аймағымен түгел етке тояды.

Аңқау

Баяғыда бір аңқау есегіне мініп, сапарға кетеді. Келе жатып, тауға шығарда есегін аяп, жетектеп өтпекші болады. Бұны екі ұры көріп, есекті ұрламақшы болады. Екі ұры аңқауға білдірмей келіп, біреуі есектің ноқтасын сыпырып жіберіп өзі киіп, аңқаудың артында жүріп отырады. Екіншісі есекті алып кетеді. Аңқау білмейді, өлең айтып жүре береді. Біраздан кейін әлгі ұры тартынып жүрмейді, аңқау артына қараса, есектің орнына адамды көреді. «Бұл қалай, сен қайдан келдің?» — деп таң қалады.

Ұры: «Мен сенің есегің болып жүрген кісі едім, бала кезімде тентек болдым, шешем «есек болғыр» деп қарғап еді, мен есек болдым. Бүгін қайта адам болдым», — дейді.

Аңқау бұған сеніп, ұрыны босатып жібереді.

Сыншы бала

Баяғыда бір баланы жат жұрттықтар тұтқындап, еліне алып кетіпті. Еліне әкелген соң, қой бақтырып қойыпты.

Бала қой бағып жүріп, далада қалған қу бастың қасына келіп: «Сенің арғымақтың басы екеніңді кім білсін, менің Тортай сыншының баласы екенімді кім білсін?» деп зарлайды екен.

Күндердің күнінде баланың қожасы үш арғымақ әкеліп балаға сынатыпты.

— Бала, мына арғымақтардың қайсысы жүйрік? — деп сұрапты. Бала:

— Мен білмеймін, әкем білетін еді, — депті.

Мұнан соң бай сөйгүліктерді балаға бақтырып қойыпты. Бала ең тұлпарын танып, жарата беріпті. Бір күні бала тұлпарға мініп, еліне тайып отырыпты. Жат жұрттықтар жабыла қуыпты. Бірақ, бала оларға жеткізбей кетіпті. Сөйтіп аман-есен еліне жетіпті.

Үш жалқау

Ертеде бірінен-бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай беру екен.

Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау:

— Е... құдай, мына өріктер піссе, — депті. Екіншісі: «Ауызға келіп түссе», — депті.

Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп:

— Тұу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер, — депті.

Сылтаушыл

Ертеде бір қойшы үйіне мызғып алуға келіпті де, қойды қарай тұруға баласын жұмсапты. Күн суық болса керек, баласы:

— Тоңамын! — деп, сылтауратыпты.

Анасы ұлының аяғына жылы байпақ, үстіне тон, тері шалбар, жылы қолғап, басына үлкен тымақ кигізіпті де:

— Ал балам, енді тоңбайсың, бара ғой, — депті. Сонда баласы ұялмастан:

— Енді көзім тоңады, — деп жылапты.

Әже мен немере

Белі бүгіліп, бойындағы бар күшін тауысқан қарт әже еңкейе басып жүріп келеді. Мұны көріп, алдынан жүгіріп шыққан немересі:

— Әже, әже, айтшы, не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба? — депті.

— Иә, балам, жастығымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін, — деп әжесі жерге еңкейе түсті.

Сонда немересі қарсы алдына кеп, тұра қалды:

— Жоғалтқаныңыз алдыңызда тұр ғой, әже!

— О, құлыным!.. Менің жастық шағым сен екенсің ғой, — деп мейірлене бетінен сүйді әжесі.

Зеректік

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып: — Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? — деп сұрайды.

Жолаушының біреуі:

— Түйенің оң көзі соқыр ма еді? — дейді.

Жоқшы:

— Ие, — деп басын изеді.

Екінші жолаушы:

— Түйенің сол жақ артқы аяғы ақсақ па еді? — деп сұрайды.

— Дұрыс! Сол жақ артқы аяғының сылтыңы бар еді, — дейді.

Сонан соң, үшінші жолаушы:

— Түйенің құйрығы шолақ па еді? — деп сұрайды.

Жоқшы:

— Иә, құйрығы шолақ, — деп асығып жауап береді де: — ол түйені қайдан көрдіңдер? — деп сұрай бастайды.

Жолаушылар:

— Көргеніміз жоқ, — дейді.

— Көрмесеңіздер түйемнің белгісін қайдан білесіндер? Түйемді сендер ұрладыңдар! — деп жоқшы жабыса кетеді.

Жолаушылар:

— Ау, жаным, денің сау ма? Түйеді ұрламақ түгіл, көргеніміз де жоқ, — дейді.

Жоқшы бұл жауапқа қанағаттанбайды. Төртеуі бір биге келіп жүгінеді. Би сұрастыра келе:

— Ұрламасаңдар, көрмесеңдер, ол түйенің бейне-белгісін, көрген кісідей анықтап, байқап қайдан білдіңдер? — дейді.

Жолаушылар:

— Біз ұры емеспіз, мал баққан, малмен көзімізді ашқан шаруалардың балаларымыз, сондықтан білдік, — деп жауап береді.

— Қалай білдіңдер? — деп, би қайта сұрайды.

Жолаушылар:

— Түйенің оң көзі соқыр ма еді? — дегеніміз: түйе бара жатып, ылғи жолдың сол жағындағы шөпті жепті, оң жағындағы шөпті жемепті. Аяғының ақсағын білгеніміз: тұрған жерінде, артқы сол аяғын көтеріп тұрыпты. Түйенің құйрығы шолақ екенін білгеніміз: құмалақ тастағанда, алысқа жіберіпті. Шолақ түйенің құмалағы алысқа түседі, құйрықты түйе құмалағын алысқа тастай алмайды, — депті.

Еңбекпен ел көгерер

Ерте заманда ағайынды төрт жігіт болыпты. Олардың үшеуі бірінен-бірі өткен кер жалқау, шаруаға қыры жоқ берекесіз екен. Ал ең кішісі еңбексүйгіш малжанды көрінеді. Сыншыл жұрт ағайынды төртеудің мінезіне қарай, оларға жанама ат қойып, айдар тағыпты.

Жалқаулардың ең үлкені қурай басын сындырмай, шалқасынан жатып алып, шырт түкіріп қойып, малын сонауға айдатып жіберетін көрінеді. Сондықтан оны «Туусонау» деп атапты. «Малымды байқай сал, көре сал» деп өткен-кеткендерге тапсырып қана, өзі дәйім үйінде жүретін жалқауға «Көресал» деген ат беріліпті. Малына тек сырттай қамқорсып, «айдай сал» деп, көрінгенді жұмсай салатын жігіт «Айдайсал» атаныпты.

Ағайындылардың кенжесі айранын ұрттап, қойын құрттап, малын өзі бағыпты.

Бір жұтта «Туусонаудың» малынан түк қалмапты, «Көресалдың» малы көп өліпті. «Айдайсалдың» да малы аз қырылмапты.

Ал өзі бағып-күткен еңбекшіл жігіттің малы жұтамай, қыстан аман шығып елін аштықтан құтқарыпты.

«Еңбекпен ел көгерер» деген нақыл осыдан қалыпты деседі халық.

Екі жалқау

Қыстың алай-түлей соққан бораны есікті жұлқылай ашып, асыққан жолаушыдай үйге ентелейді. Екі жалқау жылы пештің қасынан тұрғысы келмейді:

— Сен кішісің ғой есікті жауып келші.

— Сен үлкенсің ғой, өзің жап.

— Жоқ. Өзің жап.

Екеуі осылай салғыласып отырғанда бораған қар үйге толады. Терезелерге аяз өрнек салып, пештегі оттың жылуын да бәсеңдетеді, көмірдің қызыл шоқтары суи береді. Бөлмені суық ауа торлайды.

Екі жалқауды мұз басады да, бөлменің екі бұрышында екі мұз адам пайда болады.

Олақ қыз

Ертеде бір байдың бойжеткен қызы болыпты. Біраз жасқа келсе де, ол көк инені көктей шаншуды білмейді екен. Қызының бұл ісіне намыстанған байдың бәйбішесі жұрт көзінше қызына іс тігуді үйретпекші болып, бір шөрік жіп пен ине және бір кез бұл-мата беріпті.

Қыз инеге жіпті сабақтап, бұлға бір шаншып алып, тарта беріпті, тарта беріпті... Біраз уақыт өткенде, әбден дымы құрыған қыз: «Аһ, жеттім-ау!» — деп тартып қалса, жіптің екінші ұшы зып ете қалыпты. Сөйтсе, ол жіптің ұшын түюді ұмытып кеткен екен.

Міне, осыдан бастап, жұрт оны «Олақ қыз» деп атапты.

Кісі мен қиқар бала

Бала:

— Ассалаумағалейкүм!

Кісі:

— Әлейкүмассалам. Қайдан келе жатырсың?

Бала:

— Қолқа деген жерден келе жатырмын.

Кісі:

— Қолқаның қары қанша екен?

Бала:

— Қайрылып қарағаным жоқ, қарыстап шенеген жоқпын.

Кісі:

— Кімнің баласысың?

Бала:

— Әкемнің баласымын.

Кісі:

— Әкеңнің аты кім?

Бала:

— Әкемнің аты жылқыда. Құла ат.

Кісі:

— Аулыңның үлкені кім?

Бала:

— Түйе!

Кісі:

— Сақалдысы?

Бала:

— Теке!

Кісі:

— Ой, бір жетпегір екенсің?

Бала:

— Жетпесем, сіз мінгестірерсіз.

Кісі:

— Саған шара жоқ-ты.

Бала:

— Алдымен тостаған керек.

Кісі:

— Салып кетейін бе?

Бала:

— Жылдам барарсыз.

Кісі:

— Қойып кетейін бе?

Бала:

— Қайтарда аларсыз.

Кісі:

— Ой бір қу екенсің.

Бала:

— Қу болсам, жұмыртқамды жерсіз.

Суайт бала мен қарт

Суайт бала:

— Ассалаумағалейкүм, шал-еке!

Қарт:

— Уағалайкүмассалам, балеке! Ал, әңгіме айт!

Бала:

— Көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба?

Қарт:

— Естігенің жаңсақ болар, көргеніңді айт, балам.

Бала:

— Ендеше ана қырдың астында алпыс ала қасқыр, жетпіс бала қасқыр бір сонаны тауыса алмай жатыр екен.

Қарт:

— Әй, шырағым-ай! Сона дегенің сонашық-тағы!

Бала:

— Сонашық екенін содан біліңіз, ортан жілігі отау үйге тіреу болады.

Қарт:

— Отау дегенің күркешік-тағы!

Бала:

— Күркешік екенін содан біліңіз, артқанымда қырық қара нар бақырып-шақырып әрең тұрды.

Қарт:

— Нар дегенің наршық-тағы!

Бала:

— Наршық екенін содан біліңіз, қарағай ағаштың басын қайқайтып шалып жейді, емен ағаштың басын еңкейтіп шалып жейді.

Қарт:

— Қарағай дегенің талшық-тағы!

Бала:

— Талшық екенін содан біліңіз, қайқайып қарағаныңда бөркің түседі.

Қарт:

— Оны қараған адам ергежейлі-дағы!

Бала:

— Ергежейлі екенін содан біліңіз, қырық құлаш шыңыраудан су алып ішеді.

Қарт:

— Шыңырау дегенің апаншық-тағы!

Бала:

— Апаншық екенін содан біліңіз, ертемен тастаған кесек түбіне кешке жетеді.

Қарт:

— Ол күн қысқа күн-дағы!

Қысқа күн екенін содан біліңіз, таңертең еккен егін, кешке дейін оруға келеді. Ертеңгілік туған бала, кешкісін атқа шабады.

Жалқау немере

Баяғы өткен заманда әжесі мен немересі болыпты. Әбден қартайғандықтан әжесі жұмыс істей алмайды, тек жата береді екен. Ал немере қызы болса өте жалқау, еріншек болыпты.

Көктем келеді. «Жұрттың бәрі тырбанып бір нәрсе егіп жатыр, біз де ішіп-жеуге бір нәрсе егіп алуымыз керек қой», — деп ойлады да әжесі бұл ойын немересіне айтады.

— Әже, керегі жоқ. Сен әбден қартайдың, күзге салым өлесің. Сонан кейін бір мейірімді адам табылып, мені асырауға алмас деймісің, егіннің бізге не қажеті бар? — дейді немересі.

Сөйтіп, олар егін екпейді.

Күз де болады.

Жұрт егінін жинай бастайды. Әжесі өлмейді, сөйтіп, немере қызын ешкім тәрбиесіне алмайды.

Бір күні көрші әйел келіп, әжесі мен немересінің ішіп-жейтін бір түйір дәні жоқ екенін көріп:

— Тым болмаса, біздің үйге келіп шамалы тары алсаң болмас па еді! — дейді.

Көрші әйел кеткен соң, кемпір немересіне:

— Қызым, барып бірер тостаған тары алып келсеңші! — дейді.

— Бармай-ақ қойсам қайтеді, әже? Мүмкін, оның тарысы жаман шығар... — дейді немересі.

Әжесі мен немересі қыс бойы ашығып, өлудің аз-ақ алдында болады. Енді күн жылып, жер қарайып, көктем басталысымен немересі жұмысқа шығып, егін еге бастайды.

— Еңбектеніп керегі не? Әжең болса әбден қартайды, өлуіне аз-ақ қалды. Ал сені біреу-міреу тәрбиесіне алады. Сендерге егіннің не қажеті бар? — деп күледі көршілері.

Қыз еш нәрсе деп жауап қайтармайды, тек қана ол: «Қыс азығыңды жаз дайында», — деген мақалды есіне түсіреді.

Қайырымды қоян

Мейрам күні әке-шешесі кішкене баласын қонақ шақырып келуте жұмсайды. «Ана ағаңды, мына атаңды, өне бір жезденді шақыр...» — деп, екеуі көптеген адамның атын айтады.

Бала көшеге шығысымен-ақ шақыр деген кісілерінің аты-жөнін ұмытып қалады. Үйге барып, қайыра сұрауға бата алмайды. Ол тұрып-тұрып «Ауылдың адамын тегіс шақырайын, солармен бірге шақыр деген адамдары да келер», — деп ойлайды. Сөйтіп, ол үй біткеннің бәріне кіріп, ауыл адамдарын тегіс қонаққа шақырады. Барлығы да шақырғанына риза болып, келетіндіктерін айтады. Бала үйіне қайтады.

Түсте қонақтың алды жинала бастайды. Ауылдың барлық адамы жиналып, енді той дастарқанның жайылуын күтеді.

Баланың әке-шешесі жиылған жұртты көріп шошып кетіп:

— Мұнысы несі? Мұнша жұртқа тамақты қалай жеткіземіз? — дейді.

Бала шақыр деген адамдарын ұмытып қалғандықтан, үйге кел деп жұртқа түгел хабар бергенін мойнына алады.

Жұрт дастарқанның жайылуын сарғая күтумен болады. Ақыры әке-шешесі үйдегі барлық тамақты дастарқанға қояды. Бірақ онысы жиын топқа аздық етеді.

— Өзің бүлдірген істі өзің жөнде! — деп ата-анасы баласына ренжиді.

Бала көз жасын сорғалата үйден атып шығып, тоғайға кетіп қалады. Ағаш түбінде отырып алып, ағыл-тегіл болып жылайды.

Кенет оның ескі досы — қоян жүгіріп оның қасына келеді. Бұл қоянды ол кішкене көжек уақытында тауып алып, үйінде бағып өсірген соң, тоғайға алып келіп қоя берген болатын. Қоян секіріп келіп, баланың аяғының үстіне отырады.

Бала өз жайын қоянға айтып береді.

Қоян артқы аяғына шоқиып отырып, қалқан құлағымен бәрін тыңдап алады да, сонан кейін алдыңғы екі аяғымен баланың қолынан ұстайды да:

— Жарайды, қапаланба, достым! Үйіңе қайт, бәрі де болады, — дейді. Соның артынша тоғайға кіріп жоқ болады.

Қоянның айтқан ақылын алып, бала ауылына қайтады. Үйіне келсе, дастарқандағы асты ішіп-жеп болған қонақтар тағы да тамақ дәмеп кетпей отыр. Кейбіреулері үй иесіне кейіп, ұрса бастайды. Ашуланшақ біреулер:

— Беретін еш нәрсең болмаған соң, қонақ шақырып нең бар еді! — дейді.

Осы кезде қонақтың біреуі терезеден сыртқа көз жіберіп шошып кетеді де, серіктерін қасына шақырады. Алғашында бәрінің де зөре-құты қалмағанмен, артынша жүректерін тоқтатып, олар да қайран қалады. Көше әр түрлі аңдарға толып кетіпті, барлығының да көтерген жүгі бар, тура үйге қарай келе жатады.

Аюлар балды қораға кеспек-кеспегімен домалатып әкеліп кіргізеді. Қасқырлар бірнеше тұтас қойдың етін әкеледі. Бұғылар мүйізіне іліп шелек-шелек сүт әкеледі. Түлкі тауық пен қоян етін алып келеді, тиін мен қояндар шелек-шелек жаңғақ пен жидек теріп әкеледі. Баланың үйіне осы тағамның бәрін әкелуді өзінің ормандағы достарына өтінген қоян еді. Ол

қонақтарға өзін бала қалай асырап өсіргенін, сосын тоғайға қалай апарып қоя бергенін түгел айтады.

Аңдар әкелген тамақтарын қораға үйіп-төгеді де, жұбын жазбай қайтадан тоғайға кетіп қалады. Таң қалған қонақтар үндей алмай, ауыздарын ашып тұрып қалады.

Әке-шешесі қуанғаннан не істерін білмейді, ал бала ол екеуінен де бетер қуанып, қоян досына риза болады.

Арыстан мен түлкі

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмай-тын болды. Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:

— Аурумын, жүруге әлім жоқ, — деп, барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды.

Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

— Халіңіз қалай, тақсыр? — деп, көңілін сұрады.

— Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, біразырақ сөйлесейік, — деді арыстан.

Түлкі:

— Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! — деп, жүріп кетіпті.

Қара Қашқынбай

Бір бала жасынан мал бағыпты. Жазда бұтына жарғақ шалбар киіп, ылғи жалаңаш жүреді екен. Денесі күнге күйіп, қап-қара болыпты. Сондықтан ел оны алғаш «Қара бала» деп атапты. Баланың елден ерек бір өзгешелігі — өте қорқақ екен. Күркіреген күннен де, қараңғы түннен де, аң атаулының бәрінен қорқыпты. Тіпті төрт түлік малдан — түйеден де, жылқыдан да, сиырдан да шошыпты. Тек жалғыз досы қой екен. Сонан қойды ғана бағыпты.

Бала бірдеңеден қорықса, қой ішіне қойып кетіп жасырынады екен. Болмаса беті ауған жаққа қашыпты. Сөйтіп, ел оны енді «Қара Қашқынбай» деп атап кетіпті.

Өлгі бала далада қой бағып жүргенде күн күркіреп, нөсер жауыпты. Қара Қашқынбай қой ішіне кіріп кетеді. Иірілген қойдың ішіне жасырынып жатқанда, бір қой үстіне құмалақтап жібереді. Қашқынбай шошып, айдалаға қарай безе жөнеледі. Дедектеп жүгіріп келе жатса, бір тышқан жолығыпты.

Тышқан:

— О, Қара Қашқынбай, қайдан келесің? — депті.

— Жауырынымнан жаудың оғы тиіп, содан қашып келемін, — дейді Қашқынбай.

— Мен де саған жолдаспын, — деп, оған тышқан қосылыпты.

Олардың алдынан қоян шығыпты:

— О, Қара Қашқынбай, қайдан келесің?

— Жауырынымнан жаудың оғы тиіп содан қашып келемін.

— Мен де саған жолдаспын, — дейді қоян.

Үшеуі қосылып жортып кетеді. Олардың алдынан қарсақ, түлкі, қасқыр, аю, жолбарыс, арыстан қосылады. Бәрі де Қара Қашқынбайдың тобына ілеседі. Бір кезде бәрі ашығады. Бірін-бірі жеудің қамын ойлайды. Арыстан Қашқынбайға біреуімізді жеуіміз керек деген емеуірін білдіреді. Қашқынбай жырлай жөнеледі:

Арыстан біздің атамыз, атамызға кім тисін?!

Жолбарыс біздің жәкеміз, жәкемізге кім тисін?!

Аю біздің апамыз, апамызға кім тисін?!

Қасқыр біздің Қабан би, Қабан биге кім тисін?!

Түлкі біздің Түмен би, Түмен биге кім тисін?!

Қарсақ біздің қарындас, қарындасқа кім тисін?!

Қоян біздің қойындас, қойындасқа кім тисін?!

Тышқан біздің неміз? Ту-талақай қып жеңіз...

Бас салып, бәрі тышқанды түтіп жеп алады. Біраздан кейін тағы ашығады.

— Ал, Қара Қашқынбай, жырла, — дейді арыстан. Қашқынбай жырлай жөнеледі:

Арыстан біздің атамыз, атамызға кім тисін?!
Жолбарыс біздің жәкеміз, жәкемізге кім тисін?!
Аю біздің апамыз, апамызға кім тисін?!
Қасқыр біздің Қабан би, Қабан биге кім тисін?!
Түлкі біздің Түмен би, Түмен биге кім тисін?!
Қарсақ біздің қарындас, қарындасқа кім тисін?!
Қоян біздің неміз? Ту-талақай қып жеңіз...

Қоянды да жеп алады.

Сөйтіп, кезегімен жей беріп, ең артында арыстан мен Қара Қашқынбай ғана қалады.

— Ал Қашқынбай, жырла, — дейді арыстан. Қашқынбай жырлай жөнелдеі:

Арыстан біздің атамыз, атамызға кім тисін?!

Қашқынбай біздің неміз? Ту-талақай қып жеңіз... — дейді Қашқынбай: — Бірақ, арыстан атамыз, менің сізге өтінішім бар!

— Айт! Қандай өтініш?

— Мына бір тесік тастың ар жағында атамның сайы бар еді, мені сонда апарып жеңіз, сүйегім сонда қалсын, — деп өтінеді Қашқынбай. Арыстан көнеді.

Қара Қашқынбай зып етіп тесік тастың ар жағына өте шығады. Артынан арыстан өтпекші болады. Бірақ тесікке ортан белінен кептеліп, не әрі, не бері шыға алмай қалады. Қашқынбай арыстанның алдын да, артын да таспен бекітіп, тұншықтырып кетеді. Қара Қашқынбай аң атаулының бәрін айламен жеңіп, елге қайтады.

Мұны халық естиді. «Қара Қашқынбай батыр болып келіпті», — деген хабар тарайды.

Содан былай қорқақ Қашқынбай батыр Қашқынбай атанып кетіпті.

Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке

Күн шыға бөрте лақ та орнынан тұрды. Керіледі, пысқырады. Секіріп барып, күйсеп жатқан көк марқаны сүзіп тұрғызады. Екеуі қасқа бұзауға келеді.

— Жүр, серуендеп қайтайық. Анау көрінген сұр адырға барайық. Онда мөлдір бұлақ бар. Атаңның сүйікті асы — өлең шөпке тоясың. Тоқты ағам балғын балаусасын теріп жесін. Мен, тұяғым қышыды, тасқа секірейін, тісім қышыды, қынасын қырнап жейін, — дейді лақ теке.

Лақ теке бастап, үшеуі жолдас боп, жүріп кетеді. Келе жатып, бір қап бидай тауып алады.

— Мұны қайтеміз? — дейді тоқты қошқар.

— Бұзау ағамның аузы үлкен ғой, бір асайды, тоқты ағам екі асайды, мен, аузым кіші, үш асайын. Сөйтіп азық қылайық, — деп бұқаның арқасына салып береді.

Жел аңызак, күн ыстық еді. Лақ бастап, үшеуі желдеп, ұзап кетеді. Бұларды бір көкжал қасқыр көріп қалып, қуа жөнеледі. Үшеуі қашып барып, жартастағы үңгірге тығылады.

— Көкжал қасқыр үңгірге кіре бергенде, мен мүйізіммен тұмсығын қыса қояйын. Қошқар аға, сен қос өкпесінен бар пәрменіңмен соғып-соғып жібер, — дейді лақ.

Аузы ақсиып, тілі салақтап, сілекейі шұбырып, көзі жайнап, ырсылдап қасқыр үңгірге кіре бергенде, лақ теке екі мүйізімен оның тұмсығынан қыса қалады да:

— Ал қошқар аға, қорықпай соқ! — дейді.

Тоқты қошқар шегініп барып, қасқырдың қос өкпесінен қабырғаға жапсыра періп-періп жібереді. Қасқыр қан қақсап, үңгірден атып шығып:

— У-уа, уа-а, бір керемет ұстасы бар екен, темірден қысқашы бар екен, қысқашымен қысып тұрып, балғасымен соғып еді, өліп қала жаздадым! У-уа-а, — деп тұмсығын көкке көтеріп тұрып ұлиды.

Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке үшеуі жалма-жан үңгірден қашып шығып, бір бөйтеректің түбіне барады. Лақ теке әуелі мүйізімен іліп алып, бұзау бұқаны лақтырады. Ол барып бөйтеректің төменгі бұтағына ілінеді. Одан соң тоқты қошқарды лақтырады. Ол барып, бұзау бұқаның жоғары жағындағы бұтаққа ілінеді. Лақ текенің өзі қарғып, ең жоғарғы бұтаққа шығады.

Манағы көкжалдың ұлығанын естіп көп қасқыр қиналып, әлгі бөйтеректің төңірегін қоршайды. Бойлары жетпеген соң, бір қасқырдың үстіне бір қасқыр сатылап шығады. Ең үстіндегі

қасқырдың аузы бұзау бұқаға жақындап қалады. Ең астыңғы әлгі соққы жеген қасқыр екен. Лақ теке тұрып:

— Ал бұзау аға, астыңғы қасқырды мықта! — деп айқайлап жібереді. Мұны естіп, астыңғы қасқыр тұра қашады. Сонда үстіндегі қасқырлардың бәрі қирай құлайды да, бет-бетімен қаша жөнеледі.

Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке үшеуі аман-есен құтылады да, әрі қарай жүріп кетеді. Келе жатып, бір өлген түлкі тауып алады.

— Мұны қайтеміз? — дейді тоқты қошқар.

— Керек болады, — деп, лақ теке мүйізімен іліп алып, бұзау бұқаға арқалатып қояды.

Үшеуі келе жатса, бір үйден домбыра тартып, ән салып отырған дауыс шығады. Лақ теке:

— Кірейік, — дейді.

Бұзау:

— Кірмейік, — дейді.

Лақ теке болмай, өлген түлкіні босағаға тастап, үшеуі үйге кіріп келсе, аю, қасқыр, түлкі думандатып отыр екен. Қасқыр домбыра тартып, түлкі өлең айтып отыр. Бұларды көре салып, түлкі қуанып кетіп, домбыраны ала салып, сарнай жөнеледі:

Шіңгір-шіңгір, шіңгірлік,
Аю — біздің апамыз.
Қасқыр — біздің Қабан би,
Түлкі — біздің Түмен би.

Шіңгір-шіңгір, шіңгірлік,
Бұзау біздің неміз?
Тоқты біздің неміз?
Лақ біздің неміз?

Шіңгір-шіңгір, шіңгірлік,
Бұзау бұқа бір күндік,
Тоқты қошқар бір түндік,
Лақ теке бір түстік...

Мұны ести сала лақ теке:

— Бері әкел! — деп, домбыраны жұлып алады да, тақылдай жырлап қоя береді.

Тіңгір-тіңгір, тіңгірлік,
Аю бике терісін
Астыға сап жүн қылдық.
Қасқыр бидің терісін,
Илеп-илеп тон қылдық.
Түлкі біздің тымақтық!..

Сонда түлкінің көзі босағадағы өлген түлкіні шалып қалып:

— «Ә... мыналар түлкіні қырып келеді екен», — деп ойлап, тұра қашады. Оны көріп, қасқыр мен аю да зыта жөнеледі.

Сөйтіп, тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке үшеуі аман-есен қорасына қайта оралады.

Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында

Ерте заманда бір жолбарыс бір тоғайдың қалың бадалында ұйықтап жатыр еді. Үстіменен бір тышқан жорғалап жүріп бара жатқанын сезіп, ұйқысынан оянып қараса, тышқан екен, ұстап алады да, тышқанды қысып өлтіретін болып еді, тышқан:

— Я, тақсыр, арызым бар, мені өлтірмеңіз, бір күнәмді кешіріңіз, білмеген екенмін, тірі жүрсем, мен де бір қызметіңізге жарармын, — деп, арызын айтты.

Жолбарыс күліп тұрып:

— Мен — жолбарыс, сен — тышқансың, қалжыңың мынау, сен маған қызметке жарамайсың, — деп, тамаша етіп тұрып, — қап, бар енді, көрерміз деп тышқанды қоя берді. Тышқан пақыр қуанып, «жолбарыс досым» деп жүгіріп ойнап кете берді. Күндердің бір күн жолбарыс жортып ойнап жүріп, мойнынан аспа тұзаққа түсіп, шарық ұрып жылай береді. Тышқан келіп қараса, баяғы өзінің досы жолбарыс екен. Қасына келіп қарап тұрды, жолбарыс тышқанға қарап:

— Лажың бар ма бұған қылар? — деп тышқаннан көмек сұрады. Тышқан тұра жүгіріп келіп, тұзақты қажап, қиып кеп жіберді. Жолбарыс тышқан досына қиын күнінде іске

жараған соң, разы болып, «рақмет, досым» деп қуанып, ажалдан айырғанына шат болды.

Осындай себептер біреу-біреудің арасынан өтпей қалған емес. Тарихта, халық аузында ортақ мынадай мақалдар бар:

Ханның ісі қараға түсер,
Батырдың ісі балаға түсер,
Байдың ісі кедейге түсер,
Жолбарыстың ісі тышқанға түсер,
Ердің ісі баз-базында дұшпанға түсер...

Жыл басына таласқан хайуанаттар

Бұрынғы ерте заманда хайуандар жыл басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын, — дейді.

Сонда түйе айтады:

— Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сонда сиыр:

— Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сон да қой:

— Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді, жүнімді алып киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, — дейді.

Сон да ит:

— Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар беремін, — дейді.

Сонда өтеш:

— Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын, — дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиналған көпке былай деді:

— Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарай тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын. Өзгелері жыл қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді» деп тышқанның сөзін қоштап, бәрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де отыра береді. Көп хайуан таласып, біз көреміз, біз көреміз деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп еш нәрсе демепті.

Сонан соң бәрінен тышқан бұрын көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

Түлкі мен құмыра

Егін оруға шыққан бір әйел құмырасын сүтімен шөптің арасына қояды. Бұны түлкі көреді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын сұғып, сүтті ішеді. Бірақ басын құмырадан кері шығара алмай әлек болады. Сонда:

— Ау, құмыра! Біраз ойнадың ғой, жетер. Жібер енді басымды! — депті түлкі. Қанша жұлқынса да, құмырадан басын шығара алмапты. Сонан соң ашуға басыпты.

— Қап бәлем, тұра тұр! Сені суға батырмасам ба! — деп, жүгіріп барып өзенге қарғып түседі де, суға батып өледі.

Түлкі, тасбақа және кене

Бір уақыттарда бір түлкі, бір тасбақа және бір кене үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойласты: мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық деді. Түлкі бір жарды көріп:

— Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса құлап кетер, — деп, жардың астында саялап жатып алды. Тасбақа байғұс жерді тырналап, кене сорлы жиып, тарыны айдап әлекке түсті. Сөйтіп көп бейнет шегіп айдап, ол піскен соң, орып, жинап алды. Бұны бастырып еді, бір аяқ тары болды. Біреуі барып түлкіні шақырып келіп еді. Түлкі келді-дағы:

— Бұл тарыны үшеуіміздің бөлгенімізге болмайды. Үш бөлгесін бұл әрқайсымызға қаншадан тиеді дейсің, онан да үшеуіміз жарысып қай озғанымыз алайық, — деді. Мақұл деп үшеуі қатарласып, бір жерге келіп, «алла-әкбар» деп түлкі жөней бергенде, кене түлкінің башпайына жабысып ол да кетті. Түлкі өліп-өшіп барынша жүгіріп келіп, қырманға отырайын деп еді, кене:

— Әй, батшағар, мені басып өлтіресің бе, — деді. Түлкі:

— Әй, сен қашан келдің? — деді түлкі. Кене:

— Сен бағана «алла-әкбар» дегенде-ақ мен келіп қалғаным, — деді кене. Екеуі шатақтасып жатқанда, аузы-мұрны қан болып тасбақа келді. Келе сала:

— Ойбай, түлкі, мен бір пәле көріп келдім. Жаңа сендердің артыңнан екі қарагер аты бар, екі қара бүркіті бар және екі тазысы бар, екі адам келіп, «жаңағы қасыңдағы түлкі жолдасыңды тауып бер» деп менің осындай аузы-мұрнымды қызылала қан қылды, сонда да мен сені айтқаным жоқ. Әйтеуір, осы жаққа қарай келе жатыр, — деді. Түлкі:

— Айналайындар-ай, мені айта көрме, мына тарыны екеуің тең бөліп ал, мен сендерге ырза болайын, олар келсе «білмейміз, қайда кеткенін де», — деп, түлкі кетіп қалды. Сөйтіп, тарыны тасбақа мен кене екеуі бөліп алыпты.

Қотыр торғай

Бір қотыр торғай шеңгелге қонып отырғанда, жарасының қара қотырланған аузын шеңгелдің тікенегі сыдырып кетіпті. Торғай ашуланып: — Қап, бөлем, сені ешкіге айтпасам ба! — деп, ешкіге келіп:

— Ешкі, ешкі, ана шеңгелдің сылдырмағын неге жемейсің? — дейді.

Ешкі:

— Оны жемек түгіл, өзім лақтай алмай жатырмын.

Торғай:

— Қап бөлем, сені қасқырға айтпасам ба!..

— Қасқыр, қасқыр, ана ешкіні неге жемейсің?

— Оны жемек түгіл, байдың жабағысын жеп тауыса алмай отырмын.

Торғай:

— Қап, бөлем, сені жылқышыға айтпасам ба?..

— Жылқышы, жылқышы, ана қасқырды неге ұрып алмайсың?

Жылқышы:

— Оны ұрып алмақ түгіл, өзімнің ұйқым қанбай жүр.

Торғай:

— Қап, бөлем, сені байға айтпасам ба!..

— Байеке, байеке, ана жылқышыңды неге ұрмайсың?

Бай:

— Оны ұрмақ түгіл, өзім қоспамды жеп тауыса алмай отырмын.

Торғай:

— Қап бөлем, сені тышқанға айтпасам ба!..

— Тышқан, тышқан, байдың қоспасын неге жемейсің?

Тышқан:

— Оны жемек түгіл, өзім інімді қаза алмай жатырмын.

Торғай:

— Қап, бөлем, сені балаларға айтпасам ба!..

— Балалар, балалар, ана тышқанды неге ұрып алмайсыңдар?

Балалар:

— Оны ұрып алмақ түгіл, өзіміз асығымызды ойнай алмай жатырмыз.

Торғай:

Қап, бөлем, сендерді кемпірге айтпасам ба?..

Кемпір, кемпір, ана балаларды неге ұрмайсың?

Кемпір:

— Оларды ұрмақ түгіл, өзім жүнімді сабай алмай жатырмын.

Торғай:

— Қап, бөлем, сені құйынға айтпасам ба?..

— Құйын, құйын, кемпірдің жүнін неге ұшырмайсың?

Құйын соғып, кемпірдің жүнін ұшырды, кемпір келіп балаларды ұрды, балалар тышқанды ұрды, тышқан байдың қоспасын жесті, бай жылқышыны ұрды, жылқышы қасқырды ұрды, қасқыр ешкіні талады, ешкі шеңгелдің сылдырмағын жеп, қотыр торғай шеңгелден өшін алған екен дейді.

Бес ешкі

Ертеде бір кедей болыпты. Оның бес ешкі, бір қара тоқтысы және бір құла аты болыпты. Кедей ешкілері мен тоқтысын байдың қойына, атын байдың жылқысына қосады екен.

Бір күні азынап тұрған боранда бай бес ешкі мен қара тоқтыны, құла атты өз малынан бөліп, елсіз-күнсіз айдалаға жібереді.

Ұлы соққан боран, үскірік аяздан бүрсең қаққан бес ешкі бір тасқа келіп ықтайды да, тасжарығының бүршігін күрт-күрт шайнап, тұра береді. Қара тоқты бейшара оларға ере алмай, «енді өлдім-ау» деп, маңырап тұрғанда, тас қасынан бір түп көкпек көрініпті. Көкпектің түбіне келіп, теуіп-теуіп кеңейтіп, бүрлерін жалмап, жем етіп, бырт-бырт шайнап, ол жата беріпті.

Жал-құйрығына қар қатқан,
Қабағын қалың мұз жапқан,
Өрлі-берлі көп шапқан

Құла ат қамыстың арасындағы бетін көбік қар жауып қалған бір құдыққа күмп етіп, түсіп кетіпті. Оқыраланып, осқырынып, қайшылап тігіп құлағын, жұлып жеп кернеу құрағын, күрт-күрт шайнап, о да тұра беріпті.

Сөйтіп кедейдің бар малы ақ боранның астында, қараңғы түнде айдалада қалыпты.

Боранмен бірге құтырып, араны ашылған аш қасқыр жем іздеп келе жатып, қара тоқтының дәл үстіне түсіпті:

— Қара тоқты, қара тоқты, сені жеймін, — депті қасқыр.

— Ағатай, ағатай, мені жеме, ана жерде бес ешкі тұр, соларды же, — депті тоқты.

— Жарайды, депті де, қасқыр аузын ақсита түсіп, бес ешкіге жетіп келіпті.

— Бес ешкі, бес ешкі, мен сендерді жеймін!

— Қасеке, қасеке, бізді жеме, ана жерде жалы құлағынан асқан құла ат құдыққа түсіп жатыр, соны же, — депті бес ешкі.

— Жарайды, — депті де қасқыр құлағын тікірейтіп, арқа жүнін сыртқа теуіп, құла атқа келіпті.

— Құла ат, құла ат, мен сені жеймін, — депті қасқыр.

— Сен қасқыр едің, мен ат едім. Ең болмаса, мені мына құдықтан шығарып ал, батпағымды тазарт, сонан соң же. Онсыз да өлгелі жатырмын ғой, — депті құла ат.

— Жарайды, — деп, қасқыр құла атқа құйрығынан мықтап тістетеді де, құдықтан шығарып алады. Аяғымен тырналып, батпағын тазалайды.

— Енді әрі қарап тұр да, иманыңды айта бер. Мен Құранды келістіріп оқимын да, келістіріп тұрып сені жеймін, — депті қасқыр.

Құла ат құлағын жымырып, артқы аяғын бауырына алыңқырап тұра беріпті.

Иен дала, айсыз түн, азынаған боранда өзімнен басқа батыр жоқ деп, дайғойсыған бөрі құла аттың артына шығып, шоқиып отырады да, молдаларға ұқсап, екі көзін шарт жұмып, өзінше өндетіп, ұли бастайды.

Аңдып тұрған құла ат қырындай түсіп, көз тастап, артқы аяғымен ділдеп тұрып қасқырдың шықшытынан періп кеп қалады.

Шықшыты сынып, екі көзі алдына ағып түскен қасқыр қылжиып жатып ұлиды:

Қара тоқтыны жемеген

Қобылан басым-ау, у, у...

Бес ешкіні жемеген

Бетпен басым-ау, у, у...

Құла атты құдықтан суырып алған

Палуан басым-ау, у, у...

Артына шығып, Құран оқып,

Көз жұмар, молда ма едім?

Ау... у... —

депті де, қылжиып өліпті.

Ертеңіне таң атып, боран басылған соң кедей бір төбенің басына келіп, былай деп малдарын шақырыпты:

Қой баласы қоңырым,
Ұя бұзбас момыным,
Шопан ата түлігі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт!
Пұшайт!

Жүнін жұлса бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Өрісте өскен жануар —
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре!
Шөре!

Жолға шықсам көлігім,
Жапанда жүрсем серігім,
Қамбар ата өсірген,
Құла атым менің, қайдасың?
Құрау!
Құрау!

Бұл дауысты естіген соң, құла ат қар бұзып, бес ешкі шұбап жол салып, қара тоқтыны соңдарынан ертіп, аман-есен иелерін тауыпты. Кедей малдарын әкеп, жылы қораға кіргізіп, астарына жайлап көң төсеп, пішен мен жемге тойғызып, олардың көрген-білгендерін сұрапты да, әңгімеге әбден қанып алған соң:

— Сен неге басыңды сауғалап, бес ешкіні саудаға салдың? — деп, қара тоқтыға кінә қойыпты.

— Мүйізім болса өскен жоқ, буыным болса қатқан жоқ, өзім жалғыз, әрі әлім келмейтін болған соң, солардан бір зауал болар деп, бес ешкіге жіберіп едім, — деп жауап беріпті қара тоқты.

— Сендер неге өз бастарыңды сауғалап, құла аттың басын саудаладыңдар? — депті бес ешкіге.

— Сіздің құла атпен талай рет қасқыр соққаныңызды білеміз, сондықтан ер қанаты ат еді ғой, бір зауал содан болар

деп едік. Онымыз дәл келді, әйтпегенде аш қасқыр бәрімізді де жеп қоятын еді, — депті ешкілер.

Сауысқан мен көкек

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», — деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

— Екеуміз бірігіп берік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, — деп. Көкек:

— Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, — деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен таспалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р»-ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үйіші де жоқ. Жұмыртқасын кез келген ұяға табады, оны басқа құстар басып балапан шығарады. Шібилер жетім өседі.

Ақсақ құла

Ертеде біреудің құла тұлпары болыпты. Сол тұлпардың тұқымын көбейтемін деп, тұлпардың қасына бие қосып, екеуін теңіздің ортасындағы адам жүрмейтін аралға апарып тастапты. Тұлпар қасқырға да, адамға да алдырмайды екен.

Арада біраз жылдар өтіп, тұлпардың тұяғы көбейіп, бір үйір жылқыға жетеді. Осы тұлпардың аралда деген хабарын естіген ұрылар құланы үйірімен алып кетпекші болып

аралға барады. Өуелден мінезі тентек, оның үстіне көп жылдан бері адам көрмей жатырқап қалған тұлпар ұрыларды көре салып шабуылға шығады. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, ұрыларды жолатпайды. Айғырмен арпалысып, әбден шаршаған ұрылар алдырмайтынына көздері жетіп, тұлпарды амалсыздан садақпен атады. Оқ құланың аяғынан тиіп, ақсатады. Жараланған ақсақ құла бұрынғыдан да қатуланып, ұрыларды тапауға шығады. Әлсіреген қарақшылар бір шұңқырға түсіп жан сақтамақшы болады. Мұны көріп ашуланған ақсақ құла айғыр өзінен өрбіген бір үйір тұқымын бастап ұрылардың үстінен тапап өтіп, оларды жаншып кетеді. Сөйтіп, тұлпар үйірімен жауын талқандап, тыныш өмір сүріпті.

Тау мен қаңбақ

Бір қаңбақты жел айдап, үлкен таудың етегіне әкеп тастап кетті. Мұны биіктен көріп тұрған тау:

— Е, қаңбағым, қайдан жүрсің, неғып келдің мұнда? — деді.

Қаңбақ тұрып:

— Алты батпан ауырды көтерген алып едім. Жеті қабат жер астынан шығып, алып деген атағыңды естіп, алысу үшін әдейі сені іздеп келдім, — дейді.

Тау бұған жымыып күлді. Сол кезде құйын соғып, қаңбақты дедектеткен бойы аспанға алып шықты. Аспаннан қайта жерге әкеліп, ары-бері аунатты. Ойға-қырға домалатты. Ақыр аяғы өлдім-талдым дегенде, таудың бетіне өскен бір шоқ тобылғының басына іліп тастап, жайына жүріп кетті. Қаны қашып, қабағы түскен қаңбақтың қасына бір бүркіт келді. Ол:

— Ей, қаңбағым, неғып жатырсың? — деді.

Қаңбақ:

— Алты батпан ауырды арқалаған едім. Жеті қабат жер астынан шығып, алып деген атағын естіп, астымда жатқан таумен әдейілеп келіп алысып едім, алты күн алысып, жеті күн дегенде әрең деп жығып, желкесінен басып жатырмын, — дейді.

— Болса болар! — депті бүркіт оған. — Тобылғыға зорға ілініп қалған екенсің!

— Өлбетте, — деді қаңбақ, — одан басқа қолайлы жер болмаған соң тобылғысынан ұстап жатқаным ғой.

Сол кезде құйын соғып, қаңбақты тағы да дедектете жөнелді. Бүркіт тұрып:

— Е, батыр, қайда барасың тауды тастап? Тұрып кетпей ме ол енді орнынан? — деді.

— Уақа емес, бүркітім. Алдымда алысатын әлі де көп алыптар бар еді. Соларға жетуге асығып барамын! — деуге ғана шамасы келді қаңбақтың. Құйынмен бірге құлдырап, ұшып кете барды. Ақырында күліп, бүркіт пен тау қалды.

Құмырсқа қанағаты

Ертеде бір оқымысты болыпты. Ол барлық халықтың, жан-жануардың, жәндік, өсімдіктің тілін түгел біледі екен.

Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырсқаның илеуіне тап болады. Қарап тұрған біреуі жоқ: бір тобы індерін кеңейтіп жатыр, бір тобы нән құртты сүйретіп келеді, енді біреулері күзет қорықта жүр, ал ана біреуі басқа илеуден ұшырасқан құмырсқамен алысып жатыр.

Өлгі адам бір құмырсқаны ұстап алады да:

— Сенің басың неге үлкен? — деп сұрайды.

— Ақылым көп.

— Құйрығың неге үлкен?

— Қайратым көп. Өзімнен қырық есе ауыр жүкті көтере аламын. Қайратымды құйрығыма жинамасам, ауыр жүкті көтергенде, тоңқалаң асар едім, — дейді Құмырсқа.

— Ал сенің ішің неге жіңішке?

— Қанағатым көп.

— Жарайды, — деді оқымысты.

— Ақылың мен қайратыңның көп екеніне көзім жетіп тұр. Енді қанағатыңның қандай екенін білейін. Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің?

— Бір жылға жеткізер едім, — депті құмырсқа.

Оқымысты Құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды.

Бір жыл өткен соң сауытты алып қараса, Құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында би-

дай дөнінің жартысы қалыпты. Өрі-беріден кейін бірте-бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, Құмырсқа орнынан тұрады.

— «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? — деп сұрады оқымысты.

— Иә... Ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ, сен бір жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен бостан-босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті, бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, — деп жауап береді Құмырсқа.

— Егер босатуды ұмытып кетсем, қалған жарты дәнді қанша уақытқа жеткізген болар едің?

— Төрт-бес жылға жеткізген болар едім, — депті Құмырсқа.

Қасқыр мен кірпі

Орман шетінде домалаңдап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ, тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:

— Бетіңнен сүйейін деп едім, сен-ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, — деп сылтауратады.

Кірпі қылтаңдарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

— Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні, мен де қырына бастаймын, — дейді.

Қырғи мен бөктергі

Қырғи мен бөктергі ойда жоқ жерде кездесе кетеді. Екі дос өткен-кеткенді әңгімелеп, кездесу құрметіне кеш өткізуді ұйғарды. Кештің керегін әзірлеуге келіседі. Жиырма торғайдың жартысын ұстауды қырғи міндетіне алады, қалған он торғай бөктергінің үлесіне тиеді.

Қырғи көп кешікпей он торғайды ұстап, төбе басында бөктергіні күтіп отырады. Бөктергінің келетін мезгілі өтіп, кешігеді. Ал бұлар кешті күн батпай бастауға уәде еткен.

Ақыры шыдамы таусылған қырғи дерексіз бөктергіні іздеуге шығады.

Қалың тоғай бойымен ұшып келе жатып, қырғи алыстан бөктергіні байқайды. Ол бір торғайды қуап, ылдиға ығыстырып барады екен. Сол сәтте қырғи бөктергінің соңынан ұшып кетеді. Оның қауырсындары терге малшынып, аяғын торғайды бүруге ілгері соза түсіпті. Бөктергінің шаршау кейпін көрген қырғи: «Торғайдан торғай қалдырмай қырған екен», — деп ойлайды. Сөйтіп, ол бөктергіден асығыс:

— Ау, Бөке, қанша торғай ұстадыңыз? — деп сұрайды. Сонда бөктергі алдында ұшып бара жатқан торғайды нұсқап:

— Осыны алсам, тоғыз торғай қалады, — депті.

Батыл есек

Есек жүк тасудан қажып, әбден жалығады. Бір күні ол өзімен жолдас болып жүрген түйеге келіп:

— Әй, түйе, мен жүк тасудан әбден жалықтым: жон терімнің тамтығы қалмады! Жүр, екеуміз бірлесіп, қожамыздан қашайық та, ойымызға келгенін істеп, өз еркімізше өмір сүрейік, — депті. Түйе үндеңкіремей, ойлаңқырап барып, жауап қайырып:

— Шынында да, қожамыздың жаман екені рас, көп жұмсайды, күтіміміз жаман-ақ. Мен қашуға қуанар едім, ал қалай қашасың?

Есектің жауабы дайын еді. Ол:

— Мен ойлап қойғанмын, қам жеме. Ертең қожамыз бізге тұз артып қалаға барады. Бастапқыда біз оның айдағанына көніп, тыныш жүреміз, ал тауға ыққан соң, титықтап болдырған болып, жығыламыз да тұрмаймыз. Қожамыз бізді қарғап-сілеп, таяқтың астына алады, біз сонда да тұрмаймыз. Ол әбден шаршап, басқа көлік әкелгелі үйіне қайтады. Біздер емін-еркін оңаша қаламыз, тек қана аяғың шыдаса болғаны, қайда қашсаң да еркің өзіңде, — дейді.

Түйе көңілденіп қоя беріпті.

— Сенің мұның табылған ақыл, данышпандық деп осыны айт. Тап солай істейміз, — дейді ол.

Олар ертеңгі таңды күтеді. Қожайын ерте тұрып, есек пен түйеге қаптаулы тұз артып, қалаға жөнеледі.

Көліктер жарым жолға дейін бұрынғысынша жүріп барады: түйе ең алда, оның артында есек, ең соңында қолында таяғы бар қожайын келе жатады. Түйе мен есек тауға шығысымен әбден болдырған болып, жығылады да тұрмастан жатып алады:

Қожайыны оларды:

— Ой, оңбаған жалқаулар, жатып ішер, арам тамақтар! Таяқ жеп сілейместен бұрын тез тұрыңдар!— деп сөгіп, балағаттайды.

Олар қожайынның сөзін құлағына да ілмей, түк естімеген болып жата береді. Қожайыны ызаға булығып, көліктерді таяқтың астына алады. Түйені ол отыз тоғыз рет таяқтайды, бірақ ол былқ етер емес, қырқыншы таяқты сілтегенде, түйе ойбайын салып ұшып тұра келеді.

— Солай ма! Саған әлдеқашан осы керек еді,— дейді де, қожайыны есекті таяқтауға кіріседі. Ол есекке қырық таяқ соқты, есек былқ етер емес, алпыс таяқ соқты, есек қозғалар емес, жатқан күйінде жата береді.

Қожасы жағдайдың нашарға айналғанын байқады: есектің көп ұзамай өлетін түрі бар. Бұл, бір тап бола кеткен қаза ғой, амал қанша?! Ол есектің жүгін түйеге артады да, жолға шығады. Өз жүгіне есектің жүгі қоса артылған түйе, аяғын әрең басып, есекті қарғап келе жатыр:

— Қарғыс атқыр есек, сенің тіліңді аламын деп, қаншама таяқ жедім, оның үстіне екі есе жүк көтеріп келемін.

Есек сол жатқаннан қожайыны түйені жетектеп қырдан асқанша жатты да, олардың қарасы үзілген соң, ол тұра салып, бет алды қаша жөнеледі. Есек сол қашқаннан үш күн қашады, үш таудан және үш алқаптан асады, ақырында Тентек өзенінің жағасындағы кең алқапқа жетеді. Есекке тоғай алаңы ұнайды да, сол жерге мекендеп қалады. Ол тоғай көптен бері бір күшті жолбарыстың меншігі екен. Бір күні жолбарыс өзінің меншікті жерін аралап көруге шығады. Ол ертемен шығып, түс кезінде есектің үстінен шығады. Есек құйрығын шыпшандата түсіп, тоғайда емін-еркін жайылып жүр екен.

— Бұл мен көрмеген неткен аң болды екен? — деп ойлайды. Жолбарысты көріп, есек есінен тана қорқады:

— Менің ажалым жеткен екен, — деп ойлады ол. — Қарсыласпай босқа өлгенше, бұл қорқынышты жыртқышқа өзімнің ерлігімді көрсетіп өлгенім артық, — деген ұйғарымға келеді.

Ол құйрығын шаншыта көтеріп алады да, құлағын қағып қойып, бар даусымен ақырып қоя береді. Жолбарыс қорыққанынан көзінің оты бұлдырап, кейін қарай бар дәрменімен жортып, артына бұрылып қарауға да мұршасы келмейді. Жолда оған қасқыр кездесіп:

— Мұнша кімнен қорықтыңыз, әміршім? — депті.

— Мен бір аңнан қорқып келемін, ондай қорқынышты аң дүниеде жоқ шығар. Оған құлақ орнына қанат біткен, бас дегенің бақыр қазандай, ақырған үнінен жер сілкініп, көк жарылғандай.

— Сабыр етіңіз, сабыр етіңіз, — дейді қасқыр, — Сіздің кездескеніңіз есек болмасын? Ұсқыны соның өзі ғой. Жарайды, ертең оны екеулеп арқан құрып ұстармыз.

Қасқыр келесі күні арқан тауып алады да, оның бір ұшын жолбарыстың мойнына, екінші ұшын өзінің мойнына байлап, екеуі алаңға қарай жөнеледі. Қасқыр алда жүріп келеді, ал жолбарыс оған тығыла түсіп, артта келеді. Есек бұларды алыстан көріп, аузын кере ашып, бұрынғысынан да қатты ақыра бастайды.

Жолбарыс қасқырға айқайлап:

— Е, жарқыным, сен мені мына сұмырайға жем қылғалы әкеле жатқаның белгілі болды! — деп, ол бір жаққа қарай пәрменімен жұлқына жөнелгенде, қасқырдың басы жұлынып кетіпті. Жолбарыс демі құрып, үйіне жеткенше жүгіреді. Сол кезде оған сауысқан ұшып келіпті. Ол шықылықтап, секелектеп алыпты да, жолбарыстан болған уақиғаның жай-күйін түгел сұрап біліпті. Сонан соң:

— Сабыр ете тұрыңыз, мен ұшып алаңға барайын, қандай жыртқыш екен, не істеп тұр екен, біліп алайын. Барлап алып, бәрін сізге баяндайын, — дейді.

Сауысқан тоғай алаңына ұшып кетеді. Есек ұшып желе жатқан сауысқанды алыстан көреді де, аяқтарын серейтіп, өлген болып жата қалады. Сауысқан тіп-тіке есектің үстіне шүйіліп түседі де, алды-артына жорғалап

жүріп, жолбарысқа керемет жыртқышты өзім өлтірдім деп айтудың сылтауын іздей бастайды. Осы кезде жерде жатқан бидайдың бір түйір дәнін көріп, оны шұқығалы тұмсығын соза бергенде, өз сорына қарай, сүрініп кетіп, басы есектің тірсегіне ілініп қалады. Өліп жатқан есек тіріле келіп, сауысқанды тірсегімен қысып тұрып, құйрығымен сабалай береді, сабалай береді кеп, сабай береді. Сабап-сабап, түте-түтесін шығарады, жүні бұрқырап, алаңды басып кетеді. Дәрмені кеткен сауысқанды теуіп жібергенде анадай жерге барып, ұшып түседі. Сауысқан жоғарыдан төмен қарап, өз-өзіне өкіне шықылдаған бойымен уһілеп, аһылап, бір жам-бастап ұшып, кері қайтыпты. Ол ұшқан бойымен жолбарысқа алыстан айқайлап:

— Жаның барда бұл тоғайдан жоғал! Қарғыс атқан аң, мені өмірлік жарымжан етіп жіберді. Абайла, менің күнім саған да туып жүрмесін! — дейді.

Мұны естіп жолбарыстың зәресі қалмады. Ол көржерін жинап, арқалап, алды-артына қарамастан, алыс бір елге қарай тартып отырыпты. Ал батыл есек кең алаңда әлі өмір сүріп жүр.

Ақ тиін мен қасқыр

Ақ тиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді.

Ақ тиін жалынып:

— Мені жеме, жібер! — дейді.

— Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлей алатын емеспін, — дейді. Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

— Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішіңді жандырады, сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта шат болып жүреміз, — депті.

«Сымбатты» сиыр жайлы хикая

Ерте заманда жануарлардық ішінде ең жүйрігі де, сымбаттысы да сиыр болыпты. Сиырға ешбірі ілесе алмапты. Келе-келе сиырға менмендік, өркөкіректік пайда болады.

Бірде ол жайылымда жүрген жылқыға кездесіп:

— Ей, ашқарақ, менің сөзіме құлақ сал. Сен өмірі күйіс қайтармайсың, жетер осы жайылғанын. Менімен жарысасың ба? — дейді.

— Мейлі, жарыссақ жарысайық, — деп жылқы келісімін береді.

Олар өздеріне межелі жерді белгілейді. Жолдың ортасында кәдімгі суыр жарысқандарға су беріп, дем беріп отырды.

Ә дегенде-ақ сиыр құйрығын шаншып алып, жылқыдан озып кетеді. Орта жолда ол:

— Суыр пасық, су қайда? — дейді көкіректеніп.

— Сиыр пасық, су мұнда! — деп ызасы келген суыр сиырға боржып, тұрып қалған суды ұсынады. Сиыр қарамастан сіміріп салады да тасырлатып әрі шауып кетеді.

Сиыр бір қыр асқан соң жылқы ентігіп жетіп суырға:

— Суыр сұңқар, су қайда? — дейді.

— Жылқы тұлпар, су мұнда! — деп суыр риза болып жылқыға салқын, таза суды ұсынады.

Салқын су бойын ширатқан жылқы сиырдан озып межеге бұрын жетеді.

Міне, содан бері жылқы баласы сұлу да сымбатты, жүйрік болыпты. Ал сиыр сол оқиғадан соң демігіп жүгіре алмай, шабан жүрісті болып қалған деседі.

Түлкі мен қоян

Бір күні болдырып келе жатқан түлкі жортып жүрген қоянды көріп, өтірік ауырған болып, оның жолына сұлай кетіпті де, қоянды шақырыпты.

— Қоянжан-ау, қоянжан, неге сонша жортасың? Менен неге қорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жескен көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын, жақынырақ келсеңші, қоштасайық, — депті.

Сондақоян:

— Екі құлағым сөзіңде тұр, екі көзім өзіңде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт, сол рас па? — депті.

— Рас болғанда қандай, тіпті ет жемесем, басым сынады.

— Міне, осыныңыз жаман ғой.

— Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын, кеше тауық жеп едім, соған жаным ашып, жылап жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін, тіршілік! — депті.

Қоян:

— Сіз оны өлтірмей тұрып, ойлап көрдіңіз бе? — депті. Сонда түлкі:

— Мен дәл сол жерін ойлауды ұмытыппын. Жаныма батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, — дейді.

— Ұмытшақ деген жаман ғой, мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, — деп тұра жөнеліпті қоян.

Бір өгіз

Бір шал мен кемпірдің жалғыз сиыры болыпты. Сол сиырдың сүті олардың қорегі екен. Сондықтан сиырдың бұзауы сүтке жарымай, өліп қала беріпті.

Жылдар өтеді, шал-кемпір қартая түседі. Ал бұзаулардың бұрынғыша өлуі тоқталмайды.

— Қой, болмас, — дейді бір күні шал кемпіріне, — бір жылға бір нәрсе етіп шыдармыз. Сиырды саумай-ақ қойшы, бұзауы өссін.

— Жарайды, — деп кемпір де келісе кетеді.

Үш күннен соң сиыр еркек бұзау туады. Бұған қуанған олар қанша тарыға тұрса да, сиырды саумай, барлық сүтті бұзауына береді. Енесінің сүтін бір өзі еміп өскен бұзау үлкен өгіз болады. Келе-келе ол өзінің семіздігіне мастанады. Оған мынадай ой келеді: «Осындай зор денемен сиырлардың арасында жайыламын. Жоқ, бұл лайықсыз, түйелерге қосылайын». Сөйтіп, ол түйелерге қосылады. Өзін ерекше зор сезініп жүрген ол барынша-ақ түйе болуға тырысып бағады. Солардың жеген шөбін жейді, олармен шөлге кетіп,

сортаң жалайды. Ақырында шөлден қатып, іші ауырып, шыдай алмай: «Жылқыларға барайын, түйеден кішірек қой, азабы да жеңілірек болар», — деп ұйғарады. Сөйтіп, жылқыға қосылады. Бірақ бұл да жайлы тимейді. Солардың санатынан қалмай шауып жүремін деп титығы құриды. Бір күні қасқыр тиіп, жылқылар дүркірей қашады. Бұл ілесе алмай айдалада қалады. Бақытына қарай қыр астында сиырлар жайылып жүр екен. Өгіздің өкірген даусын есітіп, жолдасын мүйіздерімен қорғай, қасқырдан құтқарып алады. Өгіз қуанғаннан жылап жіберіпті.

— Өз тобыңнан бөлінсең, көрер күнің осы екен, — депті ол жасын сүртіп тұрып.

Өгіздің бұл сөзі бұзауларға тәлім болыпты.

Көк кептер балапаны

Бір көк кептер ұяға екі балапан салыпты, бұл екі балапан қанат, құйрығы жетіліп, ұшар мезгілі келгенде біреуі-біреуіне айтады.

— Ай, шырақ, енді біздің қанат, құйрығымыз жетілді, ұшып дүниені кезіп, сауық қылып келелік, — дейді. Сонда бір інісі: — ешқайда кетпей-ақ қоялық, — депті. Ағасы:

— Жоқ, сен бармайтын болсаң, маған рұқсат қыл, мен жүріп қайтам, — деп ұшып сахараға кетеді. Сөйтіп, ұшып бір жерлерге қонғанда бір бүркіт сол жерде кез болып, балапан ол бүркіттен өліп-талып шөп астына кіріп, аман қалады. Содан соң, «Құдай осыдан құтқар!» деп Құдайға мінәжат қылып сұрайды. Бұдан шығып, енді «мұным жарамайды екен, есім барда елім табайын» деп, қайта ұшып келе жатып бір қырманға қонса, қырман иесі тұзақ құрып, ұстап алады. Одан аман-есен құтылып шыққан екен, енді ұясына қарай ұшып келе жатып бір қырманға қонса, қырман иесі таспен жіберіп қап, бір аяғын үзіпті. Сонан соң әрең бір аяқтан ақсап ұясына келіп кіріпті. Інісіне жылап келіп, мұнан соң інісінің ақылына еретін болыпты.

Түлкі мен тырна

Бір түлкі тырнамен жолдас болып, түлкінің апанына келіп кіріпті. Бұлардың ізіне бір адам түсіп, інге келіпті: інді қазып, әлгілерге жақындаған мезгілде шыбық салыпты. Шыбық тиген соң, тырна түлкіге айтыпты: «Алпыс амал түлкіде, алпыс екі амал адамда деуші еді, сол амалыңның біреуімен құтқар, — деді, — құтқармасаң өлеміз!» деді. Сонда түлкі: «Амалым құрыды», — деді. Тағы өлуге жеткен соң, тырна айтыпты: «Олай болса, менің бір амалым бар! Сола амалмен құтылармыз», — деді. Түлкі айтыпты: «Олай болса, істе амалыңды!» Тырна айтыпты: «Мен өлген боп, ауыз жағында жатайын. Сонда ол қол созар да мені алып тастар, жемтік екен деп. Сонда мен айғай салып ұшармын, ол жалт қарағанда, сен жүгіріп кет» — деді де, іннің аузына барып жатыпты. Жігіт қол созыпты, тырна қолына ілініпті, кісі алып қараса, өлген тырна екенін көрген соң, жерге тастай беріпті. Сонда тырна айғай салып ұша жөнеліпті. Кісі «аһ» деп жалт қарағанда, түлкі шыға жөнеліпті. Сөйтіп, екеуі де құтылыпты.

Ақымақ қасқыр

Өрісте жайылып жүрген қойдың ішінен бір арық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.

Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп: — Е, сүйген асым, қайдан жүрсің? Издегенде, мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін, — дейді.

Қой:

— Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, аузында бір тісі жоқ, бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің. Мені босат, қоралы қойға қайтайын, семіз қой әкеліп алдыңа тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді? — дейді.

«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді.

Қасқыр жұтынып, қойдың семіз бағланын күтеді. Қой да, бағлан да жоқ, қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдау-

ды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін!» деп жорта жөнеледі.

Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт шайнап, бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста екен. «Іздегенім сен едің!» деп қасқыр ешкіге бас салады.

«Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен» деп, ешкі мынаны айтады:

Атаң да, анаң да жақсы еді ғой. Қой тұрғанда, олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін! — деп судырлатады.

— Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса көрсет, — дейді қасқыр.

Ешкі:

— Ендеше көз аудармай, аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрсетейін, — дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп теңді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

Күшік пен мысық

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

— Ей, күшік, мен сені жеймін! — депті.

— Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, — депті күшік.

Қасқыр:

— Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер, — депті.

Екеуі бірге келе жатып, бір топ сиырды көріпті. Қасқыр өзінің жолдасына қарап:

— Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? — депті.

— Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағың жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай болып майысқан, — депті күшік.

— Мен не қылар екем, соны қара, — депті де қасқыр шапшып барып, бір бұзаудың тамағына жабысып, тұншықтырып өлтіріпті, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.

— Мен тойдым, сенің етіңді енді жемеймін. Қош бол! — депті де қасқыр желе жортып, кетіп қалыпты.

Күшік бұзаудың жемтігінің қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты. Ақырында, іші пысқан соң, қаңғып жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кез болып, оған:

— Ей, мен сені жеймін! — депті.

— Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, — депті мысық.

— Жарайды! Менімен бірге еріп жүр, депті күшік. Біраздан соң бұлар бір топ түйеге келіпті.

Күшік:

— Мысық! Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? — депті.

— Несін айтасың! Сенің көзің бозарып тұр, құлақтарың салпайып тұр, аузың аңқайып тұр, тілің салақтап, құйрығың салбаңдап тұр, — депті мысық.

Сонда бұған күшік:

— Енді мен не қылар екенмін, көр! — депті.

Күшік жүгіріп барып, бір түйенің аяғын тістейін дегенде, түйе мұны дәлдеп тұрып, басқа теуіп қалыпты, күшік сол арада сеспей қатыпты. Сонда мысық айтыпты:

— Ей, мақтаншақ! Сен әліңе қарамай, қиын іске қолыңды созасың! Сенің етіңді мен жейін! — депті.

Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі

Бір түлкі жортып келе жатып, лағып бара жатқан бір түйеге кездеседі.

— Түйе қайда барасың? — дейді түлкі.

Түйе:

— Оты мол, суы көп жер іздеп барамын, — дейді.

Түлкі:

— Ендеше, екеуіміз жолдас болайық, — дейді.

Түйе:

— Болсақ болайық, — дейді.

Екеуі келе жатса, бір қасқыр жолығады.

Қасқыр:

— Е, қайда барасыңдар? — дейді.

Бұлар:

— Оты мол, суы мол жер іздеп барамыз, — дейді.

— Ендеше үшеуіміз жолдас болайық, — дейді.

Қасқыр жолдас болып жүріп келе жатса, бір арыстан кездеседі.

Үшеуі:

— Оты мол, суы мол жер іздеп барамыз, — дейді.

Арыстан:

— Ендеше, төртеуіміз жолдас болайық, — дейді.

Төртеуі жүріп отырып, өзі сулы, биік таулы жерді тауып, мекен қылып жүреді. Арыстан, қасқыр, түлк ұсақ аң, тышқан аулап жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына жардай болып семіреді. Қыс болып, ұсақ аң таусылып, арыстан, қасқыр, түлкі — үшеуі ашығады. Көздеріне түйеден басқа еш нәрсе көрінбейді. Олар түйені жемек болады. Түйе жолдастығын айтып, жылайды. Сонан соң түйеге біраз тимей жүріп, тіпті әбден ашыққан соң арыстан, қасқыр, түлкі — үшеуі ақылдасып, түйені жемек болып, түйемен сөйлесуге түлкіні жібереді.

Түлкі түйеге келіп айтады:

— Қыс болса мынау: ақ қар жауып, боран соғып тұр. Жердегі шөптің бәрі қар астында қалды, енді аз күнде сен байғұс аштан өліп қаласың ғой. Саған жаным ашығаннан бір ақыл айтқалы келдім, — дейді.

Түйе:

— Айта ғой, — дейді.

Түлкі:

— Сен қыс ішінде бүйтіп аштан, әрі жылы қорық жоқ, суықтан өлгенше, өзінді бізге сат. Жаз шығып, көктем туғанда сені боталы іңген қылып берейік, — дейді.

Қу түлкінің сөзіне түйе:

— Жарайды, — дейді.

Анау екеуі:

— Ойбай, жарайды! — деп, түйеге келеді.

Бұлар түйеге келген соң түлкі арыстанға:

— Ей,.. арсеке! Неге қарап тұрсыз! Қимылдаңыз, — дейді.

Сонда арыстан түйені жерге көтеріп соғады, түйенің мойны үзіліп өледі.

Түлкі тұрып:

— Арсеке! Сіз деміңізді алып, жата тұрыңыз, біз мұның терісін сойып болған соң, хабар береміз, — дейді.

Арыстан:

— Сендер жеп қоясыңдар! — дейді.

Түлкі:

— Ойбай, тақсыр, біз жемейміз! — дейді.

Арыстан:

— Олай болса, жақсы! — деп бір жерге барып жатып қалады.

Түлкі мен қасқыр екеуі тістерімен түйені сойып жатыр.

Түлкі тұрып қасқырға:

— Әй қасеке! Мен бөксе жағын сойайын, сіз бас жағын сойыңыз, — дейді.

Қасқыр түйенің басының пара-парасын шығарып, терісін жыртып, көз майын шығарып қояды. Түлкі мұны көріп, қасқырға айтты:

— Әй, қасеке! Сіз енді бөксе жағын сойыңыз, мен бас жағын сойайын, — дейді.

Қасқыр барып бөксесін сояды.

Түлкі қасқырға білдірмей, түйенің көз майын ойып жейді де қасқырға:

— Сіз алдыңғы аяғын сойыңыз, мен артқы жағына барайын, — дейді.

Қасқыр алдына алданып жатқанда, түлкі іш майын суырып жеп қояды. Тағы да қасқырға:

— Сіз соя тұрыңыз! Мен жүгіріп арсекеңе барып келейін. Неғып жатыр екен! — деп жүгіріп кетті.

Арыстан мұны көріп, жатқан орнынан тұра келіп:

— Сойып болдыңдар ма? — дейді.

Түлкі:

— Сойып болдық! Бірақ мен бір нәрседен қорқып келдім, — дейді.

Арыстан:

— Неден? — деп сұрайды.

Түлкі:

— Қасқыр айтқан шартта тұрмай, түйенің көз майы мен іш майын жеп қойды. Мен осыны сізге айтайын деп келіп едім, — дейді.

Арыстан ашуланып, ақырып қасқырға келді. Қасқыр қорыққанынан қаша жөнелді. Арыстан қуып кетті. Қасқыр мен арыстан бір қырдан асып көрінбей кеткенде, түлкі түйенің бар етін бір шұңқырға сүйрелеп апарып қояды да, өзі арыстанның артынан жүгіріп кете береді.

Арыстан қасқырды қуалап шаршап келе жатқанда, түлкі оған қарсы жолығады.

Арыстан түлкіге:

— Қайда барасың? — дейді.

Түлкі:

— Қасқырдың кесірі бөрімізге тиді! — дейді.

Арыстан:

— Неге? — дейді.

Түлкі:

— Сендер кеткен соң, түйе тұра келіп: «Мен сендерге сатылмаймын, мына қылықтарыңмен, түбінде мені төлемейді екенсіңдер!» деп, терісін жалбыратып, ішегін сүйретіп кетіп қалды, — дейді.

Арыстан:

— Қай жаққа қарай кетті? — деп сұрайды.

Түлкі:

— Осы қырдан асып кетті, — дейді.

Арыстан:

— Қап, — деп түйені қуып береді.

Түлкі тамағын тойдырып алып, келе жатса, бір жерде қасқыр шаршап, енгігіп жатыр екен, түлкі қасына жетіп келеді.

Қасқыр түлкіге:

— Мені арыстанға шағыстырып жүрген сенсің ғой! — деп ашуланады.

Түлкі:

— Мені де қуып жіберді. Мені кім шағыстырады сонда? — деді. Қасқыр бұған нанып:

— Енді қайда барып тұрамыз? — дейді.

Түлкі:

— Жүре берейік, бір нәрсе табармыз, — дейді.

Сөйтіп, екеуі келе жатса, алдарында бір жарты құйрық жатыр.

Қасқыр:

— Мұның бір пәлесі бар шығар? — деп, жеуден қорқады.

— Сен қорықсаң, өзім жеймін! Бүгін базар, мұның не бәлесі бар дейсің! Жұрт базарға барғанда құйрық арзан болған-ды, арзан құйрықты көбірек алған-ды, ал қанжығасына бос байлап үйіне шауып бара жатқанда түсіп қалған шығар. Жеймін, — деп, түлкі қулықпен ұмтылғанда, қасқыр:

— Өзім жеймін, — деп құйрықты асап қалғанда, астында қақпан бар екен, қақпанға қасқыр түсіп қалады.

Сонда түлкі:

— Ай, қасеке, шамасы, сіздің етіңізді мен жейтін болдым ғой! — дейді.

— Не қылып жейсің? — дейді.

Түлкі:

— Ертең қақпанның иесі сені көріп, терінді сойып алып, етіңді тастап кетеді. Сосын оны мен жеменде, кім жейді? — дейді де, бір шұңқырға барып тығылып жата береді. Ертеңіне аңшы келіп, қасқырды көріп, терісін сойып алады да, етін тастап кетеді. Ол кеткенсін, түлкі қасқырдың етін жеп, тойып алады.

Түлкі онан қайтып келе жатқанда, арыстан келіп қалады.

Түлкі мұны көріп:

— Арсеке, қайдан келесіз? — дейді.

Арыстан:

— Мен түйені таба алмадым, — дейді.

Түлкі:

— Тақсыр! Сіздің атаңызды көріп едім, осы тауда аң аулап жүретін еді. Әлде осы таудың астында шығар. Аңдарды қарғып басып алып жейтұғын еді, мен соны көріп тұрушы едім, — дейді.

Сонда арыстан:

— Қалайша қарғып алатын еді. Маған сен көрсет, мен қарғып көрейін, — дейді.

Түлкі:

— Сіздің тұлғаңыз атаңыздан кем емес екен! — дейді.

Сонда арыстан кейін шегініп, жүгіріп барып, жардың басына келіп, қорқып тұрады.

Түлкі:

— Әй, арсеке! Егерде қарғи алсаңыз, нұсқаңыз атаңызға ұқсап тұр, — дейді.

Сол уақытта жардың астында бір киік кетіп бара жатады, арыстан соған қарғып түскенде, сүйектері күлпарша болады. Сонда түлкі келіп:

— Арсеке, бір жеріңіз ауырып қалды ма? — деп сұрайды.

Арыстан:

— Сүйекте сынбаған сүйек жоқ, — дейді.

Түлкі мұның қимылдауға шамасының келмейтінін біліп, қоң етін ойып жеп жатыр еді, сонда арыстан:

— Әй түлкі, әуелі көз майымды жеші, — деді.

Түлкі:

— Арсеке, несіне асығасың! Бұйыртса, сенің бар майыңды жейтұғын болдым ғой! — дейді де, арыстанды және жеп алады. Сөйтіп, түлкі қу қыстан шығады.

Түлкі мен қырғауыл

Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де, жақындап келіп: — Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? — дейді.

Қырғауыл:

— Жақсы, өзің қалай тұрасың? — дейді.

Түлкі:

— Жерге түсіп сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естімеуші еді, — дейді.

Қырғауыл:

— Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, — дейді.

Түлкі:

— Әй, достым, биылғы заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, «біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқыр бірге жүрсін, қырғауыл мен түлкі бірге жүрсін деген», — дейді.

Қырғауыл:

— Жақсы хабарыңыз бар екен, рақмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін, — дейді. Ит деген сөзді есіткен соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.

Қырғауыл:

— Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? — дейді.

Түлкі:

— Кім біледі, бұйрықты ол естімеген шығар, — дейді міңгірлеп.

Мақұлық

Баяғы өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты. Олардың жалғыз қызы болыпты. Өздері кедей екен. Долана пісті-ау деген уақытта кемпірдің долана жегісі келіпті.

Ол шалына:

— Біз қызымыз екеуміз таудан долана теріп келейік, — деп жолға шығыпты.

Олар тау ішінен келе жатып қалың салған доланаға кездеседі. Долананы көп тереді. Енді ауылына қайтайын деп жатқанда кемпірдің шашынан бірдеңе ұстап алып жібермей қояды. Жалт қараса, үсті-басын түк басқан мақұлық екен.

Мақұлық бұларға:

— Ей, менің доланаларыма неге тиесіңдер! — дейді.

Кемпірді доланаға байлап, қызын үйіне алып кетеді. Ол қызды әбден жұмсайды. Үйін тазалатады, кірін жуғызады. Мақұлық қызға:

— Енді маған барып бұлақтан су алып кел! — дейді.

Қыз суға барса, бұлақтың жанында аю, жолбарыс, қасқыр тағы басқа аңдар көп екен.

Олар қызды көріп:

— Мен жеймін.

Жоқ мен жеймін! — деп таласып жатады.

Қыз қорыққанынан мақұлыққа қарай жүгіреді. Мақұлыққа барып болған жағдайды айтады. Мақұлық аңдарды қумақ-

шы болып бұлаққа барады. Ашуланып тұрған аңдар мұны көріп бұтын — бұт, қолын — қол қылып талап тастайды.

Қыз бұл оқиғаны көріп қорқып баяғы апасына қарай жүгіре жөнеледі. Апасы қызын көріп қуанып кетеді. Қыз апасы екеуі долананы алып үйлеріне өлдім-талдым дегенде зорға жетеді. Сөйтіп, «бүйтіп долана тергені құрысын» деп, қайтып тауға бармайтын болыпты.

Қу түлкі

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.

Баяғыда бір қу түлкі жапан далада ашығып келе жатыпты. Жан-жағына қараса, ұшқан құс, жүгірген аң көрінбепті, келе жатып жеуге ештеңе таппапты. Бір төбеге шығып қараса, алыстан бір қарайған көрініпті. «Бұл не болды екен?» деп, түлкі сол қарайғанды көреді. Жақынырақ келгенде қасқыр екенін байқайды. Тез арада қулық ойлайды. Қасқыр жақындай бергенде тамсанып бірдеңе жегендей болып отырады.

Қасқыр түлкінің не жеп отырғанын білгісі келіп:

— Е, түлкі не жеп отырсың? — депті.

Түлкі оған:

— Көтенімді суырып жеп отырмын, — депті.

Қасқыр аузының суы құрып кетіп:

— Онда менің де көтенімді суырып берші, — депті.

Түлкі қасқырдың көтеніне тұмсығын тығып жіберіп қасқырдың өкпе-сөкпесін, ішек-қарнымен суырып алады. Сөйтіп, қасқыр өліп қалады. Ал түлкі қулығын асырып бір тояды.

Баяғы түлкі жолда келе жатады. Қарны әбден ашады. Алдынан бір ала күшік кезігеді. Ала күшік те аштан өлейін деп жатады.

Түлкі оған:

— Ала күшік, ала күшік, жүр мен сені тамаққа тойдырамын, — дейді.

Ала күшік:

— Тойдыра алмайсың, — дейді.

Түлкі ала күшікті қоярда қоймай жолға алып шығады. Жолда келе жатып жаңадан бұзауланған сиырға кез болады.

Түлкі ала күшікке:

— Айттым ғой тойдырам деп. Енді анау шуды жеп ал! — дейді.

Ала күшік асығып, жалма-жан шуды бас салады. Сиыр күшіктің қақ маңдайына бір тебеді. Күшік қаңқ етіп өліп қалады.

Сөйтіп, қу түлкі ала күшіктің етін бір жеп, сиырдан түскен шуды тағы жеп айласын асырған екен.

Қожанасыр, Алдар көсе және Шайтан

Алдар көсе, Қожанасыр және Шайтан үшеуі орманда кездесіп қалады. Үшеуі бір-бірінен құтылғысы келеді. Келе жатып бірін-бірі қорқыта бастайды. Шайтан жалтақтап:

Мен оттан, қалың тікеннен, қамшыдан қатты қорқамын, — дейді.

Қожанасыр былай дейді:

— Менің есегім үш рет ақырса, мен өліп қаламын, — дейді.

Ендігі кезек Алдарға келеді. Алдар оларға:

— Мен өзім қорқатын нәрсенің атын атауға да қорқамын, — дейді бір қулық ойлап:

Қожанасыр мен Шайтан оған:

— Біз саған неден қорқатынымызды айттық қой, енді сен де айт, — дейді.

Алдар көсе:

— Мен қазы-қартадан, сары майдан, жал-жаядан, қой құйрығынан, құрт сары майдан, шұжықтан қорқамын, — дейді.

Шайтан: «бұл бір әжетке жарап қалар» деп ойына түйіп алады.

Олар келе жатып бір өзенге тап болады. Сол кезде Қожанасырдың есегі үш рет ақырады.

Қожанасыр:

— Өлдім, — дейді де құлай салады. Алдар көсе мен Шайтан әрі қарай жолға шығады. Олар келе-келе орманның шетіне жақындайды. Сол арада олар ат басындай алтынға кездеседі. Алтынды Алдар көсе «мен көтеріп жүрейін» деп, келе жатып бір қалың тікеннің ішіне кіріп кетеді.

Шайтан Алдар көсеге:

— Ей, Алдар алтынды бер! — дейді ашуланып. Алдар өліп қалғандай үндемей қалады. Шайтанға Алдардың неден қорқатыны есіне түсіп, ауылдан қазы-қарта, жал-жая, сары май, қымыз, құрт, ет алып келіп Алдарға қарай лақтырады. Алдар лақтырғанын лақтырғандай тосып ала береді. Содан соң Алдарды сол арада бір ай аңдып, ақыры болмаған соң өз жөніне кете береді.

Сонымен Алдар күбідей болып семіреді. Ал Шайтанның мойны ырғайдай болып азып кетеді.

Жалғыз көзді дәу

(ел аузынан)

Баяғыда бір жалғыз көзді дәу өмір сүріпті. Оның қойлары, ешкілері болыпты. Үйі де, қорасы да үңгірде екен. Үңгірде есігінің аузына жабатын үлкен диірмен тасы болыпты.

Бір күні Құламерген аң аулап жүріп ойламаған жерде дәуге тап болады. Дәу Құламергенді ұстап алып, үңгіріне алып келеді. Есікке қарай диірмен тасты лақтырып жіберіп, өзі ұйқыға кетеді. Ұйықтар алдында дәу Құламергенге:

— Балам, мен енді ұйықтаймын, ұйықтап жатқанда көзімді жұмып жатамын, — дейді.

Дәу ұйықтап жатқанда Құламерген от жағып, темір қыздырады. Темірді ұйықтап жатқан дәудің жалғыз көзіне сұғып алады да үңгірді айналып қашады. Дәу ойбай салып тұра қуады. Бір уақытта дәудің басына бір ой сап ете қалады. Ол дереу есіктің аузындағы тасты алып, оның орнына өзі отырады. Бірақ Құламерген бір текені сойып, терісін киіп, малдарды айдап сыртқа шығып кетеді.

Сөйтіп мерген қойларды айдап ауылға келеді.

Қарамерген

Баяғыда бір елде аңшылығымен көзге түскен «Құралайды көзге атқан» Қарамерген деген адам болыпты. Жалаңаш елін аң-құс етімен желіндіріп, киіндіреді екен. Сондай көп жорықтарының бірінде, аңдаусызда аю апанына түсіп кетеді. Айнала қалың қар, қыс мезгілі. Үлкен абажадай аю апаны кең екен. Екі аю дым сезбей ұйықтап жатыр. Жан-жағына қарап аппақ-аппақ моншақтай нәрселерді көріп, дәмін татып көрмек үшін аузына салады. Сол-ақ екен әсер етіп қалжырай бастайды. Содан бір қуысқа құлай кетіп, ұйқыға кетеді.

Елі аңшылыққа кеткен Қарамергенді іздеп, апанның аузынан оның садағын тауып алады. Ішіне ешкімнің жүрегі дауаламай, оны «аю жеді, өлдіге санап» қайтады. Күндер, айлар өтіп, оның асын беруге ел дайындала бастайды.

Бұл кезде алты ай өтіп, екі аю ұйқыларынан тұрып, апан аузындағы үлкен екі тасты көтеріп, гүрілдеп, ақырып жүріседі. Дауыстарынан тез оянған Қарамерген не болғанын сезбейді. Баяғы аппақ өзі татып көрген моншақтай нәрселерді дорбасына сыйғанынша салып алады да, еліне қарай жол тартады. Ел ішіне кіріп, базарға барса, адам көп екен. Бұл жақындағаннан халық біткен мұның соңынан ере береді.

Сөйтсе дорбадағы заттың исі керемет адамның бәрін елтіп келеді екен. Бұл хабар тез ханға да жетеді. Дереву уәзірлерін жіберіп, бұны өзіне алдырады.

Хан болған оқиғаны тындап, дорбадағы затты көп алтынға айырбастап алады. Ол зат аю дәрісі екен. Олжалы болған Қарамерген асыға үйіне келеді. Қатын-баласы қуанғандарынан жыласа көріседі. Елге аман-сау қайтқан Қарамерген қалған өмірінде бақытты, бақуат ғұмыр кешіпті деседі.

Аңқау қасқыр мен қу түлкі

Ілгеріде бір орманда қасқыр мен түлкі дос болыпты. Бір-бірімізге қиянат жасамаймыз дейді екен. Бірақ шындығында олай емес екен. Қасқыр аңқау досына қатты сенеді екен. Ал қу түлкі болса өз тамағанының қамы үшін қасқырмен дос екен.

Күндердің күнінде екеуі ауға шығыпты. Қараса шопан қой бағып жүрген екен. Түлкі айтыпты:

— Досым, кел бір жақсылық жаса! Бір семіз қойды ілсең, екеуіміз де тоятын едік, — депті.

Қасқыр досының сөзін тастамапты. Қойдың жанына жолай бергенде қойшы көріп қойып итіне қуғызыпты. Қасқыр зорға қашып құтылыпты. Енді екеуі аш келе жатса, түлкі қойшының сарайының ашық тұрғанын көріп қалыпты. Сарайда екі қазан тола ет бар екен. Түлкі тағы қулыққа кірісіпті. Сарайдағы етті ұрлауға досын қасқырды көндіріпті.

Қасқырдың кіргені сол-ақ екен, соңынан қойшы таяғымен жетіп барып, қасқырдың сазайын беріпті. Бұл уақытта түлкі қашып кетіпті. Қапа болған қасқыр жаралы халде досына келіпті:

— Түлкі, сен мені тастап кеттің. Дос деген досы үшін жанын аямау керек, — деп қатты қайғырыпты.

Түлкі өтірік кешірім сұрағансып, досымен бірге келе жатса, жүзім түбіндегі жүзімдерді көріпті.

Досына:

— Кел осы жерде тойып алайық. Мен саған қызмет істейін деп, жүзімнің төбесіне шығып, жүзімді сілкіп көбін түсіріпті. Екеуі жайғасып жей бастапты. Түлкі тойған соң, екі жүзімді алып мұрнына тығып қойыпты да қасқырға айтыпты:

— Әй, қасқыр сен түк жемепсің ғой! Мені қарашы тойғаным сонша тіпті мұрнымнан да шығып кетті. Кәне сен де мұрныңнан шығарып көрші, — депті. Аңқау қасқыр мұрнымнан шығарамын деп жүзімді жей беріпті, жей беріпті ақырында жарылуға айналады. Дәл сол уақытта жүзімнің егесі кеп қалады.

Қу түлкі оны алыстан көргеннен қашып кеткен еді. Ал қасқыр келгенде бірақ білді. Бірақ сондай қарынмен, қайда қашпақ. Жүзім егесі оны атып алып, үйіне кетіпті.

Сегіз ағаш

Санап көріңіз сегіз мүйізі бар. Өрбір мүйізі бір-бір адамның символы, ескерткіш секілді. Баяғы заманда осы арада Көктембек деген бағбан жігіттің Айсұлу деген атына заты сай сұлу жары болған екен. Күн артынан күн, ай артынан ай, жылдар

өте отырып, үбірлі-шүбірлі жеті батыр ұл көріпті. Күндердің күнінде ең кіші кенжесі жол бойынан ерекше бір тас тауып алып келіпті. Оның жылтырағаны соншалық — қарап көз тоймайды екен. Оның сырын білу үшін, сол маңдағы бір данышпан кісіге көрсетіпті.

— Бұл тастың көздің жауын алатын әдемі болғанымен ешқандай қасиеті жоқ екендігін, сондықтан далаға лақтырып тастай салу керек екендігін, өйткені ендігі туылатын перзенттерінің қызбала болатындығын айтады. Сол қыздың себебімен бастарыңа бірталай бөле-жала, ауыр күн, тауқымет түседі, — депті данышпан. Бірақ кенже ұлы ол тасты лақтырып тастауға көзі қимапты. Кенже баласының райына қарап, ата-анасы «Бұл шал әншейін айта салған шығар» деп қоя салыпты. Көктембектің сұлуы екіқабат болыпты. Ай-күні жетіп, босаныпты. Шынында туғаны қыз екен. Оның атын Ақық қойыпты. Қыздың сұлулығында ешқандай күмән жоқ. Аса көрікті болып өсіпті. Он төрт жасында аспан әлемі мен жер бетіне даңқы жайылыпты. Оны естіген ғашықтардың саны күннен-күнге көбейе беріпті.

Бұл хабар сол кездегі көрші патшаларға да жетіпті. Патшалар дәмеленіп жаушы жіберіпті. Қыздың әке-шешесі патшаның есепсіз мал-дүниесіне қызықпапты да, «болмайды» деп жауап қайырыпты.

Ашуға мінген бір патша әскер жиып, тұтқиылдан шабуыл жасапты. Қыздың жеті ағасы ынтымақтасып, күш біріктіріп, ел намысына қарындасының арын сақтап қалыпты. Жеті бірдей батырдың бәрі қарсы шабуылға өтіп, патшаның сарбазын быжтыж етіп, қыр асырып қуып тастапты.

Бұған ашуланған патша түлкі бұлтаққа салып қулық жасап, түнделетіп жансыз барлаушы жіберіп, жеті батырды шырт ұйқысында бас салып, қапылыста ұстап алып бауыздапты. Бұдан хабар тапқан ел-жұрт көмекке келіп, жау қолымен аянбай алысыпты. Бірақ басшысынан айырылған көпшілік ашыған сүттей іріктеніп, жел құған бұлттай ыдырап, тарай бастапты. Мұны сезген Ақық бірнеше күн жалғыз өзі қарсыласыпты. Әбден әлсіреп барып, дұшпанын қуып жалғыз өзі қарсыласыпты. Әбден әлсіреп барып, дұшпанын қуып шығып, ағаларының кегін толық ала алмағанына ызаланып өзін-өзі пышақтап өлтіріпті. Ел басына ауыр күн

туғызса да, соңғы істеген ерлігі үшін, жеті батыр ағасы мен Ақық қызды да арулап, ардақтап, адал жуып, аза тұтып көміпті. Сегізінің басына сегіз шыбық қадап қойыпты.

Келесі жылы жеті батырдың басына жеті тура сыптай шынар өсіп шығыпты да, Ақық қыздың басына сір Сырлы ағаш көктеп шығыпты.

Дегенмен ел-жұрт сегізін бірдей атап құрметтеп кеткен екен.

Қар мен күннің күресі

Өткен күн, өткен заманда, Көктенбек, қар мен күн бәрі аспанда жасайды екен. Олардың ынтымақтығына, бірлігіне, татулығына барлық жұрт, жер беті мен өсімдіктер де, өзен мен көл, теңіз бен мұхит бәрі-бәрі әуестеніп таңданады екен.

Дүниеде барлық заттардың, нәрселердің бір-бірімен байланысы күшейіп түскенін арман етеді екен. Күн — ақпейіл, қонақшыл, қиянатсыз барлық әлемге жақсылық жасай бергісі келеді екен. Қар оның керісінше жақсылық орнына жамандық, әділдік орнына қиянат істеуді сүйеді екен. Сол себептен күн мен қар шекісіп, бір-бірінен айырылысып кетіпті.

Күн сол күннен бері қарай жер бетіне нұрын мейірлене төгіп, адам баласымен достасып, жан-жануар өсімдіктердің өніп-өсуіне қолдан келген жақсылығын көрсете беріпті. Күннің батуынан көрі шығуын аңсап, ерте ояну, күн сәулесімен шөптердегі шықтың сусып түсуі, жан-жануарлардың ұйқыдан тұрып, қоректенуі содан басталса керек. Күннен қайтсе де кек қайтаруды ойлай беріп, қардың шаш-сақалы ағарып, қатты қаһарланыпты.

Күннің өзіне шамасы келмесін білген соң, бұрынғы достарынан безіп, қаһарлы қарсылық көрсетуге жұлқына кірісіпті. Сол мақсатпен жерге төмендеп түсетін болыпты. Қаһарланған қар алдымен жер бетіне ақ көрпесін жауып тастап, адамзаттан өсімдіктерді ажыратып тастамақ екен. Оған адамдар түрлі шаралар жасап, қар қырсығын және бастаған екен.

Қардың серіктері боранбек пен суықбай, аяз бен мұздайбек, ызғырық жел көмекке келіпті. Мұны сезген адамдар жан-

жануарларды көмекке шақырыпты. Түрлі жәндіктер денесінің буы мен қарды еріте бастапты. Малдар тұяғы мен қардың тоз-тозын шығарыпты. Көмекке жеткен боранбек дауыл қарды суырып, ойдан-қырға қуып сапты. Нақ осындай жағдайда зиянкесті жою үшін, көмекке күн де келіпті. Сөйтіп, күн мен қардың күресі үш айға созылыпты. Қыстың бас әлі ұйымдаса алмай кейде әлсіз, кейде ащы, бірде салбыр-сылбыр, жылы болып келсе, қылшылдаған қырық күн шілдесі ойпаң-тойпаң, астан-кестен қырқысқан қаһарлы да, заһарлы да болып келеді. Халықты, жан-жануарларды әжептеуір әлсіретіп тастайды екен. Сүйтіп, аспан әлемінің құдіреті алтын күн тынымсыз, аязсыз қарсыласып, күнде-күнде өз нұры мен ыстық найзасын шаныша сұққылап бұл қылшылдаған қырық күн шілдесінде қырдан асырып, тұмақтай қағып-сілкіп лақтырып тастайды екен. Боранбек пен Аязбайдың, тіпті Суықбайдың да ендігі жерде ешнәрсеге шамасы келмей күн сәулесі мен жер табанының өз бойына тартып алуына төтеп бере алмай су болып сіңіп кетеді екен.

Ақылсыздың ажалы

Бұрынғы заманда еңбекті сүймейтін, бір еріншек жалқау жігіт болыпты. Ол күні-түні «Қалай етсем бай боламын», — деп армандайды екен. Күндердің бірінде ол бір данышпан адамға жолығып, өзінің арманын, ойын айтыпты. Өлгі данышпан оңай олжа іздеген еріншек жігітке былай депті:

«Бай болу үшін көп еңбек ету керек. Береке деген тауға барасың, ол жерде мол байлық бар, керегінше аласың. Тек қана ақылыңды істете біл. Ақыл болмаған жерде байлық та жоқ. Еңбек етпеген жігітке есе де болмайды», — депті.

Данышпанның бұл кеңесінің байыбына жетпеген жігіт «Ал, енді жолын таптым ғой, бай болып кетсем керек», — деп Береке тауын іздеп сапарға шығыпты. Мидай дала, шөліркеген сусыз жер, даланы кезіп жүріп, дала сойқаны бір қасқырға жолығыпты.

— Ал, жігітім, жолың болсын, қай жаққа барасың? — деп сұрапты Қасекең.

— Береке тауына бара жатырмын, байлық, дәулет алып қайтам, — деп жауап беріпті жігіт. Мұны естіген қасқыр көк ми жігітке мейірманшылық еткендей сүзіле қарап, өтініш етіпті.

— Күні-түні желе жортып сандалмамен жүргенім мынау. Анау-мынау кездесіп ауым бола қалмаса, апта, он күндеп түк татпай шығамын. Сол Береке тауына тілегімді айтып көрші, менің де несібеме лайықты иелері бар ма екен. Жігіт «мақұл» депті де жолынан қалмапты. Күнге күйіп беті-жүзі қарауытқан, шөл далада жүрген сақал-шашы ағарған бір кәрі шалға жолығыпты. Ол жігіттен «жол болсын» деп жөн сұрапты.

Еріншек жігіт арманы мен мақсатын айтып, тышқан аңдыған мысықтай тыңдап тұр. Сол кезде әлгі қария шал:

— Балам, ана жақта біраз жүзім бауым бар еді, күтімі жетпегендей жөнді өнім бермей қойды. Соның мән-жайын сұрап біле келші, Береке тауынан депті. Жігіт қартқа да өз қолынан беретіндей уәде жасап, бет алған жағына қарай тарта беріпті. Енді біраз жүріп, екі-үш қыр асқан соң аң аулап жүрген патша мен уәзірге кездейсоқ тап болды. Патша ол жігіттің шама-шарқын танып, Береке тауына беттеп бара жатқанын байқап шамалағаннан кейін қарсы тұра қалып:

— Жігітім, тыңда мына сөзімді, менің анда жүріп атқан оннан тоғыз оғым босқа кетіп жүр. Соның себебін біле келші, — депті.

Оған да «мақұл» деп алыс-алыс жол жүріп, ұзақ-ұзақ күн мен түн кешіп, шаршап-шалдығып, әбден болдырдым дегенде Береке тауына жетіп барыпты. Бірақ ол тауда үміт еткен байлықты да, дәулетті де таба алмапты. Адасқан жас балаша аңырап тұрып, тағы да ілгеріледі де, Береке тауының төңкеріле жатқан үлкен бір қара тасының қуысында белі мерткікен қояндай бүкшиіп отырған бір қартты көріпті. «Енді табатын шығармын» деп аузынан сілекейі ағып, шапшандай басып алдына барып сәлем де жоқ, әлек те жоқ:

— Ата мен бұл тауға байлық іздеп келген едім, байлық түгіл күн көруім де қиын болып бара жатыр, — дей келіп, жолда жолыққан бағбан мен қасқырдың және патша мен оның уәзірлерінің айтқан сөздері мен тілектерін де айтып беріпті. Ол бір данышпан, көреген кісі, ақылды қарт екен. «Еріншектің ете-

гі толмас, жалқаудың жан рақаты болмас» дегендей қаңғыбас, еріншек жігіттің сұрауларына байсалды түрде анықтап жауап беріпті.

— Қасқырға дайын тұрған несібе жоқ, сен құсап қаңғырып жүргенде кез келіп, күші жеткенін бас салып ұстап жей беретін көрінеді. Бағбан қария болса, жүзім бауының ішіне төрт құмыра алтын көмілген екен, менмендікке салынып соңғы кезде жүзімдерін жөндеп күтпеген соң, жүзім бұтақтары бет алды бойлап өсіп кетіп, өнім бермей қойыпты. Оған соны айт. Ақылға жүгінсін, мастанбай, менменсінбей еңбекке кіріссін. Ал, патшаға келсек, ол еркек киімінде жүрген бойжеткен екен, ертерек күйеуге тисе, тұрмыс құрса, ауы жүріп айна қатесіз атқан оғы дәл тиетін болады. Енді түсінген шығарсың! Бұл тауда байлық не қылсын, байлықты еңбек және ақылмен табуға болады. Байлық пен бақытың алдында депті шал.

Жігіт «байлық пен бақыт» алдымда болса табылу керек деп, оны қайтсем де табамын деп жүре беріпті. Ақыл-парасатпен сөздің мәнісіне жеткен ол жоқ.

Қайта оралған кезде патшаға жолығып данышпанның жауабын айтқан екен, патша қыз:

— Бұл сырды сен екеуміз ғана білейік, басқалар сезбесін. Сен мені әйелдікке ал, жұптасайық, — депті. Жігіт бұған да болмай, құры алақан қалып, жоқ, менің іздеген бақытым, үлкен арманым алдымда екен деп қаңғи беріпті. Онан соң бағбанға кездесіп есіткен әңгімесін бұлжытпай түгел айтыпты. Оған бағбан:

— Бәрекелді, балам, жөн екен жүр алтындарды қазып алайық, менің ұлым болып қала ғой, бойжеткен бір қызым бар, соны саған қосайын, — депті.

— Жоқ, менің іздеген байлығым мен бақытым әлі алдымда екен, — деп дүниеге көңлі ауған сорлы жігіт тағы ілгерілепті. Ең соңында қасқырға тап болыпты. Аңқылдай келіп данышпанның сөзін айта бастаған екен ашығып тұрған қасекең:

— Кез келіп, күшім жететін әзірше сен екенсің, — деп ақылсыз, аңқау, еріншек, жалқау жігітті бас салып жұлма-жұлма етіп қызыл ала қанға бояп, мал сойған қасапша борша-лап жей бастапты. Ақылсыздың ажалы осымен тыныпты.

Сылдырмақты көжек

Бар екен де, жоқ екен, аш екен де тоқ екен, алыс бір теңіздің жағасында, біз жақ емес, аржағында алып бір қоянның көжегі өмір сүреді екен. Сол қоян көжегінің бір сылдырмағы бар екен де, соны сылдырлатып ойнауды аса ұнатады екен.

Күндердің бірінде әлгі көжек тамақтану үшін кең далаға майсалы жайылымға шығыпты. Көжек сылдырмағымды біреу-міреу ұрлап кетпесін деп, өте аласа, бойы тырбиған, жуандау бір ағаштың басына іле салыпты да, қалың орманға гүмп етіп кіріп кетіпті. Біраз жүріп, айналып келсе, бағанағы аласа жуантық тырбиған ағашы серейіп, биіктеп өсіп кетіпті. Жас көжек сылдырмағын алмақ болып, қанша әрекет жасағанмен, бойы жетпей әбден ызаланыпты. Ашуы шығып, алуға шамасы келмейтінін білген көжек өзіне қарай иілуін сұрапты. Сонда ағаш:

— Доны желге төтеп бере алмай, амалсыз иілгенім де жетер, сенің сылдырмағыңды алуың үшін иіліп, қошемет етер жайым жоқ, — депті маңғазданып. Көжек отын кесетін балташыға:

— Балта, балтабай, балтажан, балташы аға! Өне бір ағашты кесіп тасташы. Менің сылдырмағымды жоғары көтеріп қойып, бермей жатыр.

— Жоқ, ол ағашты кесе алмаймын, себебі, ол сияқты талай ағашты кесіп обалына қалдым. Жасын да, кәрісін де, тіпті орта жасарын да кесе беріп жүзім де қайтты. Мұны есіткен көжек қатты өкпелеп жолмен кетіп бара жатып, үлкен бір қара тасқа жолықты да:

— Тас, тас, қатты тас, өне бір балтаның жүзін қайырып, өтпес етіп қойшы! Өтінген тілегімді орындап анау ағашты кеспей қойды. Ағаш болса сылдырмағымды бермей жатыр, — депті.

Тас та балтаның берген жауабын қайталапты. Одан соң тасты ағызып кетші, тілегімді орындамады деп жеке дара суға да шағыныпты. Су да ағаш пен тастың жауабын қайталапты. Әбден шамасы таусылып, не істерін білмей тұрған шақта, аспан әлемінің буырқанған сойқанды желі ұйқы-тұйқы болып, келіп қалыпты.

— Ал, көжегім не болды саған? Мұңайып жылап отыруыңның мәні қалай? — деп сұрапты.

— Өне бір кішкене ағаш бірден сорайып өсіп кетіп сылдырмағымды бермей жатыр. Балта ағашты кеспеді, тас балтаны өтпес етпеді, су тасты ағызып кетпеді. Соған ашуланып отырмын, — депті.

Жас өспірім көжек екен, бір пайдамды тигізейін деп жел қатты бір күшпен ағаш басын иіпті. Көжек жүгіріп барып сылдырмағын алып, желге рахмет айтыпты. Қуанғанынан жел үніне сылдырмағының сылдырын қосып, үйіне қарай жүгіре жөнеліпті.

Қырмызы қыран

Ілгері өткен заманда, Қанды Ханабат қаласына жаулар келіп тиіпті. Бірақ қала халқы Ұлы Ордасын, алтын ұясын жау қолына бергісі келмей, қан төгіп, жан аямай күресіпті. Жау да тыныш таппай соғысып, қаланың сегіз қақпасын қамап алыпты. Сөйтіп, қалаға бірде-бір адам кірмейтін де, шығармайтын да болыпты. Қала ішіне кіретін суларды теріс ағызыпты. «Енді қала халқы сусыз қалып, шөлдеп далаға шұбырып шығады, ашығып азып-тозып, бағынады» деп ойлаған екен, бос қиял болып шығыпты. Бағыну былай тұрсын, қайта бұрынғыдан да берік ұйымдасыпты.

Жаудың ендігі жобасы қаланың бастығын ұстап алып өлтірмек болыпты. Халық бастықсыз қалса, дереу бағынады деп түйіпті. Сөйтсе халық өзінің қала басқарушысын жақсы көреді екен. Оны жаудан қорғап, жасырыпты. Жаудың жасырын енген жансыздары қала ішін қанша іздеп көргенмен таба алмапты, тіпті дерегін де білмепті. Қала бастығының асқан сұлу Қырмызы атты жалғыз қызы бар екен, ұл перзенті жоқ екен. Қырмызы өте ақылды, парасатты қыз екен. Оның барлық ой-арманы өз халқын жаудан құтқару болыпты.

Әбден өшіккен шапқыншы дұшпан қайткен күнде де қала бастығының семьясынан өш алуға бекініпті. Сол мақсатпен жаулар тағы да, бірнеше жансыз сатылғандарды қала ішіне енгізіп, тек қана қала бастығы жасайтын алаңды аңдып жүріп, бірнеше күннен кейін Қырмызыны ұстап алыпты да:

— Өкеңді тауып бермесең, басың кетеді, — деп қылышын қынабынан суырып, найзасын тіреген екен әскер басшысына қаһарланып:

— Мен әкемді көрмегелі көп күн болды. Не соғысып жүр, не оққа ұшқан болар, — деп тіл қатыпты. Қырмызы қымсынбай батыл сөйлеп, жаудың әскер бастығы алдап та, арбап та, тіпті қорқытып та көріпті. Түк шықпайтынына көзі жеткен соң Қырмызыны өлтіруге жарлық беріпті. Қанды қол, бас кесерлері Қырмызыны сарайдан қораға сүйреп шыға берген кезде мамықтай ескен желдің екпінінен бетіне ұстаған пердесі көтеріліп кетіпті. Сол кезде әскер бастығының көзі Қырмызының шырайын шалып қалып, мас болып толқып кетіпті. Қызға қызыққан сорлы өзінің бұйрығын өзгертіп, Қырмызыны өлімнен азат етіпті де, оған жетудің қамын жасапты. Қырмызыға өзінің ғашықтығын айтыпты. Қырмызы бұл жағдайдан пайдаланып, аяласын жаудың аяласынан асырып, қалайда оларды жермен-жермен етпек болып:

— Жарайды, мен разы болайын, ер болсаң, менің үш түрлі шартым бар, соны орындайсың депті.

— Шартыңды айт, — депті әскер бастығы.

— Бірінші шартым, ел-жұртты ашықтырмайсың, сумен қамтамасыз етесің, олардың тыныш, қауіп-қатерсіз, қайғы-қасіретсіз жасау жағын өз мойныңа аласың.

Екінші шартым — мынау қаланы ойран-асыр қып бүлдірмейсің. Бұрынғы-соңғы табыстары мен байлықтарын әскерлеріңе талатпайсың, шаштырмайсың.

Үшінші шартым — егер әкем тірі болып қала ішінен табылып қалса, кек сақтап өлтірмейсің, өз еркіне қоя бер депті Қырмызы. Осы шарттар орындалған соң, тойға әзірлік жасауға екі ай мерзім беруді одан қырық күн тойын, отыз күн ойын жасап, неке қидыруды талап етті. Әскер бастығы орындауға лажсыз екенін білдіргеннен кейін, Қырмызы өз жоспарын жасап, қамын ойлапты.

— Сіз бір амал тауып, қаладан шықсаңыз, ондағы ел-жұрттың басын біріктіріп, Сіз сырттан атой салыңыз да, мен қала ішіндегі жұртты топтап, бір күнде, бір мезгілде бір сәтте тұтқиылдан іштен бүлік шығарайын. Хабарлас болып тұрып,

барлығымыз бірден бұрқ еткізіп жауды ойрандайық. Екі жұртты бірдей азат етейік, — деп атасымен кеңесіпті.

Бұл кеңес атасына да мақұл келіпті. Есебін тауып, дұшпанына сездірмей, жау сақшыларын аңғырт қалдырып, қала ішінен шығып үлгереді де, мақсатты жұмысына кіріседі. Қырмызының Қаршыға атты сүйген жігіті бар екен. Жау қоршап алған қала ішінде Қырмызы онымен ұзақ ақылдасып, барлық сырды, іс-әрекет жүйесін баяндайды. Қаршыға да әбден ызаланып жүрген екен, екеуінің әңгімесі бір жерден шыққан соң жасырын іске кірісіпті де, бүтін жұртты дұшпанына қарсы аттандырыпты. Қаршыға қолбасшылық міндетін өтеп, Қырмызы ақылымен елді біріктіре беріпті. Күндердің күнінде сырттағы атасымен астыртын хабарласып, біріккен адамдардың барлығын қаруландыра беріпті.

Шапқыншылардан қорлық, зомбылық көргендердің бәрі де сайланып тұра беріпті. Қала басқарушысы да сырттағы жұртты қаруландырып, әбден сайлап іштен жаңалық күтіп жата беріпті. Той жасайтын екі айлық мерзімі өтіп, енді қырық күндік тойы мен ойыны басталыпты. Сұлу сүйгіш әскер бастығы әрі жеңісіне мақтанып, әрі күйеу болғанына масаттанып, өз жігіттеріне арақ-шарап ішкізіп, пәлі болып мастанып отырған екен. Қала ішінде ду көтеріліс болды да кетті. Оны тоқтатамын деп арпалысып жүргенде, сыртқы халық қарсы көтеріліп, екі қыспаққа алып, күйеу киімімен отырған «жездесін» матап байлап қойыпты. Бастығы қолға түскен сарбаздар түгелімен бағынады. Қалаға атасын тағы да басшы етіп, тыныштандырып, бұрынғыдай шат-шадыман қуанышқа бөленпді. Ендігі тойды, ойынды Қырмызы мен Қаршыға жасап, некеленіп қосылып мұрат-мақсатына жетіпті.

Үш тымақ

Бұрынғы өткен заманда, Шатқал тауының бөктерінде Паркент, Заркент деген екі қаланың арасында Ішіқара деген күдікшіл бір сараң бай болыпты. Күдіктенуге, арамдыққа, сараңдыққа Шыршық пен Сыр бойында алдына жан салмапты. Күндердің күнінде мал бағып жүрген бір қойшының қақпан құрып ұстап алған жалғыз «Менің жерімді таптап

басқан түлкі еді, талай-талай тауығымды шыңғыртып алып қашқан түлкі еді» деп тартып алыпты да, Алтынбелдегі тымақ тігетін Шалдар ауылындағы ұстаға барыпты. Қолындағы бала түлкінің терісін көрсетіп, «осыдан маған бір тымақ тігіп бер» депті. Ұста теріге таңырқай бір қарапты да «мақұл» деп келісім жасапты. Тігіншінің ойланбай бірден көне қойғанына күдіктенген Ішіқара «түлкім бір тымақ емес, екі тымақ шығар ма екен» деп ойланыпты да, ізінше түлкісінің терісін қайтып алып, Су көк жақтағы бөрік тіккіш қазақ ауылына алып барыпты.

Түлкінің терісін қойнынан суырып алып «осы теріден өзіме, балама тымақ шығарып беріңдер» деген екен. Бұл тігінші де таңырқай қарап: «Болады, тастап кетіңіз» дей салыпты. Бұл тез келісімге де күмәнданған Ішіқара бай «тегі бұл теріден екеу емес, үш тымақ шықса керек, біреуін өзіне олжа етіп, екеуін маған тікпек қой сірә, тапқан екенсің ақымақты! Көкесі ойып тұрып үш тымақ тігетін бір ұста табар» депті де, бала түлкінің терісін одан да қайтып алып, бөрікшілердің жол жері Сәмсерек ауылына келіпті. Ауыл аралап жүріп, оң қолынан өнері тамған, бармағынан жез оймақ түспеген, инесінің көзінен қыл өткізген, қайшысы темір түгіл қаңылтырды да кескен бір шебер ұстаның үйіне ат тұмсығын тірей кіреді.

Аттан түсіп аз отырып, «Мына түлкінің терісі талай шебердің алақанын жалап, көздерін суарып, саусақтарының арасынан сусып өтті. Бұрап, сілкіп, созып илеуін де жеткізді. Өзіндей шебердің қолына түссе игі еді деп, мен де тілеуін тілеумен келдім. Бүгін аулымнан аттанғаным алты күн болды. Шеберлердің біразын сүзіп өтіп, ұнатпай, саған келіп отырмын. Ендігі осы терімнен мынау деген үш тымақ шығарып, тігіп бер» деп қойнындағы терісін абайлап алып, әсемдеп ұстап шебердің алақанына сала қойды.

Бұл білгір, шебер тігінші: «Сараңның сараңы, құдың қуы, сұмның сұмпайысы сен боларсың, сірә» деп ішінен ойлайды да, «сенің сазайыңды тарттырмасам, жылаған, сықтаған, зарлаған, зорланған бейшаралардың кек пен өшін сенен әпермесем бит терісінен биялай жасайтын тігінші атым құрысын» депті. Сараң қуана-қуана бала түлкінің терісін тастап кетіпті.

Арадан үш күн өткен соң, Ішіқара сараң бай шебердің үйіне келіп, пішілген тымақтарды көріпті. Өз басына ша-

малап тіктірген тымақтары жас қыздардың қуыршағына тігілгендей болып көрінді. Сараң бай Ішіқара табан астынан тулап ашуланып, өз заманының биіне барып, арыз етіп дат айтыпты. Билер шабарманын шаптырып жіберіп, шебер тігіншісін айдатып алдырыпты. Бұлар әй-шәйіне қарамай, ақты-қарасын ажыратып тексертпей-ақ «мына бәйекеннің тымағының терісінің ақшасын төле!» деп бұйырыпты.

— Тақсыр, биеке, аз сабыр етіп, істің мән-жайын сұрасаңызшы, — деп өтініпті.

— Ия, мән-жайын тез айта ғой!

Ішіқара бәйекен бір жаңа туған жетім күшіктей бала түлкінің терісін әкеп, «Үш тымақ тігіп бер» деді. Бала түлкі түгіл ана түлкінің терісінен де үш тымақ шықпайтынына ақылыңыз жетіп тұрған шығар. Мен өлшей келіп, «Ұзататын қыздары мен үйлендіретін ұлдарының балаларына да алдын ала ойнайтын қуыршақтарына тымақ дайындап беретін шығар» деп үш күн бойы отырып, қуыршақтарына үш тымақ тіктім. Менің сіздерден өтінішім үш күнгі еңбек ақымды әперсеңіз! Билер сөзден жеңіліп, лажсыз бітімге келіп, шебердің үш күндік ақысын өндіріп беріпті. Осы бала түлкінің терісі жайлы оқиға жалпақ елге тарап, ақыр соңанда «Менің жерімнен қашқан түлкі» деп тартып алған қойшының құлағына тиіп, әділ би тігіншінің ақысын өндіріп жатқанда, қойшы да келіп қосалқы арыз айтыпты.

«Бала түлкінің терісі қақпанға түсіріп алған менікі, мына Ішіқара дейтін күмәншіл, зорлықшыл бай менен тартып алып бөрік тіктіруге берген» деп куәлары мен дәлелдеп, Ішіқара байдан бала түлкісінің терісінің бағасын өндіріп алыпты.

Сөйтіп, шындық жеңіп, күдікшіл сараң бай екі шығындалып, сазайын тартыпты.

Түлкінің түсі

Күндердің бір күні түлкі түс көреді. «Түс жорығыш» атанған сабалақ сары маймылды іздеп табады.

Өзінің көрген түсін айтады да:

— Мен бақытты боламын ба? — деп сұрайды.

— Сары маймыл көзін жыпылықтатып, аузын жыбырлатып аз отырғаннан кейін:

— «Жүргенде жөргем ілінеді» деген сөз бар. Тоқтамай жорта берсеңіз, «темір бақыт» деген бақыт орнайды екен, — депті.

Түлкі «маған баянды бақыт орнайды екен» деген оймен жортуын молайта түседі. Бір күні өзіне таныс соқпақпен жортып келе жатады. Көзіне анадайдан жем теріп жүрген тауықтар көрініпті.

— Жолым болатын болды. Маймыл әулиеге түсімді жорытқаннан бері құр қайтқан күнім болған жоқ. Бұл жолы да аузыма бірдеңе ілінер, — деп, тауықтарға жақындай береді. Сол сәтте аяғына қақпан сарт ете түседі. Дәл осы кезде кезіге кеткен маймыл әулие:

— Ойпыр-ау, не болған, Түке? — депті.

Жаны қиналған түлкі алқына сөйлеп:

— Әй, қу маймыл-ай, түсімді қате жорып, жортуылымды көбейткен сенсің. Енді мені құтқара гөр! — деп жалыныпты.

Сонда маймыл:

— Түс қате жорылған жоқ. «Тепкілесе кетпейтін темір бақ» деген осы, — деп жүріп кетіпті.

Бозінген

Бұрынғы заманда Бағланбай деген кісінің бір Бозінгені болған екен. Бозінген өмірінде боталамаған екен. Бір күні Бағланбай аулының адамдарына:

— Менің жақсы көретін Бозінгенім боталамайды. Бұған не ақыл бересіңдер, — депті.

Бұған жиналған жұрттың бірде-біреуі ақыл бере алмапты. Сонда босағада тұрған бір жетім бала былай депті:

Айналайын ағалар,
Мендей жетім балалар,
Босағадан сығалар!
Ақсақалдар, қақпасаң,
Мен бір сөзді айтайын.
Құлақ салып тыңдасаң,
Ашу, жанжал қылмасаң,

Тойыңды жеп қайтамын.
Бозінгенді алдырсаң,
Үстіне кілем жаптырсаң,
Жібектен бұйда тақтырсаң,
Шытырма қазық қақтырсаң,
Бозінген бота туады,
Мәпелеп, шал мен кемпірге,
Әлпештеп, оны бақтырсаң.
Баланың сөзін мақұлдап,
Бозінгенді алдырып,
Қалың кілем жаптырды,
Жібек бұйда тақтырды,
Шытырма қазық қақтырды,
Кемпір-шалға бақтырды.

Жыл мүшелі болып, Бозінген қайып, туатын мезгілі жетіп, бір күні басы алтын, арты күміс бота туады. Бағып жүрген кемпір-шал қуанып: «Бағланбайдан сүйінші алайық!» — деп бара жатса, аулындағы қу саудагерлер кемпір-шалдан:

— Қайда барасыңдар? — деп сұрайды.

Сонда кемпір-шал:

— Бағланбайдан сүйінші аламыз. Іңгені басы алтын, арты күміс бота тауыпты, — дейді.

Сонда аналар:

— Сендер өздерің барып сүйінші алып, бастарыңа мүйіз шықпайды. Онан да барлығымыз бірдей көреміз. Іңгенді сатып пұлын аламыз. Ботасын жеті қабат темір үйге кіргізіп, сақтап, өскен соң оны да сатамыз, — дейді.

Кемпір-шал көнбейді. Онда аналар кемпір-шалды өлтір-мекші болады. Содан кейін кемпір-шал қорыққандарынан лажсыз көнеді. Бозінгенді базарға апарып, бір керуенге алпыс ділдәға сатады. Бозінгенді керуеншілер түйелеріне тіркеп, алып кетеді. Сонда Бозінгеннің керуеншілерге ботасын сағынып боздап, зарлап айтқаны:

Жаралғаннан жасымнан,
Күйіп-жанып сабылдым!
Тартып шеру бала үшін,
Үстіме кілем жамылдым.

Кекілімді үкілеп,
Жібектен бұйда тағындым.
Бота үшін толғанып,
Өр нәрсеге жалындым!
Ақырында аңырап,
Базар түсіп сатылдым.
Жас ботамнан айырылып,
Бұлай болар не қылдым?!
Мына жалған дүниеде
Көрер күнім болар ма?
Мен ботамды сағындым!
Неше күндер жол бастым,
Көзімнен жасты ағызып,
Емшектің сүтін тамызып.
Өлгенде көрген ботамды
Емізбедім жағызып!
Боташымнан айырылып,
Ішім оттай күйеді,
Жүйем босап сағынып,
Тұла бойым иеді...

Кеш болған соң керуеншілер бір жерге қонады. Бозінген арман-дерті ішіне толып, әуедегі ұшқан құстардан ботасын сұрап зарланғаны:

Қалықтаған аспанда
Ителгі менен сұңқарсың,
Ертеменен жем алсаң,
Сәскеде барып ұшарсың!
Аспандап ұшып келдің бе?
Ел ішінде қайғырған,
Енесінен айырылған,
Зарлап, боздап, қайғырған
Жетім бота көрдің бе?
«Қандай бота?» дедің бе?
Аспандап ұшып, айналған,
Түлкі көрсе сайланған,
Түлкісін иесі байланған,
Қара алабаршын бүркітім,

Аспандап ұшып келдің бе?
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған,
Базарға сатып қоймаған,
Еркі менен тоймаған
Жетім бота көрдің бе?
«Не еткен бота?» дедің бе?
Шарықтаған күшіген,
Аспанды кезген жүрісің,
Тамам құстың зорысың.
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған
Жетім бота көрдің бе?
Күндіз ұшпай, түнде ұшқан,
Көбелекпенен бірге ұшқан,
Көзі қызыл үкісің,
Түндерде ұшып келдің бе?
Енесінен айырылған,
Аққудай мойны қайырылған,
Күндіз-түні зарлаған,
Көзжасы парлаған,
Жетім бота көрдің бе?
«Не еткен бота?» дедің бе?
Омырауы жасқа малынып,
Көрінген құсқа жалынып,
Ботасына зар күйін,
Қайнаған іште бар күйін
Жеткіз деп жылап тапсырды
Кемпір мен шалдың үйіне.
Ұшқан құс та аяды,
Мойындары иіле.
Тау мен тас та күңіренді
Бозінгеннің күйіне.

Бозінген сөйтіп зарлап, көрінген құстан сұрай береді. Ешбіреуінен жауап ала алмапты. Содан кейін ботам өлген екен деп зарлайды:

Мен ботамнан айырылған,
Қарайлап, мойны қайырылған.
Сағынып, зарлап егілген,
Көзімнен жасы төгілген,
Не жазығым бар еді?!
Екі көзді сел алып,
Жылай-жылай шөл алып,
Тілек тілеп зарласам,
Тілегімді берер ме?
Ботақаным келер ме? —

деп, боздап кете береді.

Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырмаққа тоқтап, бес-алты күн еру болып жатады.

Бағланбайдың екі ұлы бар еді. Бұлар мал сатып, базардан қайтып келе жатса, Бозінгеннің боздаған даусын естіп таниды. Сонда бұлар: «Бұл қайдан жүр? Әлде керуенге еріп кеттіме?» деп екеуі қоржындарын жолдастарына беріп, іңгенді іздеп кетеді. Бұлар талай малды аралап жүріп, ақырында Бозінгенді табады. «Түйені ұстап алып жүре берейік», — деп ойлайды да: «Қой мұнымыз ұят болар! жайын сұрайық», — деп, керуеншілерге келеді.

— Ассалаумағалейкум,
Қонып жатқан керуендер!
Алтын, күміс артынып,
Ай түбіне бардыңыз,
Бағланбайдың Бозінгенін
Қайдан сатып алдыңыз?
Алтын, күміс артты екен,
Ай қызарып батты екен,
Бағланбайдың іңгенін
Қандай адам сатты екен?
Ай, жарықтық Бозінген,
Қандай бота тапты екен?
Анасынан айырылып,
Адасқан Құдай қайырылып,
Ботақаны еңіреп,
Қайтып тірі жатты екен?
Бағланбай деген адамның

Бозінгені бар еді,
Бір ботаға зар еді,
Оймалы, шайы кілемді,
Оңдап, солдап жаптырған,
Жібектен бұйда тақтырған,
Шытырма қазық қақтырған,
Бозінген бота табар деп,
Кемпір-шалға бақтырған.
Бағланбайдың іңгенін
Қандай адам саттырған?
Аттың басын бұрам ба,
Кешке дейін тұрам ба?
Мінген атым құлагер,
Ертерек бізге жауап бер.
Сөзімді қабыл алыңыз,
Бұл сөзіме наныңыз.
Артынан хабар алайын,
Жеті күн тоқтап беріңіз!
Елге қарай шабайық,
Сатқанды іздеп табайық,
Бұлыңды алып берейік,
Іңгенді алып қалайық, — дейді.
Оған керуен басы айтады:

— Біз талай үлкен қалаларға бардық. Қайтуға жақындаған-
да бір қалада біреу әкеп сатты. Алпыс ділдә беріп алдық. Он-
дай ботасы болса, обалына қалмайық, он күн тоқтап жатамыз.
Пұлын әкеп беріп, алып қалыңыз. Он күннен кешіксеңіз кетіп
қаламыз. Онда қалғаныңыз, — дейді.

Екі жігіт сыдырып отырып, бес күнде кемпір-шалдың үйіне
келеді. Олардың келе жатқанын көріп, кемпір-шал жасыры-
нып қалады.

Жігіттер ауылға келіп:
Мінген атым қарагер,
Келген жерім талай жер.
Бозінгенді сұраймыз,
Кемпір-шал, шығып жауап бер.

Кемпір-шал шықпайды. Екі қыз шығып, жігіттерге жауап береді:

Адырға шыққан бадал ма?
Мал-жаныңыз аман ба?
Сіздер сұрап тұрғанда,
Айтпай тұрар заман ба?
Айналайын ағалар,
Басқа түссе әл қанша?
Ай төбеден толыпты,
Жыл мүшелі болыпты.
Боталар уағы болыпты,
Бозінгені құрысын,
Бошалап қашып кетіпті!
Кемпір-шал іздеп кетіпті.
Тигізіп жерге табанды,
Кемпір мен шал бар ма екен,
Тірі көрер болар ма?

Екі жігіт ойлайды: «Ешкім сатпаған екен, өзі бошалап кеткен екен, керуеншілер бізді алдаған екен. Енді біз барғанша керуендер көшіп кетеді. Біз бара алмайтын болдық» — деп, қапаланып тұрады. Сол мезгілде Бозінгеннің ботасы, емізік еметін уақыты болып, боздайды. Ботаның дауысын естіп, екі қызға жігіттердің айтқаны:

Енесінен айырып,
Жас ботаны қылдың зар!
Екі жерде зарлатқан
Кемпір мен шалдың пейілі тар.
Естіледі зарлы үн,
Күңдіренген жетім бота бар.
Жетім бота тірі екен,
Қуанды жүрек, жарылар!

Мұны естіп кемпір-шал өздері шығып, екі жігітке жалынып: «Айыбымызды кешкін!» — деп бар шынын айтады. Жігіттер мән-жайды түсініп, кемпір мен шалдың айыбын кешеді.

Жігіттер алпыс ділдәны алып, күн-түн қатып, сыдыртып барса, керуендер көшуге қамданып жатыр екен. Ділдәсын беріп, түйені алып келе жатқанда «Ботам өлі ме?!» — деп Бозінгеннің зарлағаны:

Орындалды тілегім,
Қуанып келеді жүрегім.
Мен ботамнан айырылып,
Еңіреп, боздап келемін.
Аман-есен бар ма екен?
Ботамды көріп аналық,
Жарылар ма екен жүрегім!
Жолға түсіп келемін,
Керуеннің қолынан
Аман қайтып келемін.
Өлерде көрген ботамды
Қайткенде тірі көремін?
Керуені құрысын,
Ауыр жүкті көп артып,
Жауыр қылды арқамды.
Қуанғаннан ботама,
Жыламай қайтып шыдайын!
Тірі көрер ме екенмін,
Боташымды, қалқамды?!
Түзелді бүгін желісім,
Егілді жұмсап кірісім.
Өмір сенен тілегім,
Көрсетпе ботам терісін!
Қоқтыға біткен шайыр-ды,
Қойшылар қойын қайырды.
Өлерде көрген ботамнан
Аямас қулар айырды.
Боташымнан айырылып,
Артыма жылап қайырылып,
Жат қолында қаңғырдым,
Еңіреп, зарлап күйемін,
Жер менен көк жаңғырды.
Сүймеген жаным залымды,
Естіртті мұңлы зарымды.

Бозінген зар-күйін күңіrentіп келе берді. Ауылға таянып, ботаның қарасын көрген, тұла бойы иіп, түйенің жүйесі босап жылағаны:

Мен көріп ботамды,
Емізер күнім болар ма?!
Жар жағалап жапырақ,
Өзен бойын қыдыртып,
Тал бүршігін сыдыртып,
Жегізер күнім бар ма екен?!
Айналайын жан ботам,
Толған айдай толар да,
Кекіре біткен көк ойға,
Көлбетер күнім бар ма екен?!
Сарымсақты сары ойға,
Ойнатар күнім бар ма екен?!
Көнектей толған қара емшек,
Емізер күнім бар ма екен?!
Айналайын жан ботам,
Немене болып қалды екен?!
Жібектен бұйда мұрымды,
Шұбалтар күнім бар ма екен?!
Бағланбайдың Бозінгені
Алтын бота тапты деп,
Қуантар күнім бар ма екен?!
Жібектен бұйда мұрнымды,
Түйілтер күнім бар ма екен?!
Бағланбайдың іңгені
Күміс бота тапты деп,
Сүйінтер күнім бар ма екен?!
Мен ботамды ертіп,
Төл қозыдай телшітіп,
Бағланбайдың үйіне
Барар күнім бар ма екен?!
Айналайын боташым,
Немене болып қалды екен?!
Түйе аунаған шаңдаққа
Аунатар күнім бар ма екен?!
Түйе ішіне секірітіп,

Ойнатар күнім бар ма екен?!
Ұйықтап жатқан жерінде,
Қабырғадан тістелеп,
Қақ төсінен иіскелеп,
Оятар күнім бар ма екен?! — боздаған Бозінген бо-
тасына келіп қосылып, мауқын басады.

Кім күшті?

Ертек-ертек, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық-жүні ұзын екен.
Қырғауылы қырқылдап,
Жалтыр мұзға сырылдап,
Алшая келіп қоныпты,
Шаты айырылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл,
Сонда мұздан сұрапты:
— Мұз, мұз, сен күшті болдың?

- Мен күшті болсам, бауырымды жауынға тестірімес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жерге жатқызар ма едім?
- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам бауырымды көк шөпке жырдырмас едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам мойнымды көк тоқты жұлқымас еді.
- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шұнаққа құйрығымды жұлқытпас едім.
- Көк шұнақ қасқыр, көк шұнақ қасқыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім.
- Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.

— Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, құмырсқаға ен салдырмас едім.

— Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?

Сонда құмырсқа:

— Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, — деген екен.

Бөдене мен түлкі

Ерте заманда бөдене мен түлкі дос болыпты. Бір күні түлкі бөденеге келіп:

— Досым, сен мені бір өлердей күлдірші, — дейді.

Бөдене:

— Жарайды, соңыма ер, — дейді.

Сөйтеді де, бөдене бытпылдық, бытпылдық деп ұшып кете береді, түлкі оның соңынан еріп отырады. Өлден уақытта бөдене бір ауылдың сыртына келіп қонып, түлкіге:

— Досым, сен осы жерде отыр, мен сені қазір күлдірем, — дейді.

Осылай деп бөдене ұшып барып, сиыр сауып отырған бір әйелдің басына қонады. Мұны үйдің жанында ағаш жонып отырған оның күйеуі көріп:

— Қатын, басыңа бөдене қонды, қозғалма, оны мен ұрып алайын, — дейді.

Дейді де қолағашты алып, бөденеге жіберіп қалады. Бөдене ұшып кетеді. Әйел сұлап түседі. Түлкі шек-сілесі қатып күледі. Түлкі әлден уақытта күлкісін әрең тыйып:

— Досым, ризамын, өлердей күлдірдің. Енді сен мені өлердей бір қорқытшы, — дейді.

Бөдене:

— Жарайды, мен бытпылдық, бытпылдық деп ұшып отырам, сен көзіңді тас жұмып, менің соңымнан еріп отыр. Көзіңді мен аш дегенде ғана аш, — дейді.

Осылай бөдене бытпылдықтап ұшып отырады, түлкі көзін жұмып оның соңынан жортып отырады. Бір кезде бөдене түлкіге:

— Көзінді аш, — дейді.

Түлкі көзін ашып жіберсе, төңірегі тола ит жүгіртіп, құс салған аңшы екен. Түлкінің жүрегі тас төбесіне шығады. Өлді деген осы екен деп, ол бар пәрменімен қаша жөнеледі.

Ит, құс соңына түсіп қуады. Түлкі бір уақытта қашып құтылып, бір бұтаның түбіне келіп, дем алып отырады. Өлден уақытта бөдене келеді. Оған түлкі ашуланып:

— Қорқыт дегенге осылай қорқыт деп пе ем? Сен мені қорқытпақшы емес, өлтірмекші болған екенсің. Сен маған дос емес, қас екенсің. Мен сені жеймін деп, бөденеге дүрсе ұмтылды. Бөдене пыр етіп, ұшып кетеді. Бөдененің құйрығы осыдан шолақ болған екен дейді.

Түлкі мен маймыл

Бір күні түлкі жортып жүріп, қақпанның тілі үстінде өліп жатқан балықты көреді. Түлкі балықты құйрығымен сыпырып түсірмек болады, бірақ балықты қақпанның тілінен сырғыта алмайды. Балық үлкен екен, түлкінің құйрығының әлі келмейді.

Балықты алып жей алмай, ызаланып, жолмен жортып келе жатса, түлкінің алдынан бір маймылды көріп, басын төмен салып, құйрығын бұлғаңдатып, еркелеп, ыржыңдап, күліп сөйлеп сәлем береді.

Маймыл оның сәлемін алып:

— Жол болсын, түлкі би! Бұрын мұндай құрмет қылмаушы едіңіз, енді қалайша ізет көрсеттіңіз? — дейді.

Сонда түлкі айтады:

— Сүйінші беріңіз, патша сайламаққа келдік! Көп аңдар, көп жандар кеңесіп еді. «Арамыздан патша сайлаймыз», — деп маған ақыл салып: «Сенің білімің көп еді, осы кеңесіміз мақұл ма?» — дейді. Мен: «Менен маймылдың білімі көп, адамзатқа ұқсайды. Менің тілімді алсаңыздар, маймылды патша сайлаңыздар, үлкен-кішіміздің жайымызды білер, әділетсіз іс қылмас», — дедім. «Егер арыстан патша болса, оның күші көп, өзіне билік тиген соң, ойына келгенін қылар, жазықты, жазықсыз қарамай, әлсіздердің барлығын қырып тастар, алдына ешкім арыз айтып бара алмас, әулетімен құртып жіберер» — дедім.

Жиылған көп жандар менің ақылымды құптады. «Түлкі бидің ақылы — табылған ақыл», — деді. «Патша сайламаққа арыстан жарамайды екен, маймылды патша сайлайық, нашардың сөзін айтар, адамзатқа ұқсаған әділетті ақылы көп шығар, тез тауып әкеліңіз», — деді. «Сіздің қайда екеніңізді білмей, жан-жануар тұс-тұсқа тарап іздеп кетті. Бәрінен бұрын сізге келіп мен жолықтым. Құрмет қылып тұрғанымыздың мәнісі осы еді», — дейді.

Маймыл бұл сөзге қуанып, түлкінің аузына қарап, езу тартып күліп:

— Мақұл. Халық ұнатса, патшалықтан несіне қашалық. Әлім келгенше әділетпен іс қыламын. Түлкі сенің жақсылығыңды ұмытпаспын. Сүйіншіңді оңдап беремін. Қолыма билік тиген уақытта сенің айтқан сөзіңді жерге тастамаймын.

— Ал баста, — дейді.

Түлкі біраз жерге бастап келеді де, манағы қақпан мен балыққа жақындаған уақытта тоқтап тұра қалады. Маймылға қарап:

— Әй, патша! Бір арызым бар: менің қарным аш, енді еш тағатым қалмады. Сіз бір тілек тілеңіз. Мен «аумин» десем, қабыл болар, бір тамақ табылып қалар, — дейді.

Сонда маймыл өз тілінде тілек тілейді. Түлкі «Аумин» деп, алдыңғы екі аяғын көтереді. Бұдан соң түлкі маймылды бастап, бір қырдан қылт етіп шыға келгенде манағы қақпанға қойған балыққа жолықты.

Сонда түлкі маймылға айтты:

— Сіз тілек тілеп едіңіз, мен «аумин» деп едім, сонымен қабыл болған екен. Даяр тамаққа жолықтық. «Өлмес құлға өлі балық жолығар» деген осы. Міне, жеңіз, — деді.

Сонда маймыл:

— Қарным ашты деген едің, өзің жей ғой. Мен бүгін ас жемесем де қуанышымнан-ақ тоқпын, — дейді.

Түлкі:

— Ей, маймыл патша! Егер алты күн аш жүрсем де астың алдын сіз татпай, қайтіп жеймін. Би патшасынан бұрын ас жемейді. Аш та болсам, әдепсіз тамақ жемейтін, білімді бидің баласымын, — дейді.

Сонда маймыл қақпанға қарап аяғын бір басып еді, сарт етіп аяғын қауып қалады. Қақпанның серпуімен балық ыршып барып, анадай жерге түседі. Түлкі қағып алып балықты жейді.

Сонда маймыл ойлап тұрып:

— Патшалықтан кеттім. Пәледен аяғымды құтқар! — деп түлкіге зілді сөйлейді.

Сонда түлкі:

— Ей, маймыл! Әр алуан ойыншы едің, ойнап айтасың ба? Шындап айтасың ба? Амалды сөкпе, абыройды төкпе! Арыстаннан сені жақсы деп келгенімде, ақуалың осы ма? Аузыңнан ащы-ащы сөз шығады. Алуан-алуан екі бақ бар: бірі бастан қонады, екіншісі аяқтан қонады. Маймылеке, мәнісі осылай болады. Аяғыңнан қан ақса, да отыр! Аузыңнан қан ақса да, отыр! Тепкілесең кетпейтін темір бақ қонды. Қақпанға сені патша қылдым! Қайыр қош бол, патшалығың баянды болсын! — деп жөнеле береді.

Түйе, арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене

Бір түлкі жортып келе жатып, қаңғып бара жатқан бір түйеге кездеседі. «Түйем, түйем қайда барасың?».

Түйе: Оты мол суы мол жер іздеп барамын, — дейді.

Түлкі: «Ендеше екеуіміз жолдас болайық».

Түйе: «Болсақ, болайық», — дейді.

Екеуі келе жатса, бір қасқыр жолығады.

«Е, қайда барасыңдар?», — дейді.

Бұлар: «Оты мол, суы мол жер іздеп барамыз...», — дейді.

Қасқыр: «ендеше, үшеуіміз жолдас болайық», — дейді.

Үшеуі жолдас болып, жүріп келе жатса, бір арыстан кездеседі.

Үшеуі: «Оты мол, суы мол жер іздеп барамыз...», — дейді.

Арыстан: «Ендеше, төртеуіміз жолдас болайық», — дейді.

Төртеуі жүріп отырып, бір өзен сулы, биік таулы жерді тауып мекен қылып жүреді. Арыстан, қасқыр, түлкі, ұшақ аң, тышқан аулап жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына жардай болып семіреді. Қыс болып, ұшақ аң таусылып арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі ашығады. Көздеріне түйеден басқа ештеңе көрінбей, түйені жемек болады. Түйе жолдастығын айтып жылайды.

Сонан соң түйеге біраз тимей жүріп, тіпті әбден ашыққан соң арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі ақылдасып түйені жемек болып түйемен сөйлесуге түлкіні жібереді. Түлкі түйеге барып келіп, арыстан мен қасқырға айтады:

«Түйе көнді... бірақ, басымды оңға қаратып сойып, үшеуін етімді әуелі жемей, тең бөліп алыңдар, әйтпесе тұрып қашып кетем» деп айтты, — дейді.

Ана екеуі «жарайды» деп, түйеге келіп, түйені жығып жара бастады. Түйенің еттерін үшеуі жемей бөлшектеп жатқанда қасқыр түйенің бүйрегін асап келіп қалып Арыстан ыза болып қарғып түскенде, жамбасы күл-күл болады. Түлкі келіп: «Е, неғып жатырсыз?» дейді.

Арыстан: «Ойбай, өлейін деп жатырмын!».

Түлкі: «Ендеше, мен сізді емдейін» деп, арыстанның көтенің ойып жей бастайды. Арыстан: «түлкім-түлкім тілімді жеші», — дейді.

Түлкі: «Жоқ, батыр еке көтеніңізден бастап, тіліңізді де жерміз», — деп арыстанды жейді. Сөйтіп, түлкі қыстан шығады.

Бір күні түлкі келе жатса, бір бөдене жорғалап барады екен, шап беріп ұстай алады. Бөденеге: «Балапандарыңды тауып берсең, өзінді қоя берейін», — дейді. Бөдене: «Балапандарым ана қалың көктің ішінде еді, сол араға барып мен болып шақырсаң балаларым келеді», — дейді. «Жарайды» деп бөденені тістеп, түлкі қалың шөпке келеді: «Балапандарыңды не деп шақырайын?», — дейді. Бөдене: «маңқыт!» деп, қатты дауыстап шақыр дейді. Түлкі: «маңқыт» дегенде, бөдене: «аузыңа шаңғыт!» деп ұша жөнеліпті.

Бөденеге өшігіп жүріпті. Бір күні бөдене ағаштың басына қонып отырыпты. Түлкі: «Е, е бөдене не білдің, барлық жан-жануар бір-біріне қастық қылмасын деген Тәңірден жарлық келді, енді біреуге біреу тимейді. Дос болатын болды. Жерге түс, достығымызды білдірейік», — дейді. Сонда ағаштың басында отырған бөдене бойлап-бойлап алысқа қарайды. Жерде тұрған түлкі: «Е, бөдене нені көріп қарайсың?...», — дейді. Бөдене: «Білмеймін, алыста төрт аяқты бірдеме келе жатыр. Өзі тақыр жүнді, жарғақ құлақ, мойнында қарғысы бар!» — дейді. Түлкі: «Ойбай, ол тазы шығар», — дейді. Бөдене бойлап қарап: «Болса, болар», — дейді.

Түлкі: «Ойбай, ендеше мен қашайын!».

Бөдене: «Е, енді барлық жан-жануар бір-біріне тимейтін болды дегенің көне, неге қорқасың?».

Түлкі: «Ойбай, кім біледі? Әлде, ол жарлықты ести қоймаған тазы шығар», — деп қашыпты.

Түлкі, қойшы, аю

Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен, ол бір тамға келіп кіреді. Аю да тамға кірейін дегенде, тамның тар тесігінен кеудесі сыйып, бөксесі сыймай қалады. Түлкі тамның бір тесігінен жалт етіп шығып, айналып есікке келеді де, есіктен не әрі кетпей, не бері шыға алмай ілініп жатқан аюды әжуалап, күліп кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең деп қайта шығып, жан-жағына қаранып, қойшыға келеді.

— Е, сен не көрдің? — деді аю қойшыға.

Қойшы:

— Мен не көрейін? Бір аюды бір түлкі әжуалап, күліп кетті. Соны ғана көрдім, — дейді.

Аю ашуланып:

— Егерде осыны біреуге айтсаң, сені жеп қоямын, — дейді.

— Ойбай ендеше айтпаймын, — дейді.

— Жарайды. Әйтеуір, айтсаң, өлесің! — деп аю кетіп қалады.

Кешке ауылға келген соң, қойшы мұны ауылдағыларға айтады. Ауылдағы бала-шаға мұны өлең қылып айтып, ойнап жүреді. Мұны аю естіп, ыза болып, ертеңіне қой жайып тұрған қойшыға келіп:

— Е, сенің «адамға айтпаймын» дегенің қайда? Енді сені жеймін, — дейді.

Қойшы:

— Үш күнге рұқсат бер, үй ішімен, ағайын-туғанмен қоштасып келейін, — дейді.

— Жарайды. Үш күнге рұқсат бердім, — деп аю кетіп қалады.

Қойшы далада жылап отырғанда түлкі келеді:

— Е, қойшым, неге жылап отырсың? — дейді.

Қойшы:

— Ойбай, осылай да, осылай, бәрі сенің кесірің! Енді өлетін болдым, — дейді.

Түлкі:

— Ойбай, үндеме, аюдан құтылатын амалын мен табайын. Не бересің? — дейді.

Қойшы қуанып:

— Ойбай, не қаласаң соны берейін, — дейді.

Түлкі:

— Маған бір бүйрегіңді бер, — дейді.

— Берейін, — дейді қойшы.

Түлкі айтады:

— Ауылыңа бар да бір үлкен қап әкел! Аю келгенде, анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю сұрар: «анау не?» деп, сонда сен: «Ол ханның баласы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» де. Аю қорқып «Ойбай ендеше мені жасыр. Қайда тығыламын» дер, сонда сен: «Мына үлкен қапқа тығыл» деп қапқа тығып, қаптың аузын мықтап буып, шоқпармен ұрып өлтір, — дейді.

Екеуі уәделесіп түлкі кетеді. Келем деген күні аю келеді. Аю қойшымен сөйлесіп, енді жеймін деп тұрғанда, алыстан бұрқылдаған шаңды көреді.

— Қойшым, анау не? — деп сұрайды аю.

Қойшы:

— Ол ханның баласы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр, — дейді.

— Ойбай, қойшым, мені жасыра көр. Қайда тығыламын? — деп аю сасады. Қойшы:

— Ендеше мұнда тығыла қой, — деп қапқа тығып, қаптың аузын шылбырмен мықтап буып, шоқпармен ұрып, өлтіріп алады.

Енді түлкі келіп күліп:

— Е, бүйрегіңді бер! — дейді.

Қойшы қипақтап, жыламсырап белбеуін шешеді. Белбеуін шешкенде қойшының іші шұрылдайды. Түлкі құлағын тіге қойып:

— О не қыңсылаған? — дейді.

Сол арада қойшы:

— Түнеугүні бір тазының күшігін жұтып едім, сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр, — дейді.

Түлкі қорқып:

— Ойбай, қойшы, ендеше дос болайық. Тазы шығып кетпесін, мен қашайын! — деп қаша жөнеліпті.

Қыдыр, бақ және ақыл

Бұрынғы заманда қыдыр, бақ, ақыл үшеуі кездесіп қалып, ерегісе кетеді. Үшеуі ерегісіп отырып, әрқайсысы өз күшін көрсетпекші болады. Қыдыр бақ пен ақылды ертіп алып бір жер айдап жатқан жынды адамға барып дариды. Сонда жындының айдаған жерінен төңкерілген кесектің бәрі алтын болып кетіпті. Жынды біраздан кейін шөлдепті. Анадай жерде бір топ керуен түсіп жатыр екен солардан су ішіп алуға барады. Барарда: «Керуеннің иті қауып алар» деп қолына бір кесек алтын ала барыпты. Керуеншілерге барып, су сұрапты. Керуеншілер су беріпті. Суды ішіп алып, анадай жерде өзіне қарап үріп жатқан итке қолындағы бір кесегін атып жіберіпті. Керуеншілер алтынды лақтырып жіберуі қалай? — деп ойлайды. Бір керуенші:

— Бұл жынды адам алтын екенін білмес, — деп жындының қолындағы алтынды сұрапты.

Жынды:

— Мә, керек болса! Тағы алтын керек болса, сонша берейін, — депті. Керуеншілер еріп барып қараса, жындының айдаған жерінің бәрі алтын екен. Керуеншілер барлық жүгін далаға тастап, түйелеріне алтынды тиеп алыпты. Бәрі жындыны «Бұл қасиетті адам шығар» деп өздерімен бірге еліне ала кетіпті.

Бұл хабар елден елге тарап, ханға да жетіпті. Алтынды естіген соң хан қарап отырсын ба? Қасына көп жолдас-жора, нөкерлерін ертіп алтынды әкелуге шықпақшы болады. Хан алтынға баруға жиналып жатқанда «Ел шетіне жау келді» деген суық хабар естіледі. Хан жалма-жан жасауылдарын жіберіп:

— Шаһарда неше адам болса да бірі қалмастан, қолдарына қару алып атқа мінсін! Қаласың бір шетіне жау тиді, соған аттансын! — деп бұйырыпты.

Әрине, ханның әмірі екі болмайды. Жұрттың бәрі де бір-бір атқа мініп, қолдарына қару алып, жауға аттанады. Бұлар-

мен бірге баяғы жынды да шығады. Бәрі бірдей жауға қарап ат қояды. Сонда жынды келе жатқан жаудан қорқып, алдында бір үлкен терек бар екен соған жабысып, қалғысы келіп, жабыса бергенде жындыға бақ қонған екен, терек түбімен қопарылып, оның қолына келеді. Бірнеше мың пұт теректі көтеріп келе жатқан кісіні көрген жаудың зәресі ұшады. Жан-жаққа қашып кетеді.

Жау кеткен соң жұрттың бәрі үйді-үйіне қайтады. Хан жұрттан:

— Жауды кім жеңді? — деп сұрайды.

Сонда бір адам:

— Керуеннен бір адам келіп еді, сол жеңді, — дейді.

Хан жындыны шақыртып алып, қырық күн той, отыз күн ойын жасап, қызын жындыға қосады. Кешке жеңгелері ханның қызын жындының жанына алып келеді. Жынды ханның қызына жоламайды. Ханның қызы ол күні үндемей кетеді. Ертеңіне жынды тағы жоламайды. Ханның қызы ашуланып:

— Бұл мені менсінбей жүр, — деп жеңгелеріне айтады.

Жеңгелері:

— Неге менсінбесін? Өзің жоламайтын шығарсың? — дейді.

Ол күні күйеуінің қасына қыз тағы келеді. Жынды етігін шешейін деп жатқанда, ханның қызы барып, жындының етігін шешпекші болып отыра берген екен, жынды ханның қызын бір теуіп тісін сындырады. Хан қызын көріп ашуланып:

— Жындыны дарға тартыңдар! — деп жендеттеріне бұйрық береді.

Жендеттер жындыны дарға апарған кезде, қыдыр мен бақтың бұған шамасы келмейтінін сезген ақыл, жындының басына кіреді. Жын ақыл кірген соң, о жақ, бұ жағына қараса, өзін жендеттердің дарға тартайын деп тұрғанын біледі.

— Ау, бұларың қалай? — деп жендеттерден сұрайды.

— Ханымыз сені дарға асып өлтіруді бұйырды. Біз сені дарға тартамыз, — дейді жендеттер.

Сонда жынды тұрып:

— Мені ханға алып барыңдар, — дейді.

Жендеттер жындының сөзін тыңдап, оны қайтадан ханның алдына апарады. Сонда хан:

— Не арызың бар? — деп жындыдан сұрайды.

Жынды:

— Мен сіздің қызыңыздың қасына жоламағанымның себебі — қызыңыз сіздің даңқыңызбен өскен соң «арам еті кетсін» деп жүрдім. Екінші тісін сындырғаным: «Ханым шомылмай, бойын таза тұтпай жүріп емізген екен, ол сол уақытта шыққан тіс екен», — дейді.

Хан жындының ақылына риза болып оны өлімнен босатып, қызын қайтадан қосады. Сөйтіп, қыдыр мен бақтан ақылдың күші басым болып шығады. Жындыға ақыл еніп, ол мұрат-мақсатына жетеді.

Ат бағушы құл

Бұрынғы өткен заманда бір ханның үш тұлпары болыпты. Бұл тұлпарын өзінің өте сенімді құлына бақтырады екен. Хан сейілге шығарында, ханның мінемін деген тұлпарын ат бағушы құлы ерттеп әкеп беріп, кешке тапсырып алып тұрады екен.

Бір күндері хан уәзірімен өзара кеңесіп отырып:

— Менің тұлпарымды бағушы құлым өмірінде өтірік айтпайды. Мұндай да өтірік айтпайтын адам болады екен, — депті.

Сонда қасында отырған бас уәзірі:

— Тақсыр-ау, өтірік айтпайтын адам баласы бола ма екен? Ол құлыңыздың өтірік айтуына тура келетін істер кезікпей жүрген шығар, — депті.

Сонда хан:

— Егер сен ол құлыма өтірік айтқызсаң, мен орнымнан түсіп хандығымды беремін. Егер өтірік айтқыза алмасаң, басыңды аламын, — депті.

Бұл сөзге уәзір де келісіп:

— Құлыңызға үш-төрт күн ішінде өтірік айтқызамын, — деп уәзір ордадан шығып үйіне келіпті.

Уәзірдің ай десе ай емес, күн десе күн емес, жаннан асқан өте сұлу үш қызы бар екен.

Уәзір үйіне келген соң қыздарын шақырып алып:

— Балаларым, мен ханмен осындай уәде, тоқтам жасап келдім. Ханның анау үш тұлпарын бағатын құлына бір ауыз өтірік айтқыза алсақ, Құдай жарылқап мен хан болам. Ал енді,

өтірік айтқыза алмасақ, үш қызым әкеңнен үміт қылмаңдар, мен — өлген кісі, — депті. Сонда қыздары отырып:

— Ойбай-ай, әке іс қиынға айналыпты ғой, енді ол құлға қалай өтірік айтқызу керек, — депті.

Сонда уәзір тұрып:

— Қыздарым, сендер әкеміз өлімнен аман болып, мұратына жетсін десеңдер, оның ақылы оңай, — депті.

— Қыздарым-ай, ондай болса, ақылым мынау: бүгіннен бастап сол құлдың ат бағып тұрған жеріне үшеуің үш түн қонақ болыңдар. Әрқайсың бір кеш бірге жатып, бұйымтай сұрағанда, бағып тұрған тұлпарының бірінің басын сұрап, үшеуің үш түнеп, сол үш тұлпардың басын кестіріп әкелсеңдер, ол құлда өтірік айтпайтын шара қалмайды, — депті. Бұл сөзге қыздары «мақұл» деп, бірінші күні үлкен қызы бар асыл киімдерін киіп, хош иісті майларын жағынып, ат бағушы құлдың жататын үйіне келеді. Туған айдай болып қыз қасына жетіп келгенде құл не дерін біле алмай:

— Иә, ханым жолыңыз болсын, — депті.

Сонда уәзір қызы әкесінің үйретуі бойынша:

— Мен бас уәзірдің қызы едім. Өзіміз теңдес уәзір, бек, ханзалардың балалары жастық махаббатпен ойнап-күлелік десе, солардың бәрінің өмірлік махаббатынан сіздің бір күніңізді артық көріп, әдейі іздеп келіп тұрмын. Егер сізден рұқсат болса, қасыңызға бір түнеп шықсам деп едім, — депті.

Сонда құл ханшаға:

— Ойбай-ау, сіздің мұндай ойыңызға мен даярмын, — деп ол түнді екеуі тамашамен өткізіпті. Қыз таңертең үйіне қайтпақшы болғанда, құл тұрып:

— Иә, ханшам, көңілге алған бұйымтайыңыз бар ма? — депті.

Сонда уәзірдің қызы:

— Менің сұрағанымды беретін болсаңыз, бұйымтайым бар, — депті.

Құл тұрып:

— Көңіліңізде не болса да орындаймын демедім бе? Не бұйымтайыңыз болса да айтыңыз, — депті.

Сонда уәзірдің қызы:

— Менің тілегім — тұлпардың бірінің басы еді, — дегенде, бұл сөзге келместен, бір тұлпарды алып ұрып, басын кесіп бере салыпты. Уәзірдің қызы тұлпардың басын алып, үйіне барып-

ты. Қыз кеткеннен кейін құл бұрынғы әдетінше ханға барып: «Тақсыр тұлпарлар аман» деп, қалған екі тұлпарын бағып жата беріпті. Екінші күні кешінде уәзірдің ортаншы қызы ханның құлына қонаққа келіп, әкесінің үйретуі бойынша алдыңғы әпкесі сияқты, бар киімдерін киіп, перінің қызындай болып келіп, қонақ болып, ертеңіне қайтарында екі тұлпардың бірінің басын кестіріп алып, әкесіне келіп баяндап беріпті. Үшінші күні кешінде уәзірдің кіші қызы алдыңғы екі әпкесі сияқты ат бағушы құлға келіп, қоқан болып, ертеңіне қалған тұлпардың басын кестіріп алып кетіпті. Ат бағушы құл үш күнге дейін ханға бара алмай, төртінші күні ханға барып, аттардың амандық хабарын бермекші болыпты. Ханға не айтарын біле алмай басындағы бөркін төр алдына қойып, бөркін хан қылып қойып, өзі бұрынғы әдетінше есіктен кіріп келіпті.

— Е, үш күннен бері қайдасың, тұлпарлар аман ба? — дейді бөрік.

— Иә, тақсыр. Тұлпарлар аман, сабындап жуылды, — деп тұрып құл басын шайқап, «жоқ мұным болмайды екен» деп, тысқа шығып кетіпті. Екінші рет қайтып оралғанда бөрік:

— Е, үш күннен бері неғып келмедің, тұлпарлар аман ба? — дейді. Сонда құл:

— Иә, тақсыр, тұлпарлар дақ бұрынғыдай емес, үш күннен бері жем жемей қатты ауырып тұр, — дейді де, «жоқ» деп басын шайқап «бұл да болмады» деп, тағы да далаға шығып кетеді. Осылайша, әлденеше қайталап, ақырында шындықты айтпаққа бекініп, бөркін басына киіп, бұрынғы әдетінше хан ордасына жөнеледі. Таңертең хан өз ордасына барып, уәзір, бектерімен кеңесетін үйге кіріп келіпті. Ат бағушы құл хан ордасына кіріп келгенінде, ханның бас уәзірі ішінде өзге уәзірлері және бар, қанша адамдарымен хан ордасында отыр екен.

Сонда хан ат бағушы құлына:

— Е, сен үш күннен бері қайдасың, тұлпарлар аман ба? — депті.

Сонда ат бағушы құл:

— Тақсыр тұлпарлар аман емес, қайран тұлпарлар аман болмай қалды ғой, — депті.

Хан ашуланып:

— Е, не болып қалды? — дейді.

Құл:

— Тақсыр хан, басымды аламын десеңіз, мінекей даярмын. Тұлпарлардың ман болмаған себебі мынадай еді, — деп сөзін бастап: — Тақсыр, осыдан үш күн бұрын, сіздің бас уәзіріңіздің үлкен қызы маған келіп қонақ болып еді. Қайтарында «не бұйымтайың бар?» деп сұрадым. Менің бұйымтайым өзің бағып жүрген тұлпарлардың бірінің басы еді деген соң, мен бір тұлпардың басын кесіп беріп жібердім. Сонымен ертеңгі кеште уәзірдің екінші қызы келіп қонақ болды. Ол қыз да қайтарында: «менің бұйымтайым бұлпардың бірінің басы еді» деген соң оған тағы да бір тұлпардың басын кесіп беріп жібердім. Сонан кейін өткен түні кешке уәзіріңіздің үшінші қызы келіп қонақ болды. Қайтар кезінде ол да бір тұлпардың басын сұраған соң беріп жібердім. Тақсыр, міне, өз басымды үш тұлпардың басы үшін алдыңызға әкеліп тұрмын, — депті.

Сонда ханмен бәс қылған бас уәзір қалтырап, дірілдей бастапты. Хан үш тұлпарының бірдей өліп кеткеніне ренжіп, отырған көпшілікке уәзірімен екеуінің арасында болған бәстерін баяндап беріпті. Сонан кейін жендеттерін шақырып, бас уәзірдің басын алдырып тастап, оның орнына ат бағушы құлды бас уәзір етіп сайлапты. Өтірік айтпайтын ат бағушы құл ақыры мұратына жетіп, уәзір болып өмір өткізіпті.

Сүлеймен мен диханшы

Баяғыда жер бетіндегі жан-жануар, өсімдік, өзен, тау барлығы да әлем патшасы тақ Сүлейменге бағынады екен. Сүлейменнің алдына келіп басын имеген бірде-бір жан болмаған. Сол Сүлейменнің уақытында бір керемет диханшы болған екен. Оның жыл сайынғы еккен егіні соншалық бітік шығып, әлемді қызықтырып, барша жанды еріксіз өзіне тартыпты. Сол диханшының еккен егінін көруге жыл сайын періштелер жиналып тұрады екен. Оңтүстіктен Сүлеймен пайғамбарға келіп жатқан құс патшалары жаңағы періштелердің арасынан әрең өтіп, жылда-жылда жиыннан екі-үш күн кешігіп келеді екен.

Бір жылдары бұрынғыдай он шақты күнге созылған үлкен жиын болыпты. Жиында әр патша өзінің шаруа жай-

ын әңгімелеп беріпті. Сонда құс патшаларының бірі тұрып Сүлеймен пайғамбарға былай деп сұрақ қойыпты:

— Тақсыр, әлемнің патшасы, рұқсат етсеңіз сізден бір сұрақ сұрағалы отырмыз, — депті.

Бұған Сүлеймен пайғамбар:

— Айта ғой, сұңқарым. Сұра сұрағыңды, — депті.

Сонда сұңқар тұрып:

— Тақсыр, осы жолда диханшы бар. Оның еккен егінін көруге бұл дүниенің түкпір-түкпірінен келмейтін періштелер жоқ. Жиналған періштенің көптігі соншалық — біз тіпті солардың арасынан екі-үш күнде әрең өтіп, жиыннан ылғи кешігіп келеміз. Ал сол диханшы егін еккенде сізді бір рет те болса аузына ала ма екен? Менің білгімнің келгені осы еді, тақсыр, — дейді.

— Сұңқарым, бұл сұрағыңның анықтығын біліп, келесі жылғы жиында айтып берейін, — деп пайғамбар барлық патшаларды таратып жіберіп, өзі диханшыны іздеуге шығады. Былай шыға беріп желге: «мені сол диханшыға апарып таста», — деп бұйырады. Жел айтқанын екіетпей көзді ашып-жұмғанша пайғамбарды диханшыға алып жетіп келеді.

Диханшы Сүлейменді танып, сәлем береді. Пайғамбар сәлемін алып, өзінің неге келген жайын айтады. Бұған диханшы қуанып, әлі орылып бітпеген егінін көрсетеді.

Сүлеймен пайғамбар диханшының бұл еңбегіне разы болып:

— Өте еңбекшіл өнерпаз адам екенсіз. Еккен егініңіз де биік шығыпты. Мұны көруге әлемдегі барлық жанды-жансыз мақұлықтың бәрі де жиналады деп естідім. Менің білгімнің келетіні: Сіз егінді сепкенде не деп себесіз? — дейді.

— «Бисмилла рахмани рахим» деп себемін. Қара қазан сары баланың қамы үшін бере көр, табиғат деп, еңбегіммен аламын, — дейді диханшы Сүлейменді аузына да алмайды.

Бұған ашуланған Сүлеймен: «Бидай, жер, суға келіп: Бидай сен ендігі жылы өнбе! Жер, сен қанша бидай сепсе де, өндірме. Ал, су, сен қырық кез төмен түс» деп әмір береді.

Диханшы мұны біліп, күш-көлігі мен құрал-саймандарын сайлап, көктемге дейін сайдың тасындай қылып қояды.

Күткен көктем де туады. Диханшы жиған-терген бидайын жеті күн бойы судан шығармай бөктіріп қояды. Бір айдаған жерін жеті рет тырмалап, бидайын себеді. Егінді суаратын кез

келеді. Суға келсе, су өз деңгейінен қырық кез төмен түсіп кеткен екен. Диханшы жүгіріп үйіне келіп ара мен балтасын алып, қалың ағашты кескілей бастайды. Ақыры ағашты кесіп болып, жаяу арқалап, зорға дегенде құдықтың басына жеткізеді. Сөйтіп, шығыр орнатып, оған қырық қуғаны қатарынан салып, айналдыра бастайды. Бұған шыдай алмаған су аспанға шапшып, сол аймаққа тарайды. Суға қанған егін бас жарып, көктей жөнеледі. Мұны естіп таң-тамаша қалған періштелер былтырғыдан да көп жиналады. Ал, құс патшалары бұрынғы әдетінше Сүлеймен пайғамбарға кешігіп келеді. Жиын біткен соң құс патшасының бірі тағы да:

— Тақсыр, осы сіздің былтырғы айтқан диханшымыз сізді аузына ала ма екен өзі. Биылғы еккен егінін көрсеңіз, қайран қаласыз. Оған жиналған періште де қисап жоқ. Солардың көптігінен әрең өтіп, міне, тағы да кешігіп келіп отырмыз, — деп сұрады.

Бұл сөзге іштей ашуланған Сүлеймен желге мініп, қаһарын тігіп тұқымға келді:

— Сен неге менің айтқан бұйрығымды орындамадың? Мен шықпа дегенім қайда? — деп сұрады.

— Тақсыр, мен орындаймын дедім бе, жеті күн суға салып, тұншықтырып есімді тандырды, — деді тұқым.

— Ал, сен неге өндіріп шығарасың? — деп Сүлеймен пайғамбар жерге ақырады.

— Тақсыр, менің өндірмесіме қойды ма? Жеті рет жыртып, жеті рет тырмалап, әбден есімді тандырды. Су ішіп, қазір ғана есімді жиып тұрмын, — деді жер.

Сол-ақ екен Сүлеймен пайғамбар суға келіп:

— Мен саған жер бетіне шықпай қырық кез төмен түсіп кет дегенім қайда? Бұйрығымды неге орындамайсың? — деп тіксінді.

— Тақсыр, мен сіздің айтқаныңызды орындадым. Қырық кез төмен түсіп те кеттім. Бірақ оған диханшы қойды ма, еріксіз аспанға шығарды... — деді.

Бұдан ешнәрсе шықпайтынын көріп, Сүлеймен пайғамбар әрі ойланып, бері ойланып:

— Еңбек қылған алсын, — деп жүріп кетті.

Торғай мен адам

Өткен заманда бір саятшы тор құрып қойса, торына кішкене бір торғай түсіп қалыпты. Торғайды адам қолына ұстап үйіне апара жатса, торғай тілге келіп былай депті:

— Мен кішкене торғаймын, союға жарамаймын, қапасқа салсаң, қысастықпен өлемін. Онанда еркіме қоя бер, еркін кең дүниеге жібер, мен сізге екі ауыз өсиет айтайын, — депті.

— Қане, әңгімеңді айт, — депті адам.

— Жарайды, бір ауызын қолыңда, бір ауызын жерге түскен соң айтайын. Өйткені қос қолдан қысып өкпем сығылып ештеңе айта алмаймын, — депті торғай. Аңшы босатыпты.

— Бірінші — өткен іске өкінбе; екінші — көзбен көрмей сенбе! — депті.

Торғай анадай жерге қонып отырып: — Сен ештеңені білмедің, менің бөтекемде жұдырықтай гауһар бар еді, — дейді. Адам қонып отырған торғайды ұстауға тұра ұмтылыпты. Торғай әр жерге ұшып-қонып ұстатпайды. Адам қуып қоймаған соң, адамға былай дейді: «Менің жаңа айтқан өсиетімді түсінбепсің, өзің ақылыңа салшы, менің өзім жұдырықтай жоқпын, менің бөтегеме ондай зат қалай сияды? Бұл бір. Екінші — мен саған ұстатпаймын, қанатым бар. Сондықтан өткен іске өкінбе», — деп ұшып кетіпті.

Ақыл, ғылым, бақыт

Ақыл, ғылым, бақыт — үшеуі бір-бірін артықшылығын салыстырып таласып сарапқа түсіпті. Сарапшылар оларға былай депті:

Бірінші — бақытқа: сен, тұрақсыз, опасызсың, орныңды таңдамай қонасың, қонғаныңды ісінетесің, тасытасың, ақырында бір күн лақтырып тастап кетесің. Ақылмен байланыс, сонда көп жасайсың, — депті.

Екінші — ғылымға: дүниеде сенен күшті нәрсе жоқ, қара тасты қайнатасың, дүние жүзін жайнатасың, сақауды сайратасың, жоқты бар, бардан жоқ жасайсың, бірақ та бар ғаламды өзіңе бағындырғың келеді, бағынбағанды демде әлек қыласың. Түзу

де, бұзу да сенен шығады. Ақылмен байланыс, сонда абыроймен ұзақ жасайсың, — депті.

Үшінші — ақылға: дүниеде адамзатқа сенен артық дос жоқ, бірақта ашу үстіңе кіріп келгенде, орныңды беріп шығасың да кетесің. Ашу бұлдіріп-бұлдіріп кеткен соң кіресің де, ашудың бұлдіргенін оңдайсың. Әуелден орныңнан тұрмай отырсаң, ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді.

Барыңдар, ақыл, сен адам бол, ғылым — сен ат бол, бақыт — сен қамшы бол. Үшеуің біріксеңдер ешбір мұң-мұқтаждарың болмайды, — депті.

Ханды сөзбен жеңген әйел

Баяғы заманда бір кедей әйелдің жалғыз қойы далаға жайылып қайтып келе жатып, бір ескі көпірден өте бергенде көпір сынып кетіп, қой суға кетеді.

Қой иесі әйел жалғыз қойынан айырылып жылап тұрғанын сол елдің патшасы көріп әйелден: «Неге жылайсың?» — деп сұрайды. Сонда әйел:

— Мына жалғыз аяқ жаман көпірден қойым өтемін деп суға кетті, енді осы көпірден қойымның құнын алып бер, егерде алып бермесең, қияметте қолым жағаңда, — депті. Патша ойланyp:

— Япырай, бұл адам болса алып берер едім, жансыз көпірден қалай өперейін, — депті. Сонда әйел:

— Дұрысын айтсам, бұл көпірдің иесі сіз боласыз, осы елдің патшасы болып бір көпірді түзетпей қойып, менің жалғыз қойымды суға жібердіңіз, құнын өзіңіз төлеңіз, — депті.

Сонда патша сөзден жеңіліп, қойдың құнын беріп, әйелді риза етіп жіберіп, көпірді жаңадан түзеттіріпті.

Ғажайып бау

Баяғы заманда Асан мен Қасен деген екі дос болыпты. Екеуі де кедей адамдар екен. Асан ұлтарақтай жеріне егін егіп, Қасен өзінің азғана малын бағып, күндерін көріпті. Екеуінің де әйелдері қайтыс болған екен. Асанның бар жұбанышы ай десе

аузы, күн десе көзі бар сұлу қызы болыпты да, Қасеннің үміті ер жетіп қалған қайратты баласы болады.

Бір жылы көктемде Асан егін салуға қамданып жатқанда, Қасен жұтқа ұшырайды. Қыс аяғы қатты болып, азғана малы қырылып қалады. Көзінің жасы көл болып, Қасен досына жылап келеді:

— Асан, сенімен қоштасайын деп келіп ем. Азғана малым қырылып қалды. Енді аштан өлместің қамын жеп, қайыр сұрап тентіреп кетемін, — дейді.

Бұл сөзді естігенде Асанның да көңілі босап, көзіне жас келіп, Қасен досын құшақтап тұрып:

— Екеуміз жан деген жолдас едік қой, мал-жанымыз бір емес пе еді? Менің егіндік жерімнің жартысы сенікі болсын. Көңіліңді жұбат, қолыңа кетпен алып, тырбанып тіршілік қыл, — дейді.

Сол күннен бастап, Қасен де егін салып тіршілік етеді.

Күн артынан күн, ай артынан ай өтеді. Арада біраз жылдар да өтеді. Бір күні Қасен өзінің жерін қазып жүріп кетпенінің зыңылдап, темірге тигенін байқап, таң қалады. «Бұл не ғажап екен?» деп сол жерді тереңдетіп қазып жіберсе, ішіне толтырып алтын салған бір қара қазан көрінді.

Қасеннің қуанышы қойнына сыймай, қазанның құлағынан сүйрей досының үйіне қарай жүгіреді.

— Сүйінші, Асан! — деп айғайлайды ол. Жүгіріп келе жатып: Сүйінші, бақытты болдын, үлкен олжалы болдын, мен сенің жеріңнен ішіне алтын толтырылған қазан тауып алдым, енді кедейліктен құтылдың.

Асан оны қуана қарсы алып:

— Сенің адалдығыңды білем ғой, Қасен. Бірақ ол алтын менікі емес, сенікі. Сен өз жеріңнен қазып алдың ғой, — деп жауап береді.

Оған Қасен болмай:

— Мен де сенің пейілі кең, мейірімді кісі екеніңді білемін ғой, Асан. Бірақ сен маған жеріңді бергенмен, жеріңнің астындағы қазынасын берген жоқсың ғой, — дейді.

Бірақ, Асан да көне қоймайды:

— Ардақты досым, жердің асты-үстіндегі қазынаның барлығы, сол жерге маңдай терін тамызып еңбек еткен адамдікі, — дейді.

Алтынды алғысы келмей, бұл екеуі ұзақ таласады. Ақыры Асан мынадай бір байлам айтады:

— Таласты қоялықшы. Қасен, сенің күйеу болатын ұлың бар, менің қалыңдық болатын қызым бар. Балалардың көңілі жарасып жүр ғой, сол екеуінің басын қосайық та, алтынды соларға берейік. Тым болмаса біздің балаларымыз кіріптарлық көрмесін, — дейді.

Аталары осы байламын айтқанда, балаларының қуаныштан жүректері жарылып кете жаздайды. Сол күні той қылып екі жасты қосады. Жас жігіт жаңа түскен келіншегімен жеке отау болып Қасеннің үйіне шығады. Қасен құдасының үйіне көшеді.

Келесі күні таң сәріден жаңа қосылған жас зайыптылар алтын салған қазанды алып аталарының үйіне келеді. Қабақтарында кірбің барын көрген Асан мен Қасен:

— Не боп қалды, балалар? Ертелетіп келген түрлерің жаман екен, — деп сұрайды.

— Аталары безген нәрсеге балалары ие болған жарамас. Біз алтынсыз да баймыз. Сүйіп қосылған екі көңілден артық дүниеде қазына бар ма? — дейді екі жас. Сөйтіп, олар қазанды үйдің ортасына әкеп қояды.

Енді алтынды кім алуы керек? — деген талас қайта басталады. Таласып, ақыры, жүгінбек болады.

Талай күн, талай түн жүріп отырып, бұлар айдалада жалғыз тұрған қарияның үйіне келеді. Жұпыны ғана қараша үйі бар екен.

Қария төрде төселген жыртық киіздің үстінде отыр, оң мен солында екі-екіден төрт шәкірт орналасқан.

— Жүгінуге келген екенсіңдер, алыстан арнап келген түрлерің бар, шаруаларыңды айтыңдар, — дейді қария келгендерге.

Жолаушылар қарияға өздерінің дау-шараларын айтады. Бұлардың сөзін тыңдап алып, қария ұзақ уақыт отырады, өзінің үлкен шәкіртіне бұрылып:

— Менің орнымда болсаң, мына кісілердің дауын қалай шешер ең? — деп сұрайды.

— Жер — дүниедегі қазынаның иесі хан ғой, хан иеме апарып беріңдер дер едім, — деп жауап береді үлкен шәкірт.

— Ал менің орнымда сен болсаң, қалай шешер едің? — деп сұрайды екінші шәкірттен.

Екінші шәкірт:

— Дауласқандар безген мүлік бидікі ғой, мен оны өзім алар едім, — дейді.

Қария бұрынғыдан бетер ренжіп, жүзін суытса да, сыр білдірмей, үшінші шәкірттен сұрайды.

— Ал енді сен айтшы, сен болсаң, қалай шешер ең?

Үшінші шәкірт:

— Бұл алтынның иесі жоқ, оны ешқайсысы меншіктенгісі келмейді. Солай болған соң-ақ, мен оны қайтадан жерге көмдіріп тастар едім, — дейді.

Қарияның жүзі әбден түнеріп кетеді. Ол енді ең кіші шәкіртінен сұрайды:

— Ал сен не дейсің, қарағым?

— Артық сөзім болса айып етпеңіз, ұстазым, — дейді кіші шәкірт. Мен болам, осы алтынды жұмсап, құлазып жатқан далада гүл жайнаған саялы бау өсірер едім. Арып-ашқан кем-кетіктер сол баудың саясында тыныс алып, жемісін қорек етіп, рақатын көрер еді.

Осы сөзді естігенде, қария көзіне жас алып, орнынан тұрып кіші шәкіртін құшақтайды. «Жасы кіші болса да, ақылы артықты аға тұт» деген рас екен, ғой, — дейді ол.

— Сенің билігің әділ, балам. Осы алтынды алып хан ордасына бар, содан соң ең жақсы тұқымдарды сатып алып, қайтып кел де, өзің айтқан бауыңды өсір! Саған да, мына алтынға қызықпаған кең пейіл адал жандарға да кем-кетік, жарлы-жақыбай атаулы өмір бақи риза болып, алғыс айтар.

Жас жігіт алтынды дорбасына салып алып, жолға шығады. Ұзақ уақыт сапар шегіп, арып-ашып күндердің күні болғанда хан ордасына келеді. Қаланың қақпасына кірісімен-ақ базарға барып миуа ағашының тұқымын іздейді.

Қызылды-жасылды мата мен әртүрлі әшекейлі заттардан көз алмай, базарды аралап жүргенде, арт жағынан керуеннің сылдырлаған қоңырауы мен біреудің айқайлаған ащы даусын естиді. Жас жігіт артына жалт қараса, ұзыннан-ұзақ тізілген керуен келе жатыр екен. Түйенің қомына жүктің орнына ой мен қырда, су мен шөлде болатын құс атаулыны тірі күйі теңдеп алған. Оларды аяғынан матастырып байлап-

ты. Құстардың қанаттары қайырылып сынып, жел ұшырған мамықтары ақша бұлттай қалқиды. Түйелер аяңдаған сайын бейшара құстар тыпырлап, адамның сай-сүйегін сырқырата шырылдайды. Осыны көргенде жас жігіттің жаны удай ашып, шыдамы жетпейді, сығылысқан қалың жұрттың ортасынан жарып өтіп, жігіт керуен басына келіп, әдеппен тағзым етіп:

— О, тақсыр мына бейшара құстарды осыншама қинаған кім? Мұны қайда апара жатырсыз? — деп сұрайды.

Керуен басы:

— Біз хан сарайына бара жатырмыз. Бұл құстар — ханның соғымы. Сол құстар үшін бізге бес жүз ділдә береді, — деп жауап қайырады.

— Мен мың ділдә берсем, осы бейшара құстарды босатып жібересің бе? — деп сұрайды жігіт.

Керуен басы жігіттің жұпыны түрін көріп, оның сөзін елең етпей жүре береді.

Сол кезде жігіт иығындағы дорбасын алып, керуен басына алтынын көрсетеді. Керуен басы өз көзіне өзі сенбей қайран қалады. Бірақ саудагер алтынды көрген соң сұғанақтығы жеңіп: «Құстарды босатып жіберіңдер!», — деп әмір етеді.

Бұғаудан босаған құстар тобымен аспанға көтеріледі. Керуеннің әкеле жатқан құстары тым көп екен. Олар жапырлай ұшқанда күннің көзін бүркеп, қанаттарынан ескен жел дауылға айналады.

Жігіт ұшып бара жатқан құстарға қарап тұрып, құстар көрінбей кеткеннен кейін, қаудырап босап қалған дорбасын иығына салып алып кейін қайтады. Қуанышы қойнына сыймай, аяғы жерге тимей, әндетіп келе жатады.

Бірақ ауылына жақындаған сайын, көңіліне уайым кіріп, істеген ісіне өкініп, қайғыра береді. «Басқа біреудің қазынасын өзімнің ойыма келген нәрсеге жұмсағаным қалай болды? Кем-кетіктер үшін бау егем деген өзім емес пе ем, ұстазыма, мені тұқым әкеледі деп күтіп отырған ақ көңіл адамдарға не деймін?» деп ойлайды.

Жігіт осылай өзіне-өзі ыза боп келе жатады: бара-бара қайғысы үдеп, әбден арып, құлап кетеді де, өзіне өлім тілеп жылайды. Ақыры қайғы-қасіреттен қажып, ұйықтап кетеді.

Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде әлдеқайда бір әп-әдемі бұлбұл ұшып келіп, көкірегіне қонып, тамылжыған әсем әнді әуенімен:

— Уа, кең пейіл жас жігіт! Сен көп қайғырып налыма! Еркін құстардың саған беретін алтыны жоқ. Бірақ сенің жақсылығыңды басқа жолмен қайырап. Ұйқыңнан оянып, айналана қарашы! Көзіңнің жасы тыйылмас па екен? — дейді

Осыны айтып бұлбұл пыр етіп ұшып кетеді. Жігіт көзін ашып, жан-жағына қарап, таң-тамаша қалады. Кең далаға қаптап отырған құстарды көреді. Құстар аяғымен шұңқыр қазып, аузындағы дөңдерді сол шұңқырға салып, қанатымен топырақты сыпырып көміп жатады.

Жігіт қозғалып кеткенде, құстардың бәрі лап етіп аспанға ұшады да кетеді. Тағы да құстар күнді қалқалап, қаққан қанаттарынан ескен жел дауылға айналады. Жігіт жан-жағына қараса құстар қазған әрбір шұңқырдан жас шыбықтар көктеп шыға келіп, өрмелеп өсіп, бұтағы гүлденген, жапырағы жайнаған үлкен ағашқа айналып жатқанын көреді.

Қас қаққанша болмайды, ағашты бұтақтарына жайнаған гүлдер өсіп шыға келіп, жұпар исі аңқып кетеді. Содан кейін гүлдер ұшып түседі де, оның орнына қып-қызыл алма өсіп шыға келеді. Иран бауы мұның ширегіне де келмес еді. Қабығы маржандай жарқыраған зәулім алма ағаштарына сан жетер емес. Қаз-қатар тізілген ағаштардың арасынан пісіп тұрған жүзім, бал татыған өрік, жарқыраған көл, көкорай шалғын, бәйшешектер көрінеді. Ағаштың саясындағы жолдарға бұтақтан жаңа ғана түскен жапырақ төселген жолдың екі ернеуінде асыл таспен әшекейлеп өріп тастаған арықтардың суы сылдыр қағады. Ал жоғарыда ағаш басында пырылдап ұшып-қонып, тамылжытып ән салып, жігіттің манағы түсінде көрген бұлбұлдары ұшып жүреді.

Жігіт қайран қалып, өңім бе, түсім бе деп сенбей жан-жағына қарай береді. Өңі мен түсінің қайсы екенін айыру үшін, қатты айқайлап жібергенде, өз даусының жаңғырығын ғана естиді. Жайнаған бау ғайып болмай сол орында тұр. Өңі екеніне көзі жеткеннен кейін, жігіт өкпесін қолына алып, қарияның үйіне қарай жүгірді. Келісімен болған оқиғаны бастан-аяқ айтып берді. Әңгімені тыңдағаннан кейін, ұстазы

және оның үш шәкірті, Асан мен Қасен, олардың балалары бауды көрмек болады. Жігіт жол көрсетіп оларды ертіп келеді.

Көп кешікпей-ақ құлазыған жапанда ғажайып бау орнапты деген хабар бүкіл елге тарайды. Ең алдымен өздерінің жорға-жүйріктеріне мініп, бауға ақсүйектер келеді. Бірақ олар баудың шетіне жетісімен-ақ алдарынан жеті құлып салынған темір қақпалы үлкен дуал пайда болады. Бірақ олар алмаға қолы тиісімен-ақ естерінен айырылып, жерге құлап түсіп жатады. Мұны көрген соң-ақ бай-мырзалардың зәресі ұшып, аттарының басын бұрып, ауылдарына қарай қашады.

Олардың артын ала бауға жер-жерден кедейлер келе бастайды. Кем-кетіктер жақындасымен-ақ қақпаның құлпы босап, есік айқара ашылады. Бауға әйел-еркек, кәрі-жас сыймай кетеді. Олар баудың ішіндегі жолмен қыдырып, жапырақты таптап жүрсе де, жапырақтар солмайды. Олар арықтан қаншама су іпсе де, арық лайланбайды, таусылмайды. Олар ағаштан қанша жеміс алып жесе де, жеміс азаймайды. Күні бойы бауы ішінде құйқылжыған домбыра сазы, шырқата салған ән, тойдудан саябырламайды.

Ымырт үйіріліп, қараңғы түскен кезде ғажайып баудағы алмалар жарқырап, нұр шашып, құстар тамылжытып ән шырқайды. Қызық думан басылып, жарлы-жақыбайлар хош иісті көк шалғынды төсеніп, өмірлерінде алғашқы рет рақатқа кенеліп, төтті ұйқыға кетеді.

Тазша бала

Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайдакәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен арқалап кетіпті. Келе жатып бір өнерші байдікіне кезігіпті:

Бұл байға өнер үйренуге жалданыпты. Өнерші бай өте қатты, жауыз адам екен, ол жалдаған жігітті бір сандыққа салып қойып, аштан өлтіріпті. Үйінде қалған ортаншы баласы бұ да өнер үйренбекке талап етіп, о да ағасының кеткен жолымен кетіп, өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай оны да аштан өлтіріпті. Үшінші ұлы — Тазша бала, о да ағаларындай өзіне

тиген енші ешкісін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алып, жүріп кетіпті.

Келе жатса, бір қора қой ұшырапты. Бір қора қойдың қойшысына жолығып сұраса, бұл қойлар өнерші байдікі екен. Қойшысы бір шал екен. Ол Тазшадан сұрайды: «Балам, қайда барасың?», — деп.

Тазша бала жауап береді: «Өнер үйренуге барамын», — деп. Сонда шал тұрып айтады: «Балам, бұл сөзіңді ешкімге айтпа, өзің өтірік айтпа, жатқа шыныңды және айтпа», — депті. Сонан соң бұл бала шалдың айтқаны рас екен деп ойлап, өнерші байға барыпты.

Байдың үйіне қонып, ертең жүрейін жеп жатқанда өнерші бай Тазшадан: «Балам, қайда барасың? Жолың болсын!», — деп сұрайды. Тазша бала жауап береді: «Мен өзіңдей ұл баласы жоққа еншілес бала боламын», — депті.

Сонда өнерші айтады: «Балам, сен осында қал, бала бол, біздің бір ақ құнан қойды сойып, той қылып, асық жілігін етімен өзің жеп қоярсың, мен өзім жолаушы барамын», — дейді де, өзі жолына кетеді. Тазша бала: «Қош әке, аман бол», — деп үйде қалады.

Бұл өнерші байдың үйінде бір қызы бар екен. Қыз Тазша балаға айтады: «Аға, сен асық жілікті өзің жемей, керегенің басына іліп қой. Бір ақ тазы келіп жілікке ұмтылар, сонда сен балтаны алып, тазыны өлтір», — дейді. Мұнан соң Тазша бала ақ құнан қойды сойып, той қылып, көршілерін шақырып, асық жілігін өзі жемей, қыздың айтқанын қылып, кереге басына іліп қойыпты. Айтқандай-ақ тазы келіп, жілікке ұмтылыпты. Тазша балтаны жіберіп қалыпты. Бірақ балтасы тазыға тимей, қашып құтылып кетіпті.

Өнерші бай үйіне қайтқан соң, Тазша баланың мұндай істерді істегенін біліп, қатты ашуланып, бұл итті аштан өлтірейін деп сандыққа салып қойыпты. Байдың бағанағы қызы әкесі жоқта сандықтың түбін тесіп, тамақ беріп, Тазшаны тойындырып тұрыпты. Осы сандықта жатып, байдың не түрлі сиқыр өнерін үйрене беріпті.

Бірнеше күндер өткен соң Тазшаның өз әкесі балаларын іздеп шығып, өнерші байдікіне келіп сұрайды: «Бір Тазша деген балам бар еді, соны көрдіңіз бе?» — деп. Өнерші бай: «Көргенім жоқ», — деп жауап береді. Бұлардың сөйлесіп тұрған

сөздерін үйде сандықта жатқан тазша естіпті. Бай әлгідей дегенде Тазша: «Әке, мен мұндамын», — деп сандық ішінен айқайлапты. Даусынан баласын танып, байдың сандығынан шығарып алып, Тазша мен әкесі үйіне қайтыпты.

Тазша жолай әкесіне айтады: «Әке, мен бір қара құнан қой болайын, мойныма жіп тағып, жетектеп барып, базарға сат, бірақ жібіңді алып кет», — дейді. Баласы сол жерде айтқанынша, қара құнан қой болды да, әкесі мойнына жіп тағып, базарға апарып сатып, ақшасын алып үйіне қайтады.

Ертеңіне баласы Тазша өз қалпына түсіп, үйіне келіп, әкесіне айтады: «Әке, мен бір жез бұйдалы нар тайлақ болайын, сен мені базарға апарып сат та, пұлыңды ал, бірақ бұйдамы алып қалып, үйіңе қайта бер», — дейді. Тазша айтқанынша тайлақ болып, әкесі базарға сатайын деп, жетектеп келе жатса, алдынан баяғы өнерші бай шығыпты. Ол айтады: «Маған мынау тайлағыңды сат», — деп. Тазшаның әкесі айтыпты: «тайлағымның бағасы жүз ділдә», — деп. Сонда өнерші бай олардың айласын біліп, жаман оймен тайлақты жүз ділдәге сатып алыпты. Үйіне жетектеп келіп, баяғы қызын шақырып алып, мынау тайлақты ұстай тұр депті де, өзі пышақ алып шығып, тайлақты бауыздайын деп үйіне жүгіріп кетіпті. Қыз әкесінің жаман ниетін біліп, бұл да пышақ ала шыққан екен. Әкесі үйге кірген кезінде тайлақтың бұйдасын, қиып оны босатып қоя беріпті.

Өнерші бай тұра салып, үйінен шығып, қашып бара жатқан тайлақты қуыпты. Тазша сонда түлкі болып қашып, өнерші бай тазы болып қуыпты. Өнерші бай жете берген кезде, Тазша түлкіден үйрек болып ұшыпты, бай онда қаршыға болып қуыпты. Біраздан соң Тазша бала торғай болып қашыпты. Онда бай қырғи болып соңына түсіпті. Торғай ұшып келіп, шарбаққа қонып отырыпты. Бай қырғи боп келіп, таяна бергенде, Тазша қорқып, шүберек болып жерге түсіпті. Өнерші бай кісі болып келіп, шүберекті қолына ала бергенде Тазша тары болып шоқиын дегенде, Тазша мысық болыпты да, өнерші байдың желкесіне мініп алып, тістеп, тырнап зорлықпен өнерші байды өлтіріпті.

Сөйтіп, оның қызын өзі алып, барша мұратына жетіп, бай болып, дәурен етіпті.

II. Қожанасыр әңгімелері

Қожанасыр мен оқытушы

Қожанасыр мектепте оқып жүрген кезінде оқытушысы:

- Қожанасыр, күн неше сағат? — деп сұрапты.
- Бүгін күн жиырма бес сағат болса керек, — депті Қожа.
- Жиырма төрт сағат емес пе? — деп зекіріпті оқытушы сонда.
- Кеше «күн енді бір сағат ұзайды» дегеніңіз қайда, тақсыр! — депті оған Қожа.

Бетпе-бет келген өзінен көрсін

Қожанасыр көшеде келе жатқанда бір ит қауып алады. Қожекең қолындағы балтамен басына салып қалса, ит өліп қалады. Иттің иесі жанжалдасып Қожаны қазыға алып барады.

— Балтаңыздың басымен ұрсаңыз да болмас па еді? — дейді қазы.

— Ит мені аузымен қапты. Сондықтан мен де оған балтаның жүзін жұмсадым. Егер ит мені аяғымен тепкенде мен де оны балтаның сабымен ұрар едім. Бетпе-бет келген өзінен көрсін, қазеке! — депті Қожа.

Есек үйде емес

Қожадан бір кісі есегін сұрап келеді. Қожекең «есегім үйде емес» деп жауап береді. Сол уақытта есек қорадан ақырып жібереді. Есек сұрап келген кісі Қожаның алдағанына ренжіп:

— Қожеке, аппақ сақалыңызбен өтірік айту сізге лайық емес қой, — дейді.

Сонда Қожа есегінің мезгілсіз ақырғанына ашуланып, әрі әлгі адамға былай дейді:

— Е, ақымақ, аппақ сақалыммен айтып тұрған менің сөзіме сенбей, ақылсыз есектің сөзіне еліккенің не? Бар, есек үйде емес, үйде болғанымен күйде емес, — деп шығарып жіберіпті.

Ағамның көңілін аулап...

Қожанасыр бір күні сабаққа келмей қалады. Ертеңіне оқытушысы Қожекеңді сұраққа алады.

— Кеше мектепке неге келмедің?

— Іс болып қалды.

— Қандай іс?

— Ағам тісін жұлдыртқалы дәрігерге барған еді, қасында болдым.

— Тіс жұлдыртқан ағаң екен, сен неге бардың?

— Тісін суырып ауыртып жатқанда, есік алдында бақырып, ағамның көңілін аулап тұрдым, — депті Қожа.

Төрттен төрт алса не қалады?

Қожанасырдан мектепте оқытушысы:

— Қожанасыр, төрттен төрт алса не қалады? — деп сұрапты. Қожа жауап бере алмайды.

— Мысалы қалтаңда төрт теңгең бар еді, сол теңгелер қалтаңнан түсіп қалды, сонда не қалады? — депті оқытушы пысықтап.

— Не қалсын, теңге түсіп кеткен тесік қалады да, — депті Қожа.

Арман

Қожанасыр шомылып жатып, дарияға ау салып жүрген балықшыларды көреді. Ол сүңгіп барып, ауға түсіпті.

— Ауға үлкен балық түскен сияқты, сілкінуі зор, — деп, балықшылар ауды тартып қараса, Қожанасыр ыржиып шыға келіпті.

— Қожеке, бізді мұншама масқара етіп, ауда не қылып жүрсіз? — десе, Қожанасыр:

— Суда балықша жүзу ежелгі арманым еді, обалыма қалдыңдар, — деп балықшылардың өздеріне байбалам салыпты.

Қожанасыр аттан құлағанда

Бір күні Қожанасырдың аттан жығылып жатқанын көріп, балалар сықылықтап күледі. Сонда Қожанасыр үсті-басын қағып жатып:

— Несіне күлесіндер? Мен өзім де түсейін деп жатыр едім, — депті.

Кім үлкен?

— Қожеке, ағаңыздың жасы үлкен бе, сіздің жасыңыз үлкен бе? — деп сұраған біреуге Қожанасыр аз ойланып тұрып:

— Өткен жылы әкем: «Ағаң сенен бір жас үлкен» деген еді, енді биыл құрдас болатын шығармыз, — депті.

Күлкі мен көз жасы

Компас тауып алған бірнеше адам оның не екенін біле алмай, Қожанасырға алып келеді. Қожекең әуелі сықылықтап күледі де, сонан соң отырып алып жылайды.

Себебін сұрағандарға ол:

— Мұның не екенін бірнеше адамның білмегеніне күліп едім. Сөйтсем, өзім де білмейді екенмін, соған жылап отырмын, — депті.

* * *

Қожанасыр бір күні түнде далаға шықса, есіктің алдында ағарып тұрған бір затты көреді. Жалма-жан үйіне жүгіріп кіріп, мылтығын алып шығып, әлгі ағарғанды атып тастайды да, «неде болса ертең көрермін» деп үйіне кіріп, жатып қалады. Ертеңіне тұрып түндегі атқан нәрсесін қараса, ол өзінің жуып, жайып қойған көйлегі екен. Мылтықтың оғы шұрқ қып тесіп кетіпті. Қожа көйлегін әрі-бері айналдырып көріп тұрып: «Апырай, көйлегімнің ішінде өзімнің болмағаныма шүкір, егерде өзім болсам не болар едім?» депті.

* * *

Қожанасырды келеке етпек болған бір сопы:

— Қожеке, сені шайтанмен жиі-жиі кездесіп тұрады дейді, сол рас па? — деп сұрапты.

— Рас, — дейді Қожанасыр сопыны нұсқап. — Міне, қазір сізбен де кездесіп отырмын. Сөкет емес шығар, сопеке, — дейді.

* * *

Қожанасыр бір күні молданың үйіне келіп:

— Молдеке, мен дүкенші Жұлқарбектен шыт-пыт, қант-шай сауда етіп, азын-аулақ борышты едім. Ол кісі дүние салды, тірісінде бере алмап едім, ана дүниеге барғанда не істеуім керек? — деп сұрапты.

— Ол дүкенші маған қарыз еді. Сол борышыңды маған төлей ғой, ана дүниеге барғанымда айтып қоямын да, сені күнәдан құтқарамын.

— Мұныңыз жөн екен, сіз арғы дүниеге ертерек барып, ризашылығын алып келе қойыңыз, сізге-ақ бере салайын, — дейді Қожа.

* * *

Бір жиында отырып Қожанасыр бидің беделіне тиерліктей әңгіме айтты. Оған ызаланған би ертесіне:

— Қожеке, кеше жұрт алдында абыройымды айрандай төктің ғой, — деді. Сонда Қожа:

— Ашып-быжып бара жатқан айран болған соң төге салмағанда қайтеміз? — деді.

* * *

Қожанасыр екі есекке теңдей етіп рауғаш артып, таудан төмен түсіп келе жатыр еді. Аспанда қою қара бұлт қаптап, жаңбыр жауды. Артынан бұршаққа айналып, суыта бастады. Әбігерлікке түскен Қожекенің ішінен:

— Осы жаңбыр мен бұршақтан есен-сау құтылып, үйге қайтсам, қой сойып Құдайы жасайын, — деді. Көктем мезгілінде таулы жердің ауасы әні-міне дегенше ашылып, күн шығып жарқырап кетті. Үсті-басының суы кеуіп, тіптен күн ысып кетті. Терлеп, қалың киімін шешіп, есегінің үстіне арта салды. Тағы да өзіне-өзі сыбырлап:

— Көктемнің күні емес пе? Жылып кетті. Енді қойды сойма-сам да болады, — деді Қожанасыр. Жолға түсіп біраз жүрген соң, аспанды тағы да қара бұлт қаптап, жаңбыр мен бұршақ араласа жауып, сай-сайды тасқын су басып кетіп, өзі де, есегі де кейде кешіп өтіп, кейде өте алмай азапқа түсті.

— Мана қой соймаймын деп қалжыңмен айтып едім, неме-не, әзіл мен қалжыңды білмейтін қандай Құдайсың өзің? — деп ызаланады Қожа.

* * *

Бір жолаушы Қожанасырға мешіттің мұнарасын көрсетіп:

— Бұл не? — деп сұрапты.

Оған Қожанасыр:

— Бір құдыққа ит түсіп кеткен екен. Сол құдықты адалдау үшін суын қотарып тастап, өзін төңкеріп қойыпты, — деп жауап беріпті.

Қожанасыр мен әкесі

Күндердің күнінде әкесі Қожанасырға есегін суарып келуді тапсырды. Оған Қожанасыр:

— Жоқ, бара алмаймын, ернім жарылып кетіпті, — деп жауап берді.

Әкесі:

— Есекті суаруға еріннің қандай қатысы бар? — деп жекірді.

Сонда Қожанасыр тұрып:

— Есек су ішіп тұрғанда маған іш-іш деп ысқырып тұру керек емес пе? — депті.

Балгер мен қасапшы туралы

Балгер мен қасапшының арасында қандай айырмашылық бар? — деп сұрапты.

Сонда Қожанасыр:

— Қасап алдымен бауыздап, терісін содан кейін ірейді, емдеуші алдымен терінді іреп, соңынан бауыздайды, — депті.

* * *

Қожанасыр шөлдеп құдыққа су ішкелі барды. Ай жарық болатын. Құдыққа шелегін түсіріп жіберіп, жоғары тарта берем дегенде, айдың құдық суындағы сәулесіне көзі түсіп кетті. Шелекті тастай беріп, жүгіріп үйіне барды да, ілгек пен арқан әкеліп, арқанға байлап ілгекті құдыққа түсіріп жіберді. Ілгек құдық түбіндегі бір тамырға ілініпті. Қожанасыр айға ілінді ғой деп шіреніп қатты тартып еді арқаны үзіліп кетіп, шалқасынан құлады. Аспандағы айға көзі түсіп кетіп: «Мейлі жан терге түссем де, айды өз орнына бір рет алып барып қойдым», — деп шелегіне де қарамай кетіп қалыпты.

* * *

Қожанасырдың бір көршісі қалбыр сұрап келді. Бергісі келмеген Қожанасыр: «Шын көңіліммен берер едім, бірақ бүгін үш күн болды ішіне су толтырып қойып едім», — деді. Таңқалған көршісі: «Қалбырдың ішінде су тұра ма?», — депті. Оған Қожа:

— Бергің келмеген соң ана арқанмен ұн арқандап қойғансың. Дәл сол сияқты қалбырға да су толтырып қойылған ғой. Ұқтың ғой енді, көршім, — депті.

* * *

Қожанасыр есегін сату үшін базарға кетіп бара жатыр екен. Болмашы нәрсеге алушыны қашырып алмайын деп есектің құйрығын кесіп алып, қоржынға бүктеп салды да, жүре берді. Базарға келген соң есекті айнала көріп:

— Өттеген-ай, есек оп-оңды құсайды-ау, бірақ құйрығы жоқ шолақ екен деп таңданыпты. Оған Қожанасыр:

— Ұнаса, саудасына келісе беріңіздер, құйрығы қашпас, керек болса, анау қоржында тұр, — депті.

* * *

Қожанасырдан бір жолдасы:

— Бізге жылыңыздың не екенін, жасыңыздың қаншаға келгенін айтсаңыз, — деп өтініш етіпті. Сонда Қожанасыр:

— Жылым айдаһар, жасым елуде, — деп жауап беріпті. Оған жолдасы:

— Жылдың ішінде жылан бар екені рас, ал «айдаһар» дегенін естімеген едім, — депті. Сонда Қожанасыр: «Е, достым, сенің де сөзің дұрыс, мен де текке сөйлеп тұрған жоқпын, мені шешем жылан жылы туған, содан бері елу жыл болды. Жылан да өсті, мен де өстім, сен қалай ойлайсын, содан бері жылан айдаһар болмайды деймісің», — деген екен.

* * *

Жол жүріп бара жатқан Қожанасыр бір топ балалардың ойнап жүргенін көрді де, олардан:

— Балалар, ешнәрседен хабарларың болды ма? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді олар. Қожанасыр ойланып тұрып:

— Ана таудың баурайындағы ауылда, Мырзабек ағаң бір қап жаңғақты үлестіріп беріп жатыр.

Бұл әңгімені есіткен балалар Мырзабек ағасының ауылына тұра-тұра шауып кетті. Айтарын айтса да, «Бұлардың жүгіруі тегін емес шығар», — деп күдіктеніп, балалардың артынан өзі де жүгіре берді.

* * *

Қожанасыр бір диханның бау-бақшасына кіріп, жүзімін ұрлап жеп, әбден тойған соң кесе-табағын салып жүрген дорбасын да толтырып алды. Енді кете берем дегенде, бағбан жетіп келіп ұстай алды. Қожа екенін білген соң: «Ей, Қожеке, бөтеннің бақшасына еніп ұрлық қылуға ұялмадың ба? Арнамыс қайда?» — деді. Оған Қожанасыр: «Менің шарбақ дуалынан асып кіргенім сізге ұнамаса, екінші рет кірмей-ақ қояйын. Қазір есіктен шығып кете салайын ба?» — деп өзіне сұрау қойып, дорбасын қолтықтап есікке қарай жүре берді.

* * *

Бір күні Қожанасырдың егісіне көршісінің өгізі түсіп, егінін аяғымен таптап тастайды. Көзі шалып қалған Қожанасыр өгізді ұстап алып, үйіне жетектеп әкеледі. Содан соң: «Егін таптаудың жазасы — сою» — деп өгізді бауыздап тастайды. Сұрау сала жүріп өгізді иесі іздеп жүріп Қожанасырдың үйіне келіп: «ізі-түзі осы сіздің үйден шығып отыр, сол үшін келіп тұрмын», — деді. Екеуі қатты ашулы ерегіске түсіп, ұрысып кетті. Бір кезде Қожанасыр: «Көп ашуымды келтіре бермеңіз, бүйте берсеңіз өгіздің терісін алып көрсетем де, өзіңе егіннің құнын төлетем», — депті.

* * *

Қожанасыр сырлас бір досымен шарбаққа кіріп, салқын көлеңкеде ұйықтап жатыр еді, оны досы дауыстап оятып жіберді.

— Қожанасыр, ояумысың?

— Ия, ояумын, не дейсің?

— Сенен азын-аулақ қарызға ақша сұрамақшымын.

— Жоқ, олай болса, әлі ұйқыдамын, — деп қайта қорылдапты.

* * *

Бір өулиенің шырақшысы Қожанасырдан сұрапты: «Маған зиярат жасап, түнеймін деп келген адамның есебі жоқ. Құдайдың күні құры емес, тіпті жұмыс істететін емес, бұдан қайтсем құтылам?», — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Бұдан құтылудың жолы оп-оңай. Егер кедейлер келсе, бар тапқаныңды соларға беріп жібер де, байлар келсе «өкелгенің аз» деп екі-үш есе асырып салық сал, сонда құтыласың да қоясың», — депті.

* * *

Қожанасыр жалғыз тоқтысын базарға сату үшін апарды. Алушы бағасын сұраған еді, Қожанасыр: «Өзім бес сомға алғанмын, алты сом болса керек деп тұрмын, бәлкім жеті сомға да алушы табылып қалар. Мен де нысапсыз емеспін, сізге он сомға, басқаларға сегіз-тоғыз сомға сатамын», — депті.

* * *

Қожанасырдың жалғыз тауығы болатын. Ол бір топ шөже ашты. Шөжесін жұмыртқадан шығарысымен көп ұзамай жалғыз ана тауық өліп қалды, оған себеп көршісі ұрлап алып сойып жеді. Қожанасыр барлық шөжелердің мойындарына қара шүберек байлап қоя берді. Мұны көрген көршісі: «Қожеке, шөжелердің мойнына неге шүберек байладыңыз?» — деп сұрады. Қожекең: «Жас шөжені шулатып, анасын ұры алды да, жетім қалды. Сондықтан қарғап-сілеп, қара жамылып, азасын ұстап жүрген ғой», — деп жауап берді.

* * *

Жол жүріп бара жатқан Қожанасыр бір сарқыраған суға кездесті. Оның көпірі болмағандықтан судан аттап өтіп еді, аяғындағы кебісінің біреуі суға түсіп кетті. Ұстай алмасына көзі жеткен Қожанасыр сұқ қолын шошайтып кебісіне қарап: «Өзіңе де обал жоқ, аяғымды сығып, тар келіп жүр едің, тәуір болды. «Ерулікке — қарулық» дегендей, айыбың үшін ағып кеткенің де жақсы болды», — деп жүре берді.

* * *

Бір күні Қожанасыр ыстық көжені ұрттап алып, ішек-қарынына дейін күйдіріп алады. Ыстыққа шыдамаған Қожанасыр үйден далаға жүгіріп шығып:

— Ей, айналайын жұртым-ау, өздеріңе сақ болып, маған көмек беріңдер, ішіме өрт түсіп кетті ғой, — деп айқайлай берді.

* * *

Бір жиында Қожанасырдың достары Қожаның қолына домбыра бере салды да, әдемі бір күй тартып беруді өтінді. Қожанасыр да қолына домбыраны алып, беталды сабалай берді. Жағымсыз даңғыр мен дыңғырдың үнінен басы ауырған достары:

— Қожеке, домбыраны осылай тарта ма екен? Құлағын бұрап, тиегін жөндеп, пернесін басып-басып тартпай ма? — депті.

Қожанасыр:

— Көріп тұрсыздар ғой, менің қолым бірдей сабалаудан бос емес. Сондықтан бірің құлағын бұрап, бірің тиегін жөндеп, ал

енді біреуің пернесін бассаңдар, өздерің ойлаған күй бола қоймай ма? — деп, достарына қарсы жауап беріпті.

* * *

Қожанасырдың үйіне бір топ ұрылар іс-міс жоқ кіре бастады. Оны сезген Қожанасыр олардан бұрын өз сандығына кіріп жасырынып үлгірді. Ұрылар әрлі-берлі тіміскілеп жүріп, үйден жарамды дәнеме таба алмаған соң, сандықты ашты. Оның ішінде бұғып жатқан Қожанасырдан:

— Хош, бұл қалай, сандықтың ішінде не істеп жатырсың?

— Үйде сендер алатын жарамды еш нәрсе болмаса да, сендердің арсыздықпен кіргендеріңе намысым келіп ұялып жатырмын, — деп қарқылдап күліп жібереді.

* * *

Көзі ауырған бір көршісі Қожанасырға келіп, көзінің жазылу емін сұрады. Оған Қожанасыр:

— Мен тісім ауырғанда суыртып тастап құтылған едім, ал сен де көзіңді ойдырып таста да, құтыла сал, — депті.

* * *

Бір күні Қожанасырдан:

— Таң атқан соң адамдар не үшін түрлі-түрлі жаққа қарай тарап кетеді екен, — деп сұрапты.

— Ой, сорлылар-ай! Осыны да білмей жүргендерің, — деді Қожанасыр ызаланғандай болып, Егер адамдар түрлі жаққа жүрмесе, бет-бетімен бытырамаса, бәрі бірдей бір беткей, бір жағына қарай жүре берсе, жер де бір жағына қисайып, ақыр соңында аударылып кетпес пе еді? Соны да сұрап тұрсың ба? — депті Қожанасыр.

III. Бала тілі — бал

— Алғаш келген қараторғайды мен бұрын көрдім.

— Жоқ, сен емес, мен кеше көргем.

Кішкентай Гүлнар таласып тұрған екі ағасының жанына келіп:

— Мен екеуіңнен де бұрын, былтыр көргем, — деді.

* * *

— Түнде қойныма жатпайсың ба? — деді әжесі.

— Иә, жатпаймын, — деді Жанар бұртиып.

— Енді кімнің қойнына жатасың?

— Өзімнің, — деді Жанар.

* * *

Бірде аулада ойнап жүрген Балғабайдан көшеде кетіп бара жатқан бір қарт:

— Балам, әлгі қант, шай сататын жер қайда еді? — деп сұрады. Балғабай оған:

— Ата, ол дүкеннің ішінде ғой, — деп жауап берді.

* * *

— Бағлан, машиналарды қалай жасайды?

— Алдымен кішкентай ойыншық машина жасайды, содан соң ол үлкейеді.

* * *

Алты жасар Нұрланнан:

— Мен үлкейгенде жазушы боламын, ал сен кім боласың? — деп сұрады Ерлан.

— Мен сенің кітаптарыңды оқып тұратын боламын, — деді ол қуланып.

* * *

Кішкентай Жанарға апасы қуыршақ әкеліп берген еді. Ол қуыршағының қолын жұлып алып, шешесіне:

— Апа қуыршағымды ауруханаға апаршы, қолын шығарып алды, — деді.

* * *

Үш жасар Аяулы әжесімен бірге қонаққа барады.

Барарда оны әжесі көтерген еді. Қайтарда да Аяулы «көтер» деп жылады. Немересінің көңілін қимаған әже:

— Мен сені ылғи көтеремін, сен мені қашан көтересің? — деп сұрады.

Аяулы әжесінің мойнынан құшақтап:

— Әже, мен сенің басыңды көтеріп келемін ғой, — деді.

* * *

Самат екі жасар қарындасына:

— Кесені неге сындырдың, қазір мамаңнан таяқ жейсің ғой, — деді.

Сонда қарындасы:

— Таяқ жемеймін, аузым ауырады, — деп жауап береді.

* * *

Балалар бақшасынан келген Майра:

Апа, бүгін бізді дәрігер тексерді.

Қайтіп, қызым?

Бізді дем ала ма, жоқ па? — деп.

* * *

Бір күні бес жасар Мұраттың ақ лағы ұшты-күйді жоғалып кетеді. Атасы екеуі күні бойы іздегенмен таба алмады.

Таңертең атасы:

— Маратжан, түсімде сенің ақ лағыңды көрдім, — дейді.

— Туу, ата, ақ лақты сол кезде неге қораға қамай салмадыңыз? — деді ренжіп.

* * *

— Міне, күз де келді. Сен мектепке барасың, — деді жеті жасар Жұманға апасы.

— Мама, сонда күз мені мектепке ертіп бара ма? — деп сұрады ол.

* * *

Әкесі баласына:

— Асан, «Алып бер» деген сөйлемнің баяндауышын тапшы, — деді.

— Алып бер.

— Бастауышы ше?

— Бұл сөйлемнің бастауышы жоқ.

Өңгімені тыңдап отырған кішкентай Жекен:

— Онда ол жасырынып қалған шығар? — деді.

* * *

— Ұлым, сен мектепте нені өте жақы көресің?

— Қоңырауды.

* * *

— Фазыл, нешедесің?

— Үштемін.

— Кім айтты оны саған?

— Былтыр атам айтқан.

* * *

Бірде Бақыт әжесінің әдемі сырлы кесесін сындырып алды. Сол шақта қасында інісі тұрған. Ол інісіне:

— Кесенің сынғанын әжеме айтпа! — деді. Сөйтіп, уәдесін алды. Кешкісін үйдегілер шай ішіп отырғанда, сырттан жүгіріп келген інісі:

— Аға, мен әжеме кесені сындырғаныңды әлі айтқан жоқпын, — деді мақтанып.

* * *

Екі жасар Мырзабай үйдің жанында ойнап жүріп, қойдың тұяғын тауып алады да, үш жасар әпкесі Қалыстан:

— Мынау не? — деп сұрады.

Сонда әпкесі оған:

— Бұл кеше сойылған қойдың бөтеңкесі ғой, — деп түсіндірді.

* * *

Таңертең ұйқылы-ояу тұрған Болат шешесіне:

— Апа, менің қалтам түсіп қалыпты ғой, — деді күртесін теріс киген бала.

* * *

— Әжесінен аспан қалың ба, жұқа ма? — деп сұрады немересі.

— Қалың ғой, құлыным, аспан жеті қабат.

— Онда жаңбыр неге өтіп кетеді?

* * *

Құймақ пісіріп жатқан шешесінің қасына келіп тұрған баласы:

— Апа, менімен неге сөйлеспейсің? — деді ренжіп.

— Құлыным-ау, қолым тимей жатқанын көрмейсің бе?

— Көріп тұрмын, апа, «Құймақ жей бер» десең болды маған, — депті.

* * *

Жанат әкесінің құлынды құлағынан ұстап байлап жатқанын көріп:

— Әкетай! Құлынды құлағынан тартпашы. Құлағы ұзарып, есек боп кетеді, — деп шыр-пыр болды.

* * *

Қонақ Сапаштан:

— Сен өскенде кім боласың? — деп сұрады.

— Мен бе, мен... мен Сапаш боламын, — деді ол.

* * *

Кішкене Жеңіс ауылдың бір жақ шетінде тұратын досының үйіне барып ойнады. Ол үйіне қайтпақ болып, далаға шығып еді, аспанда ай жарқырап тұр екен.

Бала үйіне беттеп еді, ай да соңынан ергендей болып көрінді. Ол тоқтаса тоқтағандай. Үйге жеткенше осылай болды.

— Осы уақытқа дейін қайда жүрсің? Өне, ай төбеге келіпті, — деді анасы баласына.

— Иә, оны мен ертіп әкелдім, — деді Жеңіс.

* * *

— Мына кір-кір құлағыңмен жүргенге ұялсаң етті?

— Басқа құлағым жоқ болса қайтем, апа?

* * *

Әжесі Құмардан:

— Балам, үлкейгенде кім боласың? — деп сұрады.

Құмар тайсалмай жауап берді:

— Үлкейгенде кәдімгі атам сияқты шал боламын.

* * *

Бірде өгізді көрген Азамат әжесіне:

— Әже, әже, өне өгіз деген сиыр кетіп барады, — деп мәз болыпты.

* * *

Үш жасар Шолпан сырмақ тігіп отырған анасының қасына келіп:

— Апа, қарным ашты, — деді.

— Нан алып жей ғой.

— Оған тоймаймын.

— Сүт іш, ендеше.

— Оған да...

— Енді неге тоясың?

— Кәмпит жесем...

* * *

Бір топ кішкентай балалар аулада ойнап жүр еді. Кенет Дәурен деген бала:

— Жанат, Жанат, бері кел! — деп жолдасын шақырады.

— О не?

— Мұнда жыланның баласы қашып барады, — деді Дәурен ирелеңдеп бара жатқан жұлдыз құртты көрсетіп.

* * *

Тамақ ішіп болған соң Мұрат асыр салып, үлкендердің мазасын алды. Бұған ашуланған шешесі:

— Мұрат, тыныш отыр, өйтпесе таяқ жейсің, — деп ескертті. Мұрат:

— Апа-ау, мен тамаққа тойып алдым ғой, — деді жайбарақат.

* * *

Бірінші сынып оқушыларына мұғалім:

— Дүниеде ақылды не? — деген сұрақ қойды. Сол кезде Асқар ұшып тұрып:

— Дүниеде ақылды — біздің қызыл сиыр, — деді.

— Қалайша?

— Өйткені ол күнде кешкісін іздетпей үйді өзі тауып келеді.

* * *

— Мақсұт, маған қаламыңды бере тұршы, үй тапсырмасын жазып алайын, — деді Ғалия ағасына.

— Өзіңдікімен неге жазбайсың?

— Менің қаламым жаман, қатені көп жібереді.

* * *

Әкесі:

— Ұлым, өлі күнге дейін саусақпен есептейсің, баспен есептеу керек қой.

Ұлы:

— Басымнан саусақтарым көп емес пе?

* * *

Неміс тілі пәнінің мұғалімі:

— Сен неге маған амандаспадың, Жақай?

— Немісше амандасуды ұмытып қалдым...

* * *

— Балалар, бүгінгі сабағымызда етістікті жіктеуді өтеміз. Мысалы, «Мен отырмын. Сен отырсың. Біз отырмыз. Сендер отырсыңдар. Олар отыр».

Қане Нұрлан қайталашы:

— Бәрі де отыр, — деп жауап берді Нұрлан.

* * *

— Ай жарық па, күн жарық па? — деп сұрады мұғалім Мараттан.

— Ай жарық.

— А?!

— Өйткені ай үнемі түнде туады да, қараңғыны жарық қылады. Ал күн болса, күндіз туады. Күндіз онсыз да жарық емес пе?!

* * *

Мұғалім қаламымен картадағы қалаларды нұсқап:

— Асан мынау не? — деп сұрады.

Оқушы мүдірместен:

— Ол — қалам, — деп жауап берді.

* * *

Шешесі мектептен келген ұлының басына қараса, жап-жаңа құлақшынының быт-шыты шыққан, салтақ-салтақ кір.

— Мынауың не? — деді шешесі.

— Өлгі балалар...

— Балалар не істеді?

— Құлақшынымды жұлып алып, доп етіп ойнады.

— Ал өзің қайда болдың сонда?

— Қайда болушы ем, қақпашы боп тұрдым.

* * *

Мұғалім Саматтың жаза алмай отырғанын байқап:

— Самат, бесті қисайтып жазғаның не? — деп сұрады. Абыр-жып қалған Самат:

— Жоқ, мен емес қисық жазған. Жазудың өзі қисая береді, — деді ыңғайсызданып.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

I БӨЛІМ ӘЛПЕШТЕУ ФОЛЬКЛОРЫ

I. БӨБЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

Бесік жыры (I нұсқа). Түпнұсқа ӘӨИ-дің қолжазба қорында, 117-бумада (107-бет) сақтаулы. Томға мәтін түпнұсқа негізінде дайындалды.

Бесік жыры (II нұсқа). Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 56-бумасында (75-бет) сақтаулы. Томға мәтін түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Бесік жыры (III нұсқа). Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 112-бумасындағы (75-бет) түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Бесік жыры (IV нұсқа). Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 85-бумасындағы (18-бет) түпнұсқа бойынша дайындалды.

Балаға тәрбие өлең шумағы. Түпнұсқа ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы 85-бумада (19-бет) сақтаулы. Томға мәтін түпнұсқа негізінде әзірленді.

Әлди, әлди ақ бөпем. Алғаш 1923 жылы Ташкент қаласында қазақ тілінде шығарылған «Сана» журналының №1 санында жарияланды. Мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы Қ.Саттаровтың 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Әлди, әлди. Ә.Диваевтың «Сана» журналының 1923 жылғы №1 санында және «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (құрастырып, алғы сөзін жазған Ш.Ыбыраев. Түсініктерін жазған К.Матыжанов.

— Алматы, Жазушы, 1988. 22-бет) жинағының негізінде дайындалды.

Әлди, балам, әлди-ай. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (19-бет) жинағының негізінде әзірленді.

Әлди, әлди. Ел аузынан жинаған — К.Матыжанов. Томға мәтін Қ.Саттаровтың ӘӨИ-дің сирек қорындағы 141-жинағы бойынша дайындалды.

Дуай, дуай. Алғаш «Балаларға тарту» жинағында (Қызылорда, 1926) жарияланды. Томға мәтін Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан дайындалды.

Бөбегім-ау. Алғаш «Балаларға тарту» жинағында (1926) жарияланды. Томға мәтін Қ.Саттаровтың 141-бумасынан алынды.

Бөпешім. Алғаш «Балдырған» журналында (22-бет, №11, 1981) жарияланды. Томға мәтін Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан дайындалды.

«Балам, балам балдайын...». Ел аузынан жинаған — К.Матыжанов. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (24-бет) жинағы бойынша дайындалды.

«Қарағым менің...». Томға ұсынылып отырған мәтіндер «Ақ сандық, көк сандық» (24-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Айналайын жайнағым. Томға ұсынылып отырған мәтіндер «Ақ сандық, көк сандық» (24-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Жылама, әлди, жылама. Алғаш Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының өн мәдениеті» (Алматы, 1976) жинағында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (24-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Бөпешім менің ұға ма? Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (25-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Менің бөпем... Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (26-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Бұрынғыдай жайың бар ма? Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (26-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Әй-әй бөпем, Бөбек, Бөпем-ай. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (26-27 бб.) жинағының негізінде ұсынылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы бесік жыры. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (28-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Сығыныш. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (29-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Ұйықтай қойшы бөпешім. Томға мәтін ӨӨИ-дің сирек қорындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағының негізінде дайындалды.

II. СӘБИЛІК САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Бала туғанда. Алғаш Б.Уахатовтың «Халық өлеңдері» (Алматы, 1974) жинағында, кейін «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарияланды. Мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (30-бет) кітабы бойынша дайындалды.

Баланы майлап сылағанда. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (30-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Бесікті аластау. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (30-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Бесікке бөлеу. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» кітабы бойынша дайындалды.

Бесіктен шешіп аларда. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» кітабы (31-бет) бойынша дайындалды.

Бала алғаш отырғанда. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» кітабы (32-бет) бойынша дайындалды.

Баланы шақыру. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» кітабы (32-бет) бойынша дайындалды.

Киім кигізгенде. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағының (24-бет) негізінде ұсынылды.

Тұсау кесу жыры. Алғаш Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті» жинағында, кейін «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарық көрді. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (32-бет) жинағының негізінде дайындалды.

Тәй-тәй. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (33-бет) жинағының негізінде дайындалды.

Өс-өс! Алғаш С.Қасимановтың «Өс, өс, бөбек» (3-бет) (Алматы, 1961) жинағында, кейін «Ақ сандық, көк сандық» кітабында басылым көрді. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (33-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Ал білек. Алғаш Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті» жинағында, кейін «Ақ сандық, көк сандық» кіта-

бында жарық көрді. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (33-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Тілек өлеңдер. Алғаш «Бөбек жыры» (Алматы, 1943) кітабында кейін «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (34-бет) жинағы бойынша дайындалды.

III. УАТУ-АЛДАРҚАТУ ЖЫРЛАРЫ

Уату. Ел аузынан жинаған — К.Матыжанов. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (37-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Ақ бөпем. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (37-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Айналу. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (37-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Құлақ кесу. Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының 827-бумасындағы түпнұсқаның негізінде «Ақ сандық, көк сандық» (38-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін осы кітап бойынша дайындалды.

Айналайын баладан. Туындының ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы 356-буманың 4-дәптеріндегі түпнұсқасы «Ақ сандық, көк сандық» (38-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Балалар диалогы. Туындының ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы 146-буманың 4-дәптеріндегі түпнұсқасы «Ақ сандық, көк сандық» (38-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Айналайын айдан. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (39-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Саусақ санау. Алғаш «Балаларға тарту» жинағында (Қызылорда, 1926), кейін «Ақ сандық, көк сандық» кітабында (39-бет) жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ бойынша әзірленді.

Саусақ ойыны. Алғаш Ә.Диваевтың «Қазақтар балаларын қалай алдандырады» атты мақаласында (Этнографическое обозрение. №1, №2, 1908), кейін «Ақ сандық, көк сандық» (40-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың негізінде ұсынылды.

«Бірім—бірім». Ел аузынан жинаған — ақын Шонан Өтебаев. Мәтін томға «Ақ сандық, көк сандық» (40-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

II БӨЛІМ ЖЕТКІНШЕКТЕР ФОЛЬКЛОРЫ

I. МАУСЫМДЫҚ ЖЫРЛАР

Наурыз тойы. Ел аузынан жинаған — Қ.Саттаров. Томға ӘӨИ-дің 117-бумасындағы негізгі түпнұсқа өзгеріссіз ұсынылды.

Алтын астық—алтын күз. Ғ.Мүсірепов «Айгөлек» жинағында жариялаған. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Жыл құсын көргенде. Алғаш «Балаларға тарту», кейін «Ақ сандық, көк сандық» (43-бет) жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ бойынша дайындалды.

Тырналар қайтқанда. Алғаш «Балаларға тарту», кейін «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (43-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Тырна. Алғаш «Балаларға тарту», кейін «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (44-бет) бойынша дайындалды.

Күн шыққанда. Ел аузынан жинаған — Ш.Ыбыраев. Мәтін Ақ сандық, көк сандық жинағында (44-бет) жарияланды. Томға мәтін осы жинақ негізінде ұсынылды.

Күн қатты жауғанда. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (44-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Айға. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (45-бет) бойынша дайындалды.

«Ай туады дөңгелек». Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (45-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Жаңбыр жауғанда. Томға мәтіннің «Ақ сандық, көк сандық» (46-бет) жинағында жарияланған нұсқасы ұсынылды.

Желге. Томға мәтіннің «Ақ сандық, көк сандық» (46-бет) жинағында жарияланған нұсқасы ұсынылды.

Жазда. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (46-бет) жинағынан алынды.

Күзде. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақ (46-бет) бойынша дайындалды.

Қыста. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы (47-бет) жинақ бойынша дайындалды.

Тұманға. Ел аузынан жинаған — К.Матыжанов. Томға шығарманың «Ақ сандық, көк сандық» (44-бет) жинағында жарияланған нұсқасы ұсынылды.

II. АРНАУ-ТІЛЕК ӨЛЕҢДЕРІ

Балыққа. Туынды Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» (404-бет) кітабында және «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (44-бет) жинағы бойынша дайындалды.

«Ақ тас, қара тас». Томға мәтіннің «Ақ сандық, көк сандық» (45-бет) жинағында жарияланған нұсқасы ұсынылды.

Қоян, Қасқыр, Төбет, Көгершін. Алғаш «Балаларға базарлық» жинағында (Орынбор, 1929), кейін «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (47-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Торғай. Шығарма «Балдырған» (18-бет, №3. 1958.) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (48-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Қарға. Туынды «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (Құрас-тырған — Ә.Табылдиев. — Алматы, 1980. 130-бет), «Ақ сандық, көк сандық» кітаптарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (48-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Сауысқан. «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (130-бет), «Ақ сандық, көк сандық» кітаптарында жарияланды. Томға мәтін

«Ақ сандық, көк сандық» (48-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Қырғи, Кекілік. Томға ұсынылып отырған бұл мәтіндер «Ақ сандық, көк сандық» (49-бет) жинағынан алынды.

Қарлығаш. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (49-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Көбелек. «Балдырған» (№5, 1958) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (49-бет) жинағы бойынша ұсынылды.

Мысық. «Балдырған» (17-бет, №5, 1958) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» кітабында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (50-бет) жинағы бойынша ұсынылды.

Секемен тары. «Г.Н.Потанин жинауындағы қазақ фольклоры» (Алматы, 1972), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (50-бет) жинағы бойынша әзірленді.

III. БАЛАЛАР ӨЛЕҢДЕРІ: ТАҚПАҚ, СҰРАМАҚ

Жұлдыздар. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Кім бұл? Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Асыл сөз. Ел аузынан жинаған — С.Торайғыров. «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» жинағында басылым көрді. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Шұбарым. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Айгөлек. «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (172-бет) жинағында жарық көрген. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Асық ойнаған азар. «Балаларға тарту» жинағында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Шай қайнатып берейін. «Балдырған» (18-бет, №5, 1962) журналында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

«Тра-лә-ләм!» «Қуырмаш» (10-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Ерте-ерте ерте екен. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Ойнар. Томға ОҒК-ның №827-бумасындағы түпнұсқа өзгеріссіз ұсынылды.

Кедей баланың зары. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Апам үйіне барамын. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» кітаптарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (50-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Бақа. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» кітаптарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (51-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Бұлтқа. «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (Алматы, 1977), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (51-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Ауылың қайда? «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (52-бет) негізінде ұсынылды.

Кім айтар? «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (Алматы, 1980), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (53-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Кім күшті? «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (31-бет) (Алматы, 1980), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (53-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Түйе, түйе, түйелер (I түрі, II түрі). «Түйе, түйе, түйелер» (Алматы, 1985), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жа-

рияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (54-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Тақұл-тұқыл ат келді. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (56-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Іңгә, іңгә... Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (56-бет) жинағының негізінде ұсынылды.

Менің атам. Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы 728- буманың 29-дәптеріндегі түпнұсқа негізінде мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағында (56-бет) жарияланды. Томға мәтін түпнұсқа негізінде ұсынылды.

III. ТӨРТ ТҮЛІК ЖЫРЛАРЫ

Бөбектің тілегі. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (57-бет) бойынша дайындалды.

Төлді қалай шақырады? Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (58-бет) бойынша дайындалды.

Баласын сүю. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (59-бет) бойынша дайындалды.

«Торғай сүйер...». Ел аузынан жинаған — С.Ақатаев. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланған. Томға мәтін осы жинақтың (59-бет) негізінде дайындалды.

Мал баққанда. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (64-бет) бойынша дайындалды.

Мал атасы. «Дала көркі — мал» (Алматы, 1986), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (59-бет) бойынша дайындалды.

Түлік иесінің үлесі. «Дала көркі — мал» (Алматы, 1986), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (59-бет) бойынша дайындалды.

Шопан атаға. «Бөбек жыры» (27-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (60-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Сексек атаға. «Бөбек жыры», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (60-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Зеңгі бабаға. «Бөбек жыры», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (61-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Қамбар атаға. «Бөбек жыры», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (62-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Ойсыл қараға. «Бөбек жыры», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (63-бет) бойынша әзірленді.

Жылқы. «Қуырмаш» (12-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақ (64-бет) бойынша әзірленді.

Торы құлын. «Балдырған» (19-бет, №3, 1962.) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақ (64-бет) бойынша әзірленді.

Торпақ. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (67-бет) бойынша дайындалды.

Қой. «Балаларға базарлық», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (66-бет) бойынша әзірленді.

Ешкі. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (67-бет) бойынша дайындалды.

Шопан ата сөзі. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (68-бет) бойынша дайындалды.

Түлікті құрметтеу. Түліктің пайдасы. «Қазақтың халық мақал-мәтелдері» (Алматы, 1981), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақ (67-бет) бойынша дайындалды.

Айтақтау. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (68-бет) бойынша дайындалды.

Түйе ойнақтаса. Ел аузынан жинаған — Ш.Ыбыраев. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (67-бет) бойынша ұсынылды.

Жығылғанда. Ел аузынан жинаған — Ш.Ыбыраев. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (68-бет) бойынша ұсынылды.

Тайға міндім. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (69-бет) бойынша дайындалды.

Жолаушы. «Дала көркі — мал», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (68-бет) жинағынан алынды.

Қасқырдың қойшыларға айтқаны. Туынды «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (70-бет) бойынша дайындалды.

Иесі мен сиырдың айтысы. «Түйе, түйе, түйелер», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (69-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Ешкі мен қойдың айтысы. Шығарма «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (70-бет) бойынша дайындалды.

Төрт түліктің кеңесі. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға ұсынылған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (70-бет) жинағынан алынды.

IV. ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕР

Өтірік өлеңдер (I нұсқа). Томға ОҒҚ-ның 1884-бумасындағы түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Өтірік өлең (II нұсқа). Томға ӘӨИ-дің 136-бумасындағы негізгі түпнұсқа өзгеріссіз ұсынылды.

Өтірік өлең (III нұсқа). Томға ӘӨИ-дің 136-бумасындағы негізгі түпнұсқа өзгеріссіз ұсынылды.

Тазшаның өтірік өлеңдері. «Өтірік өлеңдер» (27-бет) (Алматы, 1980. Құрастырған — Ш.Ахметов), «Ақ сандық, көк сандық»

жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (71-бет) негізінде ұсынылды.

Суайттың өтірік өлеңдері. «Балдырған» (21-бет, №5, 1959) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (75-бет) жинағы бойынша дайындалды.

Айға жеттім зымырап. «Балдырған» (№2, 1981) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін алдыңғы басылымның негізінде ұсынылды.

Құмырсқаға қой бақтырдым. «Балдырған» (№2, 1981) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін алдыңғы басылымның негізінде ұсынылды.

Мысықты торғай бүріп өлтіріпті. «Балдырған» (№2, 1981) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін алдыңғы басылымның негізінде ұсынылды.

Айды әкелдім. «Балдырған» (№5, 1985) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін алдыңғы басылымның негізінде ұсынылды.

Мұз тамақ. «Балдырған» (№7, 1985) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін алдыңғы басылымның негізінде ұсынылды.

Шыбын. «Өтірік өлеңдер» (22-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (78-бет) жинағынан алынды.

Бүркіт. «Өтірік өлеңдер» (19-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» (81-бет) жинағы бойынша әзірленді.

Кірпікшешен. «Өтірік өлеңдер» (17-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (83-бет) негізінде ұсынылды.

VI. МАЗАҚТАМА

Тоңғақ. «Қуырмаш», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (89-бет) бойынша дайындалды.

Кетік. «Қуырмаш» (10-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (89-бет) бойынша дайындалды.

Кетік балаға. Туынды «Қуырмаш», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (89-бет) бойынша дайындалды.

Таз балаға. «Қуырмаш», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (90-бет) бойынша дайындалды.

Асық-ай. «Қуырмаш», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (90-бет) бойынша дайындалды.

Асан, жақсы баласың. «Қуырмаш» (10-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (90-бет) бойынша дайындалды.

«Р»-ды айта алмайтын балаға. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін осы жинақ (90-бет) бойынша дайындалды.

Сүйімжан, Жылауық, Ойнамасан, ойын бақ. «Ақ сандық, көк сандық» (91-бет) жинағында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (91-бет) бойынша дайындалды.

Күлдірген. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін осы жинақтан (92-бет) алынды.

Тентек бала. Ж.Көрменовтің «Махаббат әні» (Алматы, 1986. 11-12 бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (92-бет) бойынша дайындалды.

«Бүгінгі астан түстегі». Ел аузынан жинаған — Ш.Ыбыраев. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағының (92-бет) негізінде әзірленді.

«Берекесіз Жаңабай». «Қуырмаш» (10-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (92-бет) бойынша дайындалды.

Алдаушы. «Қуырмаш» (15-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (92-бет) бойынша дайындалды.

Бауырсақ. «Қуырмаш» (9-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (92-бет) бойынша дайындалды.

Шұбыртпалы... Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (124-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (93-бет) негізінде дайындалды.

Самовар. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (93-бет) бойынша әзірленді.

Ол кім? Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (93-бет) бойынша әзірленді.

Әдепсіз балаға. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (94-бет) бойынша дайындалды.

Тәжікелесу. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (94-бет) бойынша дайындалды.

Сан өлең. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (95-бет) бойынша дайындалды.

Қыздар. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (96-бет) бойынша дайындалды.

Аппақжан. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (96-бет) бойынша дайындалды.

Домбырам басы долана... Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (97-бет) бойынша дайындалды.

Домбырам басы ырғайды... Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (97-бет) бойынша дайындалды.

III БӨЛІМ ОЙЫНДЫҚ ФОЛЬКЛОР

I. ОЙЫН ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Малақай тастамақ. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 1086 (А)-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ақ сүйек. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 1086 (А)-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Мырыш ойыны. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 1086 (А)-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Жеребе қалай тасталады? Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ойын басқарушыны қалай сайлайды? Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қасқырқақпан. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Соқыр теке. Соқыр теке ойынының бес түрі ұсынылып отыр. Бірінші түрі «Кел ойнайық» жинағында, екінші түрін Әлкей Марғұланның жеке мұрағаттық жазбалары негізінде «Жұлдыз» (№7, 1985. 186-бет) журналында, үшінші түрі Р.Жұмағожина құрастырған «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (20-бет) және төртінші түрі «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Соқыр теке. Томға ұсынылып отырған ойынның тағы бір түрі ӘӨИ-дің қолжазба қорының 1086 (А)-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Бурақтоған, Ай керек, Ақбұзау, Біз де (I, II түрі). Томға мәтіндер ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Әріп таңдау. «Ғажайып бау» (63-бет) жинағында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қалай айтуды білемін. Б.Г.Ерзаковичтің жоғарыда аталған кітабында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ұшты-ұшты. Б.Г.Ерзаковичтің жоғарыда аталған кітабында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Шымбике, Сен тұр, сен шық, Тауқырайдан, Қуыр-қуыр қуырмаш. «Өс, өс, бөбек» (28-31 бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтіндер соңғы жинақ (154-157-бб.) бойынша әзірленді.

Асау мәстек. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Көги, гөк. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Үй артында қол ағаш. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ақ сүйек. Б.Г.Ерзаковичтің «Қазақ халқының ән мәдениеті», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Марламқаш. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Айқұлақ. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Арқан тарту. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Ептілік. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Алақан соқпақ. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Қазан доп. «Сана» журналы (№6, №7 1923.), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. «Сана» журналы (№6, №7 1923), «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (163-бет) негізінде ұсынылды.

Ақ серек, көк серек. «Бөбектер жыры», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (164-бет) негізінде ұсынылды.

Қыз доп, Жүгірме. Томға мәтін ОҒҚ-ның сирек қорының 884- бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Бәллай! Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (168-бет) негізінде ұсынылды.

Теңге ілу. Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (168-бет) негізінде ұсынылды.

Ортаға түспек. Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (169-бет) негізінде ұсынылды.

Қара құлақ. Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (169-бет) негізінде ұсынылды.

Етек-етек. Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (170-бет) негізінде ұсынылды.

Мысық пен тышқан. Сана (№6, 1923) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (171-бет) негізінде ұсынылды.

Дәл басу. «Ауылдағы жастар, жас ұландар үшін ойын, өлең, мысалдар» (Семей, 1928), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (170-бет) негізінде ұсынылды.

Дауысынан біл. Күшің жетсе, үзіп кет. Жаңылма, Байқап қал! «Ауылдағы жастар...», және «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақтың (171-172-бб.) негізінде ұсынылды.

«Батыр». Елаузынан жинаған — К.Матыжанов. «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланды. Томға мәтін осы жинақ (172-бет) бойынша әзірленді.

II. ОЙЫН ӨЛЕҢДЕР

Санамақ. (I, II, III түрі). Томға мәтіндер ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Саусақ санау ойыны. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

Сан ішінде кім ұтты? С.Қасимановтың «Өс, өс, бөбек», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға

ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (136-бет) негізінде дайындалды.

Ойлап тап? С.Қасимановтың «Өс, өс, бөбек», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға ұсынылып отырған мәтін соңғы жинақ (136-бет) негізінде дайындалды.

Ойын туралы өлең-жырлар. ҚХР Шыңжаң Автономиялық ауданының «Мори ауданының өлең-жырлары» кітабында (394-396-бб.) жарияланған. Томға ұсынылып отырған мәтін осы жинақтан алынды.

Қаламақ. (I,II,III,IV,V,VI,VII түрі). Томға мәтіндер «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (138-139 бб.) бойынша дайындалды.

Қаламақ. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (140-бет) бойынша дайындалды.

Қаламақ. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (140-бет) бойынша дайындалды.

Ірімшік, ірімшік. Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» (404-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (141-бет) бойынша ұсынылды.

Тоқтышақ ойыны. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (142-бет) бойынша ұсынылды.

Кім керек? Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (142-бет) бойынша ұсынылды.

Ақ серек, көк серек. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (142-бет) бойынша ұсынылды.

Ақ сандық, көк сандық. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (143-бет) бойынша ұсынылды.

Жасырынбақ. «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (172-173-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (143-бет) бойынша ұсынылды.

Көз қарасу ойыны. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (143-бет) бойынша ұсынылды.

Ойыннан шығу. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (144-бет) бойынша ұсынылды.

Соғыс ойыны кезінде. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (144-бет) бойынша ұсынылды.

«Серік-серік» ойынында айтылатын өлең. «Жар-жар», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақ (144-бет) бойынша ұсынылды.

III. АЙТЫС ОЙЫНЫ

Айтыс ойыны, Қыз бала мен ұл баланың айтыс ойыны, Сан айтысы. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (145-бет) бойынша ұсынылды.

Бала мен шалдың айтысы. Томға мәтін «Ақ сандық, көк сандық» жинағы (147-бет) бойынша ұсынылды.

IV. Мақал-мәтелдер. Томға мәтіндер ӘӨИ-дің қолжазба орталығындағы Қ.Саттаровтың 141-ші қолжазба жинағынан алынды.

V. Жаңылтпаштар. Томға мәтіндер ӘӨИ-дің қолжазба орталығының 13-бумасындағы түпнұсқа негізінде ұсынылды.

VI. Жұмбақтар. Томға мәтіндер ӘӨИ-дің қолжазба орталығының 136-141-бумаларындағы түпнұсқа негізінде ұсынылды.

V БӨЛІМ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРОЗАЛЫҚ ФОЛЬКЛОР

I. ЕРТЕГІЛЕР

Шыңғыс ханның жұмбағы. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 189-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қырық өтірік, Ұр тоқпақ, Алтын балта. «Қазақ ертегілері» (342-356, 320-322-бб.) (Алматы, 1957), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (175-188-бб.) негізінде ұсынылды.

Құлақ. «Құлақ» (7-бет) (Алматы, 1985), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (188-бет) негізінде ұсынылды.

Аңқау. «Алтын сандық» (74-бет) (Алматы, 1984. Құраст.: М.Әлімбаев, Қ.Толыбаев), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (191-бет) негізінде ұсынылды.

Сыншы бала. «Алтын сандық» (80-бет) (Алматы, 1984. Құраст.: М.Әлімбаев, Қ.Толыбаев), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (191-бет) негізінде ұсынылды.

Үш жалқау. «Алтын сандық» (76-бет), «Ақ сандық көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (192-бет) негізінде ұсынылды.

Сылтаушыл. «Алтын сандық» (75-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (192-бет) негізінде ұсынылды.

Әке мен немере. «Алтын сандық», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақтың (193-бет) негізінде ұсынылды.

Зеректік. Р.Жұмағожинаның «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (34-35-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (193-бет) негізінде ұсынылды.

Еңбекпен ел көгерер, Екі жалқау, Олақ қыз. «Алтын сандық» (28-бет, 75-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (194-бет) негізінде ұсынылды.

Кісі мен қиқар бала. «Балаларға тарту», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (196-бет) негізінде ұсынылды.

Суайт бала мен қарт. «Балдырған» (№3, 1958) журналында, «Ақ сандық, көк сандық» жинағында жарияланған. Томға мәтін соңғы жинақтың (197-бет) негізінде ұсынылды.

Жалқау немере. «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (24-25-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (199-бет) негізінде ұсынылды.

Қайырымды қоян. «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (22-24-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (215-бет) негізінде ұсынылды.

Арыстан мен түлкі. «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (40-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (225-бет) негізінде ұсынылды.

Қара Қашқынбай. «Алтын сандық» (65-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (202-бет) негізінде ұсынылды.

Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке. «Алтын сандық» (47-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (206-бет) негізінде ұсынылды.

Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында. «Алтын сандық», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (217-бет) негізінде ұсынылды.

Жыл басына таласқан хайуанаттар. «Қазақ ертегілері» (Алматы, 1962, 190-192-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (202-бет) негізінде ұсынылды.

Түлкі мен құмыра. «Қазақ ертегілері» (201-202-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (209-бет) негізінде ұсынылды.

Түлкі, тасбақа және кене. «Бозінген» (21-22-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (209-бет) негізінде ұсынылды.

Қотыр торғай. «Қазақ ертегілері» (185-187-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (218-бет) негізінде ұсынылды.

Бес ешкі. «Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану» (37-39-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (203-бет) негізінде ұсынылды.

Сауысқан мен көкек. «Бозінген» (180-бет), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (208-бет) негізінде ұсынылды.

Ақсақ құла. «Бозінген» (187-188-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (209-бет) негізінде ұсынылды.

Тау мен қаңбақ. «Бозінген» (207-208-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (210-бет) негізінде ұсынылды.

Құмырсқа қанағаты. «Бозінген» (158-160-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (211-бет) негізінде ұсынылды.

Қасқыр мен кірпі. «Бозінген» (122-123-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (211-бет) негізінде ұсынылды.

Қырғи мен бөктергі. «Бозінген» (219-220-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (211-бет) негізінде ұсынылды.

Батыл есек. «Бозінген» (199-203-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (221-бет) негізінде ұсынылды.

Ақ тиын мен қасқыр. «Бозінген» (55-56-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (225-бет) негізінде ұсынылды.

«Сымбатты» сиыр жайлы хикая. «Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілері» (Алматы, 1979. Құраст.: С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (214-бет) негізінде ұсынылды.

Түлкі мен қоян. «Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілері», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (211-бет) негізінде ұсынылды.

Бір өгіз. «Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілері», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (227-бет) негізінде ұсынылды.

Көк кептер балапаны. «Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілері», «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (228-бет) негізінде ұсынылды.

Түлкі мен тырна. Томға мәтін «Бозінген» (58-59-бб.), «Ақ сандық, көк сандық» жинақтарында жарияланды. Томға мәтін соңғы жинақтың (219-бет) негізінде ұсынылды.

Ақымақ қасқыр, Күшік пен мысық. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды

Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Түлкі мен қырғауыл. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Мақұлық. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 139-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қу түлкі. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 139-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қожанасыр. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 139-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қожанасыр, Алдар көсе және шайтан. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 139-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қарамерген. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 140-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Аңқау қасқыр мен қу түлкі. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 140-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Сегіз ағаш. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қар мен күннің күресі, ақылсыздың ажалы. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Сылдырмақты көжек. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қырмызы қыран. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Үш тымақ. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 13-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Түлкінің түсі. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 13-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Бозінген. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Кім күшті? Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Бөдене мен түлкі. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Түлкі мен маймыл. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Түйе, арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене. Томға мәтін ОҒК-нің қолжазба қорының III.29 бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Түлкі, қойшы, аю. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қыдыр, бақ және ақыл. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ат бағушы құл. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Сүлеймен мен диханшы. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Торғай мен адам. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ақыл, ғылым, бақыт. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ханды сөзбен жеңген әйел. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Ғажайып бау. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

Тазша бала. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

II. Қожанасыр әңгімелері. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 13-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

III. Бала тілі — бал. Томға мәтін ӘӨИ-дің қолжазба қорының 141-бумасындағы түпнұсқа негізінде дайындалды.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЕСІМДЕР

Албан — Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тараған тайпа. Атамекені — оңтүстік-шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді.

Дулат — Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден туған баласы. Жарықшақтан тараған тайпа. Дулат өз ішінде — Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

Бибі Фатима — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасан мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Зеңгі баба — қазақ халқының мифологиялық сеніміндегі төрт түлік малдың бірі — сиырдың пірі. Халық нанымында әр түліктің өз тәңірісі, иесі болады деп есептелген. Соның ішінде сиыр малының тәңірісі, қамқоршысы Зеңгі баба деп түсінген. Соған сиынып, малының аман-сау өсіп, көбеюін тілеген.

Қамбар ата — қазақтың сенім-нанымында жылқы малының пірі, иесі. Кейбір аңыздарда Қамбар ата есімі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың күйеу баласы Әзірет Әлінің атбегі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен байланыстырылады. Сонымен қатар Қамбар ата образы түркі халықтарының ежелгі фольклорында көп кездеседі.

Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ. Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар. Қазақ фольклорында Қыдыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Назар батыр — кіші жүздің адай руынан тараған. Қалмақтармен болған шайқастарда аты әйгілі болған батыр.

Ойсылқара — түйе малының пірі. Ислам тарихында пайғамбарға деген сүйіспеншілігімен белгілі болып, әулие ретінде құрметтелген Уәйіс әл-Қаранидің атымен байланысты ұғым. Ойсылқара Қаран елінің түйесін бағып, өзінің кәсіпке адалдығымен, тақуалығымен көпке үлгі болған.

Сүлеймен пайғамбар — Құранда аты аталатын пайғамбардың бірі, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған. Сондай-ақ ол мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануарлардың тілін білген» деп дәріптеледі.

Тазша бала — қазақтың тұрмыс-салт ертегілері мен өтірік өлеңдерінің кейіпкері. Тазша бала өзінің ақыл-парасаты, тапқырлығы арқасында талай қиын-қыстауды, ауыр жағдайды, көптеген сынақтарды жеңіп шығады. Көп ертегілерде ақылды, алғыр, өжет жігіт ретінде суреттеледі.

Шопан ата — қой түлігі мен шопанның пірі.

Шыңғыс хан — моңғол ханы, XIII ғасырдың басында Қазақстан, Орта Азия елдеріне шапқыншылық соғысын бастайды. Жолында кездескен ұлыстармен ру-тайпаларды жаулап алып, өз әскерлерінің қатарын толықтыра отырып, оларды кезекті жорығына пайдаланады. Ғалымдардың зерттеулері Шыңғыс әскерінің басым көпшілігі осы түркі тектес ру-тайпалардан құралғанын көрсетті. Тіпті, ол Орта Азияны жаулап алып,

енді Солтүстік Африкаға қол сұға бастайды, осы кезеңде Мысыр елін (Египет) басқарып отырған Бейбарыс сұлтан Шыңғыс хан жорығының бетін қайтарып, Мысыр еліне аяқ бастырмай қояды. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін төрт ұлына (Жошы, Төле, Шағатай, Үгедей) бөліп беріп, олар өздері жаулап алған елдерде хандық құрады.

Шопан ата — әйгілі Қожа Ахмет Иассауидің шәкірті. Ол XII ғасырдың 2-жартысында өмір сүріп, ел ішінде мұсылман дінін уағыздаған әулие адам. Шопан ата тұрғызған жер асты мешіт пен қорым ел ұғымында киелі, қасиетті орын саналады.

СӨЗДІК

Әжет — қажет, мұқтаж

Бекеуіл — ханның әскеріне азық дайындайтын нөкері

Бағбан — бау-бақша күтуші, баптаушы

Бисмилла рахмани рахим — Мейірімді де, рахымды Алла-ның атымен бастаймын.

Бурыл — ақ пен көк немесе қара араласқан түс (мал жө-нінде)

Быламық — ұннан, не жармадан пісірілетін қою тамақ

Ғайып /а/ — жоқ болу

Ділде /т/ — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында қол-данылады.

Кеурек — шөлде өсетін шөптің аты.

Қоғажай — орман ішіндегі, тоғайлықта өсетін, гүл жаратын шипалы өсімдік

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шы-ғысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті қағбаны белгілейді.

Лашын — жыртқыш құстар тұқымдасына жататын саят құсы

Ми — батпақты, балшықты жер

Мінәжат /а/ — жалбарыну

Пионер — Кеңестік кезеңдегі В.И.Ленин атындағы Бүкіл-одақтық пионер ұйымының мүшесі

Пұл — ақша

Пішен — мал азығына пайдаланылатын шөп.

Рауан /п/ — бозарып атып келе жатқан таң; жарық, сәуле, нұр.

Тамам /а/ — барлық, күллі, дүйім; бітті, аяқталды

Томаша — ағаштың кепкен кішігірім түбірі, томарша

Ұжмақ — жұмақ, о дүниедегі рахат орын; пейіш; ауыспалы мағынасында: жайлы мекен

Үйек — малдың, аңның жалпақ терісі

Шабандоз — бөйге атына мініп шабатын, машықты адам

Шанашым — қойдың бүтін терісінен жасалған қапшық. Онда май, құрт, сөк, қақтаған ет сақталған.

Шаһар /п/ — қала

Шығыршық — екі басы дөңгеленген, ортасы ашық, кішірек келген темір

Ырғайдай — сорайған, ұзын, жіп-жіңішке

Іңген — қос өркешті ұрғашы түйе

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау — Орталық Азиядағы тау жоталарының жалпы атауы. Олар Күнгей Алатауы, Кузнецк Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатаулары жатады.

Алмалы — Алматы облысының Панфилов ауданындағы ауыл. Мұндай елдімекендер мен жерлердің атауы Қазақстанның ауқымында жиі кездеседі.

Астрахан — көне қала. Қазіргі Ресей Федерациясындағы Астрахань облысының орталығы. Волга өзенінің Каспий теңізіне құяр тұсына орналасқан. Ежелгі орта ғасырда оның орнында хазарлардың астанасы Атель (Өтел, Итиль), одан соң Балангир қаласы болды. XIII ғасырда Шыңғысхан ұрпақтары қала орнына Сыйтархан деген жаңа шаһар тұрғызып, хандықтың астанасы етті. 1459-1556 жылдары Астархан хандығының орталығы болды.

Бұқар — Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Б.з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Қазір Өзбекстан Республикасының облыс орталығы.

Көкшетау — жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

Қап тауы — аңыз бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды

егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Қаратау — Тянь-Шань таужүйесінің солтүстік батысындағы тау жотасы. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында орналасқан.

Самарқан — көне тарихи қала. IV ғасырда Мараканда деген атпен белгілі болған. Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының облыс орталығы.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып Арал теңізіне құяды.

Түрген — Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданындағы ауыл, округ орталығы. Аудан орталығының Есік қаласынан шығысқа қарай 12 шақырым жерде, Түрген өзенінің жағалауында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан.

Ұлытау — қыстақ Жезқазған облысындағы Ұлытау ауданының орталығы. Іргесі 1846 жылы қаланған. Төңкеріске дейін Ұлытау Ақмола губерниясының Атбасар уезіне қараған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде үш жүз басшылары осы жерде бас қосып, алқалы жиын өткізгені туралы деректер сақталған.

Ұржар — Алакөл аймағындағы өзен. Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейінен басталып, Алакөлге құяды. Шығыс Қазақстан облысының бір ауданы мен аудан орталығы Ұржар атауын иеленген.

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРДІ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Диваев Әбубәкір (1856-1932) — этнограф, фольклортанушы. Ұлты — башқұрт. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген, 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келген. Тәшкен қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді қағазға түсірді, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинады. Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М.Мелиоранский, В.А.Гордлевский, В.В.Бартольд т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Қасиманов Садық (1902-1977) — ақын, педагог, халық мұраларын жинаушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. 1923-1960 жылдар аралығында ауылдық мектептерде ұстаз қызметін атқарып, өмірінің кейінгі кезеңінде Қаз КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ғылыми жұмыстармен айналысқан. Отызыншы жылдардан бастап ел аузындағы халық туындыларын хатқа түсіріп, институт қорына тапсырып отырған.

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — фольклортанушы ғалым. Алматы қалалық әкімдігі Ішкі саясат басқармасының бастығы, филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында ғылыми-педагогикалық жұмыстармен шұғылданған.

Саттаров Қыдырәлі — филология ғылымдарының докторы, професор, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Ыбыраев Шәкір — фольклортанушы. Астана қаласындағы Түркі халықтары академиясының президенті, филология ғылымдарының докторы, професор. Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық, Түркістан Қазақ-Түрік, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеттерінде басшылық, ғылыми-педагогикалық қызметтер атқарған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар

1. ӘӨИ.Қ.Саттаров. Ш.13, Ш.18, Ш.19, Ш.41, Ш.56, Ш.112, Ш.117, Ш.136, Ш.137, Ш.139, Ш.140, Ш.141.
2. Өтірік өлеңдер. ОҒҚ. Ш.1884.
3. ӘӨИ. Ш.1086 (А).
4. Ертегілер. ӘӨИ. Ш.189.
5. Ертегілер. ОҒҚ. Қ.29.
6. ОҒҚ. Ш.827.
7. ӘӨИ. Ш.146.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Алтын сандық. — Алматы, 1984. Құрастырғандар: М.Әлімбаев, Қ. Толыбаев.
2. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының толық жинағы. — Алматы, 1977.
3. Ақ сандық, көк сандық. Құрастырып, алғы сөзін жазған. Ш. Ыбыраев. Түсініктерін жазған К. Матыжанов. — Алматы: Жазушы, 1988.
4. Алекторов А. Е. О рождении и воспитаний детей у киргизов. О правах и власти родительской // Оренбургский листок. 1891.
5. Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. — Оренбург, 1879.
6. Альджанов О. Беседа о воспитании киргизских детей // Киргизская степная газета. 1893.

7. *Аникин В.П.* Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. — М., 1957; *Аникин В.П., Круглов Ю.Г.* Русское народное поэтическое творчество. — Л., 1987.

8. *Аргынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке. — Алматы, 1973.

9. Ауылдағы жастар, жас ұландар үшін ойын (өлең, мысалдар). — Семей, 1928.

10. *Афанасьев В.Ф.* Этнопедагогика нерусских народов Сибири и Дальнего Востока. — Якутск, 1977.

11. *Ахметов Ш.* Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. — Алматы, 1965; Қазақ балалар әдебиеті. — Алматы, 1974.

12. *Әуезов М.* Қазақ әдебиетінің тарихы. — Ташкент, 1927; Жұмбақтар туралы // Жұмбақтар. — Алматы, 1940.

13. «Балаларға базарлық» жинағы. — Орынбор, 1929.

14. «Балаларға тарту» жинағы. — Қызылорда, 1926.

15. Балаларға тарту. — Қызылорда, 1935.

16. «Балдырған» (№3, №5, 1958), (№5, 1959), (№3, №5, 1962), (№2, №11, 1981), (№5, №7, 1985).

17. *Байтұрсынов А.* Шығармалары. — Алматы, 1989; Ақ жол. — Алматы, 1991.

18. Балалар әңгімесі. — Қызылорда, 1935.

19. Балалар фольклоры (татар тілінде). — Қазан, 1984.

20. *Барташевич Т. А.* Стихотворные жанры белорусского детского фольклора. Автореф. дис. канд. филол. наук. — Минск, 1976.

21. Бозінген. Хайуанаттар жайлы ертегілер. — Алматы: Жалын, 1985.

22. Бойчечек. Балалар фольклоры, мехнат кушықлары (өзбек тілінде). — Тошкент, 1984.

23. Бөбек жыры. Халықтың ауыз әдебиетіндегі балалар жыры. — Алматы, 1943.

24. *Василенко В. А.* Детский фольклор // Русское народное поэтическое творчество. — Москва, 1959.

25. *Виноградов Г. С.* К изучению детских игр у бурят. — Иркутск, 1922; Народная педагогика // Сибирская живая старина. Вып. V. — Иркутск, 1926; Русский детский фольклор. — Иркутск, 1920; Детский народный календарь // Сибирская живая старина. Вып. 11. — Иркутск, 1924; Детский фольклор и быт. Программа наблюдений. — Иркутск, 1925; Детский фольклор в

школьном курсе словесности //Родной язык в школе. — Москва, 1927; Детская сатирическая лирика // Сибирская живая старина. Вып. III, IV. — Иркутск, 1925.

26. Волков Г. Н. Народная педагогика чувашского народа. — Чебоксары, 1966; Этнопедагогика. — Чебоксары, 1974.

27. Выготский А. С. Воображение и творчество в детском возрасте. — Москва, 1967.

28. Г.Н.Потанин жинауындағы қазақ фольклоры. — Алматы, 1972.

29. Гаврилов М. Ф. Киргизские скороговорки //Бюлетень САГУ. 1922. №16.

30. Горький А. М. Собрание соч. в 30 томах. Т. 25. — Москва, 1955.

31. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. — Алматы, 1958, 1964, 1974.

32. Ғажайып бау. Құраст. Қ. Саттаров. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 1989 .

33. Дала көркі — мал. — Алматы, 1986.

34. Қазақтың халық жұмбақтары. — Алматы, 1959.

35. «Кел, ойнайық» (ойындар). Құраст. Майра Тұрыскелдина. — Алматы: Жалын, 1981.

36. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Құраст. Шеген Ахметов. — Алматы: Мектеп, 1980.

37. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Құраст. Әлімбаев Мұзафар, Баянбаев Қастек. — Алматы: Жалын, 1977.

38. Қазақ ертегілері. — Алматы: Қазмемлкор әдеббас, 1962.

39. Қазақ ертегілері. — Алматы, 1957.

40. Қазақтың халық мақал-мәтелдері. — Алматы, 1981.

41. Қуырмаш. — Алматы: Жалын, 1983.

42. Құлақ. Қазақтың халық ертегісі. — Алматы: Жазушы, 1985. — 7-бет.

43. Өтірік өлеңдер. Құраст. Ш.Ахметов. — Алматы: Жалын, 1980.

44. Түйе, түйе, түйелер. — Алматы, 1985.

45. Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ. Құраст. Ә. Табылдиев. — Алматы, Жалын, 1980.

46. Хайуанаттар жайындағы қазақ ертегілері. Құраст. С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов. — Алматы, 1979.

47. *Джанни Родари*. Грамматика фантазии. Сказки по телефону. — Алматы, 1962.
48. *Диваев Ә.* «Қазақтар балаларын қалай алдандырады» атты мақаласы/ Этнографические обозрение. №1, №2, 1908.
49. *Днепров Э. Д.* Советская историография дореволюционной отечественной школы и педагогики (1918-1947). — Москва, 1982.
50. *Довженко Г. В.* Поэтические жанры украинского детского фольклора. Автореф. канд. филол. наук. — Киев, 1981.
51. *Досмухамедов Х.* Казахская народная литература. — Ташкент, 1924.
52. *Дулатов М.* Қирағат. *Оқу құралы*. — Орынбор, 1911.
53. *Дыренкова Н. П.* Умай в культуре турецких времен // Культура и письменность Востока. Вып. 111. — Баку, 1928; Умай — божество древних тюрков в свете этнографических данных// Тюркологический сборник, 1972. — Москва, 1973.
54. *Ерзакович Б. Г.* Қазақ халқының ән мәдениеті. — Алматы, 1976.
55. *Жапанов К.* Как обучают киргизы своих детей? //Киргизская степная газета. 1985, №8.
56. *Жарықбаев Қ.* Қазақстандағы психологиялық ойдың дамуы. — Алматы, 1987.
57. *Жаһангиров Г.* Узбек балалар фольклоры. — Тошкент, 1975.
58. «Жұлдыз» журналы. №7. — Алматы, 1985.
59. *Жұмабаев М.* Таңдамалы шығ. жинағы. — Алматы, 1992.
60. *Жұмагожина Р.* Ауыз әдебиеті үлгілерін балалар бақшасында пайдалану. — Алматы: Мектеп, 1981.
61. *Затаевич А. В.* 1000 песен казахского народа. — Оренбург, 1925.
62. *Иванов Н.* Киргизские загадки // Тургайская газета. 1900. №17; Киргизские загадки. Тур. О. В. 1900. №12.
63. *Исәнбет Н.* Балалар фольклоры. — Қазан, 1941.
64. *Исмайылов Е.* Қазақ әдебиеті. — Алматы, 1941; Ақын-дар. — Алматы, 1956.
65. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. — Алматы, 1972.

66. *Кафаров Р. Д.* Азербайджанский детский фольклор. Автореф. дис. канд. филол. наук. — Баку, 1988.

67. *Кәрменов Ж.* Махаббат әні. — Алматы: Жалын, 1986.

68. *Кляшторный С. Г.* Мифологические сюжеты древнетюркских памятников // Тюркологический сборник. 1977. — Москва, 1981.

69. *Кон И. С.* Ребенок и общество. — Москва, 1988.

70. *Круглов Ю. Г.* Русские обрядовые песни. — Москва, 1982.

71. *Қасиманов С.* Өс, өс, бөбек. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1961.

72. *Қашқари М.* Диуани лұғат-ит түрк. Үш томдық шығармалары. — Тошкент, 1960.

73. *Ө. Марғұлан*ның жеке мұрағаты. «Жұлдыз» (№7, 1985. 186-бет) журналы.

74. *Мельков П.* Материалы по киргизской этнографии. — Оренбург, 1921 и 1922 гг. Вып. I, II.

75. *Мельников М. Н.* Русский детский фольклор Сибири. — Новосибирск, 1970; Русский детский фольклор. — Москва, 1987.

76. *Мид М.* Культура и мир детства. — Москва, 1988.

77. *Мижиева.* Детский песенный фольклор адыгов // Труды Карачаево-Черкесского НИИ экономики, истории, языка и литературы. Вып. VII. Серия филол. — Черкасск, 1973.

78. Мори ауданының өлең-жырлары. Құрастыр. — Мори қазақ автономиялы ауданы Халық ауыз әдебиеті топтамаларын құрастыру редакция алқасы. — 1999.

79. *Мырзалиев Қ.* Сөз сиқыры. — Алматы, 1982.

80. *Новицкая М. Ю.* Русский детский внеигровой фольклор (стихотворные жанры). Автореф. дис. канд. филол. наук. — Л., 1985.

81. *Оршыбеков Н.* Қазақтың халық творчествосындағы азаматтық тәрбие. — Алматы, 1977.

82. Өс, өс, бөбек. — Алматы, 1961.

83. *Покровский Е. А.* Детские игры, преимущественно русские. — Москва, 1878; Физическое воспитание детей у разных народов, преимущественно России. ИОЛЕАЭ. — Москва, 1884.

84. *Потанин Г. Н.* Очерки Северо-Западной Монголии.

85. *Рочев Ю. Г.* Детский фольклор Коми. Автореф. дисс. ...канд. филол. наук. — Саранск, 1974.

86. «Сана» журналы. №№1, 6, 7. 1923 ж.
87. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские основы на букву «Б». — Москва, 1978.
88. *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. 1-кітап. — Қызылорда, 1932.
89. Толқын (өлең, инсценировка, әңгіме, халық ойындарының жинағы). — Алматы, 1948.
90. *Төтенаев Б.* Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы, 1979.
91. *Троицкая А.Л.* Первые сорок дней ребенка (чилля) среди оседлого населения Ташкентского и Чимкентского уездов. — Ташкент, 1927; Бартольд В.В. Рождение и первые годы жизни ребенка у таджиков долины Заравшана // Советская этнография. 1935. №6.
92. Традиционное воспитание детей у народов Сибири. — Л., 1988.
93. *Төлеубаев А.* Пережитки магии в традиционной детской обрядности казахов в начале XX века // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. №1. 1978; Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. — Алматы: Ғылым, 1991.
94. *Тұрсынов Е.* Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. — Алматы, 1976.
95. *Тұрсынов Е.Д.* Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. — Алматы, 1976.
96. *Тэйлор Э.Б.* Первобытная культура. — Москва, 1989.
97. *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы, 1974; Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. — Алматы, 1983.
98. *Ушинский К.Д.* Родное слово. Полн. собр. соч. Т. 2. — М., 1948.
99. *Ходырев Л.В.* Игры киргизов // Туркестанский вестник 1912. №139.
100. *Чуковский К.И.* От двух до пяти. Живой как жизнь. — Москва, 1968.
101. *Штернберг М.Я.* Первобытная религия в свете этнографии. — Л., 1936.
102. *Элиаш М.Н.* Русские колыбельные песни // Анализ фольклорного жанра. Автореф. дисс. канд. филол. наук. — Сызрань, 1944.

103. *Эльконин Д. Б.* Психология игры. — Москва, 1978.
104. Этнография детства. Традиционные формы воспитания детей и подростков у народов Передней и Южной Азии. — Москва, 1988; ... у народов Южной и Юго-Восточной Азии. — Москва, 1988.
105. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов*. — Москва, 1968.
106. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
107. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастыр.: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
108. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
109. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастыр. — *І. К. Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
110. Персидско-русский словарь/ Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II тт. — Москва, 1970.
111. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.
112. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает подготовку научного стотомного издания серии «Бабалар сөзі» в рамках госпрограммы «Мәдени мұра».

Ранее вышедший в свет 71 том из этой серии был посвящен особо выразительной и обширной теме национального фольклора — эпосу, а также таким небольшим жанрам, как народные песни, загадки, пословицы и поговорки. Точнее говоря, были подготовлены и изданы одиннадцать томов новеллистических, семь томов религиозных, одиннадцать томов романических, одиннадцать томов исторических, двадцать томов героических эпосов, пять томов пословиц и поговорок, два тома народных песен, по одному тому загадок и родословных дастанов. Двадцать два тома из этих сборников представлены наследием фольклора китайских казахов.

72 том серии «Бабалар сөзі» вобрал в себя различные жанры детского фольклора, который является составной частью, ветвью народного наследия. Детский фольклор — это традиционная педагогическая ценность, на которой воспитываются дети от младенчества до совершеннолетия. В этих произведениях учтены все возрастные, психологические особенности детей. Они развивают эстетическое познание, а также мышление, прививают детям такие чувства, как уважение к труду, любовь к Родине, подталкивают их к творчеству. Содержательная и информативная насыщенность наряду с национальной окраской и маркировкой находятся в тесной связи с их тематикой, которая направлена на формирование духовного мира детей. Художественно-тематическое разнообразие играет огромную роль в развитии внутреннего мира детей. В истории самой фольклористики со-

хранились высокие отзывы тех, кто занимался сбором и фиксацией, классификацией детского фольклора, таких ученых второй половины XIX века, как В.В.Радлов, М.Ибрагимов, И.Алтынсарин, Е.Покровский, А.Е.Александров, А.Харузин, А.Диваев, а также ученых XX века, таких, как Н.А.Мелкова, А.Л.Троицкая, М.Ф.Гаврилов, И.Джансугуров, А.Байтурсунов, С.Сейфуллин, Х.Досмухамедов, М.Ауэзов, К.Жумалиев, Е.Исмаилов, М.Габдулин, Ш.Ахметов, Б.Г.Ерзакович, Б.Уахатов, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, Б.Ыбырайым и другие, выразивших свое отношение к фольклору детей и давших ему свои высокие оценки. Заметное место в казахском фольклоре заняли произведения, посвященные теме творчества детей в таких изданиях, как специальные сборники, учебники и т.д. Это «Қазақ хрестоматиясы» (1879), «Қирағат» (1911), «Балаларға тарту» (1926, 1927), «Ел өтірігі» (1927), «Балалар әңгімесі» (1935), «Бөбек жыры» (1943), «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» (1977), «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» (1980), «Үйіміз ортақ, жырымыз ортақ» (1980), «Өтірік өлеңдер» (1980), «Қуырмаш» (1983), «Түйе, түйе, түйелер» (1985), «Асыл сөз» (1986), «Ақ сандық, көк сандық» (1988).

Вышеуказанные сборники были обстоятельно исследованы специалистами Института литературы и искусства, в процессе подготовки издания всесторонне разработаны отобранные материалы. Необходимо отметить большую роль в сборе детского фольклора и его записей таких известных личностей, собирателей, ученых, как Т.Нурматов, Ж.Бугыбаев, Т.Ибрагимов, Т.Қыдырбаев, Ш.Ибраев, К.Саттаров, К.Матыжанов и др. Учитывая различные текстологические особенности настоящих материалов, которые были собраны и записаны в разное время, в силу необходимости объективного анализа составителями предложено по несколько вариантов. Наряду с этим в процессе работы были использованы дополнительные материалы, хранящиеся в архивном фонде Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, — рукописи, аудиозаписи, редкие книги, микропленки и т.д. Многие рукописи написаны арабской графикой и латиницей. При работе над текстами был сохранен сам язык оригиналов, а также языковая стилистика, правописание; материалы текстов разбиты на шесть частей согласно внутрижанровым аспектам и распределены по тематическим разделам.

Поскольку в текстах особо выражена стадияльная особенность национального воспитания подростков, мы, учитывая традиционные подходы в вопросах воспитания детей с учетом исторических особенностей, сохранили своеобразие текстов, с учетом того, что в них отразилось стремление детей к познанию мира и их формирование внутреннего мира.

Все это способствовало раскрытию художественно-эстетического, творческого потенциала детей, что и учитывала народная педагогика. Поэтому особенно был учтен и сам порядок подачи материалов согласно возрастным особенностям в вопросе педагогического воспитания.

Согласно принципам составления серии «Бабалар сөзі» 72 том снабжен научными комментариями. Исходя из концепции того, что в фольклорных материалах наблюдаются антропонимические концепты, были составлены соответствующие научные комментарии. А также приведены сведения, даны пояснения к ним об исторических личностях, названиях родов, о собирателях и информаторах, передатчиках детского фольклора; приведен тап-список использованной литературы, дано резюме на русском и английском языках.

Общий объем издания — 27,5 п.л.

SUMMARY

Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov continues to prepare scientific publication which includes 100 volumes of series «Words of the Ancestors» in the frame of the State program «Cultural Heritage».

71 volumes of this series, which were presented for publication, were devoted to the particularly expressive and extensive theme of national folklore- the epic, and small genres such as folk songs, riddles, proverbs and sayings. Saying more precisely, we have prepared and published eleven volumes of «Hikayalik dastandar», seven volumes of «Religious dastans», eleven volumes of «Love epics», eleven volumes of «Historical epic», twenty volumes of «Historical epic», five volumes of «Proverbs and Sayings», two volumes of «Folk Songs», one volume of «Riddles» and «Genealogy dastan». Twelve volumes of these collections include folklore heritage of Kazakh people living in China.

Volume 72 of the series «Words of the Ancestors» includes various genres of children's folklore, which is a part and a branch of the national heritage. Children's folklore — is a traditional pedagogical value which serves as a basis on which children are raised from infancy to adulthood. These works include all age and psychological characteristics of children. They develop in children the aesthetic cognition and thinking, and teach the children to feel respect for work, love for the motherland, motivating them to be creative. Meaningful and informative content along with national color and marking are closely related to their topic, which is aimed at the formation of the spiritual world of the children. Artistic and thematic diversity plays a huge role in the development of the inner world of the children. In the history of folklore science

there are high appraisals from the scholars who were engaged in collecting and recording, classification of children's folklore such as W. W. Radlov, M. Ibrahimov, I. Altynsarin, E. Pokrovsky, A.E. Aleksandrov, A. Haruzin, A. Divaev of the second half of the XIXth century, and scientists of the XXth century, such as N.A. Melkova, A.L. Troitsskaya, M.F. Gavrilov, I. Zhansugurov, A. Baytursunov, S. Seifullin, H. Dosmukhamedov, M. Auezov, K. Jumaliyev, E. Ismailov, M. Gabdulin, S. Akhmetov, B.G. Yerzakovich, B. Uahatov, S. Ybyraev, K. Matyzhanov, B. Ybyrayim and others, who have expressed their attitude to children folklore and gave high appraisal. The works devoted to the creativity of children take significant place in Kazakh folklore in such publications as special collections, textbooks, etc. These are «Kazakh chrestomathy» (1879), «Kiragat» (1911), «Balalarga tartu» (1926, 1927), «El otirigi» (1927), «Balalar angimesi» (1935), «Bobek zhyry» (1943), «Anthology of Kazakh children's poetry» (1977), «Chrestomathy of Kazakh children's literature» (1980), «Yiimiz ortak, zhyrymyz ortak» (1980), «Otirik olender» (1980), «Kuyirmash» (1983), «Tuye, tuye, tuyeler» (1985), «Asyl soz» (1986), «Ak sandyk, kok sandyk» (1988).

The above mentioned collections were thoroughly studied by specialists of our department and the selected materials were overall and fully developed in the process of preparation for publication. We should note the special role of collecting children's folklore and its recording by such famous personalities, collectors, scholars as T. Nurmatov, J. Bugybaev, T. Ibragimov, T. Kydyrbaev, S. Ibrayev, K. Sattar, K. Matyzhanov and others. Taking into account various textual features of these materials, which were collected and recorded at different times, due to the need of conducting objective analysis, sometimes several options were given. Along with this process, the materials stored at the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov were used, such as manuscripts, sound records, rare books, microfilm, etc. Many manuscripts are written in Arabic and Latin scripts. The language of originals, as well as linguistic style, spelling were preserved, text materials were divided into six parts according to the internal genre aspects and divided by topic areas. Since the texts specifically expressed stage feature of national upbringing of children, we have taken into account the traditional approach to raising of children, historical

features, and have preserved the originality of texts, taking into account the fact that they reflected the desire of children to learn the world and formation of the inner world.

All this enabled the revealing of the artistic, aesthetic and creative potential of children, which was taken into account by national pedagogy. Therefore the order of presenting the materials was particularly taken into account, according to the age peculiarities in the issue of pedagogical education.

According to the principles of compiling the series «Words of the ancestors», volume 72 includes scientific comments. Based on the concept that, in folklore materials the anthroponimical concepts are observed, the relevant scientific comments were developed and also the information, explanations about historical figures, names of the clans, collectors and informants, the transmitters of child folklore, also a list of references, summary in English and Russian.

The total volume of publication — 27,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Алғы сөз	8

Мәтіндер

I БӨЛІМ. ӘЛПЕШТЕУ ФОЛЬКЛОРЫ

I. Бөбектерге арналған өлеңдер

Бесік жыры (I нұсқа)	41
Бесік жыры (II нұсқа)	41
Бесік жыры (III нұсқа)	42
Бесік жыры (IV нұсқа)	43
Балаға тәрбие өлең шумағы	44
Әлди, әлди, ақ бөпем	45
Әлди, әлди	46
Әлди, балам, әлди-ай	47
Дуай, дуай	50
Бөбегім-ау	51
Бөпешім	52
Жылама, әлди, жылама	52
Бөпешім менің ұға ма?	53
Бұрынғыдай жайың бар ма?	54
Әй-әй, бөпем	54
Бөбек	54
Бөпем-ай	56
Ұлы отан соғысы жылдарындағы бесік жыры	56
Сағыныш	58
Ұйықтай қойшы бөпешім	58

II. Сәбилік салт жырлары

Бала туғанда	60
Баланы майлап сылағанда	60

Бесікті аластау	60
Бесікке бөлеу	61
Бесіктен шешіп аларда	62
Бала алғаш отырғанда	62
Баланы шақыру	62
Киім кигізгенде	62
Тұсау кесу жыры	63
Тәй-тәй	63
Өс-өс!	64
Ақ білек	64
Тілек өлеңдер	65
ІІІ. Уату-алдарқату жырлары	
Уату	68
Ақ бөпем	68
Айналу	69
Құлақ кесу	69
Айналайын баладан	69
Балалар диалогы	70
Айналайын айдан	70
Саусақ санау	70
Саусақ ойыны	71

ІІ БӨЛІМ. ЖЕТКІНШЕКТЕР ФОЛЬКЛОРЫ

І. Маусымдық жырлар

Наурыз тойы	75
Алтын астық — алтын күз	75
Жыл құсын көргенде	76
Тырналар қайтқанда	76
Тырна	76
Күн шыққанда	77
Күн қатты жауғанда	77
Айға	77
Ай туады дөңгелек	77
Жаңбыр жауғанда	78
Желге	78
Қарақұрт	78
Жазда	79
Күзде	79

Қыста.....	79
Тұманға.....	79
II. Арнау-тілек өлеңдері	
Балыққа	80
Қоян	80
Қасқыр.....	80
Төбет.....	81
Көгершін	81
Торғай.....	81
Қарға	81
Сауысқан	82
Қырғи	82
Кекілік.....	82
Қарлығаш.....	83
Көбелек	83
Мысық	83
Секемен тары	83
III. Балалар өлеңдері: тақпақ, сұрамақ	
Жұлдыздар	84
Кім бұл?	84
Асыл сөз	85
Шұбарым.....	85
Айгөлек	85
Асық ойнаған азар	85
Шай қайнатып берейін	86
«Тра-лө-лөм!»	86
Ертек-ертек ерте екен	86
Ойнар.....	86
Кедей баланың зары	87
Сұрамақ	
Апам үйіне барамын.....	88
Бақа.....	88
Бұлтқа	89
Ауылың қайда?	89
Кім айтар?	89
Кім күшті?.....	90
Түйе, түйе, түйелер (<i>I түрі</i>)	91
Түйе,түйе, түйелер (<i>II түрі</i>)	92
Менің атам.....	93

IV. Төрт түлік жырлары

Бөбектің тілегі.....	95
Төлді қалай шақырады?.....	95
Баласын сую	96
Мал баққанда	98
Мал атасы	98
Түлік иесінің үлесі	98
Шопан атаға.....	98
Сексек атаға	99
Зеңгі бабаға.....	100
Қамбар атаға	101
Ойсыл қараға	101
ЖЫЛҚЫ	102
Торы құлын	103
Торпақ	104
Қой.....	105
Ешкі	105
Шопан ата сөзі.....	106
Түлікті құрметтеу	106
Түліктің пайдасы.....	106
Айтақтау	106
Түйе ойнақтаса	107
ЖЫҒЫЛҒАНДА	107
Тайға міндім	107
Жолаушы	108
Қасқырдың қойшыларға айтқаны	108
Иесі мен сиырдың айтысы.....	108
Ешкі мен қойдың айтысы.....	109
Төрт түліктің кеңесі	110

V. Өтірік өлеңдер

Өтірік өлең.....	111
Тазшаның өтірік өлеңдері	113
Суайттың өтірік өлеңдері	118
Айға жеттім зымырап.....	119
Айды әкелдім	120
Мұз тамақ	120
Шыбын	120
Бүркіт	125
Кірпікшешен	126

VI. Мазақтама

Тоңғақ.....	128
Кетік.....	128
Кетік балаға	128
Таз балаға	129
Асық-ай.....	129
Асан жақсы баласың	129
«Р»-ды айта алмайтын балаға	129
Сүйімжан	130
Жылауық	130
Ойнамасаң, ойын бақ.....	130
Күлдірген	131
Тентек бала	131
«Бүгінгі астан түстегі»	131
«Берекесіз Жаңабай»	132
Алдаушы	132
Бауырсақ	132
Шұбыртпалы	132
Самовар.....	132
Ол кім?.....	133
Әдепсіз балаға	133
Тәжікелесу	133
Сан өлең	134
Қыздар.....	134
Аппақжан.....	135
Домбырам басы долана	135
Домбырам басы ырғайды	136

III БӨЛІМ. ОЙЫНДЫҚ ФОЛЬКЛОР

I. Ойын және поэзия

Малақай тастамақ.....	139
Ақ сүйек.....	139
Мырыш ойыны	140
Жеребе қалай тасталады	140
Ойын басқарушыны қалай сайлайды?.....	141
Қасқырқақпан.....	142
«Соқыр теке» (<i>I түрі</i>)	143
«Соқыр теке» (<i>II түрі</i>)	143
«Соқыр теке» (<i>III түрі</i>)	144

«Соқыр теке» (<i>IV түрі</i>)	145
Соқыр теке.....	146
Бурақотан.....	147
Ай керек.....	147
Ақбұзау.....	147
«Біз де» (<i>I түрі</i>)	148
Біз де (<i>II түрі</i>)	149
Өріп таңдау	150
Қалай айтуды білемін.....	151
Ұшты-ұшты	154
Шымбике	155
«Сен тұр, сен шық!»	156
Тауқырайдан.....	157
Қуыр-қуыр қуырмаш	158
Асау мәстек.....	159
«Көгі гөк»	160
«Үй артында қол ағаш».....	161
Ақ сүйек.....	162
Марламқаш.....	162
Ақ серек, көк серек	163
Айқұлақ	164
Арқан тарту	165
Ептілік	165
Алақан соқпақ.....	166
Қазан доп.....	166
«Қыз доп» ойыны.....	167
«Жүгірме доп»	167
«Бәлләй!».....	168
«Теңге ілу»	169
Ортаға түспек	169
Қара құлақ	170
«Етек-етек».....	170
Мысық пен тышқан.....	170
Дәл басу.....	171
Даусынан біл.....	171
Күшің жетсе, үзіп кет.....	172
Жаңылма	172
Байқап қал!.....	172
«Батыр»	173

II. Ойын өлеңдер

Қаламақ (I түрі)	174
Қаламақ (II түрі)	174
Қаламақ (III түрі)	175
Қаламақ (IV түрі)	175
Қаламақ (V түрі)	175
Қаламақ	176
Қаламақ	177
Ірімшік, ірімшік	177
Тоқтышақ ойыны (қаламақ)	178
Кім керек? (қаламақ)	178
Ақ серек, көк серек	178
Ақ сандық, көк сандық	179
Жасырынбақ	179
Көз қарасу ойыны	180
Ойыннан шығу	180
Соғыс ойыны кезінде	180
«Серік-серік» ойынына айтылатын өлең	180
Қаламақ	177
САНАМАҚ (I түрі)	182
Санамақ (II түрі)	182
Санамақ (III түрі)	183
Саусақ санау ойыны	183
Сан ішінде кім ұтты?	184
Ойлап тап	185
Түлкішек	185
Тұрмыстық білімдерге қызығу құмарлану, ләззаттану жөніндегі жырлар	185

III. Айтыс ойыны

Балалар айтысы	187
Қыз бала мен ұл баланың айтыс ойыны	188
Сан айтысы	189
Бала мен шілдің айтысы	189

IV. Мақал-мәтелдер

Өнер-білім туралы	194
Тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге туралы	198
Ынтымақ — бірлік туралы	205
Үй-іші, отбасы туралы	206
Жақсылық, жамандық, достық, қастық туралы	212

Тіл өнері туралы	214
Батырлық, ерлік туралы	216
Адам және оның қасиеттері туралы	219
Еңбек пен кәсіп туралы	221
V. Жаңылтпаштар	225
VI. Жұмбақтар	
Білім, техника, тұрмыстық заттар	229
Табиғат туралы	234
Өсімдіктер жайында	235
Хайуанаттар, құстар, жәндіктер	239
Адам туралы	244

IV БӨЛІМ. БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРОЗАЛЫҚ ФОЛЬКЛОР

Ертегілер

Шыңғыс ханның жұмбағы	249
Қырық өтірік	251
Ұр, тоқпақ!	263
Алтын балта	265
Құлақ	266
Аңқау	268
Сыншы бала	269
Үш жалқау	269
Сылтаушыл	269
Әже мен немере	270
Зеректік	270
Еңбекпен ел көгерер	271
Екі жалқау	272
Олақ қыз	272
Кісі мен қиқар бала	273
Суайт бала мен қарт	274
Жалқау немере	275
Қайырымды қоян	276
Арыстан мен түлкі	278
Қара Қашқынбай	278
Тоқты қошқар, бұзау бұқа, лақ теке	280
Жолбарыс пен тышқанның достығы жайында	283
Жыл басына таласқан хайуанаттар	284
Түлкі мен құмыра	285
Түлкі, тасбақа және кене	285

Қотыр торғай.....	286
Бес ешкі	288
Сауысқан мен көкек	291
Ақсақ құла	291
Тау мен қаңбақ	292
Құмырсқа қанағаты	293
Қасқыр мен кірпі	294
Қырғи мен бөктергі	294
Батыл есек	295
Ақ тиін мен қасқыр	298
«Сымбатты» сиыр жайлы хикая	299
Түлкі мен қоян	299
Бір өгіз	300
Көк кептер балапаны	301
Түлкі мен тырна	302
Ақымақ қасқыр	302
Күшік пен мысық	303
Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі.....	304
Түлкі мен қырғауыл.....	309
Мақұлық	310
Қу түлкі	311
Қожанасыр, Алдар көсе және Шайтан	312
Жалғыз көзді дәу	313
Қарамерген	314
Аңқау қасқыр мен қу түлкі	314
Сегіз ағаш	315
Қар мен күннің күресі	317
Ақылсыздың ажалы.....	318
Сылдырмақты көжек	321
Қырмызы қыран.....	322
Үш тымақ	324
Түлкінің түсі.....	327
Бозінген	327
Кім күшті?.....	336
Бөдене мен түлкі.....	337
Түлкі мен маймыл.....	338
Түйе, арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене	340
Түлкі, қойшы, аю	342
Қыдыр, бақ және ақыл	344

Ат бағушы құл.....	346
Сүлеймен мен диханшы	349
Торғай мен адам.....	352
Ақыл, ғылым, бақыт	352
Ханды сөзбен жеңген әйел.....	353
Ғажайып бау	353
Тазша бала.....	359

II. Қожанасыр әңгімелері

Қожанасыр мен оқытушы	362
Бетпе-бет келген өзінен көрсін	362
Есек үйде емес	362
Ағамның көңілін аулап.....	363
Төрттен төрт алса не қалады?.....	363
Арман	363
Қожанасыр аттан құлағанда.....	364
Кім үлкен?.....	364
Күлкі мен көз жасы.....	364
Қожанасыр мен әкесі.....	366
Балгер мен қасапшы туралы.....	367
III. Бала тілі—бал	372

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	381
Мәтіндерде кездесетін тарихи есімдер	405
Сөздік	408
Жер-су атаулары	410
Томға енген мәтіндерді жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	412
Шартты қысқартулар	413
Пайдаланылған әдебиеттер	414
Резюме	421
Summary	424

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

72 том

ДЕТСКИЙ ФОЛЬКЛОР
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *М.Н. Мәзікенқызы*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2543

Теруге 04.05.11 жіберілді. Басуға 25.06.11 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 27,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №199.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-271-076-2

